

ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

Оқулық

11

Жаратылыстану-математика бағыты

Шартты белгілер:





Білімдеріңді тексеріңдер




Тапсырма

I бөлім
Өркениет:
даму ерекшеліктері



II бөлім
Саяси-құқықтық
процестер



III бөлім
Қоғамдық-саяси
ойдың дамуы




IV бөлім
Білім мен ғылымның
дамуы

МАЗМҰНЫ

ӨРКЕНИЕТ: ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1-тарау. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ТАРИХИ ТИПТЕРІ: ӨЗГЕРІС ПЕН САБАҚТАСТЫҚ



- §1. Экономика және экономикалық жүйелердің типтері 8
- §2. Дәстүрлі (аграрлық) экономика 13
- §3. Нарықтық экономика 19
- §4. Жоспарлы (социалистік) экономика 25
- §5–6. Экономиканың аралас түрі 29

2-тарау. МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ТАБИҒИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ФАКТОРДЫҢ ӘСЕРІ

- §7. Табиғи-географиялық факторларға қарай мемлекеттердің шаруашылық мамандандырылуы 38
- §8–9. Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары..... 43

3-тарау. ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ БОЙЫНША ЖІКТЕЛУІ



- §10. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі 52
- §11. Жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілікке және экономикалық арттақалушылыққа төтеп беру жолдары 57

САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПРОЦЕСТЕР

4-тарау. ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ



- §12–13. Құқықтық мемлекет түсінігі, қалыптасуы, ұстанымдары мен тарихи алғышарттары..... 64
- §14. Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі 72
- §15–16. Азаматтық қоғам түсінігі және жалпы сипаттамасы 79
- §17—18. Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесі дамуының қазіргі тенденциялары 86

5-тарау. ӘЛЕМНІҢ ҚАЗІРГІ САЯСИ ЖҮЙЕСІ

- §19. Халықаралық қатынастардағы биполярлық жүйенің ыдырауы мен өзгеруі (1985–1996 жж.) 98
- §20. Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі .. 101
- §21. Қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденциялары 107

6-тарау. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ҚАУШСІЗДІКТІ САҚТАУ МӘСЕЛЕСІ

- § 22–23. Халықаралық қауіпсіздікке төнген қазіргі кездегі қауіп-қатерлер..... 112

§ 24–26. Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда мемлекеттердің бірлескен әрекеттері	123
---	-----

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ

7-тарау. Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы	
--	--

§ 27–29. Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары	143
--	-----

8-тарау XX ҒАСЫРДАҒЫ ВОСТАНДЫҚ ПЕН ӘДІЛЕТТІЛІК ҮШІН КҮРЕСУШІЛЕР

§ 30. М.Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы	157
§ 31. Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы	161
§ 32. Мандела – апартеидке қарсы күресуші	165

9-тарау. XX–XXI ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ КӨРНЕКТІ САЯСАТКЕР-РЕФОРМАТОРЛАР

§ 33. Мұстафа Кемал Ататүрік – Түрік мемлекетінің негізін қалаушы	172
§ 34. Б.Франклин Делано Рузвельт және оның «Жаңа бағыты»	178
§ 35. В.Шарль де Голль: Франция ұлылығының жаңғыруы	183
§ 36. Г.Дэн Сяопин – көрнекті қытай реформаторы	187
§ 37–39. Ли Куан Ю мен Махатхир Мохаммад: «үшінші өлемнен бірінші өлемге»	193
§ 40–41. Н.Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі.	207

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ

10-тарау. Білім алу бүкіладамзаттық құндылық ретінде

§ 42–43. Жазу және кітап басып шығару – адамзаттың ең жоғарғы жетістігі	217
§ 44–46. Мектептегі білім беру: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін	222
§ 47–49. Жоғары білім беру жүйесі: өткені мен бүгіні	232

11-тарау. ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСС

§ 50–51. Ғылыми-техникалық прогрестің тарихи кезеңдері	243
§ 52–54. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық проблемалары	248

12-тарау. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

§ 55. Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар	260
§ 56–57. Ақпараттық технологиялардың қоғам дамуына әсері	263
§ 58–60. Қазіргі ғылымның перспективті салалары	269
ГЛОССАРИЙ	282
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	288



АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар!

Сендерге ұсынылып отырған “Дүниежүзі тарихы” оқулығы жаңартылған бағдарлама бойынша жазылған және тарихты жаңаша көзқарас тұрғысынан қарастырады.

Бүгінгі таңда біз дамыған ақпараттық қоғамда өмір сүрудеміз, бұл адамзат өркениетінің жаңаша даму деңгейін көрсетеді. Ақпараттық қоғамда өндірістің ең басты өнімі ақпарат пен білім болып табылады. Сол себепті ақпараттық қоғамды үздіксіз білім алу қоғамы деп те атауға болады.

Елімізде жаңа ақпараттық қоғамның қалыптасу шарттарына байланысты әрі қоғамның әлемдік ақпараттық жүйеге енуіне орай, осы оқу жылында адамзат тарихы туралы оқып, қоғамдық негіздегі экономика, құқық, философия, әлеуметтану, саясаттану, әлемдік саясат, халықаралық қатынастар, дінтану, педагогика секілді пәндердің соңғы жетістіктерімен танысып, оны оқып игересіңдер. Оқулық төрт бөлімнен тұрады.

Оқулықтың «Өркениет: даму ерекшеліктері» атты бірінші бөлімінде экономикалық жүйенің тарихы, олардың дамуы мен сабақтастығы мемлекеттің дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсері мемлекеттердің жаңа кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуы қарастырылған.

Оқулықтың екінші бөлімі “Саяси-құқықтық процестер деп аталып, онда құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның пайда болуы мен қалыптасуы, қазіргі әлемнің саяси жүйесі және адамзат дамуының жаңа кезеңінде бейбітшілік пен қауіпсіздіктің сақталуы мәселелері қамтылған.

Оқулықтың “Қоғамдық-саяси ойдың дамуы” атты үшінші бөлімінде ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырдың бас кезіндегі азаттық пен әділдік үшін күресіп, реформа жүргізуге ұмтылған тұлғалардың тарихтағы рөлі баяндалады.


Оқулықтың “білім мен ғылымның дамуы” атты төртінші бөлімде білімнің жалпыадамзаттық құндылық екені көрсетіліп, бүгінгі қоғамдағы ғылымның маңызы баяндалады, қазіргі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық прогрестің тарихи кезеңдері мен бүгінгі таңдағы жаһандық мәселелерді шешу жолдары берілген.

Сендерге қоғам үшін аса маңызды әрі қажетті пәнді оқуда жетістіктер мен табыстар тілейміз.

Құрметпен, авторлар

I БӨЛІМ

ӨРКЕНИЕТ: ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ТАРИХИ ТИПТЕРІ: ӨЗГЕРІС ПЕН САБАҚТАСТЫҚ



§ 1. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ТИПТЕРІ

Бүгінгі сабақта:

- мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономика» және «экономикалық жүйе» ұғымдарын қолданамыз;
- экономикалық жүйелердің тарихи типтерінің белгілерін түсіндіре отырып, оларды жіктеуді түсінеміз.

Кілт сөздер:

экономика, экономикалық жүйелер, экономикалық жүйе түрлері, экономика модельдері

“Экономика” ұғымы. Жалпы, әдебиеттерде, сөздіктерде *экономика* терминінің алғашқы мағынасы үй шаруашылығын жүргізу өнері ретінде түсіндірілді.

Бүгінгі таңда экономика сөзі:

- бағаның даму тенденциялары, өндіріс, жұмыссыздық және т.б.;
- шектелген өндірістік ресурстарды (жер, еңбек құралдары, білім) пайдалану, өнімді өндіру және оны қоғам мүшелері арасында бөлу;
- өнім өндіруді ұйымдастыру және тұтыну;
- қаржы, ақша, капитал сияқты бірнеше мағына береді.

Назар аударыңдар

Экономика термині Ежелгі Грекиядан шыққан, *oikos* – үй және *nomos* – заң жүргізу тәртібі, яғни, «үйді жүргізу» немесе *шаруашылық жүргізу тәртібі* деген мағынаны білдіретін екі сөзден құралған.

Экономиканың даму теориясы. Экономика ғылымының бастауы ежелгі дүние ойшылдарының ілімінде көрініс тапты. Ежелгі үнділік «Ману заңдары» билік пен бағыныштылық қарым-қатынастың, қоғамдық еңбек бөлінісінің болғанын айтқан.

Ежелгі Грекия ойшылы Ксенофонт (б.з.б. 430–354 (356) және Аристотель (б.з.б. 384–322) *шаруашылық жүргізу өнері* дегенді білдіретін *экономия* терминін алғаш болып ғылымға енгізді. Аристотель *экономика* сөзін екі терминге, яғни «экономика» (өнім өндірумен байланысты табиғи шаруашылық қызмет) және «хремантистика» (байлық жинау өнері, ақша жасау) деп бөліп көрсетті.

Ғылым ретінде экономикалық теория, ең алдымен, сауда саласында алғашқы капиталдың пайда болуынан бастап, капитализмнің бастапқы кезеңінде қалыптасты. Сауданың дамуы экономикалық саясаттағы алғашқы бағыт – меркантилизмнің пайда болуына ықпал етті.



Меркантилизм туралы ілім байлықтың пайда болуымен сипатталды. Байлықтың өзі ақшамен бағаланды. Осыдан барып «меркантильді» яғни, *ақшалы* деген сөз қалыптасты.

Экономикалық ғылымның өрі қарай дамуы Адам Смиттің (1729–1790) және Давид Рикардоның (1772–1783) еңбектерінде орын алды. А. Смит «Халықтардың баю себептері мен табиғаты туралы зерттеу» кітабында сол кезге дейінгі жинақталған экономика ілімін бір жүйеге келтіріп, қоғамдық еңбек бөлінісі туралы ілім жасады. Ол «көрінбейтін қол» деп атаған бос нарық тетігін ашты. Давид Рикардо «Саяси экономия мен салық салу бастаулары» атты еңбегінде А. Смит теориясын жалғастырды. Ол тауардың құны (жалақы, кіріс, пайыз, рента) негізінде жұмысшының еңбегі бар екенін көрсетті.

А.Смит пен Д.Рикардоның еңбектеріне сүйене отырып, К.Маркс (1818–1883) капитализмнің даму заңдарын, тауарға салынған еңбектің сипаты және қосалқы құн туралы ілімді, капитализмнің формация ретінде тарихқа келу сипатын көрсетті.

«Экономикалық жүйе» ұғымы мен элементері оның негізін салушы экономикалық мектептерге байланысты. Қандай да бір экономикалық жүйеде тұтынумен, айырбаспен, бөлініспен бірге өндіріс басты рөл атқарады. Өндіріс үшін экономикалық ресурстар қажет, ал шаруашылық қызметтің нәтижелері тұтынылады, айырбасталады және бөлінеді.

Сонымен қатар экономикалық жүйелерде оларды бір-бірінен ерекшелеп тұратын элементтер бар:

- өлеуметтік-экономикалық қатынастар;
- шаруашылық қызметтің ұйымдастырушылық-құқықтық түрлері;
- шаруашылық тетігі;
- қатысушыларды ынталандыру және мотивация жүйесі;
- кәсіпорындар мен ұйымдар арасындағы экономикалық байланыстар.

Өндіріс құралдарына жекеменшік сипаты және шаруашылық байланыстарды реттеп отыру әдістері экономикалық жүйенің басты белгілері болып табылады.



Экономикалық жүйе дәстүрлі (аграрлық), нарықтық, жоспарлы (социалистік) экономика және экономиканың аралас түрі болып төрт түрге бөлінеді.

Дәстүрлі (аграрлық) жүйеде шектеулі ресурстар салт-дәстүрлерге сәйкес бөлініп, пайдаланылатын жалпы (қауымдық) меншікке, натуралды шаруашылыққа, ұсақ тауар өндірісіне негізделеді. Бұл жүйенің негізі егіншарушылығын, малшаруашылығын және балықшаруашылығын қамтитын ауылшаруашылығы болып табылады. Сондықтан дәстүрлі жүйе табиғат пен табиғат жағдайларына және шаруашылықтың географиялық орналасуы мен климатына тәуелді.

Осыдан дәстүрлі жүйенің бірнеше ерекшелігін бөліп көрсетуге болады:

- экономика алғашқы қолөнер мен ауылшаруашылығының даму сатысында болды;
- еңбек құралдарынан ең қарапайымы қолданылды;
- индустрия мүлдем болмады.

Нарықтық экономика (капиталистік) ресурстарға жеке-дара меншік иесі болуды, нарықтағы еркін кәсіпкерлік, таңдау еркіндігі мен бәсекелестік, сұраныс пен тапсырысқа байланысты өнімге еркін баға қоюды қарастырады. Нарықтағы экономикалық билік шашыранды болып келеді, нарықтағы субъектілердің ешқайсысы бір-бірінің мүддесіне нұқсан келтірмейді. Тек қана ресурстар шектеулігі және өндірушілер мен тұтынушылардың бәсекелестігі нарықтық қатынастар субъектілерінің санасуына тура келетін шынайы факторлар болып табылады.

Мемлекет экономикалық жағынан ретке келтіріп отыру үрдісіне араласпайды десе де болады. Сондықтан нарықтық жүйенің басты кемшіліктері: табиғи жолмен ұзақ уақыт қалпына келтірілетін макроэкономикалық пропорцияларды бұзудың жоғары деңгейде болуы; қартайған шақта, жұмыссыздық пен науқастанған жағдайда азаматтардың қорғаусыз қалуы.

Бұл жүйеде мемлекет экономикалық өмірге араласа алмайды. Оның міндеті — жекеменшік құқығына кепілдік беру үшін қоғамда қатал құқықтық тәртіпті сақтау. Мұндай жүйе таза күйінде ешқашан болған жоқ, себебі капитализм қалыптасуында шаруашылықтың феодалдық

жүйесінің қалдықтары ұзақ уақыт бойы сақталып отырды. Өңгіме цехтық шектеулер, өсімқор капиталдың езгісі, нарық инфрақұрылымының болмауы, сословиеліктің сарқыншақтары және т.б. туралы болып отыр. Сондай-ақ XIX ғасырдың екінші жартысының бірнеше онжылдықтары бойы көптеген елдің экономикасы (әсіресе Англия экономикасы) осындай жүйеге жақын болды.

Әрі қарай нарықта экономикалық тәуелсіздікке ұмтылған екі күш – мемлекеттік экономикалық күш пен жеке кәсіпкерлік жүйе бәсекелестікке түсті. Бірігуге деген ұмтылыстар монополиялардың пайда болуына алып келген еркін жекеменшік иелері арасында байқала бастады. Сондықтан классикалық капитализмнің қазіргі жағдайында немесе таза нарық жүйесінде ешбір елде еркін бәсекелестік жоқ.

Жоспарлы (социалистік) экономика – ресурстар, негізінен, директивті жоспарлау жолымен орталықтан бөлініп отыратын, негізгі өндіріс құралдары мемлекет меншігінде болатын экономикалық өмірді ұйымдастыру әдісі. Мұндай жүйенің басты басымдылығы – еңбекшілердің ең аз мөлшердегі әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету. Кемшіліктері – экономиканы монополияландырудың ең жоғары деңгейі, бәсекелестіктің болмауы және ресурстарды тиімсіз пайдалану, экономиканы әлемдік техникалық прогрестен шеттету.

Жоспарлы экономикаға шаруашылықтың социалистік (коммунистік) жүйесі жатады. Социалистік экономика жағдайында өндіріс көлемі, оның құрылымы, тұтыну мөлшері мен құн деңгейі орталықтан мемлекеттік жоспарлаудың араласуымен қойылады.

Жалпымемлекеттік жоспарлау қызмет көрсету және жағдай жасай отырып, өндіріс құралдарына қоғамдық меншіктің басым болуы арқылы мүмкін болады. Жоспар тұтастай ұлттық экономика үшін, өңірлік құрылымдар мен жеке кәсіпорындар үшін құрылады. Жоспар құру үрдісі екі қарама-қарсы қозғалысты құрайды: төменнен жоғары және жоғарыдан төмен. Алғашында жоспарлар өткен жылдардағы өндірістердің қызметі, механизмі мен жетістіктерін негізге ала отырып, экономиканың бірінші звенолары арқылы жасалады. Бұл жоспарлар жоғары құрылымдарға беріледі, онда өзара байланыстырылып, министрлік немесе ведомстволардың бірыңғай жоспары ретінде қайта жөнделіп, өңделеді. Сондай-ақ экономиканың барлық құрылымдық бөлімшелеріне міндеттелетін, әлеуметтік-экономикалық дамудың жалпымемлекеттік жоспар болып бекітілуі үшін мемлекеттік жоспарлау органдарына беріледі.

Жоспар құру мен оны жүзеге асыру үрдісі нарықтық тетік құралдарын (құн, ақша) пайдалануды көздейді. Алайда мұнда нарықтық тетік халықшаруашылығы пропорцияларын қалыптастыруға және баға деңгейін анықтаушы ретінде көрінбеуі керектігі маңызды орын алады.

Жоспарлы экономика ел өңірлері және экономика салалары бойынша өндірістік ресурстарды орталықтан бөліп беруге мүмкіндік туғызады, бірақ оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ете алмайды, яғни бірде-бір мемлекеттік басқару органы әрбір өндіріс ресурстарындағы сұраныстарды нақты анықтауға мүмкіндігі жоқ. Осыны ескере отырып, экономикалық қызмет көрсетуді орталықтандырудың қоғамдық сұранысы немесе нарықтық қатынастар еркіндігі қалыптасады. Шектен тыс орталықтандыру шаруашылықтың социалистік жүйесіне төн болып есептелсе де, дамыған және даму үстіндегі елдер белгілі бір кезеңде экономиканы қатаң түрде мемлекеттік реттеп отыруға жүгінеді. Бұл 1929–1933 жылдары өндіріс терең экономикалық дағдарысқа ұшыраған күйзеліс кезеңінде, сондай-ақ, XX ғасырдың 40–70-жылдары байқалды. Қазіргі кезде жоспарлы реттеу тетігін әлемнің барлық елдерінде нарықтық тетік толықтырып отыр.

Экономиканың аралас түрі – аралас экономикалық жүйе жеке және мемлекеттік секторды, нарықтық-бәсекелестік, корпоративтік және мемлекеттік реттеуді үйлестіріп, жекеменшіктің алуантүрлілігіне сүйенеді. Бұл көптеген мемлекеттерге төн. Бірақ дамыған және даму үстіндегі елдердегі аралас экономиканың ұлттық үлгілері өртүрлі.

Қазіргі кезде елдердің көпшілігінде шаруашылық жүргізудің өртүрлі экономикалық жүйесінің элементтері түйісіп, экономикалық жүйенің жеке түрі ретінде аралас экономиканы анықтауға мүмкіндік беріп отыр.

Аралас экономикаға шаруашылық жүргізудің сан алуан түрін пайдаланатын және жекеменшіктің әр түріне жататын кәсіпорындар мен құрылымдар кіреді.

Аралас экономиканың үлгісіне КСРО-дағы ЖЭС кезеңін жатқызуға болады. Ол кезде халықшаруашылығында *социалистік, жеке капиталистік, мемлекеттік-капиталистік, ұсақ тауарлы және патриархалды* бес қоғамдық-экономикалық құрылым қатар жұмыс жасалған.

Социалистік құрылым қоғамдық меншікке негізделді. Жеке капиталистік таза капитализмнен көрініс тапты немесе еркін нарықтық шаруашылық; мемлекеттік капитализм, социалистік құрылым сияқты командалық экономиканы бейнеледі. Олардың біреуі – жеке, ал екіншісі – қоғамдық ұсақ тауарлы құрылым негізінде еркін нарықтық экономикаға жатты, бірақ өзіне дәстүрлі «жүкті» артты, ең соңында, патриархалды шаруашылық тұтастай дәстүрлі экономикамен байланысты болды. Шаруашылықтың бұл күрделі де, қарама-қайшы жүйесінде байланыстырушы құрал нарықтық тетік болды.

Аралас экономикаға қазіргі кездегі өркениетті елдердің ұлттық шаруашылығын жатқызуға болады. Осылайша АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия және басқа да елдерде мемлекеттік кәсіпорындар, күшті жеке корпоративтік құрылымдар, жекеменшік фирмалар

бар. Экономиканың бұл салалары нарықтық реттеу жетегінде және мемлекеттің қарауында. Сонымен қатар аралас экономиканың басқа да көптеген ұлттық үлгілері бар.

Қазіргі аралас экономика реттеліп отыратын нарықтық шаруашылықты көрсетеді. Бұл иеліктің басым түрі жекеменшік екенін білдіреді, бірақ классикалық капитализмнен айырмашылығы бұл ірі жеке, акционерлік меншік болып отыр. Мұнда реттеудің басым түрі мемлекеттік реттеумен толықтырылып отырған бәсекелестік пен нарықтық экономика болды.

Осылайша жүйені түрлерге бөлудің бір белгілері ретінде экономикалық өмірді реттеу көрініс табады. Сәйкесінше экономикалық жүйе дәстүрлі, нарықтық және социалистік болуы мүмкін. Дәстүрлі шаруашылықта шығарылған өнімдер, ресурстарды пайдалану, өндірістің негізгі пропорциялары салттар және дәстүрлер арқылы анықталады.

Нарықтық экономикада ресурстарды пайдалану, өндіру технологиясы, бөлу, өндірілген тауарды тұтыну мен айырбастау сұраныс, ұсыныс, бәсекелестіктің көмегімен жүзеге асады.

Социалистік экономикада шаруашылық үрдістер мемлекеттік үйлестіруші органдар арқылы жоспарланып, реттеліп отырады. Экономикада өртүрлі жүйе элементтері үйлесіп тұрған кезде, аралас экономика туралы айтуға болады.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. «Экономика» ұғымының қандай анықтамалары бар?
2. Экономикалық мектеп өкілдерін атап беріңдер.
3. Экономикалық жүйе түрлері арасындағы айырмашылықты түсіндіріңдер.
4. Экономикалық жүйенің түрлерін сипаттайтын кестені дәптерлеріңе толтырыңдар.

	Түрлері	Сипатты белгілері	Осы экономикалық жүйе түрін қолданған немесе қолданушы мемлекет
1	Дәстүрлі (аграрлық) экономика		
2	Нарықтық экономика		
3	Жоспарлы (социалистік) экономика		
4	Экономиканың аралас түрі		

§ 2. ДӘСТҮРЛІ (АГРАРЛЫҚ) ЭКОНОМИКА

Дәстүрлі экономика адамзаттың ең алғашқы даму кезеңіне тән, шаруашылықтың «табиғи» түрімен байланысты ең ежелгі жүйе болып

Бүгінгі сабақта:

- әртүрлі мемлекеттердің мысалында экономиканың дәстүрлі түріне тән белгілерін анықтаймыз;
- дәстүрлі экономиканың даму ерекшеліктерін талдаймыз.

Кілт сөздер:

дәстүрлі (аграрлық) экономика, өндіріс, дәстүрлі экономикалық елдер, қоғамдық-экономикалық формация түрлері

табылады. Кейіннен көптеген халықтар дәстүрлі экономиканың неғұрлым ұйымдасқан түріне көшті, қазірдің өзінде кейбір мемлекеттердің аграрлық экономикалық сипатқа тән белгілері бар. Оған бірінші кезекте экономикалық деңгейі төмен мемлекеттер кіреді.

Есте сақтаңдар

Дәстүрлі жүйе, әдетте натуралды шаруашылыққа негізделген.

Дәстүрлі экономикалы елдерде өндіріс ресурстарына, жекеменшікке және оның иесінің жеке еңбегіне негізделген ұсақ тауарлы өндіріс басты рөл атқарады. Бұған шаруашылық және қолөнер жатады.

Дәстүрлі экономикалық жүйенің сипатты белгілері:

- қарапайым технологиялардың меңгерілуі;
- қатысушылардың интеллектуалдық көрсеткіштері емес, дене күшінің басым болуы,

экономикалық маңыздылығына байланысты қол еңбегінің билігі;

- негізгі экономикалық мәселелер ғасырлық дәстүрлерге сәйкес шешіледі;
- тауар айырбасы бар болса да, шектеулі сипат алады: артық өнімнің болмауына алып келетін экономикада аң аулау, терімшілік және ұсақ ауылшаруашылығы басымдылық алады.

Дәстүрлі экономиканың кемшіліктері:

- қарапайым технологиялар – «қол еңбегі»;
- даму қабілеттілігі болмауы;
- еңбек өнімділігінің төмен болуы, артық өнімнің болмауы («алғашқы қажетті өнімнің» жеткіліксіздігі жиі кездеседі);
- табиғи жағдайларға тәуелділік.

Дәстүрлі экономиканың кейбір басымдылықтары:

- шаруашылықтың экологиялық түрі;
- нақты тұрақтылық;
- халықтың толық еңбекпен қамтылуы;
- сабақтастық;
- ұйымдастырылудың қарапайымдылығы.

К. Маркстің классификациясы бойынша дәстүрлі қоғамға қоғамдық-экономикалық формацияның: *алғашқы қауымдық, құлиеленушілік және феодалдық* түрлері сәйкес келеді.



Қарапайым технологиялы ауылшаруашылық

Өндірістің алғашқы қауымдық әдісі. Адамзаттың жануарлар әлемінен бөлініп шығу кезеңінен бастап таптық қоғамның орнауына дейінгі кезеңді қамтиды.

Алғашқы қауымдық шаруашылықтың дамуының негізгі факторлары:

- артық өнімнің пайда болуы (өмірге қажетті өнімнен артық) айырбастың негізі ретінде;
- табиғи ресурстарға қол жеткізудегі айырмашылықтар негізінде натуралды айырбастың пайда болуы;
- жекеменшік пен мүлік теңсіздігінің пайда болуы;
- қауымдастық ішіндегі қарым қатынастың күрделенуі мен тайпалардың пайда болуы (ру одақтары);
- егін егу мен малшаруашылығына көшу және еңбек бөлінісінің пайда болуы;
- қолөнердің және тауар айырбасының пайда болуы;
- қоғамдық сананың жіктелуінің басталуы және қалыптасып келе жатқан жекетұлғаның дағдарысы.

Өндірістің құлиеленушілік әдісі. Өндірістің антикалық әдісінің билік етуі б.з.б. IV ғасырда Грекияда, б.з.б. III ғасырдан бастап Римде басталып, мыңдаған жылдар аралығында гүлденді. Бұл кезең б.з. III–IV ғасырларға қарай аяқталды. Бұл кезеңде қауымдастық түпкілікті ыдырады. Өндірістің антикалық әдісінің аса маңызды ерекшелігі жекеменшік институтының құқықтық жағынан нығаюы болды. Жекеменшіктің маңызды нысаны құлдар еді. Грек полистерінің қолөнерге мамандандырылуы қолөнер шеберханаларында құл еңбегінің басым болуына алып келді. Аграрлы ел болып отырған Рим құлдардың басым көпшілігін ауылшаруашылығында пайдаланды.



Өндірістің құлиеленушілік тәсілі

Өндірістің феодалдық әдісі IV–VI ғасырлардан бастап XV–XVII ғасырларға дейін Батыс Еуропада орын алды. Феодализмнің мәні шаруалардың экономикадан тыс жеке немесе жерге тәуелділігі арқылы еңбекке қосымша өнімді феодалдық рента түрінде өндіріп және иемденуде болды.

Бүгінгі күні феодалдық қатынастар генезисінің үш негізгі жолы бөлініп көрсетіледі: *романдық, қауымдық және шығыстық.*

Романдық (классикалық) түрі Батыс Рим империясының аумағында пайда болған орта ғасырлардағы мемлекеттерге тән: Италия, Франция, Испания.

Феодалдық генезистің қауымдастық түрі славян-герман халықтары арасында таралған. Бұл халықтарда феодалдық қатынастарға көшу алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы барысында жүрді.

Феодалдық генезистің шығыстық түрі біртекті емес. Қалыптасқан феодалдық қатынастардың ұлттық белгілерінің өртүрлілігіне және уақыт сызығына байланысты көрінді. Генезистің бұл түрі Шығыс Рим империясын (Византия), Араб мемлекеттерін, Орта және Қиыр Шығысты қамтыды.

XVI ғасырда экономикалық дамудың қозғаушы факторлары халықаралық жәрмеңкелер Антверпенде, Берген-он-Зонада, Франкфуртте, Медине дель Кампо, Лионда болды. Ғасыр соңында келісімге келу нысаны ретінде ақша, несие және төлем құралдары болып келген *безансон* жәрмеңкелері пайда болды. Халықаралық нарықтың пайда болуына Жаңа әлемнен қол жетімді алтын мен күмістен жасалған металл тиындардың келуі, сондай-ақ айырбас жүйесінің дамуы себеп болды.

XVII ғасыр XVI ғасырдың жетістіктерін нығайтуға мүмкіндік туғызды. Алайда геосаяси сипаттағы көптеген себептер экономикалық орталықты италиялық Жерорта теңізінен Атлантикалық мұхит жағалауына, ең алдымен, Голландияға көшірді. Италия банкирлері жасаған өлемдік есеп жүйесі бұзыла бастады. Бірақ тауар айырбасының өсуі XVIII ғасырда орталықта қалыптасқан жаңа нарықпен алмастырылды.

Шаруашылық қызмет – біртұтас қызмет, яғни шаруашылық жүргізу үрдісіндегі белгілі бір есеппен және олардың өртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған адамдардың күш салуы.

Қоғам дамуы тарихы қоғамдық шаруашылықтың екі басты формуласын бөліп көрсетуге мүмкіншілік береді: *натуралды* және *тауарлы*.

Шаруашылықтың натуралды түрі – материалдық игіліктерді өндіру мен қажеттіліктерді тұтынуға, жеке шаруашылық бірлігінде пайдалану үшін өндірудің шаруашылық түрі.

Натуралды шаруашылықтың материалдық негізі қоғамдық еңбек бөлінісінің төмен, нашар дамуы.


Шаруашылықтың натуралды түріне өзіне-өзі қысым көрсететін, тұйықталған, жергілікті сипат тән. Шаруашылықтың натуралды түрі тарихи жағынан жекеменшік қатынастардың іргетасы болып табылатын жер меншігіне негізделген. Сонымен бірге жерге жекеменшіктің болмауы, оның жоғарғы меншік иесі ретінде мемлекет қолына шоғырлануы жекеменшіктің және мемлекеттік биліктің өсуіне әсер етті. Ал билік пен жекеменшіктің өсуі олардың еңбегінің өніміне қатынасы арқылы емес, адамдар арасындағы тікелей қатынасты туындатады.

Натуралды шаруашылықтың маңызды белгілері оның тұрақтылық, қозғалыссыздық деп аталатын кертартпалығына негіз болады. Жерге қауымдық иелік ету ауылшаруашылық қауымдастықтарының мыңдаған жылдар бойы сақталуымен түсіндіріледі.

Назар аударыңдар!

Шаруашылықтың натуралды түрі оның шектеулі мақсатын көрсететін, дәлірек айтқанда, көлемі жағынан мардымсыз және тұтынушылықтың сапалық құрамы жағынан біркелкі болған, ең соңында, қоғамдық шаруашылықтың ілгерілеуін, оның дамуының төменгі қарқынын анықтайтын өндірістің даму деңгейін бейнелейді.

Шаруашылықтың тауарлық түрі натуралды шаруашылыққа қарама-қарсы, ең алдымен, қауымдастықтар арасындағы қатынастар, ал содан кейін олардың ішіне ене отырып, бірте-бірте натуралды шаруашылықты қоғамның экономикалық өміріндегі тәуелді, жойылуға айналған элементке айналдыруымен ерекшеленеді.



Өндірістің феодалдық төсілі

Натуралды шаруашылықтың тауарлы шаруашылықпен алмасуы – ұзақ, күрделі және өртүрлі сападағы үрдіс, бұл белгілі бір дәрежедегі жағдайға байланысты, натуралды шаруашылықтың қызметімен, оның кертартпалығымен, қарқынымен, тоқырауымен анықталады.

Натуралды шаруашылықтан тауарлыға өтудің объективті себебі еңбек бөлінісін күшейтіп, өнімділікті арттыратын өндірістің дамуы болды.

Назар аударыңдар!

Тауарлы шаруашылық адамдар арасындағы экономикалық қатынастар олардың еңбектерінің нарықта сату-сатып алудан көрінетін, жеке адамдар өндіретін, оның үстіне әрқайсысы қандай да бір өнім өндірумен айналысуға мамандандырылған қоғамдық өндірісті ұйымдастыру түрі.

Тауарлы шаруашылықтың негізгі сипаты:

Өндіріс – адамның өмір сүруі мен дамуына қажетті материалдық және рухани игіліктерді жасау процесі.

Бөлу – өндірілген өнімде әрбір шаруашылық субъект қатысатын үлесті, санын, пропорциясын анықтайтын процесс.

Айырбас – бір субъектіден екіншісіне ауысып отыратын, заттардың қоғамдық айырбасын ұйымдастырушы өндірушілер мен тұтынушылардың қоғамдық байланыс түрі.

Тұтыну – белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін өндіріс нәтижелерін пайдалану процесі.

Өндіріс – өмір сүру негізі және адамзат қоғамының алға басуының бастауы. Ол шаруашылық қызметтің шығу нүктесі, тұтынудың соңғы нүктесі болып табылады. Бөлу мен айырбас бірігіп, өндіріс пен

тұтынуды байланыстырады. Десек те, өндіріс алғашқы саты болып, тұтынуға қызмет етеді.

Кейбір экономистер қоғам дамуының қазіргі кездегі шынайы деңгейін есепке алу керектігін, оның материалдық базасына, рухани саланың дамуына, адам санасына, ноосфераға тәуелді екенін анықтай отырып, бұл теориялық пайымдауға күмән туғызады.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Дәстүрлі экономика деген не?
2. Дәстүрлі экономикалық жүйенің басты ерекшеліктерін көрсетіңдер.
3. Дәстүрлі экономикалық жүйенің жетістіктері мен кемшіліктері туралы айтыңдар.
4. Қоғамдық-экономикалық формацияларды жіктеу арасындағы айырмашылықтарды түсіндіріңдер.
5. Натуралды және тауарлы шаруашылық түрінің ерекшеліктерін анықтаңдар.

§ 3. НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА

Назар аударыңдар

Нарықтық экономика – еркін кәсіпкерлікке, өндіріс құрал-жабдықтарына меншік нысандарының көптігі, нарықтық баға белгілеу, шаруашылық жүргізу субъектілер арасындағы келісімшарттық қатынастар, мемлекеттің шаруашылық қызметке шектеулі түрде араласу қағидаттарына негізделген экономика.

Нарық және оның мәні. Нарықты (тауарлы) шаруашылықтың тарихи даму үрдісінде нарықтың мәні де, өзі де өзгерді, оның экономикадағы рөлі өсті.

Нарықтың объективті қажеттілігі тауарлы өндірістің қалыптасу қажеттілігін тудыратын себептермен негізделеді. Нарықтың пайда болуының мынадай маңызды тарихи шарттары бар:

Бірінші шарт – қоғамдық еңбек бөлінісі және мамандандырылу. Адамдардың қандай да бір қауымдастығында шаруашылықтың бірде-бір мүшесі барлық экономикалық ресурстармен, экономикалық игіліктермен өзін-өзі толықтай қамтамасыз ете алмайды. Адамдардың жекелеген топтары шаруашылықтың әр алуан түрлерімен айналысады, яғни қандай да бір тауарларды өндіру қызметімен мамандандырылады. Бұл жағдай салыстырмалы басымдылық ұстанымдарымен түсіндіріледі, яғни жіберіп алған мүмкіншіліктерінің азғана бөлігіне қатысты өнім өндіреді.

Екінші шарт – өндірушілердің экономикалық ерекшелігі шаруашылық шешімдерін қабылдауда (не шығару, қалай шығару,

Бүгінгі сабақта:

- нарықтық экономиканың даму ерекшеліктерін түсінеміз;
- нарықтық экономикаға тән белгілерді анықтаймыз.

Кілт сөздер:

нарық, тауар, сұраныс, ұсыныс, тұтынушы, бәсекелестік, өндіруші, индустрияландыру

өндірілген өнімді кімге сату керек) толықтай тәуелсіз, дербес. Бұл ерекшелік тарихи жағынан жекеменшік негізінде пайда болады және ұжымдық меншікке таралады (кооперативтер, акционерлік қоғамдар, мемлекеттік мекемелер және т.б.). Егер қоғамда шаруашылық қызмет субъектілері жекеменшік құқығына ие болмаса, нарық өмір сүре алмайды.

Үшінші шарт – трансакциялық шығындар мәселесін шешу – жекеменшік құқығын беруге байланысты айырбас саласындағы шығындар. Олар субъект таңдап алған шаруашылық қызметіне рұқсат алуға (лицензиялар), тауардың қасиетін мөлшерлеу бойынша келісім жүргізу үшін ақпарат іздеуге байланысты шығындарды қосады.

Нарық жүйесінің тарихи дамуы. Алғашқы кезде нарық базар, бөлшек сауда, нарық алаңы ретінде қарастырылды. Бұл – нарықтың ең қарапайым, аясы тар ұғымы. Бұл нарықтың қауымдастықтар арасындағы айырбас жүйелі болып отыра бастаған кезде, тауар айырбасы түріне ене бастағанда, белгілі бір жерде, бір уақытта жүзеге асып отырған алғашқы қоғамдық құрылыс ыдыраған кезде пайда болғанымен түсіндіріледі. Алғашында нарық қарапайым түрге ие болды. Этнографтардың бақылауы бойынша, Қалимантан аралы мен қазіргі Малайзия төңірегінде нарықтық қатынастардағы ерекшелік: сатып алушылар емін-еркін тауарларды көруі үшін сатушылар айырбас жасау мақсатында өз өнімдерін қойып кеткен. Егер сатып алушы оған ұсынылған тауарды алуға шешім қабылдаса, ол өз өнімін тастап кеткен, содан кейін сатушылар қайтып келіп, келісім берген жағдайда сатып алушы қалдырып кеткен заттарды алып, орнына өзінкін қойған. Қалалар мен қолөнердің дамуына байланысты сауда, нарықтық қатынастар кеңейе түскен, базарларға нақтылы орындар, сауда алаңдары бекітілген. Нарықтың мұндай ұғымы сөздің бір мағынасы, белгісі ретінде бүгінгі күнге дейін сақталған.

Қоғамдық еңбек бөлінісі тереңдей түсуіне және тауар өнімінің дамуымен «нарық» ұғымы өлемдік экономикалық өдебиетте көрініс тапқан күрделі түсінікке ие болды. Осылай, француз математигі, экономист О. Курно «нарық» ұғымын қандай да бір нарық алаңы деп емес, тұтастай алғанда, сатып алушылар мен сатушылардың қарым-қатынасы, бағалары жеңіл және тез теңеседі деп есептейді. Нарықтық экономика мынадай белгілермен:

- экономикалық ресурстарға жекеменшіктің болуы;
- нарыққа кедергісіз кіруді қамтамасыз ететін еркін бәсекелестік, экономиканың бір саласынан екіншісіне капиталдың құйылуы;
- қандай технологиялар арқылы қандай көлемде, қандай өнім өндіруді, оны кімге сатуды өзі шешетін көптеген тәуелсіз өндірушілердің болуы;
- қандай өндірушілерден қандай тауар сатып алуды өзі таңдайтын көптеген тұтынушылардың болуы;

- кәсіпкерге бизнес саласын анықтауға мүмкіндік беретін, ал жұмысшыға еңбек нарығында еркін жүретін нарыққа қатысушылардың барлығының жеке еркіндігімен (жұмысшы күшін қосқанда);
- ұсыныс пен сұраныс әсерімен баға қоюдың стихиялық сипатымен;
- құнына қарай эквивалентті айырбаспен;
- кәсіпкерлердің оларға ресурстарды үнемдеуге, жаңа техниканы ендіруге, жұмысшы күшін қалыпты жағдайда ұстауға мәжбүр ететін түсім түсірудегі ең жоғарғы деңгейге көтеруге бағыт алуымен сипатталады.

XV–XVII ғасырларда Ұлы географиялық ашылулар, отарлау және жетекші елдер арасында отарларды бөлісу әлемдік нарықтық экономиканың алғашқы кезеңінің қалыптасуын – капиталдың алғашқы жинақталуын аяқтады. Батысеуропалық елдерде нарықтық инфрақұрылымның белгілері пайда болды. Әлемдік өркениеттің дамуында жаңа заманға өтуге байланысты Еуропа елдерінің экономикасы аграрлық қоғамнан индустриалдық қоғамға өтуге тиіс болды.

Өндірістік төңкеріске қолөнер мен мануфактуралық өндірістің әртүрлі салаларындағы жаңалықтар мен техникалық жетістіктер қосылды. Өнертапқыштар мен тәжірибешілер энергияның дәстүрлі көздерін – су мен желді тиімді пайдалануға ұмтылды. Осы мақсатта келденең диірмен дөңгелегі жетілдірілді. Голландияда XVI ғасырда айналып тұратын желдиірмендер кең таралды.

Көптеген өнертапқыш туындылар мен техникалық жетістіктер Англияда жасалды. Мұнда ғылым мен техникалық ойдың дамуына 1662 жылы Лондонда Корольдық қоғам, ағылшын Ғылым академиясының пайда болуы әсер етті. Осы қоғам аясында, негізінен, Оксфорд және Кембридж университеттеріндегідей гуманитарлық ғылымдар дамыды. Аз көлемде болса да, өндіріске қажетті кадрлар дайындау Глазго және Эдинбург шотландиялық университеттерінде, сонымен қатар Манчестер мен Бирменгем сияқты ірі өндіріс орталықтарында жүзеге асты.

«Қоршаудың» басталуымен Англияда шұға шығару дамыса, Англияның Үндістанға кіруімен мақта мата саласы дамыды. Үндістаннан алып келген мақта маталарды халық тез сатып алып отырды, бірақ оларға деген нарықтық сұраныс қанағаттандырылмады.

Өнеркәсіптік төңкерістің екінші ірі жаңалығы бу машинасы болды (немесе бу қозғалтқышы). Бу машинасына ұқсас шахталардан су сорып алатын бу насостары болып есептелді. Өндірістің басқа салаларында да қолдануға болатын әмбебап бу қозғалтқышын 1769 жылы Дж. Уатт жасап шығарды.

Өнеркәсіптік төңкерістің үшінші негізгі белгісі тоқыма машиналары бар су қозғалтқышымен жұмыс істейтін фабриканың пайда болуы болды. Сондықтан олардың жұмыс істеуінің алғашқы кездерінде өзен жағасына салды. Алғашқы бу машинасын ойлап тапқан Д. Уатт пен бір жылда 1769 жылы фабрика салған Аркрайт болды. XVIII ғасыр

соңында Англияда 150 фабрика жұмыс істеп, фабрика жүйесі пайда болды. 1785 жылы фабрикалардың бірінде Д. Уаттың бу машинасы орнатылды, 1790 жылы олар барлық жерлерде тарала бастады. Енді фабрикалар өзен жағасына ғана емес басқа жерлерге де салына бастады. Тоқыма фабрикаларын салу 1820–1830 жылдары кеңінен таралды.

Индустрияландыру – өндіріс құралдарын шығаруды түбегейлі өзгерту. Англиядағы өнеркәсіптік төңкеріс жаңа техникаға сүйенді, бірақ алғашқы машиналар қол еңбегі басым болған мануфактураларда пайда болды. Машина жасаудың жаппай дамуына байланысты машина жасайтын машиналарды ойлап табуға жағдайлар пайда болды. Машина жасаудағы төңкеріс XIX ғасырда Англияда болды. Ауыр өнеркәсіпте машиналардың машина жасап шығаруы индустрияландырудың аяқталғанын білдірді.

Англиядағы аграрлық салада ірі жериеленушілік басым болды. Фермерлер шаруашылықта ауылшаруашылығы машиналарын, минералды тыңайтқыштарды қолданды. Аграрлы өндірісті қарқындету Франция көрсеткіштерінен екі есе артық болған астық өнімділігіне жағымды әсер етті.

1694 жылы өнеркәсіптік және нарықтық инфрақұрылымның маңызды элементі болған Ағылшын банкі құрылды. Олар сыртқы сауданы несиелеумен көбірек айналысты. Уақыт өте келе бұл «банктердің банкі» болып, елдің несиелік жүйесін басқарды. Англия тек әлемдік тасымалдаушы мен өнім өндіруші ғана емес, сонымен қатар «әлемдік банкир» рөлін атқара бастады.

Англиядан он шақты жылдардан кейін Францияда өнеркәсіптік төңкеріс жасауға маңызды шарттар: еркін капитал және жұмысшы күші ресурсы пайда болды. Ел бірнеше ғасыр бойы Еуропа экономикасында көшбасшы болу үшін Англиямен бәсекеге түсті. 1760 жылдан кейін Францияның Англия алдындағы аумағының неғұрлым үлкендігі; пайдалы қазбаларының бай ресурсы, халық санының екі есе көптігі, теңіз саудасындағы, техникалық жаңалықтары жағынан елеулі жетістіктері сияқты артықшылықтары болды.

Наполеонның билікке келуі (1799) француз буржуазиясының нарықтық экономиканы дамытуға бағытталған ұстанымын күшейте түсті. Наполеон соғыстарын шикізат көзі және өткізу нарығы үшін, Францияның Еуропаға экономикалық билік жүргізуі үшін ашқан соғысы деп есептеуге болады. 1800 жылы Француз банкі және провинцияларда бірнеше банк құрылды. Олар Францияның нарықтық инфрақұрылымының маңызды элементі бола бастады. Орталықтандырылған мануфактуралардың саны өсті. Англияның континенталды құрсауының басталуына дейін кіргізілген ағылшын бу машиналары қолданылған алғашқы фабрикалар пайда бола бастады.

XIX ғасырдың бас кезінде Германия аграрлы ел болып саналды, халқының 80% -ға жуығы ауылшаруашылығымен айналысты. XVIII–

XIX ғасырлардың бірінші жартысындағы ішкі нарықтың пайда болуына кедергі болған экономикалық бытыраңқылық, сондай-ақ крепостниктіктің болуы Германияның экономикалық дамуының негізгі белгілері болды.

АҚШ-та 1861–1865 жылдары Азамат соғысының аяқталуымен өнеркәсіптік төңкеріс пен индустрияландыру аяқталып, нарықтық экономика нығайды. Капиталдың жинақталуының қосымша көзі Калифорниядағы алтын кеніштерін өңдеу болды. Бұл қазынадағы алтын ресурсының өсуіне және өнеркәсіптік салаға инвестициялардың көбеюіне алып келді. Капиталдың жинақталуының тағы бір көзі Пенсильванияда табылған бай мұнай ресурсы болды. Одан түскен кіріс өнеркәсіп төңкерісінің аяқталуына жұмсалды.

Үндістандағы дәстүрлі құрылымның көтерілуі XIX ғасырда ұлан-байтақ елдің Британ империясына түпкілікті қосылуынан басталды. Экспорттық тауарлардың екі легі осында тоғысты – біреуі өнеркәсіп тауарлары түрінде Үндістанға, екіншісі Үндістаннан Англияға мақта, жүн, шай, кофе, индиго және дәмдеуіштер, яғни ауылшаруашылығы шикізаттары мен азық-түлік түрінде. Жақын арадағы капиталистік түрдегі плантациялардан метрополияға астық түсе бастады.

Қытай экономикасы өзгеше дамыды. Бірінші апиын соғысында маньчжурлық Цинь династиясының жеңіліске ұшырауы еуропалық отарлау экспансиясына Қытайды «ашып берді». Елге шетел капиталына экономикалық, саяси және әлеуметтік жеңілдіктер беретін келісімдер жүйесі артылды.

Ешқашан Батыс елдерінің отары болмаған Жапонияның экономикалық жағынан нығаюы мен күшеюіне апаратын жолы басқаша болды. 1867 жылы Жапонияда билік басына келген дәуір императоры Мейдзи Муцухито айналасындағылармен біріге отырып, елдегі әлеуметтік-экономикалық жүйені өзгертті. Бұл өзгерістер жапондық көпестік капиталдың жекекәсіпкерлік қызметіне қолайлы жағдай туғызды. Өнеркәсіптік құрылыс басталып, банк ісі гүлденді. Үкіметтің маңызды акциясы ірі кәсіпорындар – арсеналдар, металлургиялық комбинаттар, верфьтер салу, содан кейін ірі Мицуи және Мицубиси сияқты ірі сауда-өнеркәсіптік компанияларға арзан бағаға сату болды. Осындай жолмен ел тиімсіз қазыналық өнеркәсіптің жүгінен құтылды. Реформалардың тиімді жүргізілуіне елде мұның алдындағы жүзжылдықтың ішінде экономиканы инвестициялауды қамтамасыз ететін капиталдың жинақталуы жағдай жасады.

Конституция қабылданды, ол екі палаталы парламентті құруға әкелді. Германия заңнамасының үлгісі бойынша азаматтық заңдар жинағы жасалды, ол нарық жағдайларында жекеменшікке құқықтың жаңа ережелерін мұрагерлік меншікті басқарудың бұрын қолданылған ережелерімен кіріктіре алды.

Шетелдік капитал мен шетелдік мамандарды тарту ұлттық өнеркәсіптің өсуіне және нығаюына жағдай жасады. Алайда, жапон экономикасының ішкі нарыққа бағдарлануының арқасында Жапония шетел капиталына күшті тәуелді болудан құтыла алды. Қорытындыда ел индустрияландыру жолына түсті, ол жібек шығаратын кәсіпорындар құрудан басталды, одан кейін, 1880 жылдарға қарай тоқыма өнеркәсібі, ал 1890 жылдардан бастап – ауыр өнеркәсіп құрыла бастады.

Экономиканың түрлері мен модельдері нарықтық жүйенің келесі үлгілерінен көрінеді.

1. *Америкалық модель.* Ол кәсіпкерлік белсенділікті жан-жақты қолдау жүйесіне, халықтың аса белсенді бөлігін байытуға бағытталған. Аз қамтылған топтарға жекелеген жеңілдіктер мен жәрдемақы есебінен қалыпты өмір сүру деңгейі қарастырылады. Әлеуметтік теңдік мәселесі бұл жерде мүлдем көтерілмейді. Бұл үлгі еңбек өнімділігінің жоғары деңгейі мен жеке табысқа қол жеткізуге жаппай бағыт алуға негізделген.

2. *Жапондық модель.* Аталған үлгі халықтың өмір сүру деңгейінің еңбек өнімділігінің өсуінен артта қалуымен сипатталады (оның ішінде, жалақы деңгейі) өнімнің өзіндік құнының төмендеуіне және өлемдік нарықта оның бәсекеге қабілеттілігінің бірден артуына алып келеді. Мүліктік теңсіздікке кедергі қойылмайды. Мұндай үлгі ұлттық санасізліктің мүлтіксіз жоғары дамуында ғана, ұлт мүддесінің жеке адамның мүддесінен басымдылығында, халықтың өз елінің гүлденуіне белгілі бір материалдық құрбандықтарға баруға дайын болған кезде ғана мүмкін болады.

3. *Шведтік модель.* Ол ұлттық табысты әлеуметтік жағдайы нашар халықтың пайдасына бөліп беру есебінен мүлік теңсіздігін қысқартуға бағытталған күшті әлеуметтік саясатпен ерекшеленеді. Мұнда мемлекет қарамағында негізгі ресурстың 4%-ы бар, оның есесіне XX ғасырдың 80-жылдары мемлекет шығынының үлесі ішкі өнімнің (ІӨ) 70% деңгейінде болып, оның жартысынан көбі әлеуметтік мақсаттарға жұмсалды. Әрине, экономикалық қатынастардың мұндай түрі салық салудың жоғарғы нормалары жағдайында ғана мүмкін болады. Мұндай үлгі өнім өндіру қызметі нарықтық бәсекелестік негізінде өмір сүріп отырған жеке мекемелерге, өмір сүру деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз ету міндеті (еңбекпен қамту, білім беру, әлеуметтік сақтандыруды қосқанда) және инфрақұрылымның көптеген элементтері (көлік, ғылыми-зерттеу және тәжірибиелік-конструкторлық жұмыс) – мемлекетке жүктеліп, «функционалды әлеуметтену» деген атқа ие болды.

4. *Германиялық модель.* Аталған үлгі Гитлер уақытындағы концерндерді жою негізінде және шаруашылықтың барлық түріне (ірі, орта, ұсақ) тұрақты дамуға мүмкіндік беру негізінде құрылды. Мұнда

миттельштанд деп аталатын, яғни ұсақ орта мекемелер, фермерлік шаруашылықтар үлкен қамқорлықта болады. Мемлекет баға, салық және техникалық өлшемге белсенді әсер етеді.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Нарықтық экономиканы реттеудің негізгі шаруашылық тетіктерін атаңдар.
2. Англия, Франция және Германияда еркін бәсекелестік нарық экономикасы қашан бекітілді?
3. Еуропа мен АҚШ-та алғашқы монополистік бірлестіктер қашан пайда бола бастады?
4. Экономиканың түрлері мен нарықтық жүйесі модельдерін сипаттаңдар.

§ 4. ЖОСПАРЛЫ (СОЦИАЛИСТІК) ЭКОНОМИКА

Жоспарлы (социалистік) экономика – басқарудың өкімшіл-өміршіл әдісіне құрылған, ал билік орталық басқару органдарының, бюрократтық аппараттың қолына жинақталған басқару жүйесі. Бұл жүйе үшін мекемелер жоғарғы басқарушы эшелондардың жоспарлы тапсырмаларына сәйкес жұмыс істейтін орталықтандырылған директивті жоспарлау тән. Өкімшіл-өміршіл жүйе тоталитарлық режимге сүйенеді, ол басқарудың демократиялық ұстанымдарына қайшы келеді, еркін нарықтың, бәсекелестіктің, кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіреді. Осылайша *жоспарлы экономиканың ерекшелігі* күшті орталықтанған мемлекеттік билік болып табылады, ол нақты бір мемлекеттегі қоғам өмірінің барлық саласына тікелей ықпал етеді. Мұндай модель бұрынғы социалистік лагерьде болған мемлекеттерге тән ерекшелік болды. Жоспарлы экономиканың ерекшеліктері осы мемлекеттердің жетекшілеріне теңдік және әділдік идеясын таратуға мүмкіндік берді. Жоспарлы экономикада әлеуметтік теңдік идеясы, қоғамның индивидуалдан және ұжымның жекеден басымдылығы арқылы жүзеге асты.

Жоспарлы экономиканың белгілері деп мыналарды атауға болады:

- барлық экономикалық ресурстарға мемлекеттік меншік.
- ұлттық экономиканы стратегиялық, тактикалық және жедел басқару үкіметтің қолында болады.

Бүгінгі сабақта:

- жоспарлы (социалистік) экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсінеміз;
- жоспарлы (социалистік) экономикаға тән белгілерді анықтаймыз.

Кілт сөздер:

жоспар, орталықтандырылған жоспарлау жүйесі, КСРО, халықшаруашылығы Бас жоспары, өкімшілік-командалық жүйе

- барлық өнім түрлеріне, бағаға, шығару көлеміне орталықтанған шешім қабылдау.
- қандай да болмасын инвестиция мемлекеттік жоспар келісіміне сай жүзеге асады.
- ұжымдық, яғни жекеменшік мүлікке толық тыйым салу.
- өндіріс пен ұсыныстың тұтынушы мен сұраныстан толықтай үстем болуы.

Жоспарлы экономика үшін келесі көріністер тән:

- тауар жетіспеушілігі;
- тауарлар мен қызмет көрсетудің сапасының төмендігі және санының аздығы;
- отандық нарықта шетелдік тауардың болмауы; үлкен кезектердің болуы.

Жоспарлы экономика ұсыныс пен сұранысты қалыптастырудың еркін тетігінің болмауымен сипатталады. Олардың динамикасы мен құрылымы мемлекет арқылы анықталып есептеледі. Оның есебінің негізгі бастауы статистика, бұдан басқа саяси міндеттерді шешуге бастайтын идеологиялық факторға үлкен рөл беріледі.

Әдетте, жоспарлы экономика теориясының негізін салушылар маркстік-лениндік классиктер деп есептеледі. Шынында Карл Маркс пен Фридрих Энгельс жоспарлы экономиканы социализмнің басты артықшылығы деп, оның қызметінің ұстанымдарын жалпылама түрде берді.

Алайда жаңа әлеуметтік-экономикалық құрылыстың ғылыми талдауы жоқ болды. Социализмнің аяқталған және жүйеленген теориясы жазылған еңбектер болған жоқ. К. Маркс пен Ф. Энгельстің социализмге сипаттама беруі, негізінен, капитализмді социалистік сынау түрінде, яғни социализмді сипаттау капиталистік жүйенің қарама-қайшылықтарын талдауға алып келді. Егер нарықтық экономиканың негізін жекеменшік өнеркәсіп өнімдері мен құралдар құраса, онда жоспарлы экономиканың негізі – қоғамдық меншік. Егер нарықтық экономикада әрбір адам өзінің жеке мүддесін көздесе, тек өз бас пайдасын ойласа, жоспарлы экономика тікелей қоғамның барлық мүшелерінің тұрмыстық жағдайының өсуі мақсатына бағындырылған.

Бұл ұстанымдарды В.И. Ленин социализмнің теориялық базасына айналдырып, дамытып іс жүзінде жүзеге асырды.

Шындығында жоспарлы экономиканың ғылыми теориясының негізін маркстілдер емес, В. Парето, Э. Бароне, Фридрих фон Визер қалады. Бұл теорияны олар «қосалқы өнім» ретінде жалпы экономикалық теңдік теориясы ретінде жасады.

В.И. Ленин 1917 жылғы еңбектерінде Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде (мемлекеттік-монополистік капитализм) өнеркәсіпті

шоғырландыру процесі жоспарлы экономикаға революциялық етудің тікелей шарттарын туғызды деген қорытындыға келді.

Әскери коммунизмі кезінде большевиктер мемлекеттік жоспарлау бағдарламасын құрды.

Бұл есеп жүргізудің жалпымемлекеттік көлемінде өнеркәсіпті басқару және өнімдерді бөлу, мемлекеттік ғылыми-өндірістік институттар, ақшасыз қатынастар аясын кеңейту шараларын жүргізу, барлық еңбекке қабілетті халықтың барлығын жаппай жұмылдыратын орталық деп түсіндірілетін жоспарлы экономика құруды талап етуді енгізді.

КСРО-ның жоспарлы экономикасы бас кезінен индустрияландыруды қарқындату және жеке шаруашылық элементтерін (қулактарды, ЖЭС-шілерді, түрлі дін иелерін, ұсақ шаруашылықтарды) ығыстыру үшін құрылған жүйе болды.

Жоспарлы экономика (оның көрсеткіштеріне объективті баға беру қиын болса да, ал оның бірде-бір жоспары іс жүзінде орындалған жоқ) КСРО-ға 1930–1950 жылдары экономикалық жағынан өсудің жоғарғы қарқынын, Ұлы Отан соғысында жеңіске жетуде барлық ресурстарды жаппай жұмылдыруды, ядролық қаруға АҚШ монополиясын жоюды, сондай-ақ космонавтикада алғашқы болуды қамтамасыз етті. Осы және басқа да жетістіктер көптеген батыс экономистері мен саясаткерлерін жоспарлы экономиканы өміршең, баламалы экономикалық жүйе ретінде мойындауға мәжбүр етті. Кеңестік тәжірибе және экономика үлгісінің дамуы әсерімен, экономикалық дамудың индикативті жоспарлары жасалып, шығарыла бастады. «Шығыс блокта» пайда болған елдердегі Коммунистік партия (Моңғолия, 1940–1950 жылдардың қарсаңындағы Шығыс Еуропа, 1953 жылы Қытай) кеңестік үлгі бойынша директивті бесжылдық жоспарды енгізе бастады. Алғашында бұл Батыс елдерімен (Жапониядан басқа) салыстырғанда ішкі өнімнің өсу қарқынын қамтамасыз етті.

Алайда 1960 жылдары жоспарлы экономикалы елдердің Батыс Еуропамен, әсіресе ЕЭО мүшелерімен салыстырғанда экономикалық даму көрсеткіштері едәуір төмен болды, ал 1970 жылдары одан да баяулады. Жоспарлы экономиканың Қытайлық үлгісі демографиялық жарылысты және Мао Цзэдунның саясатын (1958–1960 жж. «үлкен секіріс»; ауылшаруашылығын «халық коммуналарына» казармалық қауымдастыру; 1966–1976 жж. «мәдени революция») есептегенде ҚХР ядролық және космостық ірі мемлекетке айналуына мүмкіндік туғызды, бірақ жан басына шаққанда кіріс деңгейі жоғары болмады.

Жоспарлы экономика ауылшаруашылығын интенсификациялауға, сәнді жасанды затты және ұзақ уақыт пайдаланылатын тұрмыстық техниканы шығарумен, ресурсты сақтау, микроэлектроника және информатикамен



Өкімшілік-командалық жүйедегі КСРО

байланысты жаңа технологиялардың артынан ілесе алмады.

1960 жылдың ортасында КСРО-да кәсіпорындарды өз алдына (1965 жылдың Косыгин реформасы) кеңейту есебінен жоспарлы экономика «шаруашылық тетігін жетілдіруге» ұмтылыс жасалды.

Директивтіктен индикативті жоспарлау бағытында «шаруашылық тетігін жетілдіру» Венгрияда (ВХР) жүзеге асты. 1966

жылы кәсіпорындарға өнімді жеткізіп тұрушы мен тапсырыс берушіні таңдап алу құқығы берілді, сыртқы сауда монополиясы жеңілдетілді. Алайда батысеуропалық стандарттарына сай тұтынуға әкелген алғашқы жетістіктер экономикалық дамудың неғұрлым жоғары қарқыны, сыртқы қарыздардың өсуі ішкі өнімнің өсуін жедел төмендетіп жіберді.

1980 жылдардың соңында М.С. Горбачевтің қайта құруы арқылы жоспарлы экономиканың динамикасын жақсартуға бағытталған сәтсіз талпынысынан кейін шаруашылықтың бірте-бірте құлдылау үрдісі басталып, КСРО-дағы жоспарлы экономиканың жойылуына әкелді.

ҚХР «Халықтық коммуналарды» таратудан және ауылшаруашылық мекемелерін мемлекеттік жер иелігін ұзақ мерзімді арендаға ауыстырумен басталған Қытайдың жоспарлы экономикасын қайта құру 1992 жылы ҚКП ҚХР шаруашылық жүйесін «социалистік нарықтық экономика» деп жариялады; сақталған мемлекеттік бесжылдық жоспарлар индикативті сипат алды.

Өкімшілік-командалық жүйедегі елдерде жалпыэкономикалық мәселелерді шешудің өзіне тән ерекшеліктері бар. Үстем болып отырған идеологиялық ұстанымдарға сай өнімнің көлемі мен құрылымын анықтау міндеті оның шешімдерін тікелей өндірушілерге, колхоздар мен совхоздарға беру үшін өте жауапкершілікті және салмақты болып есептелген. Сондықтан қоғамдық қажеттіліктер құрылымы тікелей орталық жоспарлау органдарымен анықталған.

Материалдық игіліктерді, еңбек және қаржы ресурстарын орталықтан бөлу тікелей өндірушілер мен тұтынушылардың қатысуынсыз «қоғамдық» алдын ала таңдап алынған мақсаттар мен белгілер арқылы орталықтандырылған жоспарлау негізінде жүзеге асады. Ресурстардың қомақты бөлігі үстемдік құрып отырған идеологиялық ұстанымдарға байланысты әскери өнеркәсіп кешенінің дамуына беріледі.

Өндіруге қатысқандар арасында шығарылған өнімді бөлу тарифтік жүйені қолдана отырып, сондай-ақ жалақы ресурсына жіберілетін орталықтан бекітілген нормативті құралдар орталық органдар арқылы қатаң реттеліп отырған. Бұл еңбекке ақы төлеу де теңгерушіліктің басымдығына алып келеді.

Бұл жүйенің өміршең еместігі, ҒТР жетістіктерін енгізуге қатысты оның енжарлығы және икемсіздігі, экономикалық дамудың интенсивті түріне өтуді қамтамасыз етуге қабілетсіздігі барлық бұрынғы социалистік елдердегі әлеуметтік-экономикалық қайта құрулардың болуына себеп болды. Бүгінгі күні бұл елдердегі экономикалық реформалар стратегиясы әлемдік өркениет дамуы бағытымен анықталса да, әр мемлекеттің ішкі мүмкіншіліктеріне толығымен тәуелді.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Жоспарлы экономика деген не?
2. Жоспарлы экономиканың сипаттық белгілері.
3. Пайда болған Шығыс блок елдеріндегі Коммунистік партия туралы не ойлайсыңдар?
4. К. Маркс пен Ф. Энгельстің социализмге берген сипаттамасы нені көрсетеді?
5. Халықшаруашылығының Бас жоспарының негізгі ұстанымдары.
6. Қосымша деректерін пайдалана отырып, Қытай жоспарлы экономикасының қалыптасуы туралы өңгімелендер?

§ 5–6. ЭКОНОМИКАНЫҢ АРАЛАС ТҮРІ

Джон Мейнард Кейнс (1883–1946) — экономикалық теорияны зерттеген ағылшын зерттеушісі. Ол XX ғасырдың 30-жылдарына қарай, мемлекеттік тапсырыстарды жеке коммерциялық кәсіпорындарға беру нәтижелері мен шарттарын бір жүйеге келтіріп, аралас экономиканың теориялық негізін жасаған.

XX ғасырдың 60-жылдарында американдық экономист Пол Энтони Самуэльсон Д. Кейнстің еңбектеріне сүйене отырып, өзінің теориялық зерттеулерінде «аралас экономика» ұғымын енгізді.

Аралас (гибридті) экономика:

- қаржы, өнім, өндіріс құралдарының болуын;
- еркін сауда немесе қызмет көрсетуді, жұмысшыларды жалдау немесе жұмыстан босатуды;
- жекеменшік нысандар мен өндіріс құралдарын мемлекеттік және жеке компаниялардың немесе олардың аралас түрлерімен басқаруды көздейді.

Бұл нарық әлеміндегі барлық қатысушыларға тең құқылы мүмкіндік береді.

Бүгінгі сабақта:

- экономиканың аралас түріне тән ерекшеліктер туралы білеміз;
- экономиканың аралас түріне тән белгілерді анықтай отырып, оған көшудің себептерін зерттейміз;
- экономиканың аралас түрінің даму ерекшеліктерін анықтаймыз.

Кілт сөздер:

аралас экономика, гибриді экономика, мемлекет, еркін сауда, қызмет көрсету

Екінші дүниежүзілік соғысы аяқталған соң, батыс герман экономисі Людвиг Эрхард, ГФР экономика министрі қызметінде болғанда, өлеуметтік-нарықтық шаруашылық құруда табысқа жету үшін аралас (гибридтік) экономика теориясын пайдаланды.

Назар аударыңдар!

Аралас (гибридті) экономика – мемлекеттік және жеке коммерцияның еркін және теңқұқықты болуын сипаттайтын экономикалық жүйе.

Аралас экономикадағы мемлекеттің міндеті. Аралас экономикада мемлекет бірқатар міндеттерді атқарады. Оның негізгілеріне келесі мәселелер жатады:

- қаржылық, акциздік және салық саясатын реттеу;
- монополияға қарсы реттеу;
- дотациялар мен жәрдемақыларды құру;
- заңнамалық негізді қалыптастыру;
- мемлекеттік меншікті пайдалану және ұстап тұру;
- сыртқы сауда саласын бақылау;
- кірістерді бөлу.

Мемлекет аралас экономиканың бір бөлігі болып табылатын тұтынушылық, ғылыми-зерттеу, банк, өлеуметтік-қоғамдық, кедендік, еңбек және басқа салаларды реттеуді жүзеге асырады.

Аралас экономикадағы жеке сектор. Аралас экономика жүйесіндегі жеке сектор өкілдері – нарықтың толыққанды қатысушылары. Олар жеке-дара ретінде және мемлекеттік-жекеменшіктік серіктестік түрінде тауар шығару мен қызмет көрсетуге де қатысады.

Аралас экономика түріне өтудің себептері. Социалистік мемлекеттер экономикасын, оның ішінде Қазақстанды да қамтыған терең дағдарыс, басқа экономикалық жүйе – нарықтық (аралас) экономикаға көшуді талап етті.

1992 жылдан Қазақстанда түбегейлі экономикалық реформалар басталды, бұл мемлекет тарихында жаңа кезеңнің – өтпелі кезеңнің басы болды, осы арқылы өміршіл-өкімшілік жүйеге өзгеріс еніп, нарықтық экономиканың алғышарттары қалыптасты.

Өзгерістің басталуына мемлекеттегі саяси құрылымдардың өзгеруі – коммунистік партияның билікті уысынан шығаруы, бұрынғы заң шығарушы органдар мен атқарушы биліктің қызметтерінің тоқтауы себеп болды. Билікке коммунистік емес саяси күштердің келуіне орай мемлекетте өлеуметтік-экономикалық қайта құрылымдану басталды, оның негізгі мақсаты елдің экономикалық жағдайында мемлекеттік меншікті азайтып, либерализациялау болды.

Осы мақсаттарға жету үшін және жоспарлы экономика орнына тиімді нарықтық экономиканы қалыптастыру үшін мына мәселелерді шешу қажет болды:

– жекешелендіру, шаруашылық саласындағы мемлекеттік реттеуді қысқарту, шаруашылықтың жоспарлы-бөлу жүйесін тоқтату;

– либерализацияны жүзеге асыру – өндірістік және коммерциялық қызметтерге қатысты шектеу мен тыйымды алып тастау; кәсіпорындарға өз беттерінше баға қоюға, өздеріне серіктестер іздеуге, нарықтық келісімдерді еркін жасауға, сыртқы сауда айналымын өз беттерінше жүзеге асыруға т.б. нарық түріндегі шаруашылық байланыстарын орнатуға рұқсат беру;

– нарықтық инфоқұрылымдарды қалыптастыру (банк жүйесі, биржа, көтерме сауда кәсіпорындары, сақтандыру компаниялары, жарнамалық, ақпараттық агенттіктер мен т.б.);

– макроэкономикалық тұрақтылықты іске асыру (тауар дефицитін алмастыратын бағаларға либерализация жасаған соң, ілесе келетін инфляция көлемін азайту, мемлекет шығындарын азайту, бюджет дефицитін төмендету және т.б.);

– экономикаға демонополизация жүргізу, өндірістің тиімділік шарттарын арттыратын – бәсекелес орта қалыптастыру;

– құрылымдық қайта құруды іске асыру;

– мемлекет тарапынан азаматтарды әлеуметтік кепілдікпен қамтамасыз ету және еңбекке қабілетсіздер мен қоғамдағы әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарды қолдау;

– біртіндеп ұлттық экономиканы микрошаруашылық байланыстар жүйесімен сабақтастыру. Әлемдік шаруашылықпен интеграцияланудың қажеттілігі кеңес экономикасының әлемдік нарықтан оқшаулануы, шетелдермен бәсекенің болмауы, отандық өнімнің техникалық тұрғыдан артта қалуына, сапасының түсуіне, көптеген өндіріс орындардың тиімсіздігіне себеп болды.

Бұл міндеттердің шешімі – нарықтық механизмдердің шарттары мен алғышарттарын қалыптастыру, өндіріс тиімділігін арттыру, экономиканың әлеуметтік бейімділігін күшейту.

Алайда жоспарлы экономиканы қайта құрылымдау барысында объективті және субъективті себептерге орай бірқатар жағымсыз құбылыстар пайда болады, олардың қатарындағы ең ауырлары:

– шаруашылықтың барлық саласын ауыр дағдарысқа ұшырататын инфляция;

– құрылымдық өзгерістерге байланысты (өскери саладағы, ауыр өнеркәсіптегі өндіріс көлемінің қысқаруы), өндірістің төмендеуі және бағаның көтерілуіне орай сұраныстың шектелуі;



Л. Эрхард



Д. Кейнс

- жұмыссыздықтың (өндірістің қысқаруына байланысты) пайда болуы;
- жинақ көлемінің және инвестициялық белсенділіктің төмендеуі;
- шаруашылық өмірін реттеуде мемлекет мүмкіндіктерінің әлсіреуі (ескі механизмдер бұзылған, жаңалары әлі қалыптаспаған немесе толық күшіне енбеген);

- табыстың дифференциациялануы, әлеуметтік жіктелу.

Осылайша өтпелі экономикада шаруашылықты жоспарлы жүргізу салдарынан болған зардаптарға жаңа жағымсыз өсерлер қосылып, экономиканың жағдайын күрделендіріп, өтпелі кезеңдегі қоғамның шешетін міндеттерін ауырлатады.

Өтпелі экономика үшін мына ерекшеліктер тән: трансформациялық құлдырау; бұл кезеңде бұрынғы институттар мен шаруашылық қызметтер механизмі өз белсенділіктерін тоқтатқан, ал жаңа нарықтық жүйеге лайықтылары енді ғана қалыптаса бастауда. **Трансформациялық құлдыраудың өзіндік сипаттары:**

- тауар тапшылығынан ақша тапшылығына өту және сұраныстың азаюы;

- шаруашылық әрекеттерінің қақтығысы;
- мемлекеттің инвестициялық қызметінің қысқаруы;
- меншік құқығының айқындалмауы;
- кәсіпорындардың жаппай төлем қабілетсіздігі;
- қаржы институттарының әлсіздігі болып табылады.

Түрлі посткеңестік елдердің өтпелі экономикаға өту тәжірибелерін сараптай отырып, өтпелі кезеңді: **дағдарыстық даму, тұрақтылық және экономикалық өсімнің қалыптасуы деп үшке бөлуге болады.**

Бүгінгі таңдағы аралалас түрдегі заманауи нарықтық экономика – бұрын-соңды болған жүйелердің ішіндегі ең үздігі болып табылады. Оның негізгі ерекшелігі болып онда түрлі экономикалық жүйелердің сәтті үйлесім табуы саналады: таза капиталистік және өміршіл-өкімшілік экономика, бірақ таза капитализмнің негіздері басымдыққа ие. Ол әлдеқайда өміршең, сыртқы және ішкі жағдайларға бейім, қолайлы болып келеді. **Аралас экономиканың жетістігі болып ресурстарды тиімді пайдалану мен өндірушілердің экономикалық еркіндігі саналады.** Аралас экономика ресурстарды анағұрлым тиімді пайдалануды талап етіп, заманауи жаңа технологияларды енгізуге ықпал етеді. Аралас экономиканың пайдасына экономикалық емес маңызды аргумент болып оның жеке еркіндігі саналады. Кәсіпкерлер мен жұмысшылар саладан салаға басқарушылардың шешімімен емес, өз еріктерімен ауыса береді. Атап өтерлігі, экономикалық мәселелердің бірауыздан қабылданған ортақ шешімі ешқашан болған емес. Түрлі тарихи және мәдени мұралары мен алуан түрлі салт-дәстүрлері бар қоғам өздерінің жеке ресурстарын пайдалануда өзіндік бағыттары мен жолдарды таңдайды.

Аралас экономиканың көптүрлі нұсқадағы үлгілері жұмыс істеді. Олардың алуантүрлілігі тек өртүрлі концептуалдылық жағынан келуде

және олардың өртүрлілігінде (олардың жүйе құрайтын мөлшерінің үйлесімділігі мен жиынтығы) ғана емес, сонымен қатар елдердің ұлттық ерекшеліктерімен және олардың даму аясының уақыттық межесіне де байланысты болды. Сондықтан аралас экономиканы кейде белгілі бір уақытта қандай да бір параметр басым болатын «доминантты құрылым» ретінде анықтайды.

Соғыстан кейінгі жылдары (1950–1980) ең қарапайым түрде аралас экономиканың *неоэстатистік* (Франция, Ұлыбритания, Италия, Жапония) нұсқасы, *неолибералды* (АҚШ, ГФР) нұсқасы және де орталықтандырылған келісім (Швеция, Нидерланды, Австрия, Бельгия) модельдері жасалынды (1-кесте).

1-кесте

Соғыстан кейінгі жылдардағы Батыс елдеріндегі аралас экономиканың модельдері

	Модельдері		
	Неоэстатистік	Неолибералды	Орталықтандырылған келісім
Мемлекеттерде іс жүзінде жүзеге асу	Франция, Ұлыбритания, Италия, Жапония	АҚШ, ГФР	Швеция, Нидерландия, Австрия, Бельгия
Жалпы басымдықтар	Нарықтық экономика параметрлерінің түрлі модификациядағы үйлесімі		
Мемлекеттердегі ерекшеліктер	Мемлекеттік басқарудың және орталықтан жоспарлаудың көптігі	Іс-әрекет еркіндігі және мемлекеттік жоспарлаудың аздығы	Түрлі әлеуметтік бағыттағы өкілдердің келісімі

Неоэстатистік модель кейінгі тұжырымдамаға негізделгенмен оның параметрлері мен үйлесімділігі әр елде өртүрлі болды. Бірақ мемлекеттік реттеу мен орталықтанған жоспарлау әрқашан сақталды.

Франциядағы аралас экономиканың негізгі басымдықтары неоэстатикалық үлгі көшбасшылары экономиканың басты салаларын мемлекет меншігіне беруді қолдау және мемлекеттік жоспарлауды қолдағандығында болды. Мемлекет меншігіне алу нәтижесінде жалпы-өндірістік күш, экономиканың 1/5-і мемлекеттік сектордың қолына көшті. Энергия ресурстарын өндіру, ірі депозиттік банктер, қаржы салалары және бірнеше ірі компаниялар (мысалы, «Рено», «Берлие» және т.б.) мемлекет қолына өтті. Алайда кәсіпорындардың көпшілігі автономды болып қалды, ал олардың директоры өз қызметтерін сақтап қалды. Француздық жоспарлау жүйесінің ең басты кемшілігі экономиканың тұтынушылар игілігін дамытуға нұқсан келтіретін «тар аясын» алғаны болды.

Ұлыбританиядағы неозтатистік модель, ең алдымен, толықтай жұмыспен қамтуға және қоғамдық игіліктерге негізделді. Осыған байланысты лейбористер үкіметі монетаризм және қатаң бюджет саясатын жүргізді. Сонымен қатар ұлттық кірісті әділ түрде бөлуге талпыныс жасалды.

Италиядағы неозтатистік модельге ұзақ мерзімді жоспарлау стратегиясына талпыныс, мемлекеттік жоспарлауға кіріскен экономика дамуының өңірлік бағдарламаларын жасау, Орталық банкінің мемлекеттік холдингтер көмек көрсетіп қана қоймай, қысқа мерзімді несиелерді пайдалануға бақылау жасау, мемлекеттік ұйымдар жағынан ұзақ мерзімді даму жоспарын қаржыландыру тән болды.

Жапониядағы неозтатистік модель және соғыстан кейінгі қайта жөндеу мен одақтық ірі мемлекеттердің Жоғарғы Кеңесі ықпалында болды. Осының нәтижесінде оның негізгі басымдылықтары тиімді жоспарлау, құрылымдық бағыттау және кейнсиандық түрдегі қарсы циклдік саясат, картелдер жасақтау мен компанияларды біріктіруді көздеген «көлемді экономика» құру болды.

Неолибералды модель “әрекет ету еркіндігіне” негізделген және онда мемлекеттік реттеу төменгі деңгейде жүзеге асырылады.

Бұл АҚШ-та халықтық экономиканы мемлекеттік реттеуге сенімсіздік танытып, оны тек ерекше жағдайларда (соғыс т. б.) ғана мойындаумен байланысты болды. Қоғам қызметінің қалыпты жағдайында мемлекеттің белсенді қызметі тым артық саналды. Сондықтан экономикалық саясатта таңдау нарық механизміне берілді.

Орталықтандырылған келісім моделін ұстаған Швеция экономика дамуының келесі басымдылықтарын көздеді:

– кейнсиан рухындағы конъюктуралы саясат. Оның маңызды құралы инвестицияға арнайы салық салу болды.

– жалақы мен қосымша табыстардың (ұлттық және салалық аспектілерді қосқанда) еңбек өнімділігі деңгейі мен капиталға тәуелділігін шамалаған құрылымдық саясаттың әлеуметтік-бағыттық сипаты; әлеуметтік жоспарлау жүйесінің үйлесімді жұмыс істеуі мен жалпы еңбек конвенциясына негізделген кәсіпорын өкімшілігі мен кәсіподақтар арасындағы келісім; кең ауқымды әлеуметтік шараларды жүзеге асыру.

– құрылымдық саясаттағы белсенді мемлекеттік реттеу монополиялардың жұмысына қатаң шектеу қоюға, экспортты қолдау және бәсекелестік рухына қолдау көрсетуге бағытталды.

Нидерландыда орталықтандырылған келісім үлгісін жүзеге асыру басқаша жүрді. Ерекшелігі – соғыстан кейінгі алғашқы жылдары құрылымдық саясат жалақының төменгі деңгейіне бағытталды. Алайда мұндай саясат қоғамның өртүрлі әлеуметтік жақтарының келісіміне

және үкімет бақылауымен ұжымдық еңбек келісімдерін бекітуге негізделді.

Австрия мен Бельгияда жоспарлау саласында және басқа салаларда жұмысшыларға белгіленген табыстарды анықтау мақсатында бақылауды күшейте отырып, басымдылық алған орталықтандырылған келісім үлгісі жүзеге асты. Өртүрлі өлеуметтік жақтардың келісіміне байланысты туындайтын шиеленістерді жоюға апаратын, табысы үнемі өсіп отыратын жүйе жұмысшылардың көңілінен шықты. Олардың болмауы іскер кәсіпкерлерге өздерінің қаржы салымдық жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Үкімет, оны да мұны да пайдалана отырып, инфляция қаупін жою үшін жағдай жасап отырды. Өлеуметтік әлем, тұтастай алғанда, қоғамның гүлденуін қамтамасыз етті.

Мемлекеттің реттеушілік рөлі мен міндеттеріне байланысты дамыған елдердегі аралас экономиканың бірнеше үлгілерін бөліп көрсетуге болады:

Либералды (америкалық) модель. Оған жекеменшіктің рөлінің басымдылығы тән. Үкімет тарапынан заңдар, салықтық және ақшанесие саясаты экономиканы арқылы реттеп отырады.

Өлеуметтік-нарықтық (германдық модель) реттеліп отырмайтын капитализмдегі қиыншылық көріп отырғандарға үнемі қолдау көрсетуді қарастырады.

Жапондық модель. Реттеліп отыратын корпоративті капитализм үлгісін көрсетеді.

Шведтік модель. Оның негізіне шведтік үлгінің экономикалық базисін құрайтын мемлекеттік реттеуді белсенді пайдалана отырып, бәсекелестік бастауындағы нарықтық қатынастар жатады.

Экономикалық дамудың қазақстандық моделі. КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан аса өткір өлеуметтік-экономикалық дағдарысты басынан өткізе отырып, аймақта алғашқылардың бірі болып нарықтық қағидаттар негізінде ұлттық экономикалық модельді қалыптастыра бастады.

Дүниежүзілік нарық талап ететін шикізат, отын, металл мен жартылай дайын өнімдерге бағдарлану, экономикаға шетелдік капиталды белсенді түрде тарту өсудің жоғары қарқындарын (дүниежүзілік дағдарыс қарсаңында 10 %-дейін) қамтамасыз етті, бұл «қазақстандық керемет» туралы айтыла бастауына себеп болды. Алайда бұл факторлар бұдан кейінгі жылдары (2011–2013 жылдар) өсу қарқындарының баяулауына өкелді.

Солдай болғанның өзінде де, Қазақстан дүниежүзінің неғұрлым дамушы елдерінің ондығына кірді. Дағдарыс кезеңінде және дағдарыстан кейінгі жылдары шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету бойынша қабылданған іс-шаралар ел экономикасын тұрақтандыруда неғұрлым тиімді болып шықты және Қазақстанның кәсіпкерлікті жүргізудегі дүниежүзілік рейтингін арттырды.

Қазақстан сыртқы байланыстарда көпвекторлылық қағидатын ұстанады, Еуропа, Азия мен Америка мемлекеттерімен екіжақты

байланыстарды дамыта отырып, аймақтық және аймақтық қосымша экономикалық ұйымдар мен жобаларға қатысады.

Осылайша, экономиканы дамытудың Қазақстандық моделі мынадай қағидаттарға негізделген (2-кесте).

2-кесте

Экономиканы дамытудың Қазақстандық моделі				
Елдің экономикалық өлеуетін анықтайтын дамыған секторларды (мұнай-газ, металлургия) индустриаландыру	Ішкі резервтерге және шетелдік инвестицияларға бағдарлану	Ішкі нарыққа ғана емес, сондай-ақ экспортқа да бағдарлану неғұрлым тиімді пайдалану	Қазақстандықтардың білімдік және кәсіптік деңгейін сапалы арттыру және	Шағын және орта кәсіпорындар секторының серпінді дамуы
Жаңа-индустриялық кластерлерді (машина жасауда, химия және мұнай-химия өнеркәсібінде, құрылыс индустриясы мен жеңіл өнеркәсіпте) қалыптастыру	Елеулі табиғи ресурстар	Қаржылық, телекоммуникациялық, көліктік, сауда және ақпараттық қызметтер көрсету.		Монополиясыздандыру, меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар үшін теңдей жағдайларды қамтамасыз ету
Ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу және аграрлық-индустриялық кластерлерді қалыптастыру		Орталық Азия, Батыс Қытай, РФ-ның Сібір, Орал, Еділ жағалауы аймақтық нарықтарына шығу және сонда орнығу		Салауатты бәсекелестікті дамыту
		Аймақтың жоғары технологиялық тауарлар өндірісі мен жақын жатқан жылдам дамушы экономикаға қызмет		Жаңа технологияларды өзірлеу мен енгізуді ынталандыруға бағдарлану, амортизация саясатын өлшемдеу арқылы тозған негізгі қорларды жаңарту, сапаның халық-

<p>Ғарыштық қызмет саласындағы олқылықты жоюды қамтамасыз ету</p>		<p>көрсетулерге бағдарланған сервистік-технологиялық орталығына айналу</p>		<p>аралық стандарттары мен экологиялық менеджмент жүйелерін енгізу</p>
---	--	--	--	--



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Аралас экономиканы қалай түсінесіңдер?
2. Аралас экономика ұғымының бастауы.
3. Аралас экономикадағы мемлекеттің рөлі.
4. Аралас экономикадағы жеке сектор туралы не білесіңдер?
5. Кестені толтырыңдар.

Аралас экономика

Экономикалық жүйе түрлері	Тән ерекшеліктері
Либералды (американдық) модель	
Әлеуметтік нарықтық (германдық) модель	
Жапондық модель	
Швед моделі	

6. Әлемнің саяси картасынан өзінің даму жолында экономиканың неоклассикалық нұсқасын таңдаған мемлекеттерді көрсетіңдер.

МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ТАБИҒИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ФАКТОРДЫҢ ӘСЕРІ



§7. ТАБИҒИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРҒА ҚАРАЙ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛУЫ

Бүгінгі сабақта:

• табиғи-географиялық фактордың елдер мен өңірлердегі шаруашылық мамандандырылуының қалыптасуындағы рөлі туралы білеміз.

Кілт сөздер:

табиғи-географиялық орта; табиғи-климаттық жағдайлар; ресурс базасы; халықтың орналасу тығыздығы; кеңістіктік фактор; аумақ ХЕБ

Шаруашылық жүйе сан алуан факторлар мен жағдайлар әсерімен қалыптасады. Олардың ең маңыздылары:

- табиғи-географиялық орта;
- табиғи-климаттық жағдайлар;
- ресурс базасы;
- халықтың орналасу тығыздығы;
- кеңістік факторы.

Табиғи-географиялық орта деген адамзат қоғамының өмір сүруі мен өндірістік қызметіне қажетті жағдайлар туғызатын табиғи жағдай. Ол қоғамның өмір сүру ауданы, ресурс көзі болып, адамдардың рухани әлеміне, денсаулығы мен көңіл күйіне, сонымен қатар қалыптасуы мен әлемдік шаруашылық жүйесінің дамуына әсер етеді.

Адамзат өркениетінің алғашқы сатыларында дамудың жоғары жетістіктеріне аса ыңғайлы климаттық жағдайы бар елдер жеткен. Ал кейінірек өндіргіш күштер пайда болып, қатал табиғи-климаттық жағдайдағы аудандарды бірте-бірте игеру арқылы жоғары даму деңгейіне жеткен жаңа орталықтар қалыптаса бастады.

Табиғат адам өмір сүруі үшін жағдай туғызды, бірақ бұл үрдісте шешуші фактор еңбек болып келеді. Табиғаттың объективті заңдылықтарын тани отырып, оған арнайы жасалған құралдар мен еңбек құралдарының көмегімен әрекет жасап, адамзат қоғамы материалдық игіліктерді алу үшін адам табиғат берген энергия мен заттарды пайдаланады.

Нәтижесінде қарама-қайшылық пайда болады. Бір жағынан, табиғи фактор шаруашылық жүйесінің маңызды шарты болып танылады, екінші жағынан, қоршаған ортаның экономикалық қатынастарға әсер

ету қабілеті мойындалмайды. Осы қарама-қайшылықтарды шешу табиғи ортаның жеке элементтерінің шаруашылық жүйесінің дамуына және деңгейін зерттеуге алып келеді.

Табиғи-климаттық фактор көбінесе елдің шаруашылық жүйесін анықтайды. Халықтың экономикалық жағдайына табиғи-климаттық жағдайлардың алуантүрлілігі әсер етеді.

Температураның төмендеуі қандай да бір тауар өндірісінің шығынының артуына алып келеді. Нәтижесінде елде шығарылған барлық тауарлар тура сол технологиямен басқа елдерде шығарылған өніммен салыстырғанда бәсекеге түсе алмайды. Осылайша Англияға қарағанда, кейбір елдерде құрылыс қымбатырақ және де Малайзияға қарағанда едәуір қымбат. Мысалы, Англияда, қабырғаның қалыңдығы 1 кірпіш болса, Малайзияда шілде айындағы орташа температура +28 С. Қабырғалар тек желден сақтану үшін ғана керек. Сол сияқты іргетасына, төбесіне, инженерлік құрылымдарға қажетті қаражат көлемі түрліше.

Солтүстік елдерде энергия неғұрлым көбірек қолданылады.

Ресурс факторы. Шаруашылық жүйесінің қалыптасуына ресурс әлеуеті біршама әсер етеді. Табиғи ресурстары капиталдың басқа түрі пайда болатын — *табиғи капитал*. Осы өзекті маңыздылығына байланысты оларды үнемді басқару қажет. Дамыған елдің үкіметі қысқамерзімді табыс табу ғана емес, елдің ұзақ мерзімді экономикалық дамуына ресурстардың үлесін қамтамасыз ететін саясатты енгізуде негізгі рөл атқарады. Табиғи ресурстардың мұнай, газ, минералды шикізат және отын түрлеріне бай елдердің ағымдағы кірісі жоғары.



Халықтың тығыздығы шаруашылық жүйесінің қалыптасуы мен даму факторы ретінде сандық, сапалық, әлеуметтік және психологиялық



Өзен жағалауындағы Ежелгі Қытай өркениеті

өлшемдермен сипатталады. Сандық өлшемдерге халықтың саны мен тығыздығы жатады. Халықтың көптігі мен оның динамикасы (азаюы немесе көбеюі) шаруашылық өмірдің негізгі ресурсы болып табылады. Білім деңгейін, жыныстық және жас құрамын қосқанда халықтың сапалық құрылымы шаруашылық жүйесінің еңбек әлеуетін анықтайды. Әлеуметтік-таптық өлшемдер қоғамның экономикалық құрылысының қалыптасуына әсер етеді. Тарихи дәстүрлер, дүниетаным, діни қағидалар шаруашылық жүргізудің ерекшелігіне ықпалын тигізеді.

Бұдан, халық экономиканың күрделі де көп түрлі субъективті әлемі деп айтуға болады. Шаруашылық жүйені құруда кәсіпкерлік мәдениетті, халықтың жетістіктері мен кемшіліктерінің сипатын, діни құрамы мен діни деңгейін ескеру қажет.

Кеңістіктік фактор. Экономикалық кеңістік адамның өмір сүруі жүзеге асатын игерілген аумақ ретінде көрінеді. Бұл жағдайларда аумақ абстрактілі кеңістік ретінде емес, өзінің тарихымен, тұрмыс-салтының ерекшелігімен, өз дәстүрлерімен және өмір сүру жағдайларына байланысты нақтылы бір мекенжай ретінде қарастырылады. Экономикалық кеңістіктің сипатты белгісі – біртұтас экономикалық кеңістік түріндегі аумақтық тұтастық. Оның қалыптасу белгілері мен көрсеткіштері ретінде шаруашылық салаларының өзара байланысының тығыздығы; кеңістікті қамтуы; аумақтық құрылымдардың бағыныстығы алынады.

Бірыңғай экономикалық кеңістік жалпы шаруашылық-құқықтық жүйе ретінде бірыңғай өндірістік-шаруашылық заңнаманы пайдалану жолымен; кәсіпкерлік қызмет саласында және акционерлік меке-

мелердің құрылуында; өндірістік-экономикалық өзара байланыс орнатуда саяси келісім жүргізу арқылы қалыптасады.

Халықаралық еңбек бөлінісі (ХЕБ) – әлемнің барлық елдерінің арасында олардың экономикалық дамуы мен қоғамдық құрылысының сипатына қарамастан халықаралық тауар айырбасының, қызмет аясының, білімнің, өнеркәсіптің, ғылыми-техникалық, сауда және ынтымақтастықтың объективті негізі. ХЕБ-тің мәні – өндірістік шығынды төмендету және тұтынушылардың сұранысын жоғары деңгейде қанағаттандыру. Осы ХЕБ бүкіл ғаламшар көлемінде мемлекетаралық экономикалық өзара әрекеттестігінің жемісті болуының маңызды материалды алғышарты болып табылады. ХЕБ – әлемдік шаруашылықтың дамуының алға басуына мүмкіндік беретін, әлемдік шаруашылықтың өмір сүруі туралы айтуға негіз болатын жалпы экономикалық (өмбебап) заңдардың толықтай көрініс табуына алғышарттар жасайтын негіз.

Халықаралық еңбек бөлінісін жекелеген елдердің өнімнің қандай да бір түрін өндіруге мамандануына экономикалық жағынан тиімділігіне және олардың арасындағы өзара айырбас нәтижелерінің белгілі бір сандық және сапалық қатынастарының елдер арасындағы қоғамдық аумақтық еңбек бөлінісі дамуының маңызды сатысы деп анықтауға болады. ХЕБ әлем елдеріндегі кеңейтілген өндіріс үрдісін жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады, осы үрдістердің өзара байланысын қамтамасыз етеді, аумақтық-елдік және салалық аспектілердегі талапқа сай халықаралық үйлесімділікті қалыптастырады. ХЕБ жалпы еңбек бөлінісі сияқты қоғамдық өндірісті интернационализациялауда маңызды орын алатын айырбассыз өмір сүре алмайды.

Қазіргі әлем соншалықты күрделі және қайшылықты болса да, экономикалық жағынан алғанда дамудың ең жоғарғы деңгейінің жетістіктеріне қарағанда, халықаралық жалпыландырылған өндіріспен біріктірілген белгілі бір мақсатты жүйе. ХЕБ – жеке элементтерден бүкіләлемдік экономикалық жүйе – әлемдік шаруашылық құрған «интегратор». Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар дамуының қызметін орындай отырып, ХЕБ барлық елдердің ұдайы өндірістік үрдісінің өзара байланысы мен өзара тәуелділігінің өсіп отыруына объективті жағдайлар жасап, интернационализациялау шегін жалпы-әлемдікке дейін жеткізіп отыр. Бүкіләлемдік көлем және бүкіләлемдік сипат беріп отырған экономикалық қатынастар қауымдастығы барлық елдердің тереңдетілген экономикалық мүдделерінің және өзара экономикалық қарым-қатынасының объективті талаптарының үйлесуінен тұрады. Сәйкестік олардың мүдделерін білдіріп тұратын қарым-қатынасының саяси-экономикалық біріккендігі сияқты олардың біртектілігін білдірмейді.

Табиғи-географиялық факторларға қарай мемлекеттердің шаруашылық мамандандырылуы (Парсы шығанағындағы елдер, Канада, Түркия, Бразилия). Табиғи ресурстар Парсы шығанағындағы мұнай экспорттаушы Араб елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды негізі болып табылады. Бұл ресурстардың аса маңызды мұнай өндіруші тобы сұйық көмірсутек пен газдың көлемді ресурсы бар бөлігінде алты араб елдеріне ғасырлық арттақалушылықты жеңіп, Араб түбегін түбегейлі өзгерткен «араб ғажайыбын» жасауға көмектесті. Осылайша мұнай араб монархиясының жақсы өмір сүруі мен гүлденуінің негізін қалады.

Канаданың жоғары дамыған өңдеуші өнеркәсібі бар, сонымен қатар никель, уран, асбест, алюминий сияқты шикізаттың көптеген түрлерін өндіруші ретінде әлем бойынша жетекші орын алады. Бұл елде дәстүрлі түрде өндіріс қарқынының және қаржы салымдарының өсуі бойынша көшбасшы болып қор салалары корпорациялары – мұнай және газ өндірісінің, өндірістік кешен, қара және түсті металлургия орын алады.

Түркия – ауылшаруашылығы өнімдері мен өндіруші өнеркәсіп өнімдерін экспорттаушы дамушы елдер қатарына жатады. Елде мақта мата, тері, азық-түлік, химия, фармацевтика салалары, энергетика, металлургия, кеме жасау, көлік жасау және электр тұрмыстық заттар шығару, сондай-ақ жедел туризм дамыған.

Бразилия — әлемдегі ірі кофе және қант құрағын шығарушы, ірі ауылшаруашылығы өнімдерін экспорттаушылардың бірі. Ел кофе, қант қамысын өсіруге маманданған және әлем бойынша 1-орында тұр. Бразилияда негізгі қажетті ауылшаруашылық дақылдары жүгері, күріш және бидай. Сонымен қатар какао бұршағы, мақта және соя өсіріледі. Бразилияның ауылшаруашылығында елдің Орталық-Батыс өңірінде аса дамыған малшаруашылығы маңызды орын алады.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Табиғи-географиялық факторлар деген не?
2. Шаруашылық жүйе қандай факторлардың әсерімен қалыптасады?
3. Аумақтық құрылымдар қандай бөліктерге бөлінеді?
4. Елдің шаруашылық жүйесіне кеңістік факторы қандай әсер етеді?

§8–9. МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ТАБИҒИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ШЕКТЕУШІ ФАКТОРЛАРҒА ТӨТЕП БЕРУДІҢ ТАРИХИ МЫСАЛДАРЫ

Экономиканы дамыту үшін табиғи-географиялық факторларды игерудің әдістері. Адамның тұрмыс-тіршілігі мен өлеуметтік-экономикалық дамуы көбінесе табиғи жағдайларға, табиғи ресурстарға және оларды тиімді пайдалануға байланысты болады. Табиғи-географиялық фактор адамның тіршілік ететін мекенін айқындап, тұрмысына ықпал етеді, өмір сапасын қалыптастырады. Адам өзі тұрғылықты табиғатымен үйлесім тауып, сол жердің қажетті шикізаттарын тұрмысына пайдаланады, өмірінің негізін содан алады.

Табиғи-географиялық артықшылықтар қатарына бай табиғи ресурстар, қолайлы географиялық орналасу (теңіз және өзен суларындағы сауда жолдарына жақын болу және жан-жақты дамуға ыңғайлы жайлы да қолайлы климат) және дамыған мемлекет пен қоғамдағы артықшылықтар (агломерациялық тиімділік, жоғары адам капиталы, үздік институциялық орта) жатады.

Назар аударыңдар!

Агломерациялық тиімділік қалалар мен агломерациялардағы (елді мекендердің жинақтала орналасуы) экономикалық нысандар мен өндірістердің аумақтық тұрғыдан тиімді орналасуы, осының нәтижесінде жүктерді тасымалдау қашықтығы қысқарып, маманданған, орталықтанған өндіріс қалыптасады; технополис-қалалардағы ақпарат алмасу жеңілдейді, жаппай ғылыми-техникалық шығармашылыққа жол ашылады (мысалы, АҚШ-тағы Силикон аңғары секілді).

Алайда қандай да бір мемлекетте табиғи ресурстар болмаса, онда олар кедейлікте дамымай қалады дегенді білдірмейді, өйткені әрбір елдің экономикалық ресурстары шикізаттың көлемімен өлшенбейді. Ең басты қажеттілік – адам ресурсы мен мемлекетте капиталдың болуы. Бұған дамудың биік сатысына жеткен «жаңа индустриялық мемлекеттер» мысалы, Жапонияның табиғи-шикізат ресурстары шектеулі болса да, жоғары экономикалық нәтижелерге қол жеткізуі дәлел.

Бүгінгі сабақта:

- экономиканың дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің әртүрлі амалдарын зерттейміз;
- табиғи ресурстардың мәні мен жіктелуін анықтаймыз;
- қазіргі заман тарихында шектеуші табиғи-географиялық факторлар жағдайындағы мемлекеттердің сәтті экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдаймыз.

Кілт сөздер:

табиғи-географиялық жағдай, агломерация



Қазіргі уақытта халықаралық туризм сыртқы экономикалық бағыттағы ең қарқынды дамып отырған сала болуда

Әлемдік экономикада қандай да бір аймақтың экономикалық дамуына ықпал ететін табиғи-географиялық факторларды зерттеп, кешенді түрде олардың алдын алу үшін мынадай әдістерді қолданады:

Мемлекеттік аймақтық саясат ішкі және сыртқы саясаттағы (сауда-экономикалық өзара байланыстағы) стратегиялық мәселелерді шешуде салалық және аумақтық әдіспен тығыз байланысты. Экономикадағы мемлекеттік реттеу, көбінесе өндірістегі тиімді бағыттарды дәл табу мен аймақтық саясатқа байланысты болады. Өндіріс саласы нашар дамыған, қолайсыз климаттық жағдайда орналасқан, шаруашылықтың негізгі көпсалалы, қажетті өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететін қаржылық-экономикалық негізгі жоқ аудандар, мемлекеттің инвестициясы мен әлеуметтік көмегін талап ететін аймақтар болып табылады.

Мысалы, Қазақстанның өртүрлі табиғи-климаттық белдеуде орналасқан аймақтарының дамуы сан қилы, экологиясы бір-бірінен өзгеше, сондықтан да олардың әлеуметтік-экономикалық дамуында да айырмашылықтар бар. Осыған орай ҚР үкіметі аймақтарды дамыту үшін мынадай бағыттарды анықтады:

- республикалық және аймақтық нарықта агломерацияларды экономикалық орналастандыру;
- агломерациялар мен олардың орналасқан аймақтарындағы инфрақұрылымдық дамуды үйлестіру.

– қала құрылысымен агломерациялардың дамуының институционалды саясатын жетілдіру.

Агломерацияны дамытудың негізгі тетігі – мемлекеттік жобалар, АЭА (арнайы экономикалық аймақ) пен МЖӘ (мемлекеттік жеке өріптестік) аясындағы жобалар және агломерацияны полюс ретінде өркендетуге арналған мемлекеттік өрі салалық бағдарламалар, бұл елдегі экономикалық және еңбек мүмкіндігін, тиімділік көлемін, шағын құрылымды тиімділікті бақылауға мүмкіндік береді.

Туризмді дамыту. Бүгінгі таңда халықаралық туризм экономика саласындағы ең қарқынды дамып отырған бағыттың біріне айналды. Туризмнің үздіксіз дамуы әлемдік экономикаға да, жекелеген елдер мен аймақтардың экономикасына да маңызды серпін беріп, тұрақты дамытуда. Туризм шикізат ресурстары тапшы қандай да бір мемлекеттер үшін ең басты бағытқа өрі тұрақты табыс әкелетін пайдалы салаға айналууда.

Ғылыми-техникалық мүмкіндікті дамыту. Ғылыми-техникалық мүмкіндік – бұл ең күрделі, сонымен қатар болашағы зор бағыт. Ол мемлекеттердің экономикалық дамуын қамтамасыз етеді өрі экономикаға өз ықпалын тигізетін табиғи-географиялық факторлардың алдын алады. Ғылыми-техникалық мүмкіндіктердің басты ресурсы өрі негізгі элементі ғылыми зерттеулер мен жобаларды жүзеге асыратын мекемелер мен ұйымдар; тәжірибелік-кәсіпорын өндірістері; ғылыми мамандар мен оларды дайындайтын орталықтар; ғылымға бөлінетін қаржылар; ғылыми жобалар мен өңдеулер, олардың нәтижелері; технологиялық инновациялар, олардың қатары мен көлемі және тағы басқа да ғылыми жұмыстар. Ғылыми инновациялық зерттеулер мен олардың нәтижелері мынадай маңызды мәселелерді шешуге негізделген:

Ауылшаруашылығы жұмыстарына тиімді өрі табиғи мол мүмкіндік беретін жаңа ауылшаруашылық технологияларын ендіру, табиғи экожүйенің (су, ауа, топырақ және т.б.) басымдылығын азайту;

Баламалы қуат көздерін пайдаға асыру, Күн мен желдің қуатын электр энергиясы мен су жылытуда пайдалану, жердің геотермалды жылуын – ғимаратты жылыту және салқындату үшін қолдану. Соңғы уақытта көптеген мемлекеттерде жел энергиясын пайдалану өсіресе Батыс Еуропа (Дания, ГФР, Ұлыбритания, Нидерланды) мемлекеттерінде жүйелі жолға қойылған.

Табиғи ресурстардың жіктелуі және экономикалық мәні. Табиғи ресурстардың өзіне тән бір ғана ерекшелігі бар: олардың қоғамға пайда әкелуі (тікелей немесе жанама) адам әрекетінің өсерімен өзгереді. Осыған байланысты барлық табиғи ресурстар екі үлкен топқа бөлінеді: сарқыллатын және сарқылмайтын.

Сарқылмайтын табиғи ресурстар: климаттық жағдайлар, Күн энергиясы (жарық пен жылу), жел энергиясы, толысу мен қайту

құбылыстары, жауын-шашын, ғаламдық сарқылмайтын ауа мен су, бірақ белгілі бір жағдайларда нақты бір жерде жетіспеуі мүмкін. Аталған табиғи ресурстар қалпына келеді. Алайда мұндай ауа және су сияқты ресурстар адамның шаруашылық әрекеті әсерінен елеулі өзгерістерге ұшырап отыр.

Олардың әртүрлі өндірістік және тұтынушылық қалдықтармен ластануының өсуі индустриалды жағынан дамыған өңірлерде сапалық жағынан нашарлауына және ресурстардың осы түрлерінің азаюына, жетіспеушілікке алып келеді.

Сарқылатын ресурстар өз кезегінде *қалпына келетін* және *қалпына келмейтін* болып бөлінеді.

Қалпына келетін табиғи ресурстарға – топырақ, өсімдік, жануарлар дүниесі жатады.

Қалпына келмейтін ресурстарға жер қойнауындағы байлық, негізінен, қазба байлықтар. Миллиондаған жылдар бұрын пайда болған ресурстарды пайдалану, оның азаюына алып келеді. Олардың орнын толтыру мүлдем мүмкін емес. Мысалы, қандай да бір кен орнындағы көмір қазып алынып пайдаланылса, ол табиғи ресурс ретінде аталған кен орнының қалпына келмейтінін білдіреді.

Жер ресурстары. Олардың қоғамда алатын рөлін бағалау қиын, себебі, топырақ шаруашылықтың негізгі көзі болып табылады. Ол ғаламшар халқы үшін азық-түлік қорының 97% құрайды. Адамзат өзінің барлық игіліктері үшін, ең алдымен, Жерге қарыздар. Өлемдік өркениеттің дамуына егіншілікпен айналысқан халықтардың үлесі мол екеніне тарих куә.



Ғаламшарда пайдаланатын табиғат ресурстары және энергияның балама көзі



Су – тіршілік көзі

Жер ресурстары ғаламшардағы (10–12 млрд-тан астам) халықты азық-түлікпен қамтамасыз ете алады.

Ғаламшар халқының санының өсуіне және жердің өнеркәсіп пен азаматтық құрылысқа берілуіне байланысты жан басына шаққанда егістік жер саны қысқарып кетті.

Су ресурсы. География пәнінен таныс су астындағы ресурстар — өртүрлі түрдегі (сұйық, қатты, газ түріндегі) ғаламшар суларын пайдалану үшін жарамды жиынтық. Яғни, бұл суды пайдалану үшін жарамды Жер: өзен және көл, жерасты сулары теңіз, мұздықтар және атмосфера булары және т.б.

Күнделікті өмірде адам үшін су ресурстарының орны ерекше. Адам ежелден су көздеріне, яғни өзен, көл, тоған, теңіз жағалауларына жақын қоныстанды. Ежелгі ұлы өркениеттердің барлығы дерлік ірі өзендердің бойында пайда болды. Ертеректе халық су көздеріне құдайдай сиынып, оларды өулиелердің атымен атады.

Барлық географиялық ашылулар теңіз саяхатшыларына тән, ал континенттерді игеру мен қоныстану, белгілі болғандай, негізінен, су жолдары арқылы жасалды.

Су – адамзат қоғамының экономикалық және жекебасының жағ-



Соғыс уақытында Жапонияның экономикасы аса ауыр зардапқа ұшырады, тұрғын үйлер мен ғимараттар қирады, мемлекеттің дамуы ондаған жылдарға кері кетті



Екінші дүниежүзілік соғыстан жеңіліс тапқан Жапония тез арада экономикасын қалыпқа келтіріп, өркендеді. Мемлекеттің жылдам өрі қарқынмен дамуы, бірден өзінің оң нәтижесін берді. Тіпті ерекше дамып, экономикалық қуаты жағынан Франция, Италия, Канада, Ұлыбритания, ГФР, КСРО секілді мемлекеттерді басып озып, әлемде тек АҚШ-қа ғана жол берді.

арнайы комиссиясы қарайтын халықаралық шиеленістер мен таластардың себебі болып отырғаны жиі кездеседі.

Жапония, Израиль, Сингапур, Малайзия және басқа да мемлекеттердің экономикалық дамуындағы шектеуші табиғи-географиялық факторлардың әсерін жеңудің тарихи мысалдары.

Жеке кен орындары ресурстарының аз болуына байланысты Жапония ірі шикізат импорттаушы болып отыр. Алайда өзінің дамыған және күшті ғылыми-өндірістік кешені арқасында Жапония кеме, көлік, трактор, тұрмыстық электртехника, робот және т.б. шығарушылардың алдыңғы қатарлы елдер санына кіреді.

Мұның алдында айтылғандай, Жапония экономикасы құрылымының басты даму факторы білім мен ғылым болды, сондықтан да осы салаға басым бағыт беріледі. Физика саласындағы қатты денелерді зерттеп, оларды өңдейтін атом энергетикасын, физикалық плазманы, жаңа конструктивті материалдарды, ғарыштық жұмыстарды зерттейтін ірі ғылыми орталықтар құрылды. Қазіргі таңда «Тойота Моторс», «Мацусита Электрик», «Сони корпорейшин», «Хонда Моторс», «Тошиба», «Фудзицу» секілді аса ірі жапондық компаниялар әлемдік экономиканың көшбасшылары болып саналады. Елдегі көлемі шағын ғана ауылшаруашылығы саласына мемлекеттен қаржы бөлінеді және қорғалады, сондықтан да Жапонияда жоғары сапалы мол өнім жиналады. Мемлекет өзін күрішпен толықтай қамтамасыз еткен, елге шеттен келетін азық-түлік көлемі 60% -ды құрайды (тұтынатын каллориямен бағалағанда). Жапонияның балықшаруашылығы аса ірі құрылым болып саналады, олар әлемде ауланатын балықтың 15% -ын

дайы үшін бірден-бір таптырмайтын ресурс.

Минералды-шикізаттық ресурс – бұл қоғамның өртүрлі салаларындағы адамның өмір сүруі мен қызметінде табиғи немесе өңделгеннен кейін пайдаланылып жүрген Дүниежүзілік мұхит пен құрлықтың пайдалы қазбаларының барлық түрлерінің жиынтығы.

Минералды-шикізаттық ресурстар өр елдің ұлттық байлығы болып табылады және белгілі бір мөлшерде оның экономикалық өлеуетін анықтайды. Олар – қазіргі кездегі көлік, өндіріс, энергетика дамуының басты көзі. Соңғы кездері минералды-шикізаттық ресурстар мәселесін шешуге БҰҰ



Сингапурдың теңіз порты әлемдегі ең ірі өрі ауқымды порттардың бірі болып саналады: оған бір мезетте мыңдаған теңіз кемелері кіре алады, осындай көлеміне қарамастан ол Азиядағы экологиялық тұрғыдан ең таза порттардың бірі болып саналады.

аулайды. Үкіметтің өндірушілермен ынтымақтасуы, еңбек этикасы, жоғарғы технологияларды пайдалану және қорғанысқа мейлінше аз қаржы жұмсау Жапонияны әлемдегі ең өркениетті, дамыған елдердің қатарына жеткізді.

Назар аударындар!

«Жапонияның экономикалық ғажайыбының» ерекшелік белгілері:

- ресурстарды жеткізушілердің, өнім өндірушілердің және банктердің өзара тығыз байланысып, кэйрэцу атты топқа – яғни ірі корпоративті конгломераттар мен холдингтерге бірігуі;
- кәсіпкерлердің үкіметпен өзара тиімді қарым-қатынасы;
- үлкен корпорациялардың өмірлік қызметтеріне кепілдік;
- кәсіподақтардың белсенді әрекеттері.

Израиль – дамыған индустриалды аграрлы, технологиялық жағынан дамыған нарықтық экономикасы бар ел. Ол мұнай, дәнді дақылдар, шикізат және әскери техника импорттауға тәуелді. Табиғи қоры шектеулі болғанына қарамастан Израиль соңғы 20 жылда ауылшаруашылығы мен өнеркәсіптің қарқынды дамуында елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Израиль бидайды сыртқа тасымалдайды, алайда ауылшаруашылығының басқа түрлерімен өзін-өзі қамтамасыз етіп отыр. Сонымен бірге елде авиа және кеме жасау, фармацевтикалық өнеркәсіп, микроэлектроника, оның ішінде әскери өнеркәсіп үшін компьютерлер мен роботтарды жасауды қосқанда металлургия мен машина жасау дамыған. Ауылшаруашылығы

жақсы дамыған, өнеркәсіптің елеулі бөлігі экспортқа кетеді. Мемлекет кірісінің негізгі көзі алымдар, салықтар (ЖІӨ 25%-ға жуығы) және шетелдік туризмге жатады.

Сингапур Республикасы – Сингапур атты аралға және оның айналасындағы ондаған ұсақ аралдарға орналасқан мемлекет-қала, ол жарты ғасыр ішінде ғана кедей мемлекеттен өлемдегі ең дамыған елге айналды. Сингапур феномені Азиядағы экономикалық ғажайыптардың бірі болып саналады.

Сингапурды экономиканың дамыған елдер деңгейіне жедел секіріс жасағаны үшін «Шығыс Азия жолбарыстары» қатарына жатқызады. Мемлекетте электроника шығару, кеме жасау және қаржылық қызмет көрсету дамыған.

Сингапурды жаңғыртуды қамтамасыз еткен төрт негізгі бағыт

<p>Бизнес үшін қарапайым және ыңғайлы айқын жағдайлар</p>	<p>Үкімет қаржы нарығын дамыту мен өндірістегі жоғарғы технологиялық саланы өркендету үшін шетелдік инвесторларды көптеп тартуға мүдделі болды. Бизнесі тіркеу мен бақылаудың қарапайым және ашық шаралары қабылданды.</p>
<p>Жемқорлықпен күрес: “қамшы және төтті”</p>	<p>Бүгінде Сингапур – жемқорлықтың алдын алған өлемдегі мемлекеттердің бірі болып табылады. Елде жемқорлықпен күресетін арнайы Бюро құрылған, ол Премьер-Министрге тікелей бағынады. Бюроның қызметкерлері үлкен өкілеттілікке ие, олар жемқорлық күдігіне ілінгендерді тұтқындауға немесе тінтуге, олардың туыстары мен кепілге алынғандарға қатысты іс жүргізуге, жемқорлық істерін жасырған қандай да бір заңбұзушылықтарды тергеуге құқылы. Жемқорлыққа қарсы қолға алынған тағы бір маңызды қадамның бірі оны бақылауды жеңілдету және мемлекеттік қызметтің беделін көтеру болды. Шенеуніктердің өкілеттілігі толықтай жүйеленді, олардың қызметтеріндегі шектеулер мен тыйымдар белгіленді, мемлекет қабылдайтын шешімдер қарапайым өрі ашық түрде жүзеге асты. Соттар мен мемлекеттік қызметкерлерге жоғарғы жалақылар тағайындалды.</p>
<p>Бизнес үшін қарапайым және ыңғайлы айқын жағдайлар</p>	<p>Үкімет қаржылық нарық пен өндірістегі жоғарғы технологиялық бағыттарды дамыту үшін шетелдік инвесторларды көптеп тартуға мүдделі болды. Сингапурде бизнесті тіркеу мен оны жүргізу үшін қарапайым өрі ашық шаралар қабылданды. Қала-мемлекет шетелдік корпорацияларға қолайлы жағдай жасаған Азиядағы ең алғашқы мемлекеттердің бірі болды өрі шетелдік компаниялар елде тұрақты түрде қызмет атқаратын филиалдарын ашты. Ашық өрі қарапайым үлгідегі төмен салықтық көрсеткіштері бар салық жүйелері құрылды.</p>

<p>Әлеуметтік модернизация. Ана капиталы</p>	<p>Білім жүйесіне жасалған реформа маңызды орын алды. Барлық мектептер үшін міндетті түрде берілетін төменгі білім қағидалары мемлекетті жаңғыртуда 1960–1970 жылдары енгізілді. Сонымен қатар ағылшын тілін білу міндетті болды және бірқатар пәндер тек осы тілде жүргізілді.</p> <p>Тағы бір маңызды шара – сәтті жүзеге асқан тұрғын үй-коммуналдық реформасы болды.</p> <p>Мемлекет азаматтардың жалдамалы пәтерде тұруына емес, өздерінің меншігіндегі баспаналары болуына жағдай жасады</p>
	<p>Тәуелсіздіктің қырық жылдығы ішінде Сингапур халқының 90%-дан астамы мемлекеттің тікелей қолдауы арқылы салынған баспаналарға ие болды. Ал 80%-дан астам отбасылар осы баспаналарды өз меншіктеріне сатып алды. Қала-мемлекет үкіметі 2030 жылы халық санын 30%-ға арттыру мақсатын қойды. Baby Bonus (бала бонусы) бағдарламасы бойынша көпбалалы отбасылар үшін қаржылай көмек беріледі.</p>

Малайзия – Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ерекше елдердің бірі, мемлекетті сұлтан басқарады. Бұл мемлекет бұрын Британияның отары болатын, өз тәуелсіздіктерін алған соң, Малайзия жарты ғасырдың ішінде ғана «Азия жолбарысына» айналды. Малайзия мұнай, газ, қалайы кендері мен сирек кездесетін металдарға бай мемлекет болса да, экономикалық өркендеуге табиғи ресурстары арқылы көтерілген жоқ. Олар өз уақытында жоғарғы технологиялық өнімдерге, әсіресе электроникаға басым бағыт берді. Сонымен қатар елдің экономикалық тұрғыдан тез дамуына шетелден келетін миллиардтаған несиелерді тиімді пайдалану да оң әсер етті.

Қазіргі уақытта Малайзия – өз секторында какао, бұрыш, ананас және темекі, отын және ағаш материалдарымен қатар, табиғи каучук пен пальма майын жетекші экспорттаушылардың бірі. Малайзиядағы негізгі өнеркәсіптік салалар – электрқұралдар, электроника және компьютерлер шығару. Тұрмыстық кондиционерлер мен микросұлбалар өндіру саласында көшбасшы орында тұр.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Экономиканың дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсері туралы не білесіңдер?
2. Сарқылатын және сарқылмайтын табиғат ресурстарына не жатады?
3. Ғаламшар халқының өсуіне байланысты егістік жерлер қалай өзгереді?
4. Экономиканың дамуына минералды ресурстардың рөлі қандай?
5. «Жапон экономикалық ғажайыбының» мәні неде?
6. Израиль және Малайзия экономикасының дамуы туралы өңгімелеңдер.

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ БОЙЫНША ЖІКТЕЛУІ



§ 10. МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ БОЙЫНША ЖІКТЕЛУІ

Бүгінгі сабақта:

- мемлекеттер мен аймақтардың әркелкі экономикалық дамуының тарихи алғышарттарын анықтаймыз;
- әртүрлі алғышарттардың негізінде мемлекеттерді экономикалық даму деңгейі бойынша жіктейміз.

Кілт сөздер:

жіктелу, даму, құлдырау, кедейшілік, ресурстар, адам дамуы көрсеткіші, жаңа индустриалды елдер

Елдердің экономикалық дамуының өркелкілігі. Тарихқа көз салсақ, Ежелгі дүние дәуірінде, Орта ғасырларда, Жаңа заманда да жаңа мемлекеттер пайда болып, өркендеп, жойылып отырған. Олардың орнына басқалары пайда болып отырды. Осы процесте мемлекеттің біркелкі дамымайтындығына себеп болатын экономикалық фактор маңызды рөл атқарды. Әлемдік шаруашылықты экономика саласындағы қызметтерге бөлу және негізгі экономикалық қарым-қатынастарды талдау жеке мемлекеттердің даму тенденцияларын ғана емес, өзара экономикалық даму деңгейін салыстыруға мүмкіндік береді.

Табысы төмен елдер әлемнің 40,8% -ын құрайтын, әлемдік алаңның 25% -ын ғана ала отырып, тек дүниежүзілік жалпы ішкі өнімнің 3,4% -ын ғана құрайды.

Табысы жоғары дамыған елдер дүниежүзілік 15,6% халқымен, әлемдік алаңның 24% -ын ғана ала отырып, әлемдік жалпы ішкі өнімнің 80% -ын құрайды; табыс деңгейі төмен елдердің көрсеткішіне қарағанда, жоғары дамыған елдердің жан басына шаққанда ЖҰӨ (жалпы ұлттық өнім) 62 есе артық.

Назар аударындар!

Адам дамуының көрсеткіші (АДК) индексі – адамның тұрмыс жағдайының маңызды аспектілерін – денсаулық, білім, материалдық жағдайын сипаттайтын мәліметтер негізінде есептелетін статистикалық көрсеткіш.

Даму үстіндегі елдер тәуелсіз топтардың белгіленуі оның ішінде бұрынғы отар және жартылай отар елдер, олардың тарихи жолындағы кейбір ерекшеліктері салдарынан басқа елдерден әлеуметтік-эконо-

микалық дамуы жағынан артта қалған, капитализмге дейінгі қатынастарды сақтап қалған және т.б.

Жаңа индустриалды елдер (ЖИЕ) – азиялық елдер, қысқа мерзім ішінде экономикасы артта қалған, даму үстіндегі елдерге тән, жоғары дамыған елдер қатарына секіріс жасаған бұрынғы отарлар немесе жартылай отарлар.

Өнеркәсібі дамыған елдердің жалпы сипаттамасы. Батыстың өнеркәсібі дамыған елдері әлемдік шаруашылықтағы барлық жүйесі ішіндегі экономикалық даму деңгейінің өте жоғарылығымен ерекшеленеді.

Буржуазиялық революциялар батыс елдерінің барлық саласын қайта құрды. Қоғамның әлеуметтік құрылымында бұрын соңды болмаған өзгерістер болды. Көптеген топтар мен түрлі деңгейдегі адамдардың экономикалық және әлеуметтік жағдайы үздіксіз өзгеріп отырды. Бұл таптық бөліністің айқын көрінісін жасырғанмен, таптық қатынастар қоғам құрылымын іріктей бастады.

XVI—XVIII ғасырларда Батыс елдерінде қоғамдық даму барысында барлық қоғамға және оның ірі құрамдас бөліктеріне таралған әлеуметтік ұйым түрінде азаматтық қоғам құрылды. Ол барлық қоғамды тігінен байланыстыратын өздігінен құрылған ұйымдардың жиынтығын білдірді.

Бірінші әлем елдері нарығының сипатты белгілері:

- барлық халықтың тауарлы өндіріспен қанағаттандырылуы;
- өндіріс пен тұтыну саласының тығыз өзара байланысы.

Экономикалық қызметтің барлық параметрі бойынша әлемдік шаруашылықтағы басымдылық жағдайы. Олар әлемдік ресурстың негізгі бөлігін пайдалана отырып, әлемдік ішкі өнімнің 2/3-сін өндіреді. Батыстық жүйе әлемге жан-жақты әсер етеді, бірақ бүгінгі күнге дейін, негізінен, өзін жергілікті жерде ғана көрсетеді. Бұл әлемдік шаруашылықта қарама-қайшылықтар мен шиеленістер туындатады.

Экономиканың ашықтығы. Әлемдік шаруашылық бөлімшесінің жиынтықталған ЖІӨ-нің 1/5 бөлігіне жуығы шетелдерде іске асады және шамамен ЖІӨ осындай бөлігі сырттан әкелінген тауар есебінен қамтамасыз етіледі.

Қазіргі кездегі халықаралық экономикалық қатынастардың дамуы, экономикалардың ашықтығы қарама-қайшылықты үдерістердің әсерімен анықталады. Бір жағынан, шаруашылық өмірді интернационализациялау, ал екінші жағынан – жекелеген мемлекеттердің әлемдік шаруашылықта аса пайдалы орынға ие болуға талпынуы күшейеді.

Сыртқы экономикалық байланыстар сегментінде басқа түрлердің дамуын анықтайтын капиталдың қозғалысы орын алады. Индустриалды

елдер кәсіпкерлік пен несиелік капитал қосымшаларын құрайтын негізгі субъектілері мен объектілері ретінде көрінеді.

Даму үстіндегі елдердің жалпы сипаттамасы. 70-жылдардың аяғына қарай дамушы елдер экономикалық деңгейі, салалық және технологиялық құрылымы, халықаралық еңбек бөлінісіне қатысу бағыты, ұдайы өндіру үрдісінің сыртқы және ішкі жағдайлары бойынша ерекшеленетін үш топқа бөлінді.

Бірінші топқа құрылымдық параметрлері мен жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі бойынша дамыған елдердің төменгі шегіне жақындаған немесе одан да жоғары болған елдер кірді. Бұл, ең алдымен, «жаңа индустриалды елдер». Жеткілікті дамыған елдердің осы тобына Таяу Шығыста орналасқан мұнай экспорттаушы және басқа да энергия тасымалдаушы елдер жатады.

Дамушы елдердің екінші тобына әдеттегідей, орташа табысы бар елдер жатады. Бұл біркелкі емес, көптеген топтар. Мұнда Үндістан, Пәкістан, Түркия, Египет, ОАР сияқты ірі мемлекеттер, мұнай өндіруші елдер – Иран, Алжир, Венесуэла, Ливия, Габон, Нигерия, Азия, Африка және Латын Америкасындағы аграрлы-шикізаттық елдер жатады.

Үшінші топқа даму деңгейі төмен елдер Африка, Азия, Кариб бассейні және Таяу Шығыстың 48 мемлекеті кіретін, соның ішінде халқы тығыз орналасқан Бангладеш, Конго Республикасы (бұрынғы Заир) Мьянма, Танзания, Судан және Эфиопия кіреді.

XX ғасыр соңындағы дамушы елдер экономикасындағы негізгі тенденциялар.

– дамушы елдерге шетел капиталының келуі. Тікелей шетелдік қаржы салымдарының жоғары динамикасы көбінесе еңбекті көп қажет ететін, ресурсты және энергияны көп қажет ететін дамыған елдерден дамушы елдерге қоршаған ортаға зиянды өндірістің келуінің жоғарылау динамикасы:

– дамушы елдердің шиеленісті мәселесі сыртқы қарыздар болып қалып отыр. Ұлттық табыстың сыртқы қарызы пайыздық үстеме түрінде кетіп жатуы экономикалық өсім қарқынының төмендеуіне, құнсыздану үрдістерінің дамуына және кезегінше қарыз ауыртпалығының тереңдеуіне, халықтың елеулі бөлігінің өмір сүру деңгейінің төмендеуіне және саяси тұрақсыздыққа алып келеді. Сыртқы қарыз мәселесі дамушы мемлекеттердің сыртқы саясатындағы қателіктерді тереңдетеді.

– бірқатар елдердегі саяси тұрақсыздық олардан ұлттық капиталдың шығып кетуіне алып келеді, нәтижесінде сыртқы қарыздардың қомақты бөлігі бұл елдерден шығып кеткен ұлттық капиталдың орнын толтыруға және де билеуші режімнің амбициялық жобасын жүзеге асыруына алып келеді.

– мыңжылдықтар межесінде дамушы елдердегі елеулі шиеленістер әлемнің көптеген өңірлеріндегі саяси тұрақсыздықтың себебі ғана емес, сонымен қатар Жер шарының барлық халқы үшін экологиялық және эпидемиологиялық қауіп туғызатын табиғи ортаның бұзылуының бастауы болған бақылаусыз қалған үрдісіне ие болды.

– ұлттық тәуелсіздікке ие болу нәтижесінде шартты түрде жаппай аштықты жеңу және тамақтануды жақсартумен дамушы елдердегі демографиялық жарылыс бұл елдерде халық санының күрт өсуіне алып келді.

– Дамыған елдерден дамушы елдерге экологиялық қауіпті өндірістердің ауыстырылуы топырақтың, судың және ауаның ластануына өкеледі.

Әлемдік шаруашылық жүйесінде даму деңгейі төмен елдер. Әлемдік қауымдастықтағы даму деңгейі төмен елдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы аса қауіп туғызып отыр. Бұл елдердегі орташа есеп бойынша жан басына шаққандағы табыс 950 долл., өмір сүру жасының ұзақтығы – 50,6 жыл. Бұл топқа үздіксіз сыртқы және ішкі қарулы қақтығыстар болып отырған елдер де кіреді. 90-жылдары соғыстар мен азаматтық бейберекетсіздіктер осы даму деңгейі төмен елдерде болды, нәтижесінде өзі де қиын жағдайда тұрған экономикалық инфрақұрылым дағдарысқа ұшырап, тіпті өмір сүрудің негізгі көзі – ауылшаруашылығы да шетте қалды.

Адами капиталдың төменгі сапасы, халық санының күрт өсуі, қарабайыр техника (өсіресе ауылшаруашылығында), даму деңгейі төмен елдерде шетелдік салымдарды тиімді пайдалануына қолайлы жағдай туғызады. Осының бәрі ойластырылмаған экономикалық саясат пен қарулы қақтығыстар арқылы тереңдей түсті. Мемлекет шығындарының халықаралық қаржылық ұйымдардың құрылымдық бағдарламаларына сәйкес қысқартылуы әлеуметтік саланың кедейшілік жағдайын одан да тереңдете түсті. Халықтың 50% -ға жуығы – тек жекебасының өмір сүруіне ғана жететін табысы барлар. Тіпті қалаларда да кедейшілікте өмір сүріп отырған халықтың 42% -ын құрайды (оған қарсы 28% барлық дамушы елдерде).

Қазіргі кезде даму деңгейі төмен елдер қатарына:

Ангола, Ауғанстан, Бангладеш, Бенин, Буркина-Фасо, Бурунди, Бутан, Вануату, Гаити, Гамбия, Гвинея, Гвинея-Бисау, Конго Демократиялық Республикасы, Джибути, Замбия, Йемен, Кабо-Верде, Камбоджа, Кирибати, Комор аралдары, Лаос Халық Демократиялық Республикасы, Лесото, Либерия, Мавритания, Мадагаскар, Малави, Мали, Мальдив аралдары, Мозамбик, Мьянма, Непал, Нигер, Танзания Біріккен Республикасы, Тимор-Леште, Руанда, Самоа, Сан-Томе мен Принсипи, Сенегал, Соломон аралдары, Сомали, Судан, Сьерра-Леоне,

Того, Тувалу, Уганда, Орталық Африка Республикасы, Чад, Экваторлық Гвинея, Эритрея және Эфиопия кіреді.

Жаңа индустриалды елдер (ЖИЕ) – қысқа мерзім ішінде экономикасы дамушы елдерге тән артта қалған, бұрынғы отар немесе жартылай отар Азия елдері және Латынамерика, жоғары дамыған елдер қатарына секіріс жасады. ЖИЕ экономикасын қайта құруда негізгі күш: сыртқы нарыққа бағытталған жаңа ғылыми-техникалық жетістіктер негізінде индустрияландыруға; ел ішінде білім берудің жоғары деңгейіне және жалпыға қол жетімді болуына; шетел капиталын толығымен пайдалануға салынды.

Әдетте, ЖИЕ 4 буынға бөлінеді: бірінші буынды – Корея Республикасы, Тайвань, Сингапур, Гонконг, Аргентина, Бразилия, Мексика; екінші буынды – Малайзия, Таиланд, Үндістан, Чили; үшінші буынды – Кипр, Тунис, Түркия, Индонезия және төртінші буынды – Филиппиндер, Қытайдың оңтүстік аймақтары және т.б. елдер құрайды.

- ЖИЕ мәртебесін ел БҰҰ әдісі бойынша келесі белгілер арқылы немденеді;
- жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшері;
- оның орташа жылдық қарқыны;
- ЖІӨ қайта өңдеу өнеркәсібінің үлес салмағы (ол 20% -дан аспауы тиіс);
- өнеркәсіп өнімдерін экспорттау көлемі және олардың жалпы сыртқа шығарудағы үлесі;
- шетелдердегі тікелей қаржы салымдары көлемі.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Елдердің әлемдік экономикадағы экономикалық дамуының біркелкі еместігінің мәні неде?
2. Әлемдік экономика құрылымындағы өнеркәсіптік дамыған елдер (ӨДЕ) туралы не білесіңдер?
3. Дамушы елдер және олардың халықаралық еңбек бөлінісінде алатын орны.
4. Әлемдік экономика құрылымындағы жаңа индустриалды елдер, олардың белгілері.
5. Орта деңгейлі дамудағы дамушы елдердің ерекшелігі туралы не білесіңдер?
6. Даму деңгейі төмен елдер және қазіргі әлемдік шаруашылықтағы «периферия» ұғымы.
7. Өтпелі экономикасы бар елдердің экономикалық даму ерекшеліктері неде?

§ 11. ЖЕКЕЛЕГЕН МЕМЛЕКЕТТЕР МЕН АЙМАҚТАРДЫҢ КЕДЕЙШІЛІККЕ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АРТТАҚАЛУШЫЛЫҚҚА ТӨТЕП БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Кедейшілік мәселесінің пайда болу себептері – ұлттық және де халықаралық сипат алатын күрделі де, көпжоспарлы мәселе. Кедейшілік ежелгі ғасырлардан бері келе жатқан және де қоғам дамуының алғашқы кездері халықтың көпшілігіне тән өдеттегі жағдай болып саналды. Азиялық, антикалық және феодалдық қоғамдарда бай, кедей деп бөлу адамның жеке қабілетіне байланысты болмады: қажеттіліктер деңгейі мен оны қанағаттандыру мүмкіндіктері жекетілғаның таптық-заңдық мәртебесіне байланысты болды. Әртүрлі әлеуметтік топтардың өмір сүру жағдайы бірдей емес, сондықтан төменгі сословиені үшін жоғарғы таптың беделді өміріне қол жеткізу мүмкін еместігі өдеттегі өмір ережесі ретінде қабылданды.

Қазіргі кезде бұл мәселені ғаламдық деңгейде шешу қиын болып отыр. Бұл мәселеде бәрнен бұрын кедейшілікпен күреске бағытталған және ұлттық деңгейде қабылданатын шараларға қолдау көрсетуге халықаралық күш салу және кедейшілік деңгейін төмендетуге қабілетті жағдай туғызуға нақтылы елдердің бағдарламалары маңызды орын алады. Жоқшылық пен аштықты түбірімен жою, кірісті әділетті түрде бөлуді қамтамасыз ету және адами ресурсты дамыту адамзат алдында тұрған негізгі жаһандық міндеттер болып табылады. Барлық елдер жоқшылықпен күрес жүргізу шараларын қабылдау үшін бірігіп жауап беруге міндетті.

Назар аударыңдар!

Кедейшілік – қажеттілік жағдайы, жекетілғаның немесе отбасының күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік бермейтін жетіспеушілік жағдайы. Кедейшіліктің екі түрі бар: абсолютті кедейшілік, адам азық-түлік, киім, жылылық, яғни өмірге қажетті нәрселер мен қарапайым қажеттіліктерді қанағаттандыра алмайды; салыстырмалы кедейшілік – адам қалыпты өмір сүруі үшін бәрі бар, бірақ қоғамда қабылданған стандартты ұстап тұруға (мысалы, көпшіліктің қолында жүрген мобильді телефон немесе ноутбук сатып ала алмайды) қаражаты жоқ.

Бүгінгі сабақта:

- мемлекеттердің кедейшілік мәселесін шешуге бағытталған іс-әрекетін зерттеп, оның тиімділігін анықтаймыз;
- мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық арттақалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалаймыз;
- дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық арттақалушылыққа төтеп берудің ықтимал жолдарын болжаймыз.

Кілт сөздер:

кедейшілік шегі, кедейшілік мәселесі, ең төменгі күнкөріс деңгейі

Кедейшілік себептеріне келесі факторлар жатады:

- экономикалық (жұмыссыздық, экономикалық теңсіздік, оның ішінде төмен жалақы, еңбек өнімділігінің төмен болуы, саланың бәсекеге қабілетсіздігі);
- әлеуметтік-медициналық (мүгедектік, көрілік, науқастық деңгейінің жоғарылығы),
- демографиялық (толық емес отбасылар, отбасындағы асырауындағы адамдардың көп болуы, халықтың көптігі);
- білімділік-біліктілігі (білім деңгейінің төмен болуы, кәсіби дайындығының жеткіліксіздігі);
- саяси (әскери шиеленістер, мәжбүрлі көші-қон);
- өңірлік-географиялық (өңірлердің біркелкі дамымауы);
- діни-философиялық және психологиялық (өмір сүру үлгісі).

Кедейшілікті төмендету үшін қабылданатын мемлекеттік шаралар:

- жаңа жұмыс орындарын ашу;
- заңды түрде салықтан босатылған төменгі жалақы тағайындау;
- жағдайы төмен азаматтарға жәрдемақы беру;
- мемлекет түсімін мемлекеттің жағдайы төмен таптары пайдасына бөліп беру;
- өндіріс пен экономикалық өсімді қолдау.

Кедейшілік деңгейін төмендету жөніндегі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік іс-шаралар. Өтпелі экономикасы бар көптеген басқа мемлекеттер сияқты, Қазақстан да соңғы онжылдық ішінде әлеуметтік көмек жүйесіндегі дағдарысты басынан өткізді. Бұл проблеманы шешу шеңберінде тиісті заңнамалық актілер мен бағдарламалар қабылданды.

2001 жылы 17 шілдеде Қазақстанда “Мемлекеттік арнаулы әдеуметтік көмек туралы” Заң қабылданып, ол 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Бұл заңға және кейініректе Үкімет қабылдаған басқа да нормативтік актілерге сәйкес, арнаулы әлеуметтік көмек (АӘК) жан басына шаққанда орташа табысы кедейшілік шегінен аспайтын тұлғаларға беріледі. Арнаулы әлеуметтік көмекті нақты кімдердің алуға құқықты екендігін немесе құқылы еместігін айқындау түсіндірілді.



Африканың кедей тұрғындарына гуманитарлық көмек

Мақсатты топтардың құрамына: жұмыссыздар, қарт азаматтар, мүгедектер, мүгедектерге күтім жасайтын адамдар және оқудағы жастар кірді.

Сондай-ақ “Қазақстан Республикасында кедейшілікті төмендету бойынша 2003–2005 жылдарға арналған Бағдарламалар” жобасы өзірленді, онда кедейшіліктің негізгі экономикалық және әлеуметтік себептері: жұмыссыздық; төмен жалақы,

зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақылардың төмендігі; нәтижесінде елдің шалғай аудандарында тұратын халықтың табысы аз топтарының әлеуметтік шеттетілуі болған инфрақұрылым жай-күйінің нашарлауы; денсаулық сақтаудың тегін көрсетілетін қызметтеріне қолжетімділіктің қысқаруы; ауылдық аудандардағы жалпы білім беретін мектептер мен кәсіптік-техникалық училищелер санының азаюы және мемлекеттік арнаулы әлеуметтік көмек тиімділігінің төмендігі анықталды.

Кедейшілікпен күрес – БҰҰ, Бүкілдүниежүзілік Банк, Экономикалық ынтымақтастық пен дамуды ұйымдастыру, Еуропа кеңесі, Халықаралық Еңбекті Ұйымдастыру сияқты тағы басқа беделді халықаралық ұйымдар қызметінің басым мәселелерінің бірі болып отыр.

БҰҰ даму бағдарламасы әлемнің көптеген елдерінде кедейшілікпен күресу шараларын жүзеге асыру және ұсыныстар беру, зерттеуге үлкен үлес қосып отыр. БҰҰ жариялаған адам дамуы туралы – ұлттық, елдер топтарын, бүкіл әлемді қамтыған баяндамалар – кедейшілік туралы ақпарат көздерінің аса көрнекті деректері болып отыр. Кедейшілікті жеңу мәселелері, оның ішінде жұмыспен қамту, көптеген конвенциялар мен Халықаралық еңбекті ұйымдастыру ұсыныстарында көрініс тапты:

- «Тең марапаттау» конвенциясы;
- «Еңбек пен жұмыс істеу саласындағы кемсітушілік» конвенциясы;
- «Еңбекпен қамту саласындағы саясат» конвенциясы;
- «Әлеуметтік саясаттың басты мақсаттары мен ережелері» конвенциясы;
- «Төменгі жалақы қою» конвенциясы;
- «Жалақыны қорғау» конвенциясы;
- «Төменгі жалақы қою процедурасы» конвенциясы;
- «Кәсіпкердің төлемақы беруге қабілетсіздігі жағдайындағы талаптарын қорғау жөніндегі» конвенция және басқалар.

Конвенцияларда төменгі жалақы деңгейін белгілегенде басқалармен бірге, келесі критерийлерді назарда ұстау қажет:

- еңбекшілер мен олардың отбасыларының қажеттіліктері;
- елдегі жалақының жалпы деңгейін;
- өмір сүру бағасы және ондағы болып жатқан өзгерістерді;
- әлеуметтік қамсыздандыру жәрдемақысын;
- басқа әлеуметтік топтардың салыстырмалы өмір сүру деңгейін;
- экономикалық даму талаптарын қосқандағы экономикалық факторларды, еңбек өнімділігі деңгейін және жұмыспен қамтудың жоғарғы деңгейіне қол жеткізу және оны ұстап тұру.

Кедейшілікпен күресу бойынша ХЕҰ жеке амалы аса жалпыланған түрде келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

- еңбекшілердің кедей тобының өз түсімдерін жоғарылатуға қабілеттілігін арттыру;

- әлеуметтік қорғаудың сәйкестендірілген тетіктерін жасау;
- халықтың аса осал топтарының мамандандырылған қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- кедейшілік өлшемдері мен мониторингін жүргізу, кедейшіліктің белгілі бір аспектілері бойынша зерттеулер жүргізу және әлеуметтік саясат саласында ұсыныстар жасау.

ТАСИС-тің бірқатар жобалары кедейшілік мәселелерімен тығыз байланысты (ТАСИС бағдарламасы Еуропалық одақ бастамасымен жасалып, мемлекеттерге орталықтандырылған жоспарлау жүйесінен нарықтық экономикаға өту мен демократияны нығайтуға көмектесу үшін жасалған) Мысалы, бұл «ТМД-дағы жекешелендіру мен экономикалық қайта құрулардың әлеуметтік салдарлары» жобасы, «Халықтың табысының төмендеуін жеңілдету және инфляциялық үрдістер» жобасы, осы бағдарламалар аясында әлеуметтік сұрақ-жауап жүргізілді.

Еуропалық кеңестің кедейшілікпен күресу бойынша бағдарламалары барлық мемлекеттік және халықаралық сипаттағы қажетті құралдар көмегімен өз саясатының мақсаты ретінде 31 құқық пен ұстанымдарды тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін жағдай туғызу деп есептейді. Олардың ішінен кедейшілік мәселелеріне тікелей қатынасы бар 9 құқық мен ұстанымдар:

- әрбір адам өз еркімен таңдаған мамандығы бойынша өзінің өмір сүруіне қажетті қаражат табуы тиіс;
- барлық еңбекшілер өздері мен өздерінің отбастарының қалыпты өмір сүру деңгейін ұстап тұру үшін әділетті сыйақыға құқылы;
- әрбір адам кәсіби бағыт алуы үшін оның жеке мүдделері мен қабілеттілігіне сәйкес мамандық таңдауда көмек көрсету мақсатында мүмкіншілік алуына құқығы бар;
- әрбір адам кәсіби дайындықтан өтуі үшін қажетті мүмкіндіктерге құқылы;
- материалдық жағдайы төмен әрбір адам әлеуметтік және медициналық көмек алуға құқылы;
- барлық еңбекшілер жұмыспен қамту саласында жынысына қарай кемсітушіліксіз теңдей мүмкіншіліктерге құқылы;
- барлық еңбекшілер жұмыстан шеттетілген жағдайда қорғалуға құқысы бар;
- олардың жұмыс берушілері төлемақы бере алмайтын жағдайда барлық еңбекшілердің өтініштерін қорғауға құқылы;
- әрбір адам кедейшіліктен және әлеуметтік шеттетілуден қорғалуға құқылы.

40 шақты мемлекет пен аумақты бірқатар белгілері бойынша БҰҰ ресми түрде нашар дамығандар қатарына жатқызады. Бұл Сахарадан оңтүстікке қарай Африка елдері, Ауғанстан, Бангладеш, Лаос, Гаити және т.б. Олардың арттақалушылығы заманауи қайта

еңдеу өнеркәсібінің мүлдем жоқ болуынан, жан басына шаққандағы табысының өте төмен болуы және жедел өсіп келе жатқан халықтың күнделікті қажеттіліктерін қамтамасыз етуге қабілетсіздігінен (білім беру, денсаулық сақтау) көрінеді. Бұл топтағы мемлекеттер барлық негізгі өлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша дамыған әлемнен артта қалып отыр.

Осылайша дамушы елдердің экономикалық жағдайының нашарлауы барлық әлемдік қауымдастыққа әсерін тигізіп отырғаны күмән туғызбайды: өртүрлі елдердің өмір сүру деңгейіндегі айырмашылықтар бар жерде ғаламдық тұрақтылық болуы мүмкін емес. Даму үстіндегі елдердің өлеуметтік-экономикалық жағынан артта қалуы мәселелерінің маңыздылығы осыдан көрінеді. Апаттық жағдайдың мүмкін болуы Халықаралық бірлік, біртұтас адамзат қауымдастығында болу сезімі ғаламдық мәселелердің күрделі кешенін зерттеу мен шешудің ғылыми және практикалық жолдарын іздестіруге мәжбүр етеді.

Елдердің арттақалушылығы мен кедейшілік мәселелерін шешу жолдары:

- дамушы елдерде ішкі экономикалық ресурстарға сүйенетін дамудың тиімді ұлттық стратегияларын жасау;
- шаруашылық өмірді ырықтандыру;
- аграрлық қатынастарды қайта құру;
- білім беру саласында реформа жасау;
- денсаулық сақтау жүйесін жақсарту;
- теңсіздікті жұмсарту;
- ұтқыр демографиялық саясат жүргізу;
- жұмыспен қамту мәселелерін шешуге қолдау көрсету.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Қоғамдағы кедейшіліктің себебі неде деп ойлайсыңдар?
2. Халықаралық ұйымдардың сарапшыларының пікірі бойынша кедейшілік пен өлеуметтік теңсіздіктің өсуінің себептері неде?
3. Кедейшілікті анықтаудың негізгі тұжырымдарын атаңдар.
4. Кедейшілікті азайтудың мемлекет жүргізіп отырған іс-шаралары туралы не білесіңдер?
5. Кедейшілікті жеңудегі халықаралық ұйымдардың рөлі.
6. Дамушы елдердің өлеуметтік-экономикалық арттақалушылығын жоюдың жолдары.

I БӨЛІМ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл өркениет: даму ерекшеліктері бөлімін оқыту барысында:

– экономикалық жүйелердің тарихи түрлерін (дәстүрлі, нарықтық, жоспарлы және аралас) олардың негізгі белгілері мен ерекшеліктерін анықтай отырып, жіктеп көрсеткен;


– табиғи-географиялық фактордың мемлекеттердің экономикалық дамуына әсері, оның елдер мен өңірлердің шаруашылық мамандануын қалыптастырудағы рөлі, олардың экономикалық дамуын шектейтін табиғи-географиялық факторларды жеңу жолдары көрсетілген;

– экономикалық даму деңгейі бойынша әлем мемлекеттерінің саралануы ұсынылған;

– кедейшілікті және әлемнің бірқатар елдері мен өңірлерінің экономикалық артта қалуын еңсеру жолдары қарастырылды.

II БӨЛІМ

САЯСИ- ҚҰҚЫҚТЫҚ ПРОЦЕСТЕР



ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ



§ 12–13. ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТҮСІНІГІ, ҚАЛЫПТАСУЫ, ҰСТАНЫМДАРЫ МЕН ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Бүгінгі сабақта:

- құқықтық мемлекет қалыптасу түсінігі, ұстанымдары мен тарихи алғышарттарын қарастырамыз;
- билікті бөлісу ұстанымдары, заңның үстемдігіне баса назар аударамыз; адам құқығы мен бостандығы кепілдерін қарастырамыз;
- құқықтық мемлекеттегі субъектілер негіздерін анықтаймыз.

Кілт сөздер:

Рим құқығы, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, билікті бөлісу, қарама-қарсылықпен тоқтату жүйесі, заңның үстемдігі; еркіндік пен бостандық кепілдіктері

Құқықтық мемлекеттердің қалыптасуының алғышарттары. Ең алдымен, мемлекет қоғамды басқарушы саяси институт екенін еске түсірейік. Мемлекет жекеменшік, қажеттіліктер, өртүрлі мүдделер пайда болған жерде құрылады. Қоғам өртүрлі таптарға, топтарға бөлінеді. Мұнда қоғамдық қатынастар күрделенеді, бұл үшін түрлі қатынастарды басқаратын арнайы күш, ұйым қажет. Осы күш мемлекет болып табылады. Мемлекетпен бірге жалпы міндеттер, заңдар түрінде құқық пайда болды. Бұл заңдарды жоғарғы мемлекеттік органдар қабылдап, жазбаша түрде рәсімделеді және мемлекет аумағында тұратын барлық адамдар үшін міндетті болады. Жер бетінде алғашқы мемлекеттер б.з.б. 5–4-мыңжылдықтарда пайда болды.

Жер бетінде пайда болған алғашқы мемлекеттер, негізінен, күшке сүйенді. Мемлекет билігі өртүрлі ежелгі дүние жағдайында, құқық бір-біріне ұқсамайтын тайпалар мекендеген кең-байтақ аумақты сақтап қалудың бірден бір жолы болды. Сондықтан көптеген мемлекеттер жемісті дамуы үшін өзіндік ерекшелігі бар, тек нақты бір бағыныштылық пен міндеттерді орындауды талап ететін,

бірақ жергілікті істерге араласпайтын саяси ұйымдар ретінде пайда болды. Көбіне мемлекет билігі нақты болмады, сол себепті алғашқы мемлекеттер тұрақсыз болды.



Бастилияны алу, 1789 жыл 14 шілде

Назар аударындар!

Мемлекет белгілері:

- аумағы мен халқының болуы;
- заңының болуы;
- көпшілік-саяси биліктің болуы. Оларға мемлекеттік органдар: заңгерлік, атқарушылық сот жатады;
- мемлекет егемендігінің болуы;
- салық және салық жүйесінің болуы.

Осылайша, құқықтық мемлекет идеясы ежелгі заманның өзінде-ақ дүниеге келгендігін атап өткен жөн. Алайда оларда: мемлекеттің заңға бағынуы, адам құқықтарының басымдығы, билікті асыра пайдаланудан сақтандыру жүйесі, азаматтардың дамыған құқықтық санасы мен заңды құрметтеуі, барлығының заң мен сот алдындағы теңдігі көрініс тапқан бұл идеяны іске асыру үшін жағдайлар тек Жаңа заманда ғана пайда болды.

Жаңа заманның басты тарихи оқиғаларының бірі 1789 жылғы Ұлы Француз революциясы болды. Бұл оқиға Францияның өлеуметтік және саяси жүйесін толықтай түбегейлі өзгертті, елде абсолютті монархияның жойылуына және Бірінші француз республикасын (1792 жылғы қыркүйек), заң жүзінде азаматтардың бостандығы мен теңдігін жариялауға әкелді. Ұраны «Бостандық, теңдік, туысқандық», «Бейбітшілік — лашықтарға, соғыс — сарайларға» болды.

Революцияның басталуы 1789 жылы 14 шілдеде Бастилияны алу болды, ал аяқталуын тарихшылар 1799 жылы 9 қараша (Наполеон Бонапарттың 18 брюмер төңкерісі) деп есептейді. Нақ осы кезеңде құқықтық мемлекет негіздерінің қалыптасуы басталды.

Ұлы Француз революциясының адамды азат ету, бостандық, барлық адамдардың теңдігі, демократия мен мемлекеттің қоғам алдындағы жауапкершілігі туралы идеялары барлық құрылымдарға таралды. Олар 200 жылдың ішінде дамытылды, еуропалық қоғамға енгізілді.

Сондай-ақ тәуелсіз мемлекет – Америка Құрама Штаттарының пайда болуы да Жаңа заманның маңызды оқиғасына айналды, ол өз конституциясында құқықтық мемлекет идеяларын жариялады. Бұл құжат 1787 жылғы 17 қыркүйек күні Филадельфияда, Конституциялық Конвентте қабылданды және іле-шала сол кезде өмір сүрген он үш америкалық штаттың бәрінде де заңды күшіне енгізілді. Конституция жеті баптан құралды және оған өзінің қолданылу уақыты ішінде жиырма жеті түзету енгізілді, олар Конституцияның ажырамас бөлігі болып табылады. АҚШ Конституциясының негізінде билікті заң шығарушы (конгресс), атқарушы (президент) және сот (жоғарығы сот пен төмен тұрған соттар) тармақтарының арасында бөлу қағидаты жатыр. АҚШ штаттарына заңнама саласында кең құқықтар беріледі. АҚШ Конституциясына енгізілген алғашқы он түзету құқықтар туралы Билльді қамтиды. Бұл жерде адамның негізгі жеке құқықтары бекітілген.

АҚШ Конституциясы дүниежүзіндегі бірінші конституция болды және өз уақыты үшін аса көрнекті құжат болып табылды. АҚШ Конституциясы (құқықтар туралы Билльмен бірге) өз заманындағы бағдарламалық құжаттар: 1789 жылғы адам және азамат құқықтарының француз Декларациясы мен 1791 жылғы поляк Конституциясына үлкен ықпал етті.

Латын Америкасы мемлекеттерінің конституциялары да АҚШ Конституциясына негізделді, одан жалпы қағидаттар ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік құрылыс (билік органдарының құрылымы, кейбір елдерде – федеративтік құрылыс) та алынды. Латын Америкасының барлық елдері президенттік республикалар болып табылады.

Осылайша, құқықтық мемлекеттің басты алғышарты дамыған азаматтық қоғамның орын алуы болып табылатындығын атап өту керек. Бұл қоғамдық қатынастар жүйесі, оған мемлекеттің өкімшілік әдістермен араласуға құқығы жоқ. Азаматтық қоғам саяси емес қоғамдық ұйымдарды, БАҚ-н, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, қоғамның экономикалық құрылысын қалыптастырады. Сондай-ақ жекеменшік институты қажет болады. Азаматтық қоғамға плюрализм, жариялылық пен әлеуметтік белсенділік тән.



Консулдар инаугурациясы (Генерал Бонапарт бірінші консул). Огюст Кудер

Құқықтық мемлекеттің келесі алғышарты және мұнымен бір мезгілде қағидаты қоғамдық өмірдің барлық салаларында заңның үстемдік етуі болып табылады. Заңдарда көпшілік халықтың еркі білдірілген болуы тиіс, өйткені олар қоғамдық өмірдің неғұрлым маңызды жақтарын реттейді, жекетұлға бостандығының өлшемін белгілейді, қоғамның өнегелілік құндылықтарын қорғайды. Барлық басқа нормативтік актілер заңдармен сәйкес келулері тиіс. Заңға бағынышты актілер заң ережелерін тек жан-жақты етіп, толықтырады.

Құқықтық мемлекет қалыптасуының басқа алғышарттарына биліктерді бөлу, халықтық егемендікті, экономикалық саладағы ырықтандыруды жатқызуға болады.

Қазіргі кездегі мемлекеттер өткен замандағы мемлекеттерден едәуір өзгеше. Қазіргі кезде мемлекеттің басты міндеті қоғамды басқару, қоғамдағы тәртіпті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғау болып табылатын көпшілік-саяси билік аппараты ретінде түсіндіріледі.

Қоғам мен мемлекеттің арақатынасы: мемлекет тікелей қоғамға тәуелді; қоғамдағы болып жатқан қандай да бір өзгерістер мемлекеттен,

оның құрылымынан, мемлекеттік билік жүргізуді ұйымдастыру түрлері мен әдістерінен көрінеді.

Мемлекет қалауын мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Бұл органдарда мемлекеттік қызметкерлер, лауазымды тұлғалар жұмыс істейді. Құқық қорғау органдары аса маңызды орын алады. Дәл осы құқық қорғау органдарының қолында мәжбүрлеуші құралдар жинақталған. Олар қоғамға ықпал етудің өктемшіл-билеушілік әдістерін пайдаланады. Сондықтан асыра пайдалану болмау үшін мемлекеттік билікті қалай шектеуге болады деген сұрақ туындайды. Мемлекет пен қоғамның өзара ықпалдастық түрлері қандай? Қоғам қандай жолдар мен әдістер арқылы мемлекет билігін бақылай алады? Жаңа кезеңде ойшылдар мемлекеттің жаңа құрылымын – құқықтық мемлекетті ұсынды.

Құқықтық мемлекет – келесі ұстанымдарға сүйене отырып, қоғам мен жекетұлғаның құқықтық қорғалуын өзінің негізгі мақсаты етіп қоятын мемлекет:

а) құқық басымдылығы. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында құқықтық мемлекеттің басты құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандығы деп бекітілген. Құқықтық мемлекет басты міндетін орындауға тиіс – әрбір азаматқа жекетұлғаның жан-жақты дамуына кепілдік беру. Адам мен азаматтың құқығы ең бірінші және табиғи болуы. Сәйкесінше мемлекеттік билік адам құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз етуі және қорғауы тиіс;

ә) адам мен азаматтың құқықтық қорғалуы. Яғни, бастысы мемлекетте адам құқығын бұзуға жол бермеуге арнайы құқық қорғау органдарының болуы;

б) мемлекеттік биліктің дербес: заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуі. Мұнда билікті бір қолда немесе бір органда ғана ұстап тұруға жол бермеуді мақсат етіп қоятын «тежемелі өрі тепе-теңдік» жүйесі жұмыс істейді. Бұл зорлық-зомбылық, шексіз және бақылаусыз өз бетімен билеуді сақтауға кепіл болуға қызмет етуі тиіс;

в) заңның үстемдігі. Бұл заңдар жоғары заңнамалық күшке ие екендігін көрсетеді. Мемлекеттік билік органдары шығарған барлық құқықтық актілер заңға сәйкес келуі керек. Заңдар қоғамның аса маңызды салаларын реттеп отырады. Құқықтық мемлекеттің басты заңы – Конституция;

г) мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі. Саяси билікті жүргізуші мемлекет пен оның қалыптасуы, жүзеге асырушысы ретінде азаматтар арасындағы қатынас теңқұқықтық пен әділеттілік бастауымен құрылуы тиіс. Заңдарда жекетұлғаның бостандығын анықтай отырып, мемлекет сол шегарада өз шешімдері мен әрекеттерін нақтылайды;

ғ) азаматтық қоғамның болуы. Бұл мемлекетке тәуелсіз, бірақ өзара әрекеттестікте болатын қоғамның дамыған экономикалық, мәдени, құқықтық және саяси қатынастарын білдіреді;

д) қоғам мен жекетұлғаның құқықтанушылық деңгейі мен жоғары құқықтық мәдениеті. Бұл құқықты білу, құқықтың қоғам өміріндегі маңызын білу және сыйлау, сондай-ақ субъектілердің заңға сыйымды құқықтық әрекеттерін анықтайды;

е) соттардың тәуелсіздігі. Соттар Конституция мен басқа да заңдар негізінде өзінің ішкі түйсігі арқылы істерді қарап, шешім қабылдауы тиіс. Мұнда сот оған сыртқы қысым көрсету, қандай да бір ықпал етуден құтылады. Тек осындай жағдайда ғана әділетті шешім қабылдауда сот билігі шынайы бола алады.

Субъектілер қызметінің ұстанымдарын қарастырайық. Құқықтық мемлекетте барлық субъектілердің қызметі өзара жауапкершілікте және құқықтық теңдікте құрылуы тиіс. Сондықтан құқықтық мемлекетте субъектілер қызметінің келесі ұстанымдары бар:

а) «тек заңда тікелей көрсетілгендерге ғана рұқсат етіледі» ұстанымы. Бұл мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға тиесілі. Мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың билік өкілеттілігі көлемі мен құзыреттілігін қалыптастыруды білдіреді. Құқық ережелерінде құқық субъектісін пайдалануға болады, яғни оның өкілеттілігінің толық тізбесі беріледі және де ол заңда көрсетілгеннен басқа ештеңе істей алмайтыны анық көрсетілген;

ә) «заңмен тікелей тыйым салынбағанның бәрін істеуге болады» ұстанымы. Қалған құқық субъектілеріне арналған, жекелей алғанда, азаматтар, заңдық тұлғалар және шаруашылықтың басқа субъектілері үшін маңызды. Яғни, жекетұлға заңда тікелей қарастырылған жағдайда ғана мемлекет алдында жауап береді. Азаматтар мемлекеттің заңға негізделген талаптарын ғана орындауға міндетті.

Құқықтық мемлекеттің мақсаты – адам мен азаматтың құқықтары мен еркіндіктерін толықтай қамтамасыз ету үшін жағдай туғызу, сондай-ақ биліктің асырасілтеушілігіне, оның диктатураға, күш-көрсетушілікке айналмауына жол бермеу мақсатында *мемлекеттік билік құқығы* көмегімен реттеу.

Құқықтық мемлекетте биліктің басты міндеті заңдарды орындау және сәйкесінше онда айтылған қоғамдық мүдделерді қорғаушы құқыққа қызмет көрсетуші күш ретінде қарастырылады.

Құқықтық мемлекеттің негізгі ұстанымы озбырлыққа, үстемдікке, күш көрсетушілікке жол бермеу мақсатында билікті бөлісу болып табылады.

Мемлекеттік билік *заң шығарушы* (заң қабылдау жолымен халық сайлаған және қоғам дамуы стратегиясын жасауға ұмтылған), *атқарушы* (биліктің құзыретті органы тағайындаған және аталған заңдарды жүзеге асырумен және шаруашылық қызметпен айналысатын) және *сот* (бұзылған құқықты қалпына келтіруші, айыптыларды әділетті

жазалаушы ретінде) болып бөлінеді. Оның үстіне, дербес және өзара бір-бірін ұстап тұратын биліктің осы әрбір тармағы өз міндетін органдардың ерекше жүйесі арқылы және «тежемелік әрі тепе-теңдік» жүйе түріндегі арнайы сипатта жүзеге асыруы тиіс.

Осылайша билікті бөлісудің басты мақсаты – адамның құқықтары мен еркіндігін басуға, қаталдыққа алып келетін бір ұйым немесе ведомство шеңберінде билікті узурпациялау (заңсыз үкімет билігін басып алу немесе басқаның құқығын иемдену), монополиялауға жол бермеу. Заңнамалық, атқарушы, соттық органдар дербес, бір-біріне тәуелсіз; шенеунік бір мезгілде бір-бірін өзара бақылап, ұстап отыратын биліктің өртүрлі тармағында лауазымды орынға отыруға құқығы жоқ; билік тармағының біреуі екіншісінің құзыреттілігіне араласуына жол берілмейді. Сонымен бірге биліктің осы үш тармағының теңгерімде болуы және өзара бақылау жүйесі жалпы міндеттер мен мәселелерді шешуде өзара әрекеттестікті, ықпалдастықты жоққа шығармайды.

«Тежемелі әрі тепе-теңдік» жүйесі – нақты бір мемлекеттік биліктің; заң шығарушы, атқарушы, сот билігінің Конституцияда бекітілген құқықтық қатынастар жиынтығы.

Мысал келтірейік. Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бап, 4-тармағына сәйкес республикада мемлекеттік билік біртұтас, Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың «тежемелі әрі тепе-теңдік» жүйесін пайдалану арқылы өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бап, 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. ҚР Конституциясының 40-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін, ең жоғары лауазымды тұлға, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны, өрі кепілі. Конституцияның 40-бабының, 3-тармағына сәйкес, Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп атқарылуын және үкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Заң шығарушы билікке байланысты тепе-теңдік жүйесінде заң шығарушының асығыс шешімдеріне тыйым салуда президенттің рөлі зор; атқарушы билікке байланысты тоқтатушы президент билігі мерзімі, импичмент, үкіметке сенімсіздік вотумы; парламент жағынан атқарушы орган қызметкерлеріне заң шығарушы құрылымға сайлануға, коммерциялық жұмыспен айналысуына тыйым салуға; сот билігі үшін конституцияда, процессуалды заңнамада айтылған құқық

шектеуші құралдар: кінәсіздік презумпциясы, қорғауға құқылы; заң мен сот алдында азаматтар теңдігі, процестің ашықтығы мен таластығы, соттардың бас тартуы және т.б.

Вето – (лат. *veto* – тыйым саламын) мемлекет басшысының заң шығарушы орган қабылдаған заңды тоқтату немесе іске асыруға тыйым салу.

Ветоньң екі түрін айқындайды:

- абсолюттік (немесе резолютивтік-қарар түрінде) парламент қабылдаған заңды түпкілікті қайтару құқығына ие болу, тыйым салу;
- салыстырмалы (күдікті) мемлекет басшысының заңды бекітуден бас тартуы оның күшіне енуін тоқтата тұруы ғана болғанда, парламент оның екінші рет дауыс беру арқылы қабылдау құқығы берілгенде тыйым салу.

Вотум (лат. *votum* – ерік, қалау) дауыс беру арқылы туындаған пікір. Бірқатар мемлекеттерде сенімсіздік вотумын шығарарда үкімет әдеттегідей отставкаға кетеді немесе парламентті (төменгі палата) мемлекет басшысы таратады және кезексіз парламент сайлауы өтеді.

Импичмент (ағылш. *impeachment* – сенімсіздік) жоғары лауазымды тұлғаға сенімсіздік білдіру, оны қызметінен алып тастау, заң алдында жауапқа тарту. Осылайша ҚР Конституциясының 47-бабының, 4-тармағында ҚР Президентіне импичмент (немесе қызметінен кетіру) тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда Парламент қана жариялай алады деп бекітілген. Импичментке негіз болатын өртүрлі жағдайлар бар, бірақ бұл мемлекет заңдарында нақты бекітілуі керек.

Конституциялық құқықтар мен бостандықтардың шектеулері мен кепілдіктерін қарастырайық.

Негізгі құқықтар мен бостандықтардың кепілі – оны жүзеге асыруды қамтамасыз ететін құралдар мен жағдайлар. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік кепілдеу демократиялық құқықтық мемлекетте ғана мүмкін болады. Конституцияға сәйкес құқықтар мен бостандықтарды тану ұстанымы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің кепілдеуінің маңызды алғышарты.

Құқықтар мен бостандықтарды қорғау – адам құқықтары мен бостандықтарын ұйымдық және құқықтық әдістер мен құралдар арқылы бұзуға жол бермеу немесе бұзылғанды қалпына келтіру. Құқықтар мен бостандықтардың маңызды заңды кепілі әрбір адамға кепіл болатын сот қорғауы.

ҚР азаматтары мемлекеттік органдарға және жергілікті басқару органдарына өзі жекебасы, сондай-ақ жеке және ұжымдық үндеулер жіберуіне болады. Үндеулердің бір түрі олардың құқықтары мен бостандықтарына қысым көрсетуге байланысты азаматтардың шағымы мен өтініші болып табылады.

Қазақстанда әр адам білікті заңгерлік көмек алуға кепіл беріледі. Заңмен қарастырылған жағдайда заңгерлік көмек тегін беріледі.

Құқықтық мемлекетте адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеу бар. Адам құқықтары мен бостандықтарын абсолютті деп қарастыруға болмайды – адам қоғамда өмір сүріп, қоғамдық өзара байланыстар жүйесінде әрекет жасайды. ҚР Конституциясы мұндай шектеулер қатаң қалыптасқан жағдайларда мүмкін болды және де, ең алдымен, елдің конституциялық құрылымын сақтау үшін енгізілді. Адам құқықтары мен бостандықтары адамгершілік және халықтың денсаулығы мүдделерімен шектеледі, сондықтан, мысалы, нәсілдік немесе ұлттық жеккөрушілікке бағытталған көзқарастарды таратуға тыйым салынады. Заң құқықтар мен бостандықтарға, мысалы, халықтың денсаулығына қауіп төндіретін жағдайда елдің нақты бір ауданына кіру немесе сонда тұруға ерекше шектеулер қоя алады.

Заң жекетілгеннің өз құқықтары мен оны асыра пайдалану арасындағы шегараны анықтап жүргізе отырып, адамдардың құқықтары мен мүдделеріне басқа адамдардың қолсұғушылығынан ерекше қорғайды. Құқықтар мен бостандықтар мемлекеттің қауіпсіздігі мен елді қорғау мүддесімен шектеледі. Мемлекет қауіпсіздігі мен қорғануға, қысым көрсетуге қабілетті мәліметтерді таратуға тыйым салынады. Мемлекеттік құпияны білетін адамдардың белгілі бір категориясы үшін заң мемлекеттік қауіпсіздікті сақтау мақсатында шетелге шығып кету құқығын шектеуді қарастырады.

Азаматтардың кейбір құқықтары мен бостандықтарын шектеу тек елде төтенше жағдай енгізілгенде мүмкін болады.

Осылайша құқықтық мемлекет – билігі құқықпен шектелген мемлекет. Мұнда негізгі құндылық – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Сондай-ақ адам құқығы мемлекет қорғауында болады.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Біліктерді бөлу ұстанымының басты мақсаты мен мәні неде?
2. «Тежемелі өрі тепе-теңдік» жүйесін сипаттаңдар.
3. *Вето* деген не? Абсолюттік пен салыстырмалылықтың айырмашылығы неде?
4. *Импичмент* деген не? Президентке импичмент жариялаудың негіздері қандай?

§ 14. ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ПРИНЦИПТЕРІНІҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫНЫҢ ТАРИХИ ТӘЖІРИБЕСІ

Ежелгі ойшылдардың құқықтық мемлекет туралы идеялары мен көзқарастары.

Құқықтық мемлекет теориясының қалыптасуы тереңде жатыр. Антикалық ойшылдар (Сократ, Платон, Аристотель, Цицерон және т.б.) құқық пен мемлекеттік билік арасындағы байланысты зерттеді. Олар

азаматтар үшін де, мемлекет үшін де заң міндетті болатын адамдардың жалпы қоғамы дұрыс және әділетті деп санады.

Платон: «Күшіне енбеген және қандай да бір адамның билігіндегі заңы бар мемлекеттің құрдымға кететінін көріп отырмын. Ал заң – билеушілерге үстемдік жүргізген, ал олар – оның құлы болған жерде, мемлекет пен құдайлар мемлекетке сыйға тарта алған бүкіл игіліктердің құтқарылуын көремін» – деп жазды.

Аристотель құқықты мемлекетпен байланыстырып, бұл екі элемент бір-біріне өмір сүре алмайды деп айтты. Құқық қоғам өмірін реттеп отыратын, оған тұрақтылық орнататын ережелерден тұрады.

Мемлекет – әділеттілікті қамтамасыз ететін мәжбүрлеуші күш. Мемлекет пен құқықтың мақсаты – жалпы игілік.

Аристотель: «Заң билігі жоқ жерде, мемлекеттік құрылым нысаны жоқ» – деген болатын.

Тарихта Цицеронның көзқарастары да кеңінен таралды. Цицерон есімі – бүгінгі күнге дейін жоғары білімділіктің, Римнің саяси және құқықтық мәдениетінің белгісі, өз Отанына – мемлекетке және азаматтық қоғамға қызмет ету үлгісі болып отыр. Ол мемлекетті «жалпықұқықтық тәртіп» ретінде, ал заңды азаматтық қоғамның «байланыстырушы буыны» ретінде анықтады. «Құқық биліктен биік тұруы керек. Әсіресе мемлекет басқару ісіндегі бірінші азаматтар мен адамдар жағынан ашкөздіктен асқан бейбастықтық жоқ. Мемлекетті пайда табу көзіне айналдыру тек масқара ғана емес, қылмыскерлік және әділетсіздік», – деді Цицерон.

Құқықтық мемлекет идеясы Шығыстың ортағасырлық ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінде көп кездеседі.


Жан-жақты білімділік пен ғалымдық Әбу Насыр әл-Фарабиге «Әлемнің екінші ұстазы» (Аристотельден кейін) деген атақ алып келді. Оның «Қайырымды қала тұрғындары көзқарастары туралы» трактатында заңдарға, мемлекетке, билеушілерге қатысты ойлар берілген. Ойшылдың сөздерін келтірейік: «Адамдар бірлескен қала шынайы бақытқа бөленетін ер істе өзара көмек көрсетуді мақсат ететін қайырымды қала және адамдар бақытқа қол жеткізу мақсатында

Бүгінгі сабақта:

- құқықтық мемлекет қалыптастырудағы ойшылдардың идеяларымен танысып, әртүрлі мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекеттің қалыптасу жолдарын талдаймыз;
- құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асу ерекшеліктерін салыстырамыз;
- адам құқықтарының Жалпы Декларациясының маңызын анықтаймыз.

Кілт сөздер:

Әбу Насыр әл-Фараби, Адам мен азаматтың құқықтары Декларациясы, адам құқықтарының жалпықоғамдық Декларациясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы



Платон



Аристотель



Әбу Насыр әл-Фараби

адамдар бір-біріне көмек беретін қайырымды қоғам». Бақытқа қол жеткізу мақсатында барлық қалаларда бір-біріне көмек көрсететін халық — қайырымды халық. Осылайша егер бақытқа қол жеткізу үшін адамдар бір-біріне көмектесетін болса, барлық жер қайырымды болады.

Әл-Фараби қала-мемлекеттердің екі негізгі түрін ажыратты: «қайырымды» және «қайырымсыз». Оның ойынша, тек бастапқысында ғана тұрғындар білім мен игілікке негізделген бақытқа ұмтылады. Тек мұнда ғана билеушілер қала мүддесі мен оның тұрғындарына қамқор болады. Басқа қалаларда биліктегілер тек өз бас пайдасын көру үшін ұмтылады.

Осылайша «қайырымды» қала-мемлекет – бұл ең жақсы және табиғи қарым-қатынастың, оның аясында адам аса жоғары игілік пен лайықты өмір сүруге қол жеткізу үлгісі. Мұндай қаланың «қайырымсыз» мемлекеттерден айыратын негізгі белгілері – оның тұрғындарының, ең алдымен, оның билеушілерінің жоғары адамгершілік қасиеттері мен тәртіп. Сондықтан «қайырымды қалада» басты рөл өзінің жекебасы қасиеттері бойынша қатаң талаптарды қанағаттандыруы тиіс білімді билеушіге беріледі.

Назар аударыңдар!


Әл-Фараби жақсы билеуші он екі талапқа сай болуы керек деді. Билеуші физикалық жағынан жетілген болуы тиіс; табиғатынан оған айтылғандарды жақсы түсініп, байқай білуі; жадысы жақсы болуы; көреген және сұңғыла болуы тиіс; өзінің ойын толықтай жеткізе алатын; оқу мен танымға сүйіспеншілігі болуы; тамаққа, сусын қабылдауда, әртүрлі рақаттарға нысапты; табиғатынан ойыннан аулақ болу; шындықты және ол үшін күресетіндерді жақсы көру; өтірік айтуды және оны айтатындарды жек көру; тәкаппарлыққа ие және арын қадірлей білетін; дирхем, динар және басқа да жалған дүние қызықтарынан бас тарту; табиғатынан әділеттілікті және ол үшін күресушілерді жақсы көретін; әділетсіздікті және күшкөрсетушілікті және соны жасайтындарды жек көру; өз адамдарына және бөтен адамдарға қатысты әділетті болу, қайырымды

және тамаша деп ойлағандарын бере отырып, әділетсіздік құрбандары шығынының орнын толтыруға және әділеттілікке шақыру; қиқар болмай әділетті болу, бірбеткейлік көрсетпеу және әділеттілік алдында қарыспау, бірақ әділетсіздік пен төмендетушілік алдында мүлдем қайтпау; өзі қажетті деп санаған нәрсені жасағанда табандылық көрсету және батыл, батыр, қорқыныш пен жасықтықты білмеуі тиіс.

Осының бәрі бір адамнан табылуы – өте қиын, осындай сыйға ие болған адамдар өте сирек кездеседі. Сондықтан егер қайырымды қаладан осындай адам табылса, дәл сол бұл қаланың басшысы болады.

Екінші басшы басқа алты шартты қанағаттандыратын адам бола алады:

- Бірінші – ақылды болу.
- Екінші – заңдарды, ережелер мен салттарды білетін және барлық өз әрекеттерінде осыны ұстанатын.
- Үшінші – одан бұрынғылардан сөйкес заңдардың сақталмауына қатыстылығында тапқырлық көрсету.
- Төртінші – кез келген уақытта күнделікті жағдай сияқты, сондай-ақ келешек оқиғаларды тануға мүмкіндік беретін көрегендік пен сезімталдыққа ие; осы әрекеттерінде ол қаланың тұрмыс жағдайын жақсартуды мақсат етіп қояу.
- Бесінші – сөзімен адамдарды заңды орындауға бағыттай білу.
- Алтыншы – әскери істерді жүргізуге қажетті дене күші иесі болуы, сонымен бірге, қызметтік және басқарушылық өнерді меңгерген болу қажет.



Цицерон

Құқықтық мемлекет туралы қазіргі заманғы ұстанымдар. Құқықтық мемлекеттің қазіргі заманғы ұстанымдары негізіне шетелдік ойшылдардың идеялары жатады. Бұл Г. Гроций, Б. Спиноза, Т. Гоббс, Д. Локк, Ш. Монтескье, Д. Дидро және т.б. Буржуазиялық құрылыс дәуіріндегі құқықтық мемлекеттер идеясын классикалық айқындаушы XVII ғасырда ағылшын ойшылы Д. Локк болды. Д. Локк құқықтық заң ұғымын, оның мақсаттарын анықтады. Бұл – адам бостандығын сақтау және кеңейту, билікті асыра пайдаланушыларға қарсы кепіл ретінде билікті бөлу. Мұнымен бірге жекетұлға еркіндігін заң тыйым салмаған барлық жағдайда өз қалауына қарай және де басқа адамның белгісіз өзіндік қалауы мен тұрақсыз, екіұшты қалауына тәуелсіз болу ретінде сипаттады. Билікті тармақтарға бөлу теориясының негізін қалаушы деп XVIII ғасырда француз заңгері *Ш.Л. Монтескьені* айтуға болады.



Шарль Луи
Монтескье

Құқықтық мемлекет құруды ол азаматтық қоғамдағы саяси бостандықпен байланыстырды. Ол билікті тармақтарға бөлу озбырлықты болдырмайды және шынайы бостандықты қамтамасыз етуге қабілетті деп санады.



И. Кант

Құқықтық мемлекет теориясына неміс философтары *И. Кант* пен *Ф. Гегель* негіздеме жасады.

Кант мемлекетті құқықтық заңдарға бағынған көптеген адамдардың бірігуі деп санады. Құқықтық мемлекетте адам, жекетұлға басты орын алады. И. Канттың құқықтық мемлекет тұжырымдамасы бойынша: құқықтық және адамгершілік заңдарының бастауына практикалық сана немесе адамдардың еркін қалауы жатады. Егер адамзат тұтастай алғанда, өз жауапкершілігін түсінуге дейін көтерілсе, адам моральдық тұлға болып қалыптасады.



Дж. Локк

Гегель құқық – бұл нағыз бостандық, мемлекет осы бостандықты қамтамасыз ететін институт деп ойлайды. Гегельдің мемлекетке деген көзқарастарының құндылығы оның мәжбүрлеуші, күштеуші міндеті аса маңызды болмауында. Ең бастысы – мемлекеттік қызметтің айқын өлеуметтік және құқықтық бағыттылығы, оның терең адамгершілік мазмұны, естілігі, қоғам мен жекетұлға үшін пайдалылығы.

Осылайша құқықтық мемлекет негізін ажырамайтын, аластатылмайтын құқықтарға ие дербес тұлға идеясы құрайды. Құқықтық мемлекетте заң мен адам құқығы сақталып, билік шектеледі (3-кесте).

3-кесте



Алғаш рет құқықтық мемлекет идеяларын заңды түрде бекіту, нақтырақ айтқанда, адам құқықтары мен бостандық басымдылығы, билікті тармақтарға бөлу Америка Құрама Штаттары тәуелсіздігі Декларациясында (1776), содан кейін АҚШ Конституциясында (1787) және Франциядағы адам мен азамат құқықтары Декларациясында (1789) бекітілді.

Осы құжаттардың мазмұнына қысқаша тоқталайық. 1776 жылы 4 шілдеде Америка Құрама Штаттарының Тәуелсіздік Декларациясы қабылданды. Декларация жобасын жасау құзыреті Томас Джефферсонның қолына берілді.

Декларация жобасын талқылау шілде айының алғашқы күндерінде басталып, үш күнге созылды. Талқылау барысында оған өзгерістер енгізілді, жекелей алғанда, құлдық пен құлсатушылықты айыптаған бөлім алынып тасталды. Ол құлдарды алып келуді шектеуге ешқашан талпынбаған, керісінше, құлсатушылықты қолдаған Оңтүстік Каролина мен Джорджия пайдасы үшін сызып тасталды. Декларация 2 шілдеде мақұлданды. 4 шілде де кешке декларацияға конгресс президенті Хэнкок және хатшысы Томсон қол қойды. Көпшілігі тәуелсіздік декларациясы – соған сәйкес АҚШ тәуелсіз ел болуы үшін заңды құқыққа ие болған құжат деп қате санайды. Шын мәнінде бұл заңнамалық емес салтанатты құжат болды, АҚШ өз тәуелсіздігін соғыс нәтижесінде алды.

АҚШ Конституциясы 1787 жылы 17 қыркүйекте Филадельфияда Конституциялық Конвентте қабылданды. Кейіннен, сол кездегі он үш Америка штатымен бекітілді. Қазіргі түсінік бойынша әлемдегі ең алғашқы Конституция деп саналады. Жеті баптан тұрады, Конституция әрекет етіп тұрған уақытында оның бөлінбес бөлшегі болған жиырма жеті түзету енгізілді. АҚШ Конституциясын жасауда Джон Адамс, Бенджамин Франклин, Александр Гамильтон, Джон Джей, Томас Джефферсон, Джейм Мэдисон және Джордж Вашингтон қатысты. АҚШ Конституциясының негізін жасаған Джеймс Мэдисон (1751–1836). Оны «Конституцияның атасы» деп атайды.

АҚШ Конституциясы негізінде заң шығарушы (конгресс), атқарушы (президент) және сот (жоғарғы сот және төменгі соттар) тармақтар арасында билікті бөлу ұстанымы жатты. АҚШ штаттарына заң шығару саласында кең құқықтар беріледі.

АҚШ-тағы құлдық 1861–1865 жылдары азамат соғысы мен 1865 жылы желтоқсандағы АҚШ Конституциясына он үшінші түзету



Ф. Гегель



Т. Джефферсон



Д. Мэдисон



Филадельфиядағы конституциялық конвент: АҚШ Конституциясына қол қою

қабылданғаннан кейін жойылды. Бұл түзетуді бекіткен 2013 жылы ең соңғы штат Миссисипи штаты болды.

XX ғасыр құқықтық мемлекет туралы идея 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ қабылдаған адам құқықтары мен бостандығы Жалпы декларациясында бекітілді.

1995 жылы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясында біздің еліміздің құқықтық мемлекет ретінде нығаюға талпынысы бекітілді. ҚР адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылықтар болып табылады. Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік өрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады (ҚР Конституциясының 3-бабы).

Осылайша құқықтық мемлекетте билік басты міндеті заңдарды және сәйкесінше онда айқындалған қоғамдық мүдделерді орындау болатын құқыққа қызмет ететін күш ретінде қарастырылады. Құқықтық мемлекетке негіз болатын ұстаным – озбырлыққа, үстемдікке, күшкөрсетушілікке жол бермеу мақсатында билікті бөлу болып табылады.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Құқықтық мемлекет ұстанымдарын жүзеге асырудың тарихи тәжірибесін ашып көрсетіңдер.

2. Адам мен азаматтың құқықтары декларациясы, АҚШ тәуелсіздігі декларациясы. АҚШ-тағы құлдықты жою актісі мазмұнын ашыңдар.
3. Құқықтық мемлекет қалыптастыру үшін адам құқықтарының жалпы декларациясының мәнін анықтаңдар.
4. Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген құқықтық мемлекет туралы идеяны ашыңдар (1–5 бб.)

§ 15-16. АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Азаматтық қоғам ұғымы. Мемлекеттік емес қоғамдық бірлестіктер мен институттар жүйесін азаматтық қоғам деп атайды. Осы жүйе арқылы адам өзінің азаматтық құқығын жүзеге асырады, сондай-ақ өздерінің әртүрлі қажеттіліктері мен мүдделерін білдіріп, оны мемлекеттік билікке жеткізе алады.

Тарихтан! Азаматтық қоғам идеясы Ежелгі Грекия мен антикалық Римнен бастау алды. Алғаш рет «азаматтық қоғам» ұғымының

философиялық анықтамасы Аристотельде кездеседі. «Мемлекеттің не екенін анықтаудың алдында, мемлекетті азаматтар жиынтығы, азаматтық қоғам ретінде, азамат туралы ұғымды анықтап алу керек,» – дейді философ. Антикалық сана бойынша азаматтық қоғам мен мемлекет бөлінбеген және бір-біріне қарсы қойылмаған, себебі грек полисінің әрбір еркін азаматы барлық саяси шешімдерді талқылау мен жүзеге асырудың дербес және толыққанды қатысушысы болды.

Қазіргі заманғы түсінік бойынша, Жаңа кезеңде (XVII ғғ. бастап) Еуропа мемлекеттері қоғамының саяси, экономикалық, өлеуметтік және діни салаларындағы түбегейлі өзгерістер азаматтық қоғам қалыптасуының негізі болды. Азаматтық қоғам мәселелерін зерттеуге Т. Гоббс, Дж. Локк, Ш.Л. Монтескье маңызды үлес қосты.

Саяси салада өкілетті демократия институттары дамыды, парламенттер құрылды. Мемлекеттерде құқықтар жүйесі қалыптасты, адам құқықтары мен бостандығы мойындала бастады, осылайша қызметі құқықтық сипат алған мемлекет қоғамдық институт бола бастады. Мемлекеттік қана емес, муниципалды және меншіктің жеке түрі мойындалып, дами бастады, өмір сүрудің жоғары деңгейімен, мәдениеттің жоғары жалпы және құқықтық деңгейін сипаттайтын орта тап қалыптасты.

Қазіргі заманғы түсінік бойынша «Азаматтық қоғам» ұғымы өзінің нақты түсінігін XIX ғасырда неміс философы Гегельдің еңбектерінде тапты. Оның көзқарасының басқалардан ерекшелігі, Гегельдің азаматтық қоғам мен мемлекетті дербес институт деп қарастыруында.

Бүгінгі сабақта:

- азаматтық қоғам ұғымын қарастырамыз.
- азаматтық қоғамда әрекет етіп отырған ұйымдардың түрлері мен мәнін анықтаймыз.

Гегельдің пікірі бойынша, мемлекетте азаматтардың жалпы еркі көрінген, ал азаматтық қоғам жекетұлғалардың ерекше, жеке мүдделерін жүзеге асыру саласы ретінде беріледі. Осы мәселе бойынша Гегельдің негізгі қорытындысы келесі жағдайда болды. Егер мемлекет заңды ұстап тұру үшін азаматтық қоғам аясына кірісетін болса немесе сот органдарының қызметіне араласса, ол азаматтық қоғамға қарсы шығатын сияқты болады. Гегельдің ойы бойынша азаматтық қоғам және мемлекет тек қана көптеген сословиелер негізінде және қоғамның дамыған құрылымы негізінде ғана өмір сүре алады.

Гегельдің пікірінше, азаматтық қоғам — қоғам дамуының нәтижесін және жекетұлғалар жиынтығын, қажеттіліктер жүйесі арқылы олардың арасындағы байланысты, еңбек бөлінісін, сот әділеттігін (заңгерлік мекемелер, құқық тәртібі) және сыртқы тәртіпті (полиция) қамти отырып, отбасынан мемлекетке дейінгі белгілі бір межені көрсетеді.

К. Маркс кейбір жерлерін қысқартып, Гегельдің теориясын қолдады. К. Маркстің пікірі бойынша, қоғамның материалдық өмірін қамтитын қоғамға байланыстының бәрі азаматтық қоғам болып табылады. Осылайша азаматтық қоғам түсінігінен ең маңызды компонент – жекетұлға, оның құқықтары мен бостандықтары алынып тасталады. Кейінірек, К. Маркс өзінің азаматтық қоғам туралы түсінігін өндірістік қатынастар жүйесіне алып келіп, осыған байланысты азаматтық қоғам ұғымы өзінің бет бейнесінен айырылып, марксистер оны зерттей алмады. Азаматтық қоғам қалыптасуының кезеңдерін қарастырайық (4-кесте).

Азаматтық қоғам белгілері:
Жекетұлғаның құқықтары мен бостандықтарын шынайы сақтау
Өзін-өзі басқарудың дамыған жүйесі
Бәсекелес саяси күрестің болуы
Плюрализмнің жоғары деңгейі
Тәуелсіз БАҚ
Сайланатын мемлекеттік органдар
Жекеменшіктің дамыған институты
Құқықтық мемлекет
Мемлекеттің әлеуметтік бағыт алуы

Азаматтық қоғамның қазіргі заманғы тұжырымдары. XX ғасыр ағымында «азаматтық қоғам» ұғымы көптеген зерттеушілердің назарына түсті. Азаматтық қоғам мен оның мемлекеттік билікпен арақатынасын зерттеу өзектілігі қатардағы азаматтар мен олардың ерікті бірлестіктерінің адам қоғамының өміріндегі барлық салалардағы: экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани салаларындағы рөлінің өсуімен байланысты болды. Үш негізгі тұжырымдаманы бөліп көрсетуге болады: либералды-демократиялық, социал-демократиялық және міндеттерді бөлу тұжырымдамасы (5-кесте).

Азаматтық қоғамның қалыптасуы мемлекеттік емес қоғамдық құрылымдарды құрудан басталады. Бұл институттар ерікті негізде құрылады. Оларға қоғам өміріндегі өртүрлі салаларда құрылған бірлестіктер, ұйымдар, ассоциациялар, одақтар, орталықтар, клубтар немесе ресурстар жатады. Барлық осы ұйымдар өзара және мемлекеттік құрылымдармен өртүрлі – экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани және діни қарым-қатынасқа түседі. Жиынтығында барлық осы қатынастар мен бірлестіктер азаматтық қоғамды құрайды. Азаматтық қоғам құрайтын барлық ұйымдардың өзгешелігі оларды мемлекет емес, адамдардың өзі құрып, өрекет етуші заңдар аясында қызмет істесе де, мемлекеттен тәуелсіз өмір сүреді.

4-кесте

Азаматтық қоғам қалыптасуының кезеңдері

Бірінші кезең – қоғамның азаматтық және мемлекеттік салаларының бөлінуі өтеді. Қазіргі заманғы демократиялық тетіктер арқылы азаматтық қоғам мен мемлекеттік билік аппаратының өзара өрекеттестігі басталады. Қоғамдық өмірдің жекеменшік саласы дамуы басым болады.

Екінші кезең – жекеменшік қана емес, өмірдің қоғамдық саласы да дамыды. Мемлекет құқықтық және әлеуметтік болды. Капиталистер мен жалдамалы жұмысшылар арасындағы шиеленіс басыла бастайды, қоғам өртүрлі әлеуметтік топтар мүдделері арасында келісімге келуге ұмтылады. Орта тап негізгі орын алады, сондай ақ сервисті класс ұстанымы нығаяды бұл менеджерлер, коммерсанттар, сарапшылар болып табылады.

Үшінші кезең – азаматтық қоғамның жаһандануымен плюрализациялануы жүреді. Таптық күрес жоққа шығады, қоғам қарама-қарсылығы (таптар арасындағы жауласу) жоғалады. Өртүрлі әлеуметтік топтар басқа топтармен жауласудан емес, өздерінің мәдени ерекшеліктеріне байланысты өртүрлі мүдделерге ие. Азаматтық қоғам субъектілері жеке стратегиялары мен даму жолдарын жасайды, ал қоғамның өзінде әлеуметтік топтар, таптар, этникалық топтар және т.б. шоғырының бөріне тәзімділік, шыдамдылық танытады.

Азаматтық қоғамның негізгі тұжырымдамалары

Либералды-демократиялық тұжырымдамасы	Социал-демократиялық тұжырымдамасы	Міндеттерді бөлу тұжырымдамасы
Жекетілгеннің бостандығы басты құндылық болып табылады. Мемлекет жекетілгені қорғауды жүзеге асырады. Өз кезегінде азаматтық қоғам билікті мемлекет	Мұнда билік саясаттың өзегі азаматтық қоғам екенін мойындайды. Мемлекет азаматтық институттардың жұмыс істеп тұруын қамтамасыз етіп, олардың демократиялығына кепіл болу керек.	Мемлекет пен азаматтық қоғам өртүрлі мақсаттарды көздейді. Сондықтан олар бір-бірін қайталамауы керек. Азаматтардың немесе қоғамдық топтардың мүддесін көздеп отырған қо-
жағынан және мүмкін болатын асыра-сілтеушіліктерден бақылап отырады.		ғамдық бірлестіктер олардың мәселелерін шешуі тиіс. Мемлекеттік басқару органдары қоғам мүдделерін тұтастай білдіріп, қорғайды.

Есте сақтаңдар

ҮЕҰ – Үкіметтік емес ұйымдар. Қазақстанда 22 мыңнан астам ҮЕҰ тіркелген.

Азаматтық қоғамның табысты қызметінің негізі оның өмір сүруі мен құқығының конституциялық кепілі болуында. Азаматтық қоғам құру үшін келесі шарттарды орындау қажет:

- елде заңды түрде бекітілген жекеменшіктің өртүрлі түрінің дамуы және оның кез келген түріне қатысуға өрбір қоғам мүшесінің құқығы болуы;
- қоғамда дамыған және сан алуан өлеуметтік құрылымның болуы;
- қоғамның өлеуметтік құрылымындағы барлық элементтер арасындағы қатынастарды ұйымдастыру мен реттеудің негізгі әдісі ретінде елде дамыған демократияның болуы;
- жекетілгеннің өлеуметтік, интеллектуалды және психологиялық дамуының жоғары деңгейі, оның ішкі еркіндігі мен толықтай өз бетімен өрекет етуге қабілеттілігі.

Соңғысына азаматтық, құқықтық және саяси мәдениеттің қалыптасуының ұзақ үрдісі нәтижесінде қол жетеді. Азаматтық қоғамның белсенді өмір сүруінің басты шарттары: өлеуметтік еркіндік, демократиялық мемлекеттік басқару, саяси қызмет пен саяси пікір-таластардың қоғамдық саласының болуы, ашықтық және азаматтардың жоғары деңгейдегі ақпараттандырылуы болып табылады. Оның негізін мемлекет пен қоғамның өзара өрекеттестігін жүзеге асыратын қоғамдық

ұйымдар мен бұқаралық қозғалыстар құрайды.

Қазіргі заманғы түсінік бойынша азаматтық қоғам – өз мақсаттарын көздейтін, тәуелсіз жекетұлғалардың, бірлестіктердің, сонымен бірге осы негізде қалыптасатын саяси, құқықтық, әдептілік, діни және басқада рухани-мәдени және экономикалық қатынастардың жиынтығы.

«Азаматтық қоғам» және «мемлекет» категориялары бір-бірін толықтырып тұрады және бір-біріне тәуелді болып келеді. Жетілген азаматтық қоғамсыз құқықтық демократиялық мемлекет құру мүмкін емес, себебі саналы еркін азаматтар ғана адамдық қоғамдық тұрақты тиімді түрін құруға қабілетті. Азаматтық қоғам мемлекетпен қарама-қайшылықты бірлікте өмір сүріп, әрекет етеді. Осылайша демократиялық саяси режимде ол мемлекетпен өзара әрекеттеседі, ал демократияға қарсы режимде – мемлекетке енжар немесе белсенді оппозицияда болады.

Өзінің құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ оны жүзеге асыру кепілдігі бар жекетұлға қазіргі кезде азаматтық қоғамның өзегі болып отыр. Заманауи дамыған елдерде азаматтық қоғамның өзегін өмір сүру деңгейі, табысы жоғары, сонымен қатар жалпы және құқықтық танымның, жалпы және құқықтық мәдениеттің деңгейі жоғары (барлық халықтың 70% -ын құрайтын) орта тап құрайды.

Заманауи азаматтық қоғам құрамына:

- мемлекеттің дамуы жағдайына қарай қалыптасқан адамдардың алғашқы өзін-өзі басқару қауымдастықтары: отбасын, мектеп, қоғамдық, діни, этникалық, шығармашылық және басқа ұйымдар, денсаулық мекемелері, жекеменшік, өмір сүруді қамтамасыз ету жүйелері тұтастай қоғамның және жекелей алғанда жекетұлғаның;

- ерікті еңбек, жекебасының өмірі, кәсіпкерлік саласы және осы негізде қалыптасқан саяси, экономикалық, рухани, құқықтық және басқа да байланыстар мен қарым-қатынастар;

- адамдардың мінез-құлқын реттеп отыратын (адамгершілік, әдеп, салт-дәстүр ережелері) әлеуметтік нормалар;

- заңмен қорғалатын жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес жүйесі кіреді.

Өлемдік дамудың қазіргі замандағы кезеңі күшті мемлекет пен саяси жүйенің табысты жұмысының қажетті шарты болатын тиімді жұмыс істеп отырған, біркелкілік және оны толықтырып отыратын азаматтық қоғамның үйлесуіне басымдылық береді. Егер мемлекет уақытынан бұрын өз міндеттерін жүзеге асырудан бас тартатын болса, мұндай жағдайда ол өзінің әлсіздігін көрсетеді. Мұнда мемлекеттің қоғамға шектен тыс тәуелсіздігі, бақылаусыздығы – қоғамның әлсіздігінің куәсі. Азаматтық қоғам бірқатар міндеттерді атқарады (6-кесте).

Азаматтық қоғам міндеттері

Мемлекет пен биліктің қарым-қатынасы	Ұйымдастырушылық	Тәрбиелік	Адам құқығын қорғау
Биліктің, бизнестің және қоғамдық институттардың қарым-қатынастарын үйлестіруге көмектесу, қоғамдық келісім мен өлеуметтік шиеленістерді азайту, өлеуметтік және басқа шиеленістерді сындарлы сұхбат жолымен шешу. Мемлекеттік шешімдер қабылдау үрдісінде ашықтық пен тыныштықты сақтауға көмектесу	Азаматтық бас-тапаларды қолдау, дамыту және марапаттау. Адам құқықтарын қорғау-мүдделерінің жақындығы мен белгілі бір	Жалпы мемлекеттік және жергілікті мәселелерді шешуге қатысуын қамтамасыз ету, қоғамда жалпы адами ережелерді, құндылықтар мен адамгершілік негіздерін нығайту	Азаматтар құқығын қорғау: адам құқығын қорғау мен халықтың өртүрлі топтарының мүдделерін жүзеге асыруға көмек көрсету; адамның тәуелсіз өмір сүруін қамтамасыз ететін өнімді еңбек етуі үшін жағдай туғызуға қатысу; өлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеуде маңызды қоғамдық міндеттерді атқарушы кәсіподақ ұйымдарының жұмысына қолдау көрсету; сөз бостандығын қолдау, БАҚ тәуелсіздігін нығайту және ақпараттық кеңістіктің ашықтығын қамтамасыз ету


Азаматтық қоғам құрудың заманауи процесі.

Қоғам демократиялық дамудың белгілі бір сатысында ғана азаматтық болады және елдің экономикалық, саяси даму дәрежесі, тұрмыс жағдайының, мәдениетінің, халықтың сана-сезімінің өсуі арқылы қалыптасады. Азаматтық қоғамның қалыптасуы және елде демократияның дамуы тығыз байланыста: азаматтық қоғам жоғары дамыған сайын, мемлекет демократиялық бола береді. Жекеменшік түрінің саналуандығы және жекетұлғаның адамдық мәртебесінің өсуі, азаматтарда экономикалық дербестіктің пайда болуы азаматтық қоғам дамуының алғышарттары болып табылады. Жекетұлғаның барлық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қажетті, онда тұрақтылық, қауіпсіздік, әділеттілік және ынтымақтастық жағдайларын қалыптастыру мақсатында қоғамды дамытуда азаматтық қоғамның саяси іргетасы құқықтық мемлекет пен демократия болып табылады. Азаматтық қоғамның экономикалық негізін теңдей мойындау мен қорғаудың заңды кепілдіктерімен қамтамасыз етілген жекеменшік түрлерінің саналуандығы және жекеменшік иелерінің

егемендігі құрайды. Азаматтық қоғам өмір сүруінің негіздерінің бірі тәуелсіз БАҚ арқылы қамтамасыз етілетін ашықтық болып келеді. Демократия жағдайында мемлекет пен азаматтық қоғам институттары жалпы жүйеде әртүрлі, бірақ өзара байланысты бөліктер ретінде қызмет етеді. Билік пен азаматтық қоғам арасындағы қатынастар көпшілік келісімі негізінде құрылады, ал өзара әрекеттері бітімгершілікке қол жеткізуге бағытталады.

Демократиялық мемлекет азаматтары жекебастың бостандығын пайдаланады, бірақ сонымен қатар олар басқа мемлекеттік институттармен бірге болашақты құру үшін жауапкершілікті бөліседі. Азаматтық қоғам билік пен азаматтық қоғам арасындағы қатынастар көпшілік келісімімен құрылған жерде, тек демократиялық саяси жүйе жағдайында ғана дамудың жоғары деңгейіне жетеді. Азаматтық қоғамда демократиялық үрдістер билік қызметінің сапасын бағалауда көпшілік құқығына және қоғам мүддесі үшін билікке ықпал ету тетіктеріне негізделеді.

Азаматтық қоғам институттарына қоғамға қызмет көрсетуді жан-жақты жүзеге асыру аясын кең түрде жүзеге асырушы, қызмет көрсетудің әртүрлі түрлерін жүзеге асырушы, қоғамдық-пайдалы міндеттерді шешу мақсатында мемлекеттік емес ресурстар, коммерциялық емес мекемелер, одақтар (ассоциациялар), заңды тұлғалар, басқа ұйымдар мен бастамашы топтар түрінде құрылған саяси партиялар, жергілікті қауымдастықтар, кәсіподақтар, діни бірлестіктер, шығармашылық, қоғамдық және ғылыми одақтар мен бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар жатады.



Есте сақтаңдар

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту мәселелерімен Ақпарат және қоғамдық даму Министрлігі айналысады. Бүгінгі күні республикада қоғам мүдделерін білдіріп, билік органдарымен барлық деңгейлерде өзара әрекеттестікте болып отырған 229 қоғамдық кеңес жұмыс істейді. Мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы сұхбатты нығайту аясында ҰЕҰ көмектесу жөніндегі Үйлестіру кеңесі құрылды. 2018 жылы қараша айында Азаматтық Форум өткізілді, үнемі мемлекеттік органдардың бірінші басшыларымен кездесу өткізіліп отырады, мемлекеттік органдар жанындағы коммерциялық ұйымдармен өзара әрекеттестік бойынша уәкіл етілген институттар жұмыс істейді.

Осылайша азаматтық қоғам өз бетімен құрылған және дамыған, мемлекет қолдауымен немесе оған қарамастан заңды негізде жұмыс істеп тұрған мемлекеттік емес құрылымдармен жұмыс істейтін жүйе болып отыр.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Қоғам және азаматтық қоғам ұғымдарының айырмашылығы неде? Кез келген қоғам азаматтық қоғам бола ма?
2. Азаматтық қоғам пайда болуы үшін қандай жағдайлар керек?
3. Құқықтық қоғам мен азаматтық қоғам өзара қалай әрекеттеседі?

§ 17—18. МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Бүгінгі сабақта:

- мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесі дамуының қазіргі тенденцияларын қарастырамыз;
- азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуында үкіметтік емес ұйымдардың рөлін анықтаймыз.
- әртүрлі мемлекеттердегі үкіметтік емес ұйымдардың қызметін бағалаймыз.

Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесі ұғымы. Кез келген жүйе өзара байланысты нақты бір элементтерден тұрады. Бұл элементтер белгілі бір тұтастықты, бірлікті құрайды және белгілі бір мақсатқа бағынады. Саяси-құқықтық жүйе мемлекеттік органдардан, қоғамдық ұйымдардан, саяси партиялардан тұрады. Сонымен бірге институттар ортақ мақсатқа ие – саясат пен құқықтық нормаларда өз қалауын жүргізеді. «Билік» ұғымы – саяси институттар, мемлекет пен саясаттың өзін түсіну кілтін береді. Жан-жақты алып қарағанда *билік* сөзінің мәні өз қалауын жүзеге асыру қабілеттілігі мен мүмкіншілігі, адамдардың әрекетіне, мінез-құлқына қандай да бір тәсілдің – бедел, құқық, күш жұмсау көмегімен ықпал етуі.

Осы жағынан қарағанда билік экономикалық, саяси, мемлекеттік, отбасылық және т. б. болады. Мұндай қарастыру бір-бірімен шиеленісп

жататын, бірақ бір-бірімен үйлеспейтін таптық, топтық және жеке билікті шектеуді талап етеді.

Биліктің аса маңызды түрі саяси билік. Саяси билік – аталған таптың, жекетұлғаның саясат пен құқықтық нормаларға өз қалауын жүргізу қабілеті. Саяси билік белгілі топқа әлеуметтік үстемдігімен жетекші рөлімен немесе басшылығымен, көбінесе осы белгілердің әртүрлі үйлесімімен сипатталады.

**Кілт
сөздер:**

билік, саясат, саяси-құқықтық жүйе, үкіметтік емес ұйымдар, биліктің заңдылығы

«Саяси билік» ұғымы «мемлекеттік билік» ұғымынан кеңрек екенін айта кету керек. Саяси билік мемлекет органдары арқылы ғана емес, сонымен қатар партиялар, әртүрлі қоғамдық бұйымдар арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік билік – саяси биліктің ерекше өзегі. Ол мәжбүрлеудің арнайы аппаратына сүйеніп кез келген елдің барлық халқына таралады. Мемлекет барлық азаматтарға міндетті заңдар мен басқа да жарлықтар шығаруға жеке-дара құқыққа ие. Мемлекеттік билік бұл ұйымның мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруды ұйымдастыру және жұмыс істеуді білдіреді.

Биліктің жалпыға танымал көзі – оның күші. Алайда күштің өзінің де белгілі бір көздері бар. Күш көздері – байлық, алатын орны, ақпаратқа ие болуы, білім, тәжірибе, ерекше дағдылар ұйымдастыру. Сондықтан, жалпы алғанда, билік көзі – басымдылық, үстемдік, билеушілікті құрайтын әлеуметтік факторлардың жиынтығы. Басқаша айтқанда, бұл – саяси биліктің экономикалық, әлеуметтік, психологиялық негіздері.

Мемлекеттік билік өз мақсатына әртүрлі жолдармен, оның ішінде идеологиялық жағынан әсер ету, сендіру, экономикалық ынталандыру және басқа да қосымша амалдар арқылы жетеді. Бірақ ол қоғамның арнайы аппарат көмегімен барлық мүшелеріне қатысты мәжбүрлеуге иелік етеді. Биліктің айқындалуының негізгі түріне үстемдік, басқарушылық, жетекшілік, ұйымдастырушылық, бақылау жатады.

Саяси билік белгілі бір мағынада билікті жүзеге асырудың түрі ретінде көрінетін саяси көшбасшылық пен беделге тығыз байланысты. «Саяси билік» пен «заңды» ұғымы бір-бірімен егіз. Заңды және заңсыз билік болады. «Заңды» термині, «заңмен келісілген, заңды, заңға сыйымды, міндетті, дұрыс» дегенді білдіретін латынның *легитимус* сөзінен шыққан. Саясатқа байланысты заңды мойындау, түсіндіру, ақтау дегенді білдіреді.

Саяси көріністің заңдылығы оның заңды түрде рәсімделген заңдылығын білдірмейтінін ескеру қажет. Заңды деп тану заңдылық міндеттеріне ие емес және құқықтық үрдіс болып саналмайды.

Назар аударындар!

Заңды билік (легитимная власть) – билік басындағылардың басқа тұлғаларға мінез-құлық ережелерін ұйғару құқығын тануға негізделген.

Осылайша заңды деп аталған саяси биліктің заңға сыйымдылығына сендіруге негізделеді. Бірақ осындай сендірудің өзі өртүрлі факторлармен шартталған. Сондықтан саясаттануда билік заңдылығын түрлерге бөлу бар.

Қазіргі заманғы заңдылықты түрге бөлу Макс Веберден бастау алады. Ол оның үш түрін ұсынды (7-кесте).

7-кесте



Макс Вебер атап айтқан бұл түрлер, саяси шындықта «таза күйінде» өмір сүрмейтін абстракциялар екені белгілі әрі мінсіз сипатқа ие. Нақтылы саяси жүйелерде біреуі басымдық алған кезде аталған үш түрі де дәстүрлі, харизматикалық немесе ұтқыр заңдылық деп сипаттауға мүмкіндік беретін өзара байланыста болады. Басқаша айтқанда, бұл жіктеу әрбір нақты саяси жүйеде биліктің заңдылығын сараптау құралы қызметін атқарады.

Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесі дамуының қазіргі тенденциялары. Мемлекеттің саяси-құқықтық жүйесі дамуының келесі заманауи үрдістерін атап кетуге болады.

Біріншіден, бұл толқынды қозғалыс. Либералдану мемлекет рөлінің күшеюімен ауысады. Қазіргі заманғы мемлекетте болжаулар, жоспарлау кеңінен пайдаланылады, ғылыми негізделген ұсыныстар құрылады.

Екіншіден, қазіргі заманғы мемлекеттерде демократияландыру, әлеуметтендіру және ұжымдасу үрдістерінің дамуы байқалады. Жай ғана теңқұқылық туралы емес, әлеуметтік теңқұқылық, жай саяси ғана емес, әлеуметтік демократия туралы жиі өңгіме болады. Экономиканың әлеуметтік бағытталуы (мемлекет тарапынан), әлеуметтік әділеттілік, адамның жақсы өмір сүруін қамтамасыз ету талаптары пайда болды. Ұжымдастыру ұғымы мемлекеттік органдар

қызметінде, оның саясатын анықтауда тек саяси партиялар ғана емес, азаматтардың басқа да бірлестіктері маңызды орын алатынынан көрінеді. Мемлекеттік аппарат шешім қабылдаған кезде ұжымдастыру элементтері кеңінен пайдаланылады. Қазіргі заманғы мемлекет – мемлекеттің ұйымдастыруы мен қызметі заңда жазылған өріптермен ғана байлаулы емес, сонымен бірге жалпы адами құндылықтар негізінде оның мәнімен, жалпы ұстанымдарымен байлаулы екендігін білдіреді. Мұнда мемлекеттің, қоғамның, ұжымның және жекетұлғаның өзара құқықтары мен міндеттері, өзара жауапкершілігі бар.

Үшіншіден, қазіргі заманғы мемлекеттерге бюрократтық пен технократия сияқты көріністер сипаты тән. Бұл үрдістер күресте, сонымен бірге демократиямен үндестікте дамиды. Үкімет, министрліктер, Парламент жанындағы өртүрлі кеңестерде шешуші сөз саясаткерлер емес, технократтарда қалатыны жиі кездеседі.

Төртіншіден, қазіргі заманғы мемлекеттерде оның қызметінің өртүрлі жақтарының арақатынасы өзгереді, мәжбүрлеу элементінің үлес салмағы азаяды, ұйымдастырушы-мемлекет рөлі, сондай-ақ саяси-әлеуметтік арбитр ретінде мемлекет рөлі артады. Қазіргі заманғы мемлекетте қоғамдағы саяси-әлеуметтік арбитр рөлі тән. Демократиялық қоғамда мемлекеттің реттеушілік рөлінің мәні осында.

Мемлекет – заңдастырылған және заңды түрде мәжбүрлеу органы. Заңды және заңдастыру деген, тұтастай алғанда, бір-ақ нәрсені білдіретінін айта кету керек. Айырмашылығы мағынасының кеңдігінен көрінеді. Осылайша заңдастыру деген қандай да бір қатынастарды нормативті-құқықтық актілерді қабылдау жолымен заңдастыруды білдіреді. Легитимдеу – ол да заңдастыру, бірақ кең мағынада, бұл өмір сүріп отырған мемлекеттік билікті халықтың мойындауы және де кезегінше, қажетті жағдайларда жүзеге асырылатын, негізделген, өділетті, мақсатты, қажетті мемлекеттік мәжбүрлеуді (күштеу) мойындауы. Құқық заңдастырылған ғана емес, заңдылықтың амалы бола алады.

Бесіншіден, қазіргі заманғы мемлекет үшін будандастырылған, аралас, өтпелі түрлерін құру үрдісі айқын болып отыр. Президенттік және парламенттік республикалар, федералдылық, автономиялық қалыптасқан жіктеу үлгілері бірте-бірте жартылай президенттік, жартылай парламенттік республикалармен ауыстырылды.

Осылайша мемлекет – билік пен бағыну өдістерімен өртүрлі мүдделерді реттеп отыратын жай ғана бірлестік емес, саяси бірлестік. Басқа да бірлестіктер сияқты мемлекетке ұйымға, еріктілік элементтері тән, бірақ мемлекет ең бастысы міндеттілік негізінде құрылады. Мемлекет аумағында тұратын барлық тұлғалар, олар қаласа да қаламаса да осы ұйымның билігіне бағынуға, мемлекет заңдарын сақтауға тиіс. Заңды бұзғаны үшін барлық тұлғалар заң алдында жауапқа тартылады.

Мемлекет, біріншіден, аса күшті топтардың, мүдделі топтардың мүдделері үшін жұмыс істейтін, екіншіден, халықтың әлсіз, кедей топтарын қиыншылықтардан қорғайтын, үшіншіден, әлеуметтік қарсыластықтарды шегіне жеткізбеу, қоғамның құлдырауын және анархияның алдын алу, әлеуметтік бірліктің дәрежесін қамтамасыз ету үшін, тұтастай алғанда, бүкіл қоғам мүдделерінде бітістірушілікті жүзеге асыратын төреші.

Азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуында үкіметтік емес ұйымдардың рөлі. Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) – ресми (үкіметтік) институттардың қатысуынсыз жекетұлғалар немесе басқа да қоғамдық (коммерциялық емес, ҮЕҰ) ұйымдар құрған ұйымдар. ҮЕҰ өз қызметін Жарғы негізінде және өз қаражатына жүзеге асырады. Бұл қаражат оның мүшелерінің жарнасынан және тартылған (жеке және бірлескен қайырымдылық, жеке және бірлескен гранттар, ҮЕҰ құзыры саласындағы жұмыстарды орындау тапсырыстары және т.б.) қаржылардан жиналады. ҮЕҰ-ның құру мен қызметі ерікті түрде жүргізіледі. Олардың басты мақсаты – жасаған қызметінен табыс табу емес, өзін-өзі басқару негізінде жұмыс істейді.

ҮЕҰ: ассоциация, қайырымдылық қоры, ресурстар, коммерциялық емес бірлестіктер, қоғамдар мен сенімділік қоры сияқты өртүрлі атпен жұмыс істей береді.

ҮЕҰ-ға тән жалпы белгілері:

- мақсаты жасаған қызметінен табыс табу емес;
- мемлекеттік органдар құрылтайшы немесе қатысушы болмайды;
- ұйым ерікті негізде құрылған;
- біріккен белгілі бір мақсатқа, өзін-өзі басқаруға негізделген;
- ұйым билікке қол жеткізу мақсатында саясатқа тікелей араласпайды;
- ұйым бейресми түрде де, сондай-ақ заңды негізде бекітілген түрде жұмыс істей береді;
- ұйым күштеу әдістерін қолданбайды және насихаттамайды;
- ұйым ұлттық және қызметінің көлемі мен құрамына байланысты халықаралық бола алады.

ҮЕҰ түрлері:

- жұмыс істеу өңірі бойынша (халықаралық, еларалық, оқшауланған);
- ұйымдастыру түрі бойынша (қоғамдық ұйым, қоғамдық қор және т.б.);
- қоғамдық ұйымдардың негізгі белсенділігі бағытталған мақсаттық топтар, яғни халықтар сипаты бойынша;
- қоғамдық бірлестіктер қызметі саласы бойынша;
- қаржыландыру түрі бойынша: ішкі және сыртқы көздер.

Жіктеудің мұндай түрін Еуропалық Кеңес пен БҰҰ сияқты үкімет-аралық ұйымдар ұстанады.

Дүниежүзінде халықаралық үкіметтік емес ұйымдар ХҮЕҰ ең танымал болып отыр.

Қосымша мәлімет.

Халықаралық құқық ассоциациясы – ғылыми бағыттағы ХҮЕҰ 1873 жылы құрылған, БҰҰ жанында кеңес беруші мәртебеге ие.



ХҮЕҰ «Шегарасыз дәрігерлер (ШД)»

Ассоциация халықаралық құқықтың жан-жақты дамуына көмектесуге, оны адал ниетпен қолдануға, бірізге салуға және заңдық қақтығыстарды жоюға, халықаралық өзара түсіністік пен өз еркіндігін нығайтуға қабілетті.

Шегарасыз дәрігерлер (ШД) – тәуелсіз халықаралық дәрігерлік гуманитарлық ұйым, қарулы қақтығыстар кезінде табиғи және техногенді апаттардан зардап шеккендерге көрсеткен көмегі мен гуманитарлық қызметі үшін 1999 жылы әлемдік Нобель сыйлығының лауреаты атанды. 1971 жылы Парижде Нигериядағы қақтығыс құрбандарына көмек көрсету мақсатында құрылған. Көптеген орындар нашақорлық пен СПИД-ке қарсы күрес бойынша ағартушылық және алдын алу жұмыстарын жүргізеді, қоғамды дағдарысты жағдайлармен және оның салдарларымен ақпараттандырады. Қазіргі кезде 20 өңірлік өкілеттілігі бар, оның еріктілері (3 мыңнан аса) жыл сайын 80-нен астам елдерде жұмыс істейді. Ұйымның штаб-пәтері Брюссельде орналасқан. Қызметкерлерінің жалпы саны 2500 бірліктен асады, олардың көпшілігі – дәрігер және қызмет көрсетуші дәрігерлік қызметкерлер. Ұйым жеке қайырымдылықтар есебінен қаржыландырылады, оның 80% -ға жуығы 2 млн-нан бастап жеке донорлар. Аса белгілі халықаралық бағдарламалар: 1994 жылдан бастап – *Ұлы көлдер* ауданындағы этникалық және өңірлік қақтығыстар азаматтық құрбандарына көмек көрсету; 2002–2003 жылдары – Либериядағы азамат соғысы кезіндегі жұмысы; 1994 жылы – Руандадағы геноцид құрбандарына көмек; 2003 жылға дейін – Бағдаттағы Қызыл Ай өкілеттілігіне лаңкестік шабуыл жасалғаннан кейін қызметкерлер құрамын алып кеткеннен кейінгі Ирактағы қызметі; 1979–2004 жылдар – Ауғанстанның өзінде және ауған-пәкістан шегарасындағы қызметі. ШД белсенділігінің арқасында тәуелсіз гуманитарлық көмек көрсету мәселесі халықаралық саясаттың басымдылықтарының бірі болды.

Ұйым хартиясы оның халықаралық үкіметтік емес мәртебесін анықтайды. Қызмет істеу ұстанымдары: табиғи және техногенді апаттардан зардап шеккендерге және қарулы қақтығыстар құрбандарына, кемсітушіліксіз және олардың нәсілдік қатынастарына, дініне және саяси сенімдеріне тәуелсіз көмек көрсету; гуманитарлық көмекке жалпы танылған құқық пен жалпы танылған дәрігерлік әдепте бейтараптықты ұстану. ШД еріктілері мен штаттағы қызметкерлері ұйымның саяси, діни және экономикалық күштерден толықтай тәуелсіз

болуын сақтауға міндеттенеді. ШД ұлттық үкіметтерден өз қызметін жүзеге асыруда толық бостандықты талап етеді. Шегарасыз дәрігерлер мемлекеттік органдарға тікелей немесе жанама түрде, қоғамдық пікір мен ақпараттық компанияларды жұмылдыру арқылы бұзылған адам құқықтарын қорғауға шығады. Осылайша Бернар Кушнер (бүгінде – Франция СІМ басшысы), ұйымның бұрынғы жетекшісі, НАТО мүше елдерінің атынан қашықтық ұстап отырып, 1999 жылы Косово дағдарысы кезіндегі босқындарға көмек ақпараттық компаниясын бастады. Сонда ШД НАТО мүше елдері үкіметі жағынан келген қайырымдылықтан және Альянс әскери басқаруының өз әрекеттерін үйлестіріп беруінен бас тартты. Билік органдарына қатысты арақашықтықты сақтап отыру мүмкін болмаған жерде ұйым өз қызметін тоқтатады. Оның тәуелсіз ұстанымы үшін кейбір мемлекеттік шенеуніктер оны сынға алып, тіпті тыңшылықпен де айыптайды.

Ресейдегі ШД Мәскеудегі баспанасыздарға Солтүстік Кавказдағы босқындарға, туберкулезбен ауыратындарға, жер сілкінісі мен су тасқынынан зардап шеккендерге дәрігерлік және әлеуметтік көмек көрсетеді, нашақорлар арасында АИВ (ВИЧ) және ЖИТС (СПИД) ауруларының алдын алумен айналысады.

Назар аударыңдар!

Инфекциялар түрлі жолдармен беріледі, солардың бірі – адамның иммундық тапшылық вирусы (АИВ). Бұл вирус адамның жүре пайда болған иммундық тапшылық синдромының (ЖИТС) қоздырушысы.

Есте сақтаңдар

Дүниежүзі денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша туберкулез 10 қатерлі дерттің тобына кіреді. Көбіне тұрмыс деңгейі нашар және кірсі төмен елдерде көп тараған. Туберкулезге қарсы арнайы егу (БЦЖ) жүргізіледі, ол сәби дүниеге келгеннен 3–5 күннен кейін іске асырылады. Ауруды емдеудің терапиялық, хирургиялық т.б. әдістері табылып, күнделікті дәрігерлік жұмыста қолданылатын болды.

Гринпис – халықаралық үкіметтік емес құқық қорғау (табиғатты қорғау) ұйымы. 1971 жылы Ванкувер қаласында (Канада) құрылған. ХҮЕҰ негізгі мақсаты – жаһандық экологиялық мәселелерді шешуге қол жеткізу. Билік пен қоғамның назарын өздеріне аудару үшін ұйым ұстанымдарының бірі куәландыру болып отырған: өздерінің әрекеттерімен белгілі болып отырған белсенділер экологиялық қылмыс болып жатқан жерге барып, БАҚ-қа тәуелсіз және шынайы ақпарат беру сияқты елеулі жұмыстар атқарып отыр.



ХҮЕҰ «Гринпис»

Шоғырланған (бірнеше мемлекетті біріктіретін) СЕЕ, Скандинавия, Жерорта теңізі, ЮВА, Аустралия мен Мұхит аралдары өңірлеріндегі өкілдіктер және Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Грекия, Испания, Италия, Люксембург, Нидерланды, Португалия, Ресей, Румыния, Франция, Чехия, Швейцария, Үндістан, Қытай, Жапония, Конго, Сенегал, ОАР, Канада, Мексика, АҚШ, Аргентина, Бразилия, Чили, Жаңа Зеландиядағы ұлттық офистері бар.

Гринпис тек қана өз жақтастарының, яғни қолдаушыларының қайырымдылықтарымен жұмыс істеп отыр, мемлекеттік құрылымдар, саяси партиялар немесе кәсіпкерлерден қаржылық көмек алмайды. Аса белгілі кампаниялар: мұнай – пайдалану барысында ауа улы заттармен кең көлемде ластанатын болғандықтан мұнай өнімдерін қолдануға қарсы: белсенділер мұнай танкерлері мен платформаларға кіріп кетеді, олар 1995 жылы Shell компаниясының BrentСпар мұнай платформасын су басуына кедергі жасады; iPhone жасалатын материалдарды өндіруге қарсы болды; Сочи Олимпиадасының нысандары құрылысына байланысты 2007–2008 жылдары қарсы әрекеттері болды.

Гринпис қызметі ғылыми ортада сілкініс тудырды, себебі олардың бірқатар белсенділері гендік инженерия мен нанотехнологиялар саласында зерттеу жүргізуге толықтай тыйым салуға шақырады. Кәсіби экологтер оны ғылыми негіз болмағаны үшін сынады, Гринпис қызметі зерттеулер табиғатқа пайда әкелуден бұрын зиянын тигізеді деп санайды. Ұйымның кейбір әрекеттері мен мәлімдемелерінде келісім мен объективтіліктің болмауы күмән туғызады, себебі олар қарсы шыққан компаниялар мен саяси күштер ұтады.

Ресейде Гринписті үнемі 8 кампания: ормандық, ядролық қаруға қарсы (қоршаған ортаның радиациялық улануына қарсы); ұятты заттарға қарсы (химиялық ластануға қарсы); Байкалдық (Байкал көлінің тазалығын сақтау үшін); теңіздік (браконьерлікке және теңіздерде балық аулау ережелерін бұзушылыққа қарсы күрес); мұнайлық (қоршаған ортаны мұнаймен ластануға қарсы); климаттық (климаттың апатты өзгеруінің алдын алу); Дүниежүзілік мұра бағдарламасын (ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік табиғи мұра тізіміне аса бағалы табиғат аумақтары номинациясын енгізуге дайындық) жүргізеді.

Халықаралық амнистия (ХА) – халықаралық үкіметтік емес құқық қорғаушы ұйым, бейбітшілік Нобель сыйлығының және БҰҰ адам құқығы саласындағы сыйлығының лауреаты. БҰҰ жанындағы, Еуропа Кеңесі және ЮНЕСКО кеңесші мәртебесіне ие. 1961 жылы Ұлыбританияда құрылды. Алғашқы кезде ХА өзінің әрекеті мен зерттеу мақсатын: физикалық және психологиялық қолсұқпаушылық құқықтарын бұзуды тоқтату мен алдын алуға, ар-

ұждан бостандығы мен өзін-өзі көрсетуге, адам құқығын алға тарту да өз жұмысы аясында кемсітушілікті болдырмау бостандығына; дүниежүзінде Адам Құқығы Жалпы Декларациясының (АҚЖД) 18, 19-баптарындағы бейбіт жолмен өз пікірін білдіру бостандығынан айырылған адамдарды қорғауға; сот істерін әділетті қарау және сотқа бермей тұтқында ұзақ уақыт ұстап отыруға қарсы әрекет; тұтқындағыларға қатысты азаптауға жол бермеу; «жоғалып кету» және «өлім жазасы» тәжірибесін болдырмау; босқындар құқығына бағыттады. Оның міндетіне адам құқығын бұзушы тұлғаларға қысым көрсету мақсатында қоғамды жұмылдыру кірді. ХА ұйымының Аустралия, Австрия, Алжир, Аргентина, Бельгия, Беларусь, Бенин, Бермуд, Боливия, Британия, Буркина-Фасо, Венгрия, Венесуэла, Гайана, Гамбия, Германия, Гонконг, Грекия, Дания, Замбия, Зимбабве, Израил, Ирландия, Исландия, Испания, Италия, Канада, Оңтүстік Корея, Кот д'Ивуаре, Кюрасао, Люксембург, Малайзия, Мали, Маврикия, Марокко, Мексика, Молдавия, Моңғолия, Непал, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Норвегия, Пәкістан, Парагвай, Перу, Польша, Португалия, Пуэрто-Рико, Сенегал, Словакия, Словения, АҚШ, Сьерра-Леоне, Таиланд, Тайван, Тогода, Тунис, Түркия, Украина, Уругвай, Фарер аралдарында, Филиппин, Финляндия, Франция, Хорватия, Чехия, Чили, Швейцария, Швеция, ОАР және Жапония елдерінде секциясы бар.

Халықаралық амнистияға 2 млн-ға жуық мүше мен 2 млн жақтастары кіреді. ХА штаб-пәтері (ХА пәтер Оттавада орналасқан (Канада). Жетекші органдары: Халықаралық хатшылық (ХХ) және Халықаралық атқару комитеті (ХАК). Бас хатшы басшылығымен шамамен 500 маман жұмыс істейді. Өкілдігі Лондонда орналасқан.

Ұйымда ар-ұждан тұтқындары туралы мұрағат құжаттары бар, тұтқындардың туыстарына көмектеседі, сот процестеріне бақылаушылар жіберіп отырады, үкіметтерге ұсыныстар жасайды және бұрынғы тұтқындарға баспана іздеуге және шетелдерде жұмысқа орналасуға көмектеседі. ХХ ғасыр азаптауды ресми түрде айыптаған БҰҰ №3059 резолюциясын қабылдауда шешуші рөл атқарды. Адам құқығы бойынша БҰҰ Жоғарғы Комиссары орнын

және Халықаралық қылмыстық сот (2002 ж. құрылды) енгізуге ұсыныс жасады (1993 ж. құрылды). Жаһандану дәуірі ұйымның қызметін кеңейтуге мәжбүр етті. Енді оған экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар, әйелдерге байланысты күш қолдануға қарсылық көрсету, қару



ХҰЕҰ «Халықаралық амнистия» (ХА)

айналымын бақылауда ұстау және БҰҰ күшеюіне көмектесу кіреді.

Қазіргі кездегі қызметінің негізгі бағыттары: балалар, әйелдер, босқындар мен ар-ұждан тұтқындарының құқығын қорғау, азаптау мен өлім жазасын жою. Ұйым келесі нақты мәселелерді қарастырады: өлім жазасын алып тастау; түрмелерде ұстау жағдайларының халықаралық стандарттарға сәйкес болуын қамтамасыз ету; барлық саяси тұтқындар ісі бойынша уақытылы және әділетті іс жүргізуге кепілдік беру; дүние- жүзінде балаларға тегін білім беруге кепілдік беру; құқықтық-сот жүйесі органдары арқылы биліктердің жазасыз қалуымен күресу; балалардан жасақ жасақтап, пайдалануды тоқтату; ар-ождан тұтқындарының бәрін босату; тұрмысы ауыр тұрғындардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын нығайту; құқық қорғаушылардың мүдделерін қорғау; діни төзімділікті қолдау; тұтқындарды азаптау және қатаң жазалауды тоқтату; қарулы қақтығыстар жағдайында заңсыз өлімдерді болдырмау және босқындардың, мигранттардың және баспана сұраушылардың құқықтарын қорғау.

Шегарасыз репортерлер (ШР) – халықаралық үкіметтік емес құқық қорғау ұйымы. 1985 жылы құрылған. Бас пәтері Парижде орналасқан. Ұйым

**REPORTERS
WITHOUT BORDERS**
FOR PRESS FREEDOM

«Шегарасыз репортерлер»
ХҰЕҰ (ШР)



«Рим клубы» ХҰЕҰ



Конго Демократиялық Республикасы: гуманитарлық дағдарысты жеңу үшін жедел шаралар қолдану қажет



«Хьюман Райтс Вотч» ХҮЕҮ

адам құқығы жалпыға бірдей Декларациясының 19-бабындағы ережелерді орындау үшін, цензураға қарсы және өздерінің кәсіби қызметі үшін тұтқындалған журналистерді босату үшін күреседі. Америка және француз үкіметтері, ірі батыс концерндері қаржыландырады. Жыл сайын өз веб-парақшасында әлемнің 160 елі қатысатын сөз бостандығы көрсеткішін жариялайды.

Рим клубы – көптеген елдердің ғалымдарын, саяси және қоғам қайраткерлерін біріктіретін ғылыми ХҮЕҮ. Рим клубы 1968 жылы италияндық экономист А.Печчеидің бастамасы бойынша құрылды. Клуб қызметі жаһандық мәселелерді шешудің тактикасы мен стратегиясын жасауға бағытталған.

Хьюман Райтс Вотч (ХРВ) – халықаралық үкіметтік емес құқық қорғау ұйымы, Теодор Хойс қоры сыйлығының лауреаты. 1978 жылы Мәскеу, Варшава мен Праганың құқық қорғау топтарының көмекке шақыруына байланысты құрылды. Бас пәтері АҚШ-та орналасқан. Өз қызметін әлемнің 70-тен астам елінде жүргізеді. Ұйым үкіметтік құрылымнан қаржылық көмек алмайды және жеке қайырымдылықтар есебінен жұмыс істеп отыр. Қазіргі кезде келесі бағыттар бойынша жұмыс істейді: кемсітушіліктерді болдырмау; саяси бостандықты сақтап қалу; адам құқығын бұзуды зерттеу және жариялау; геноцид фактілерін, әскери қылмыстар мен адамзатқа қарсы қылмыстарды зерттеу; жаяу әскерге қарсы миналарды тарату мен қолдануға жол бермеу; балаларға жұмыс жасатуға қарсы әрекет жасау; баспанасыз балаларға көмек көрсету; азаптауды, соттан тыс өлім жазасына кесу және өлім жазасын орындау шешімін қабылдау тәжірибесін тоқтату; адам құқығын бұзушыларға қарсы үрдістерді ұйымдастыру; құлдыққа қарсы әрекет жасау; соғыс жүріп жатқан жердегі бейбіт халықты қорғау.

Ұйым қарсыластары оны НАТО елдерінің, бірінші кезекте АҚШ-тың басқа елдердің ішкі істеріне дипломатиялық, экономикалық және әскери жағынан араласуының ақпараттық-насихатшылық жағын қамтамасыз ету құралы болып отырғаны үшін кінәлайды. Айтылған күмәндар ХРВ араб-израиль шиеленісінде және оның 2005 жылы Иллинойс штатының сотына АҚШ қорғаныс министрі Дональд Рамсфельдке қарсы америкалық әскери түрмелердегі азаптауларға қатысты әрекетсіздік жасап отырғаны үшін айыптаған өтініш Израиль ұстанымына қарсы қарама-қайшылықтан көрінеді. Сонымен қатар басқа да халықаралық үкіметтік емес ұйымдар бар.

Осылайша, ҮЕҮ құрылуы мен қызметі ерікті болып келеді. Олар өзін-өзі басқару негізінде жұмыс істейді. Басты мақсаты азаматтық қоғамды дамыту болып табылады.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. «Саяси билік» ұғымын ашып көрсетіңдер.
2. Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің қазіргі заманғы даму үдерістерін анықтап, талқылаңдар.
3. ҮЕҮ дегенді сендер қалай түсінесіңдер? ҮЕҮ қандай түрлерін білесіңдер? ҮЕҮ қандай мақсатпен құрылды?

ӘЛЕМНІҢ ҚАЗІРГІ САЯСИ ЖҮЙЕСІ



§ 19. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ БИПОЛЯРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЫДЫРАУЫ МЕН ӨЗГЕРУІ (1985–1996 жж.)

Бүгінгі сабақта:

- Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесінің ыдырау себебін талдаймыз;
- әлемнің биполярлық жүйесінің ерекшеліктерін сипаттаймыз.

Кілт сөздер:

халықаралық қатынастар, халықаралық қатынастар жүйесі, биполярлық жүйе, қайшылықты (конфронтациялық) және кооперациялық биполярлық.

Есте түсіріңдер

1945–1985 жылдардағы биполярлық жүйенің пайда болуы, қалыптасуы және дамуы.

Биполярлық жүйенің қалыптасуы мен күйреуі. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық қатынаста пайда болған *биполярлық* немесе *Ялта-Потсдам жүйесі* екі держава АҚШ пен КСРО ұстанымдарына сәйкес қалыптасты. Олар ірі әскери-саяси блоктар: НАТО мен Варшава шарты ұйымының (ВШҰ) жетекшілері еді. Блоктік тәртіп ұйымға мүше елдердің жетекшілері қабылдаған шешімнің орындалуына кепілдік берді.

Сонымен қоса, КСРО мен АҚШ «үшінші әлем» саналатын дамушы елдерге өз ықпалдарын жүргізді. Бұл елдердегі экономикалық және өлеуметтік мәселелердің шешімі, қайраткерлер мен саяси күштердің билік позицияларының беріктігі, шеттен келетін көмектер мен қолдауларға тікелей байланысты болды. Қуатты державалар «үшінші әлемдегі» өздері қам-

қорлыққа алған елдердің сыртқы саясатын айқындай отырып, бұл жағдайларды өз мүдделеріне пайдаланды.

АҚШ пен КСРО (НАТО мен ВШҰ) арасында қалыптасқан шиеленісті жағдай, қос тараптың бір-біріне жүйелі түрде қастық әрекеттер жасауға итермеледі. Сонымен қатар олар ядролық-күштік шектеулер мен «тең деңгейдегі үрей» стратегиялық тұжырымы негізінде қақтығыстар мен шалғайдағы жанжалдардың үлкен соғыс қаупін тудырмауын да қадағалады.

Есте сақтаңдар

Ялта-Потсдам жүйесі халықаралық қатынастардағы маңызды мәселелерде тиімді және өміршең шешім шығаратын қатаң тәртіпті жүйе болды.

Бұл жүйеге ұзақ мерзімді тұрақтылық бермеген фактор, түрлі социалистік жүйелер мен этникалық құндылықтар күресін қамтыған *идеологиялық қарама-қайшылық* болды. Бір жағы теңдік идеалы, өлеуметтік әділдік, ұжымдық, материалдық емес құндылықтар басымдылығынан, ал келесі жағы – еркіндік, бәсекелестік, индивидуализм, тұрмыстық қажеттіліктерден құралды.

Идеологиялық полярлану (екі топқа бөліну) тараптардың ымыраға келместігін қалыптастырып, стратегиялық жағдайда қарсы қоғамдық-саяси жүйені түпкілікті жеңуден бас тартудың мүмкін еместігіне әкелді.

40-жылдардың ортасынан 80-жылдардың ортасына дейін Ялта-Потсдам тәртібі қарама-қайшылықты жағдайда болды.

Бұл жағдай 1985 жылы КСРО ОҚ Бас хатшысы болып М.С. Горбачевтің келуімен өзгерді.

Назар аударыңдар!

Қарама-қайшылықты биполярлық жүйе *кооперациялық* биполярлық сипатқа өзгере бастады.

Кеңес мемлекетінің жаңа басшысы жариялаған *қайта құру саясаты* халықаралық қатынастар тарапынан қолдау тапты. Горбачев сыртқы саясатта Батыстың қолдауына жағатын бағыт ұстанып, өзінің



Орта және жақын қашықтыққа ұшатын зымырандарды жою жөніндегі Кеңес-Америка келісіміне қол қойылуда.
М.С. Горбачев және Р. Рейган. Вашингтон. 1987 ж. 8 желтоқсан

«жаңа саяси көзқарастағы» абстрактілі принциптеріне қолдау табуға ұмтылды. Кеңестің жаңа көсемі КСРО-ны үшінші әлемнен алшақтатуға бағыт ұстанды да, сол себепті ол 1991 жылы барлық одақтастарынан айырылды. Бұл бос кеңістікті АҚШ жылдам толтырады.

Қарулану мәселелері жөніндегі кеңес-американ диалогі қайта жалғасты. 1985–1988 жылдары кеңес-американ келіссөздері жоғары деңгейде өтті. Осы басқосуларда ядролық қарулануды қысқарту мәселелері талқыланды. Келіссөздер барысында нәтижелі шешімдерге қол жеткізілді. Мысалы, 1987 жылдың желтоқсанында КСРО мен АҚШ арасында *қысқа қашықтыққа ұшатын зымырандарды жою туралы Келісімге қол қойылып*, 1988 жылдың маусымында ол күшіне енді.

Әлемдік демократиялық қауымдастық 1989 жылы кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылуын зор ықыласпен қабылдады, бұл аймақтағы саяси жанжалдарды реттеудегі маңызды қадам деп бағаланды.

КСРО-дағы қайта құру *социалистік елдерде дағдарыс* туындатты. 1989 жылы социалистік жүйе ауыр дағдарысқа ұшырады. КСРО-ның стратегиялық позициясы тұйыққа тірелді. Бұл жағдайдың шырқау шегі 1990 жылы ГДР мен РФГ бірігуінде өз мәресіне жетті. КСРО-ның қауіпсіздігі үшін болған осы маңызды қадамда М.С.Горбачев Батысқа жол берді.

1991 жылы *Өзара экономикалық көмек жөніндегі кеңес (СЭВ) және ВШҰ ресми түрде таратылды*. Бұдан соң Шығыс Еуропа елдерінің шекаралары батысеуропалық тауарлар мен капиталдар үшін ашық болды.

Горбачевтің билігінің әлсірегенін байқаған Америка, Кеңес Одағы тарапынан стратегиялық қарулануды бақылау туралы келісімдердің орындалмай қалуынан қауіптенді. 1991 жылы кезекті Кеңес-Америка кездесуі болып, нәтижесінде *стратегиялық шабуылдаушы қарулануды қысқарту (СНВ-1) жөніндегі Келісімге* қол қойылды.

1991 жылы 8 желтоқсанда үш кеңестік республика – Беларусь, Ресей және Украинаның жетекшілері – Беловеж нуында (Беларусь) өткен басқосуда, КСРО өзінің өмір сүруін тоқтатты деп жариялап, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) туралы Келісімге қол қойды. 25 желтоқсанда КСРО Президенті М.С.Горбачев өзінің КСРО Президенті өкілеттілігін тоқтататынын мәлімдеді. 26 желтоқсанда КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің жоғарғы палатасының сессиясы КСРО қызметін тоқтатты деген декларация қабылдады.

Екінші әлемдік полюс саналған, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық қатынастар бағытын айқындаған КСРО-ның әлемнің саяси картасынан кетуі, биполярлық жүйенің бұзылуына әкелді.

Биполярлық құрылымның ыдырауы (1991–1996 жж.) КСРО-ның өздігінен ыдырауы және биполярлық жүйенің құлауы халықаралық қатынастар сипатын толығымен өзгертті.

Назар аударыңдар!

90-жылдардың алғашқы жартысы биполярлық құрылымдардың ыдырауының шешуші кезеңі болды, оның барысында әлемдік процестерді басқару жойылды.

- бұрынғы кеңестік ықпалдағы елдер, бақылаусыз жағдайда қалды.
- АҚШ-тың ықпалында болған елдер, ортақ жаулары болмағандықтан, өз беттерінше әрекет ете бастады;
- «әлемнің фрагментациялануы» дамыды, сепаратистік қозғалыстар мен этникалық және конфессиялық жанжалдар пайда бола бастады;
- халықаралық қатынастарда күштердің мәні өзгерді.
- Әлемдегі локальды және аймақтық жанжалдар халықаралық соғыстарға ұласпады.

90-жылдардың ортасында Ресейдің (КСРО-ның мұрагері) АҚШ-қа бөсекелес бола алмайтыны және халықаралық қатынастарда Батысқа қарсы тұра алмайтыны байқалды. Ұлттық мүдделеріне аса пайдалы болмаса да, Ресей олармен ынтымақтасуға ұмтылды. Ал АҚШ халықаралық саясатта өзінің негізгі бөсекелесі ретінде қарастыра бастаған Қытай өз кезегінде, халықаралық қатынастарда маңызды рөл атқаратын мүмкіндікке ие болмады. Ал мұндай мүмкіндік 1941–1945 жылдары КСРО-да болған еді. Сол кезеңде Кеңес Одағы АҚШ-қа қарсы тұра алатын тең дәрежедегі қарсылас болды. *Осының нәтижесінде әлемде қызықты жағдай қалыптасты: АҚШ бөсекелессіз қалды.* Бұл жағдай АҚШ-ты батыл сыртқы саясат жүргізуге итермеледі, ұлттық мүдделеріне қажетті артықшылықтарды пайдаланып, халықаралық тәртіпті қалыптастырды.

АҚШ-тың сыртқы саясатының негізгі мақсаты, Құрама Штаттардың нақты мүддесіне сай әлемдік қауымдастық қалыптастырып, сонымен ынтымақтастық орнату болды. Әлемдегі аса қуатты жалғыз держава үшін әлемдік саяси аренада, өзіне қарсы келер бөсекелестің (мемлекеттің немесе мемлекеттік коалицияның) болмауы маңызды болды.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Халықаралық қатынастардағы Ялта-Потсдам жүйесіне баға беріңдер.
2. «Қайшылықты және бірлескен биполярлық» ұғымының мазмұнын ашыңдар.
3. Биполярлық жүйенің хронологиялық кестесін және оның ыдырауының соңғы кезеңінің мазмұнын баяндаңдар.
4. Қосымша тарихи материалдарды пайдаланып, КСРО-ның ыдырау процесі туралы қысқаша эссе жазыңдар.

§ 20. ӘЛЕМ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ПОСТБИПОЛЯРЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Бірполярлы әлем (плюралистік бірполярлық) 90-жылдардың екінші жартысында халықаралық қатынастарда жаңа жүйенің қалыптасу процесі басталды. Бұл кезең былайша көрініс берді:

Бүгінгі сабақта:

• қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін «постбиополярлық жүйе», «көпвекторлы саясат», «бір полярлы әлем» ұғымдарымен танысамыз.

Кілт сөздер:

бірполярлы әлем, плюралистік бірполярлылық, АҚШ-тың жаһандық стратегиясы, ескерту соққысы, шектеулі дербестік, көпвекторлы сыртқы саясат, постбиополярлы жүйе

1) қаржылық-экономикалық, сауда және саяси байланыстар қарқынының ұлғаюына орай әлемдегі мемлекеттер арасындағы өзара байланыстың артуы;

2) бұқаралық коммуникациялар прогресіне байланысты жаһандық ақпараттар көлемінің ұлғаюы.

Биополярлық кезеңде орныққан саяси бөлінушіліктің жойылуы халықаралық қатынасқа жаһандық бейбіт сипат берді. Енді жаһандық қаржылай және ақпараттар ағыны әлемнің барлық бөліктеріне, тіпті 1991 жылдарға дейін олардан шет қалған аймақтарға да жетті.

Плюралистік бірполярлылық – бір «полюсті» (әскери, саяси, экономикалық, қаржылық және өзге де қуаты бар, әлемдік аренада өзгелердің іс-әрекетті мен, әлемдік қатынастарды реттеуге ұмтылушы күштер орталығы) НАТО, G7 институттарымен біріккен және АҚШ барлық Батыс елдері құрайды. Батыстық полюс біртекті болып саналмайды. Оның мүшелері ұжымдық билік аясында қызмет атқарады, ал түрлі кезеңдерде олардың

одақтастық өріптестіктері санқилы деңгейде болады.

90-жылдардың екінші жартысы мен 2000 жылдың басында бірполярлы (бірполюсты) әлем қалыптасты және ол КСРО күйреген соң *жалғыз әлемдік державаға* айналған АҚШ-пен байланысты болды. Бұл жағдай мына негіздерден байқалды:

– АҚШ әскери, экономикалық, саяси бағыттардың барлығында үстемдік құрып, зор ықпалға ие болды.

– Америкалық даму моделінің артықшылығын АҚШ-тың жетістікке толы тарихы дәлелдеді және ең бастысы – «қырғиқабақ соғыста» жеңіске жетті.

– АҚШ-қа тең келер бәсекелестің болмады.

Биополярлық жүйенің құлауына орай, АҚШ-пен оның одақтастары плюралистік биополярлылықты қалыптастырды. Ол мына әрекеттерден көрініс тапты:

– 1993 жылы АҚШ әкімшілігінің шешімімен әлемге демократияны таратуға («демократияның кеңейту» доктринасы) ықпал ету.

– Солтүстік Атлантикалық альянстың қатарына жаңа мүшелерді қабылдау арқылы оның шегарасын шығысқа қарай кеңейту. 1996 жылы желтоқсанда Брюссельде өткен НАТО кеңесінің сессиясында альянсқа жаңа мүшелерді қабылдауға шешім шығарылды.

– 1999 жылғы НАТО кеңесінің Париж сессиясында Альянстың жаңа стратегиялық тұжырымдамасын қабылдау және оның жауапкершілігін Солтүстік Атлантика аумағынан тыс өңірлерге кеңейту шешімі.

– АҚШ пен оның кейбір одақтастары халықаралық тәртіпті тиімді пайдалана отырып, бұрынғы Югославияда 1996–1999 жылдары, Иракта 1991–1998, Ауғанстанда 2001–2002 жылдары өздеріне оңтайлы жағдайлар қалыптастырды.

2001 жылдың қыркүйегінде АҚШ-та болған террористік актілер оның *халықаралық өмірде жеке ережесін* қарқынды түрде анықтауына себеп болды. 2002 жылдың 29 қаңтарында АҚШ конгресінде сөз сөйлеген президент кіші Дж. Буш, төнген қауіптің алдын алу үшін АҚШ бір *бағыттағы әрекетке* баратынын; олар қауіптің бұдан да ұлғайып, жағдайдың қалай өзгеретінін күте алмайтынын мәлімдеді. АҚШ *қазіргі әлемде маңызды рөл атқаратынын білдіріп, өздерінің сырттан талап қоятын халықаралық конвенциялар мен келісімдерге тәуелді болғылары келмейтінін жеткізді.*

«Қырғиқабақ соғыс» аяқталған соң, Америка қалай тұрақты әлемдік тәртіпті қалыптастырады деген мәселеге орай, АҚШ-та тұңғыш рет *жаңа жаһандық стратегия* қабылданды.

Жаһандық стратегияның негізін жеті принцип құрады:

1. *Бірполярлы әлемнің бұлжымастығы*, АҚШ-қа лайықты тең бәсекелестіктің болмауы. Америка ешбір мемлекетке, қандайда бір мемлекеттер коалициясына өз деңгейіне жетуге жол бермейді.

2. АҚШ өзіне *төнетін қауіптерді* қайта қарастырды. Жаңа қауіптер қатарына аса зор қастық жасауға мүмкіндіктері бар шағын террористік топтар енгізілді. Оларды тәртіпке салу немесе үрейлендіру мүмкін емес, оларды тек жою керек. Олардың қолында АҚШ-қа белгісіз ядролық, химиялық немесе биологиялық қарулар болуы мүмкін. Бірақ терроризм кезінде қорғанушыларға қателесуге болмайды. Қарсылас – мемлекет емес, олармен келісімге келу, күштер теңдігін мөлшерлеу, ұстамдылық стратегиясын ұстануға болмайды. Жою қаупі өзіне сай жауапқа лайықты.

3. Ұстамдылық туралы ешқандай өңгіме болуы тиіс емес. Жалғыз ғана нақты жол – шабуыл, алғашқы болып шабуыл жасау. Ескерту соққысы – жаңа уақыттың қажеттілігі. Нақты белгісіз, қауіпке жылдам жауап қажет, әйтпесе тым кеш болады.

4. Суверенділік ұғымы қайта қарастыруды қажет етеді. Суверенділікке тән шегаралардың мызғымастық және т.б. барлығы өткен уақыттың еншісіне айналуға. Террористерді тоқтату «ұстап тұру» мүмкін емес, сондықтан АҚШ өзінің мемлекеттік шегараларына қарамастан, барлық жақтан болатын соққыға дайын болуы тиіс. Террористер шегараны сыйламайды, сондықтан АҚШ осындай қадамдарға барады.



АҚШ орталық басқармасының басшысы генералы Энтони Зинни операция аяқталғаннан кейін журналистерге арналған брифингте. 1998 ж. 21 желтоқсан

Суверенділіктің «шектеулігі» деген ұғым пайда болады. Үкімет өзінің мемлекеттік шегарасында болып жатқан жағдайларға жауапты. Егер үкімет бұл міндеттерін орындай алмаса, онда олар суверенділік артықшылықтарынан айырылады. Басқа үкімет, оның ішінде АҚШ үкіметі де суверенділікті бұзу құқығын иеленеді. Қажет болса, өзін-өзі қорғау мақсатында ескерту соққысын беруге құқылы.

5. Қорғаныс саласындағы ынтымақтастық келісім мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі көпжақты келісім-шарттар бұрынғы мәннен айырылуда. 2001 жылдың 11 қыркүйек оқиғасынан кейін ең бастысы, әділдік туралы өз түсінігіңе, содан кейін Кито протоколы, Халықаралық сот немесе Биологиялық қару-жарақ конвенциясы сияқты халықаралық трактаттарға сүйенуің керек. АҚШ

ешқандай келісім қолдаусыз да қуатты.

6. Одақтар шектеулі құндылықтарға ие. Бұл НАТО-дан немесе Жапониямен келісімнен бас тарту дегенді білдірмейді. Бірақ бұл Америка негізгі миссиясын өзінің күшімен орындауға дайын екенін, ал одақтарды тек қажеттілік деңгейінде ғана пайдаланатынын білдіреді.

7. Жаңа стратегия халықаралық тұрақтылыққа басымдылық маңыз бермейді. Оған үміт арту – өткеннің еншісіндегі іс. Әлемге американдық бірбағыттылыққа көнуге тура келеді. Тұрақтылық енді өзінен-өзі болады деген ой болмауы тиіс. Америка жаһандық тұрақтылық тәртібін орнатуға кіріспейді, ол өзінің қатерлі қарсыластарын жоюға ниетті. Басты ұстанымы алдын-ала соққы беру болып табылатын Вашингтонның жаңа сыртқы тұжырымы, барлық келісімдер бұзылған жағдайда АҚШ-қа атом қаруын қолдануға мүмкіндік береді. АҚШ биологиялық қару жөніндегі конвенцияны қабылдамады, ядролық сынақтарға толық тыйым салу туралы келісімдерді бекітуден бас тартты, Халықаралық қылмыстық соттың құзіретін мойындамады. 2002 жылдың 14 маусымында АҚШ 1972 жылғы ПРО (Зымырынға қарсы қорғаныс) шартынан шықты. АҚШ 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі оқиғадан кейін өзін-өзі қорғауға құқығы бар деп мәлімдеп, 2003 жылдың 20

наурызында Иракқа шабуыл бастады. Осы соғыстың нәтижесінде Ирактағы Саддам Хусейн режімі құлатылды.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығының ортасында халықаралық қатынаста плюралистік бірполярлық пайда болды. АҚШ өзінің сыртқы саясатын жүргізу барысында, халықаралық қатынастағы мемлекеттермен, өсіресе G8 ұйымына мүше елдермен санасып отырды. Ресми емес мемлекетаралық бұл ұйымның мүшелері АҚШ-тан басқа, Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия, Канада, Жапония және Ресей (2014 ж. дейін) болды.

Халықаралық қатынастарда жаңа жүйелердің қалыптасуы. XXI ғасырдың алғашқы он жылдығының соңында халықаралық шиеленістерді тікелей күшпен шешуге болмайтынын түсінген АҚШ-тың саяси бағыты өзгеріске түсті. Бұл жаңа заманның қажеттілігіне орай қалыптасты. Бұрынғыдай «АҚШ жаңа әлемнің қожасы» деген көзқарас өзгеріп, халықаралық қатынастар жаңа сапаға көтерілді.

Назар аударындар!

Әлемдік қауымдастықтың талабы, бірполярлы әлем құру емес, халықаралық қатынастағы барлық қатысушылардың **өзара байланысын** арттыратын жүйе қалыптастыру.

КСРО мемлекеті ыдырап, биполярлық жүйенің жойылуы нәтижесінде пайда болған тәуелсіз мемлекеттер көпвекторлы сыртқы саясат жүргізе бастады. Бұл олардың өз тәуелсіздіктерін нығайтып, барлық елдермен тиімді сыртқы саясат пен сыртқы экономикалық байланыстар жүргізіп, оң шешімдер қабылдауына мүмкіндік берді. Халықаралық институттармен ынтымақтасып – халықаралық форумдар мен ұйымдармен байланыстарын арттыруға ықпал етті.

Есте сақтаңдар

Көпвекторлы саясат **әртүрлі** геосаяси және экономикалық «күштермен» ынтымақтаса, үйлесім табуды дұрыс деп санайды.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығының соңында халықаралық қатынастардың жаңа жүйесін қалыптастыруға мынадай факторлар ықпал етеді:

1. Жаһандану. Ол экономиканың интернационалдануы, ақпарат, капитал ағымдарының артуынан, әлемде адамдардың еркін жүруінен көрініс табады. Жаһандану нәтижесінде әлем біртұтас және өзара байланысты бола түседі. Әлемнің бір қиырында болған өзгеріс басқа шетке жылдам жетеді. Сонымен қоса, жаһанданудың – өзіне тән қарама-қайшылығы да бар, ол кейбір мемлекеттерді оқшаулануға итермелейтін шаралар қабылдауға мәжбүрлейді.

2. Жаһандану мәселелерінің артуы, оның кейбіреулерінің шешімін табу үшін әлемдік қауымдастықтардың бірігу қажеттілігі талап етіледі. Жалпы адамзат баласы үшін ең басты маңызды мәселе, ғаламшардағы климаттың қалыптан тыс өзгеріске түсуі болып отыр.

3. Әлемдік деңгейдегі жаңа державалар рөлінің халықаралық салада артуы, бұл ең бірінші кезекте Қытай, Үндістан және аймақтық державалар Бразилия, Иран және Оңтүстік Африка секілді елдерге қатысты. Халықаралық қатынастардағы қалыптасқан жүйелер енді тек бұрынғыдай атлантикалық державаларға ғана тәуелді болудан кетті.

4. Әлемдік қауымдастықтағы жаһандық әлеуметтік теңсіздіктердің ұлғаюы, жаһандық қоғамның, байлық пен тұрақтылық («алтын миллиард») әлемі және кедейшілік, тұрақсыздық, жанжалдар әлемі болып бөлінудің артуы. Осыған орай әлемдік полистер арасындағы өзара қарама-қайшылықтар күрделене түсуде. Мұны халықаралық терроризмнің бір бағыты болып табылатын, радикалдық қозғалыстар өз мүддесіне пайдалануда. Кедейлер әлемі әділдіктің орнатуын қалайды және бұл жолда наразы қалың көпшілік қандай да болсын террористерді қолдауға дайын.

Әлемдік саясатта жаңа тұлғалар мен әлемдік деңгейдегі жаңа ағымдар қалыптасты. Трансұлттық корпорациялар мен халықаралық ұйымдар, жаһандық коммуникациялар жүйесі, әлемдік экономикалық өзара байланыстар, әскери факторлар рөлінің өзгеруі, біртұтас бұқаралық мәдениеттің таралуы, ішкі саяси және халықаралық мәселелердің шиеленісуі, жаһандық демократияланудың толқыны – міне, осының бәрі бүгінгі таңдағы халықаралық қатынастардың жаңа сипатына айналуға. Brexit (Британияның ЕО-дан шығуы), АҚШ президенті Дональд Трамптың еуропалық одақтастарына кінә артуы, Ресейдің бір бағытты саясаты және Қытаймен қарым-қатынасы, осының бәрі әлемдік саясаттағы өзгерістерді көрсетеді. Бұл Батыстың артықшылығына кедергі келтіруде.

1. Трансұлттық корпорациялар – өз мемлекеттерінің аясынан кең ауқымды қамтыған, екі немесе одан да көп елдерде құрылымдары бар, осы мемлекеттердің саясаты мен жалпы стратегиясы мүмкіндік беретін шешімдер жүйесін қалыптастыратын жеке, мемлекеттік немесе аралас кәсіпорындар.

2. Жаһандық демократияландыру толқыны – демократиялық процестердің дамуымен орын алатын әлемдік тарихтың кезеңі.

Назар аударыңдар!

Қазіргі таңда халықаралық қатынаста тұрақты қалыптасқан жүйе жоқ, әлі қалыптасу үстінде. Биполярлы және бірполярлы әлемнің орнын **көпполярлы және көпөлшемді** жаңа әлемдік жүйе басуда.

Халықаралық қатынастардағы жаңа жүйенің қалыптасу үрдісі барысында, біртұтас әлемдік қауымдастық элементінің құрылуына қарамастан, *жаңадан тұрақсыздандырушы күштер мен ағымда пайда болып, «жаңа буын» шиеленістер туындауда.*

Бұл жергілікті жерлердегі этносаяси жанжалдар мен дамыған Солтүстік және артта қалған Оңтүстік бағытындағы жаңадан өрши бастаған шиеленістер, жаңадан пайда болған өзгерістер мен бір-бірін түсінгісі келмейтін халықаралық жүйелер, босқындардың көшуі, олардың ағынынан тағы да босқындар көшінің туындауы, өркениет қоғамындағы төменгі таптың қалыптасуы, ғаламдық өзгерістердің (демократия толқыны) тұрақсыздануы болды.

Есте сақтаңдар

Қазіргі таңда халықаралық қатынастар жүйесі өзгерістер кезеңінде тұр: онда дәстүрлі күштер мен заңдылық және жаңа факторлар мен бағыттар өзара байланысқа түсуде.

1. Халықаралық қатынастағы көшпаларлы жүйе аясында әлемдік деңгейдегі ұйым бірнеше ықпалды, алпауыт мемлекеттерден (төрт немесе одан да көп) құралады. Бұл елдер халықаралық қатынастардағы өздерінің экономикалық, саяси, әскери-күштік және мәдени-идеологиялық ықпалдарын арттыруды мақсат етеді.

2. Халықаралық қатынастардағы әлемдік жүйенің көпөлшемділігін экономикалық, әскери-стратегиялық, геосаяси, дипломатиялық, мәдени-идеологиялық, коммуникациялық және өзге де өлшемдер құрайды.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Биполярлық жүйе ыдыраған соң бірполярлы әлемнің қалыптасуына қандай жағдайлар ықпал етті?
2. «Көпвекторлы сыртқы саясат» ұғымының мәнін түсіндіріңдер.
3. Халықаралық қатынаста неліктен бірполярлы жүйе орнамады?

§ 21. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Бүгінгі таңда халықаралық қатынастардың ауқымы кеңейген бұл – әлемді бөліктерге бөлудің жойылуына орай орын алған өзгерістердің нәтижесі. Бүгінде халықаралық қатынастардың дамуы мына үрдістерге негізделген:

1. Халықаралық қатынастарға қатысушылар санының артуы. Халықаралық қатынастарда маңызды субъекті болып: мемлекетаралық және үкіметтік емес халықаралық ұйымдар саналады.

Мемлекетаралық ұйымдар – мемлекеттердің келісімге негізделген және тұрақты органы бар бірлестігі. Мемлекетаралық қатынастардың шиеленісі, халықаралық қатынастарды реттеудің қажеттілігі,

Бүгінгі сабақта:

- тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын сипаттаймыз.

Кілт сөздер:

көпполярлы әлем, халықаралық ұйымдар, жаһандану, аймақтандыру, интеграция, идеологиясыздандыру, халықаралық саяси ынтымақтастықтың жаңа формасы, демократияландыру, гуманизация

үкіметтік емес ұйымдардың құрылуына себеп болды. Олар үкіметтік емес немесе аралас сипатта болып, құрамына үкіметтік құрылымдар, қоғамдық ұйымдар және жекетұлғалар кіреді. Халықаралық ұйымдар халықаралық қатынастарға өз атынан немесе өз құрамына кіретін мемлекеттердің атынан қатыса алады.

Халықаралық ұйымдар халықаралық қатынастардың түрлі салаларын қамтиды. Олар экономикалық, саяси, мәдени және басқа да бағыттар бойынша құрылады. Ірі халықаралық ұйымдар:

- Аймақтық ұйымдар (ЕО, ШЫҰ, Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттер ассоциациясы (ОШАМА) – АСЕАН Бангкокта (Тайланд) құрылды);
- Сауда, қаржы және т.б қамтыған (ХВҚ) экономикалық бағыттағы ұйым;
- Әлемдік экономиканың жекелеген бағыттарын қамтитын ұйымдар (МАГАТЭ, ОПЕК);
- саяси-экономикалық ұйымдар (ОАЕ);
- кәсіби ұйымдар (журналистердің халықаралық ұйымы, ИНТЕРПОЛ);
- демографиялық ұйымдар (Әйелдердің

халықаралық демократиялық федерациясы, Жастардың бүкіләлемдік ассоциациясы);

- мәдениет және спорт бағытындағы ұйымдар (ЮНЕСКО, халықаралық олимпиада комитеті (ХОК));
- әскери-саяси ұйымдар (НАТО, ҰҚКҰ);
- кәсіподақ ұйымдары (Бүкіләлемдік еңбек конфедерациясы);
- бейбітшілік пен ынтымақтастықты қолдау (Бүкіләлемдік бейбітшілік кеңесі) ұйымы;
- діни ұйымдар (Шіркеулердің бүкіләлемдік кеңесі);
- экологиялық ұйымдар (Гринпис).

Халықаралық қатынастар жүйесінде ең маңызды орынды БҰҰ атқарады. Ол түрлі мемлекеттердің бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау бағытындағы өзара әрекеттеріне жан-жақты қолдау танытып, барша халықтың экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал етті.

Әлемдік аренада халықаралық монополиялардың (трансұлттық корпорациялар – ТҰК) аса зор ықпалы бар. Олар аса ауқымды экономикалық ресурстарға ие, бұл оларға тіпті ірі державалармен қатынасында артықшылықтар береді.

Әлемдік саясатты қалыптастырушы және қызмет атқарушы маңызды субъект болып адамдардың өздері саналады. Олар өздерінің

мемлекеттерінің де, жалпы, тұтастай алғанда, әлемдегі сыртқы саясат стратегиясының да негізін жасауда маңызды рөл атқарады.

2. Биліктің тармақталуы халықаралық қатынастарда әлемге өз үстемдіктерін жүргізген аса ірі екі держава – АҚШ пен КСРО қалыптастырып, қарама-қайшылық орбитасына әлемдік саясаттың барлық мүшелері қатысқан биполярлық жүйенің жойылу негізінде болды.

Қазіргі уақытта *экономикалық және* саяси ықпал үшін *жаңа әлемдік орталықтар қалыптасуда.*

Бұл орайда *бірқатар* ғалымдар АҚШ, Батыс Еуропа және Жапонияның жетекші ұжымдық жүйесі қалыптасуда деп санайды. *Өзгелері* биполярлық жүйенің қайта қалыптасуы мүмкін екенін, КСРО-ның орнына АҚШ-қа идеологиялық және әкери-саяси тұрғыдан Қытай қарсы болады деген пікірде. *Үшіншілері* АҚШ-ты әлемдегі жалғыз лидер деп тануда. Халықаралық өмірде бұдан басқа да «күш орталықтарының» пайда болуы туралы өзге де болжамдар кездеседі.

Бүгінде әлемдік қауымдастықта жекелеген мемлекеттердің жеке-дара үстемдік құруын жоққа шығару шаралары қалыптасуда. *Көпполярлы әлемді қалыптастыру үрдісі басымдылыққы ие болып*, бұл халықаралық даулар мен жанжалдарды бейбіт түрде шешуде жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда.

3. Қазіргі замандағы халықаралық қатынастардағы жаһандану. Жаһандық бүгінгі таңда әлемдік жүйедегі маңызды құбылысқа айналып, ғаламның дамуын айқындайтын, аса ықпалды күш болуда. Жаһандану мемлекеттер мен барша халықтарға өзара ықпалдасу мен өзара байланысуда жаңа мүмкіндіктер тудыруда. Жаһандану мынадай процестер барысында көрініс береді:

- мемлекетаралық шегаралардың ашықтығының артуы;
- трансұлттық капиталдар, ақпараттар, қызметтер және адами ресурстар ағынының жиілігі мен көлемінің бірден артуы;
- Жер шарының барлық бөлігінде тұтынудың біртұтас үлгілерінің жаппай таралуы;
- әлемдік экономика мен халықаралық қатынастарда мемлекеттік емес реттеудің маңызының артуы;
- ішкі және сыртқы саясатты шектеудің мүмкін болмауы;
- коммуникациялық байланыстың біртұтас кеңістігінің қалыптасуы.

Сонымен қатар жаһанданудың жағымсыз әсерлері де көрініс беруде. Ол әлемде орын алып отырған түрлі қарама-қайшылықтар мен жанжалдарды шиеленістіріп, олардың таралу ауқымын кеңейтіп: ғаламдық экологиялық дағдарыс, технологиялық апат қаупі секілді жаңа мәселелер туындатуда.

4. Қазіргі замандағы халықаралық қатынастардың аймақтануы. Аймақтану процесі жаһанданумен, әсіресе оның дамыған түрі – интеграциямен тығыз байланысты. Аймақтану бүкіләлемдік үрдіске

айналуда. Осының нәтижесінде ЕО, АСЕАН, НАФТА (Солтүстік Америкалық Еркін Сауда жөніндегі келісім), ТМД, МЕРКОСУР пайда болды. Олардың құрылуына, ең біріншіден, экономикалық факторлар ықпал етті. Бұл бірлестіктердің басты мақсаты еркін сауда аймағын, либералды сыртқы сауда жүйесін құру болды. Кей аймақтарда капиталдар ағыны мен технологиялық байланыстар көлемі ұйымға қарағанда жылдам қарқынмен дамуда. Бірқатар қаржы жүйелері өз аймақтары шеңберінде үлкен маңызға ие: Еуропада – еуро, Қыр Шығыста – йен.

Аймақтық құрылымдар көші-қон, қоршаған ортаны қорғау, телекоммуникацияларды дамыту секілді маңызды салаларға тез бейімделеді. Ұлттық шегаралармен қиылысатын, субмемлекеттік (субнациональные регионы) аймақтар пайда болуда. Мұндай аймақтар қатарына Италиядағы Ломбардия, Испаниядағы Каталония, Германиядағы Баден-Вюртемберг, Канададағы Онтарио және Квебек жатады.

5. Қазіргі халықаралық қатынастардағы идеологиясыздандыру – қарама-қайшылық пен екі қоғамдық-саяси жүйелердің күресі принциптеріне негізделген, әлемдегі қайшылық туралы түсініктен арылу. «Қырғи-қабақ соғыстың» салдарына орай, халықтар мен мемлекеттерді жауласушы екі лагерьге бөлген идеологиялық көзқарастардан арылып, өзара байланыстарды арттыру мен бүкіл әлемнің тұтастығын мойындау, халықаралық мәселелерде күш қолданудан бас тарту, келісімге келу және әлемдік саясаттың күрделі мәселелерін бірлесе шешуге қадам басу.

6. Қауіпсіздікті жаңаша түсіну, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері ұжымдық және жалпы қауіпсіздікті нығайту бағытына сай атқарылуы тиіс. Мемлекетті қорғау мақсатына орай күш қолдануға



ШЫҰ-на мүше мемлекеттер басшыларының 17-отырысы. Астана, 2017 ж.

жүгіну тиімді әдіс емес екенін бүгінгі таңда анық байқалуда. Ұжымдық қауіпсіздік жүйесі мемлекеттердің әскери және экономикалық мүмкіндіктерін шоғырландырып, қауіпті, басқыншы күштермен бірлесе күресуге мүмкіндік береді. Бұл әскери қажеттіліктерге жұмсалатын ұлттық шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді.

7. Халықаралық саяси ынтымақтастықтың жаңа түрінің пайда болуы, халықаралық қауымдастықтың қақтығыстарға қатысушыларға алдын ала ескерту әдістерін өзірлеуге байланысты қалыптасуда. Қазіргі жағдайда бейбітшілікті сақтау әрекеттерінің кепілдігі жүйесін құруға ерекше маңыз беріледі. Осы мақсатқа орай әскери қақтығыстардың алдын алатын мемлекетаралық, аймақтық орталықтар құрылып, тұрақты келісімдер жүйесі жасалуда, әскери-саяси бағыттағы тәуелсіз сарапшыларды қалыптастыру жүйеленуде. Бүгінгі таңда келісімдерге ерекше мән беріліп, бұл екі тарап арасындағы өзара шешімдерге қол жеткізіп, жанжалдардың алдын алудың ең тиімді әдісі болуда.

8-9. Халықаралық қатынастардағы демократияландыру мен ізгілендіру – қоғамның ішкі саяси құрылымының демократиялық деңгейінің сыртқы саясатпен байланысында көрініс беретін тенденциялар. Бұл бағыттар әлемдік ынтымақтастықтың нығаюымен, халықаралық байланыстарға қатысушылар қатарының артуымен, саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар, діни ұғымдар, мәдени, спорттық және өзге де ұйымдардың өкілдері арасындағы өзара түрлі байланыстардың дамуынан көрініс береді. Сондай-ақ бұл құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара байланысы мен ынтымақтастығын; жалпыадамзаттық құндылықтар артықшылығын білдіреді; оған ғылыми нәтижелер мен мәдени жетістіктерді ортақтастыру; артқақалушылық пен кедейшілікті жою; адам мен қоғам және табиғат арасындағы үйлесім; жаңа әлемдік саяси, экономикалық, ақпараттық тәртіптер жатады. Әлемдік қауымдастықтың ашыққандарға, науқастарға, босқындарға, табиғи апаттан зардап шеккендерге, зорлық көргендерге, саяси қысымға ұшырағандарға қол ұшын созуы, халықаралық қатынастардағы ізгілендірудің нақты істері қатарына жатады. Әсіресе әлемдік қауымдастық лаңкестік, экстремизм, діни фанатизм, ұлтшылдық секілді қатерлерді қатаң түрде айыптайды.

Халықаралық қауымдастық қабылдаған шешімдер мен қарарлар, қандай да бір мемлекеттің ұстанған ұстанымына үлкен ықпал етеді.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Халықаралық қатынастардың түрлерін атаңдар.
2. Үкіметтік емес ұйымдар құрамы қандай болуы мүмкін?
3. Халықаралық ұйымдар халықаралық қатынастардың қандай аспектілерін қамтуы мүмкін? Мысал келтіріңдер.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ МӘСЕЛЕСІ



§ 22–23. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ТӨНГЕН ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

Бүгінгі сабақта:

- халықаралық қауіпсіздік жүйесінің дамуының ықтимал нұсқаларын білеміз;
- сепаратизм, экстремизм және халықаралық терроризмнің таралу себептері мен салдарларын анықтаймыз.

Кілт сөздер:

халықаралық қауіпсіздік, сепаратизм, терроризм, фундаментализм, экстремизм, босқындар

Есте сақтаңдар

Халықаралық қауіпсіздік – бүкіләлемдік бейбітшілікке немесе халықтардың қауіпсіздігіне төнетін қандай да бір қауіпті болдырмауды қамтамасыз ететін халықаралық қатынастар. Ол әлемдік қауымдастықтың сақталуы мен қызметіне байланысты болады.

Халықаралық қауіпсіздікті мына жағдайлар айқындайды:

– халықаралық қауіпсіздік халықаралық қатынастар жағдайынан қалыптасады, ол тек қана халықаралық бейбітшілікті ғана қалыптастырмайды, сонымен қатар пайда болған жанжалдарды бейбіт түрде шешеді;

– халықаралық қауіпсіздік мемлекеттердің түрлі ынтымақтастығы жағдайында және халықаралық қатынастардың өртүрлі салаларында ғана мүмкін болады;

– барлық мемлекеттердің халықаралық тәртіп шарттарына байланысты өздері-

нің тәуелсіздіктерін, дербестіктерін қалыптастыру арқылы қолдауға және қамтамасыз етуге мүмкіндігі болуы тиіс;

– халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету халықаралық тәртіп жағдайындағы халықаралық құқықтардың негізгі ұстанымдары мен жалпыға ортақ қағидаларын сақтау арқылы ғана жүзеге асады. Қазіргі жағдайда халықаралық қауіпсіздікке сепаратизм, терроризм, фундаментализм, экстремизм, босқындар мәселесі секілді түрлі қатерлер қауіп тудыруда.

А. Сепаратизм

Есте сақтаңдар

Сепаратизм (лат. *seraratus* – жеке) – мемлекет аумағынан жеке мемлекет (сецессия) құру мақсатында бөлектену немесе автономия мәртебесін алу саясаты және жекелену ісі.

Назар аударыңдар!

Сепаратизм, бір жағынан халықтардың өзін-өзі басқару құқығы туралы халықаралық ұстанымдарға сүйенеді және көбінесе халықаралық тұрғыда мойындалған ұлт-азаттық қозғалысы мен отаршылдыққа қарсы күресте көрінеді, ал екінші жағынан дербестік туралы халықаралық ұстанымдарды, мемлекеттің аумақтық тұтастығын және бірлігін бұзып, шегаралардың шебін талқандап, мемлекетаралық және этникааралық шиеленіскен жанжалдардың туындауына себеп болады.

Сепаратизмнің қалыптасуына халықтардың құқығының бұзылуы, этникалық және діни азшылық өкілдерінің қысымға ұшырауы себеп болады. Мұндай жағдайда сепаратизм халыққа бірден-бір құтқарушы күш секілді ықпал етіп, белең алып кетуі мүмкін. Отаршылдыққа қарсы күрес жүргізіп, жаңа мемлекет құру барысында сепаратизм осындай рөлге ие болады.

Сепаратизм Австро-Венгрия, КСРО, Югославия, Чехословакия секілді мемлекеттердің ыдырауына ерекше ықпал етті.

Бүгінде сепаратизм дамыған өркениетті (Ұлыбритания, Канада, Испания секілді басқа да) мемлекеттер мен дамушы (Үндістан, Пәкістан, Ирак пен көптеген Африка елдеріне) елдерге күрделі, қиын мәселелер туындатуда.

Бүгінгі таңдағы зерттеу деректеріне сай, әлемде сепаратизмнің 50-ге жуық ошағы бар екені белгілі.

Сепаратистік қозғалыстар *мақсаттарына қарай* бөлінеді, оны қолдаушылар осы ұстанымдар үшін күреседі:

- сецессияны (Түркиядағы күрдтер, Үндістандағы сикхтар мен амилдар күрестері) мақсат еткен сепаратизм;

- жеке бөліну мен басқа мемлекетке қосылуды мақсат еткен сепаратизм (Қытайдағы ішкі Моңғолияның, Моңғолияға қосылуды қолдаған қозғалыс);

- мемлекет құрамындағы аймақты сақтай отырып (Франциядағы Корсика автономиясының аумағын ұлғайту құқығы үшін болған күрес) *үлкен* автономияға қол жеткізуді мақсат еткен сепаратизм.

Сепаратистік қозғалыстар көбінесе *мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақсыздық салдарынан туындайды* (КСРО, Чехословакия, Югославия).



Каталонияның тәуелсіздігі үшін болған шеру (Испания)

Сепаратизмнің негізін *этно-конфессионалдық факторлар қалыптастырады*: оған католиктер мен протестанттар арасындағы келіспеушілікті (Солтүстік Ирландия, Квебек), православтармен қақтығысқан ислам фундаменталистерінің әрекеттері (Косово, Солтүстік Кипр), католицизм (Босния мен Герцеговина, Оңтүстік Филиппин), индуизм (Кашмир), буддизм (Мьянма) және осы секілді көптеген дінаралық қақтығыстарды жатқызуға болады.

Соғыстан кейінгі Еуропа тарихында сецессия алғашқы рет 2008 жылы орын алды. Сербтерге қарасты Косово өлкесінің билігі бір жақты шешіммен Сербиядан тәуелсіздік алғандарын жариялады. Косовоның тәуелсіздігін 2010 жылы БҰҰ Халықаралық соты мойындады. Бүгінгі таңда Косово Республикасын, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше 111 мемлекет мойындайды. Ал Сербияның конституциясына сәйкес, Косованың аумағы өлі күнге дейін Автономиялы өлке ретінде Косово және Метохия Республикасы құрамына кіреді.

Кейбір мемлекеттерде сецессияға заң бойынша рұқсат берілген, тек бірқатар шарттар бойынша, олардың ең негізгісі – референдум арқылы еркін көзқарасын білдіру. Мысалы, *Ұлыбританияда* тарихи аймақтар мен бағынышты және тәуелді аумақтар өз бостандықтарына қол жеткізуі үшін референдум өткізсе, онда сецессияны көпшілік қолдаса жеткілікті болып саналады. Өз тәуелсіздігіне қол жеткізу мүмкіндігі Шотландияда бар, алайда халық арасында өткізілген референдум оң нәтиже бермеді, 1997 жылдан бастап (жергілікті парламент пайда болды) жеке ел болуды қолдайтындар қатары көбеюде. Осындай құқықтар Англияның басқа аймақтары Солтүстік Ирландия мен Уэльске де берілген. Ирландиялық-

католиктердің бастамасымен Солтүстік Ирландияны жеке мемлекет ету туралы өткен референдумда көпшілік олардың ұсынысын қолдамады. Өйткені мұндағы халықтың басым бөлігі – католик дініне жатпайтын ағылшын-шотландықтар. Бермуд аралдарының да нақты тәуелсіздік алулары өзірше жүзеге асқан жоқ, референдум барысында халық британ азаматтығының артықшылықтарынан айырылғылары келмейтінін білдірді.

Испания сецессияға (оны Басктар мемлекеті мен Каталония талап етуде) байланысты қатаң саясат ұстанады. Оның конституциясында автономияға қол жеткізу үшін референдум өткізуге жол беретін бап жоқ, орталық үкіметтің келісімінсіз және бір жақтың өз беттерінше тәуелсіздікті жариялауына рұқсат берілмейді. Негізгі заңның 155-бабында орталық үкіметтің мемлекеттің мүддесін (тұтастығын) қорғау үшін күштік әдістерді қолдануы мүмкін екені көрсетілген.

Канадада Квебектің тәуелсіздігі үшін өткен екі референдум күткен нәтиже бермеді, халықтың басым көпшілігі қолдау танытпады.

Үндістанның бірқатар аймақтарында әсіресе, Жамму мен Кашмир штаттарында (мұнда сепаратистер тәуелсіз Кашмир мемлекетін құруды талап етеді), Батыс Бенгалияда (бенгалдықтардың қозғалысы Бангладешпен қосылуды мақсат етеді), Үндістанның оңтүстігінде (қарулы таммил жасақтары тәуелсіз Дравидстан мемлекетін құруды көздейді), Пенжабта (сикх сепаратистерінің қарулы күштері тәуелсіз Халистан мемлекетін құруды талап етуде) сепаратизм кең таралған. Сепаратистер мемлекет тыныштығына, халық бірлігіне қауіп төндіреді. Оған күрес тәсілдеріне этникалық тазалаулар, кепілдікке адам алу, лаңкестік әрекеттер секілді ауыр қылмыстар жатады. 1984 жылы сикх сепаратистерінің қолынан Үндістанның премьер-министрі И. Ганди қаза тапты. 1991 жылы тамил сепаратистері сайлау науқаны кезінде Үндістанның премьер-министрі Р. Гандиді өлтірді.

Сепаратистік қозғалыстар мен ұйымдар әлемге кең таралып, өзара бірігіп бірқатар аймақтық, бүкіләлемдік және халықаралық ұйымдар құрды. Осы ұйымдардың ішіндегі ең ірісі – *өкілдігі жоқ, Ұлттар мен халықтардың ұйымы*. Сепаратистер бұл ұйымын БҰҰ-ның аналогы ретінде көрсетеді. Алайда оның мақсаты БҰҰ мүлдем қарама-қайшы болып саналады.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Сепаратизм және оның пайда болу себептерін атаңдар.
2. Испанияда сецессияның жүзеге асуы неліктен күрделі саналады?
3. Сепаратистер қандай күрес тәсілдерін қолданады?
4. Қосымша дереккөздерін пайдалана отырып, топта Каталониядағы сепаратизм туралы пікірталасқа дайындалыңдар.

Ә. Терроризм

Терроризм. Экономика бағытындағы жылдам өзгерістер барысында туындаған қайшылықтар және осы өзгерістерді қоғамдық құрылымдардың қабылдай алмауы, сондай-ақ халық арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің артуы, қылмыстың көбеюіне және қоғамдағы қорғаныстың төмендеуіне соқтырады. Қазіргі көптеген мемлекеттерде орын алған осындай қарама-қайшылықтар терроризмнің дамуына жол ашады.

Назар аударыңдар!

Терроризм — бұл қоғамдағы экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрақсыздықтың салдары.

Есте сақтаңдар

Терроризм – 1) идеологиялық насихат арқылы күш қолдануды жүзеге асыратын саяси күрес әдістерінің бірі; 2) қабылданатын қандай да бір шешімдерге тікелей болмаса жанама түрде ықпал ету немесе одан террористердің мүддесі үшін бас тарту мақсатында, *халықты немесе әлеуметтік топтарды қорқытуға бағытталған*, ашық түрде жасалатын жалпыға қауіпті әрекеттер.

Терроризмнің **субъектісіне** жекелеген адамдар, үкіметтік емес кәсіпқой ұйымдар жатады.

Терроризмнің **объектісіне** жекелеген мемлекеттік қызметкерлерді қамтыған билік пен жекетұлғалары бар қоғам, жекеменшік және мемлекеттік мүліктер, инфрақұрылымдар, тіршілік үшін қажетті жүйелер жатады.

Терроризмнің **мақсатына** – террористер қалаған әрекеттерге қол жеткізу, оған қоғамда тұрақсыздық туғызу, басқа мемлекеттермен соғыс өртін тұтандыру, кейбір аймақтарда дербестікке қол жеткізу, биліктің беделін түсіру, билік тарапынан саяси келісімдерге қол жеткізу және тағы басқа осы секілді маңызды мақсаттар жатады.

Есте сақтаңдар

Терроризм – мемлекеттің қарсылық танытқан күштері мен ұйымдарына заңсыз күш қолдану әрекеттері. Терроризм билікті басып алып, мемлекеттегі саяси жүйені қиратады.

1960 жылдардың соңында «Жапонияның қызыл әскері» атты террористік ұйым, Жапонияда лаңкестік әрекеттер жасап, мемлекет тыныштығына қатер төндірді. Осы террористік ұйымның мүшелері 1975 жылы Лод өзежайында қанды қырғын жасап, 25 адамды өлтіріп, 72 адамды жаралы етеді, олардың бұл әрекеті әлемнің назарын аударды. Кейіннен ұйым талқандалып, Жапониядан қоныс аударды, олар өз әрекеттерін Еуропада жалғастырып, кейіннен Азияға кетеді.

Араб-израил шиеленісі, Палестина мәселесін туындатты, ол Таяу Шығыста терроризмнің қалыптасуына ықпал етті. 1950 жылдарды Египетте ФАТХ (Палестинаны ұлттық азат ету ұйымы) террористік ұйымы пайда болды, оның мақсаты – Израилмен күрес жүргізіп, оны жою және Палестина мемлекетін құру. 1950 жылдардың соңында ФАТХ-тың бөлімшелері Алжирде, Тунисте, Ливияда, Ливанда, Иорданияда қалыптасты. 1967 жылғы «алты күндік соғыста» жеңілген соң, палестиналық арабтар ұйымының жетекшілері, *Израильге қарсы жаппай диверсиалық-террористік соғыс бастау* туралы шешім қабылдайды. Оған Палестинаны азат ету Ұйымы жетекшілік етті. 1993 жылы Палестина автономиясын құруға қол жеткізген палестиндіктер, енді жеке мемлекет қалыптастыру үшін күресті жалғастырды, олар бұл мақсаттарына террористік әдістерді қолданды. Автономия аумағында «Хамаз», «Исламдық Жиһад» секілді түрлі террористік ұйымдар орналасты. Палестиндік терроризмнің ерекшелігі мынада: нақты мекен-жайсыз террорды кең көлемде қолдану; ажалға басын тіккен лаңкестерді көптеп дайындау; әлемдік қауымдастықтың пікірін тудыраты (ұшақты жүргізіп кету секілді) ауқымды шараларды жоспарлау және жүзеге асыру; террористік әрекеттерді саясаттың элементтері ретінде пайдалану.

Шешенстан, Югославия және Ауғанстанда болған соғыстар террористік ұйымдар қатарының артуына, лаңкестердің өз әрекеттерін дамытуға және Жиһад («кәпірлерге қарсы соғыс») секілді интернационалдық ұйымдардың қалыптасуына ықпал етті. Ауғанстандағы соғыс барысында ислам фундаменталистерінің интернационалдық тобы пайда болды. Ол «Әл-Каида» террористік ұйымы деп аталды, оның жетекшісі Усама Бен Ладен болды. Ол бүкіл әлем бойынша соғыс қимылдарын жүргізді.

«Әл-Каиданың» негізгі күші Ауған соғысының жауынгерлері саналды. Ұйымның басты мақсаты – ислам мемлекеттеріндегі зайырлы жүйені құлатып, исламдық тәртіпті қалыптастыру, шариғатқа негізделген мемлекет құру. 1998 жылы Бен Ладен «Әл-Каида» ұйымымен қатар, «Еврейлер мен кресшілерге қарсы жиһад үшін исламдық әлемдік майдан» атты халықаралық ұйым құрғанын мәлімдеді, оның қатарына алжирлік, пәкістандық, ауғанстандық, кашмирлік және басқа да террористік ұйымдар енді. Өз жұмыстарын осылай бір ортаға біріктірген бұл ұйымдар ислам әлеміне қарасты көптеген кеңістікте (Ауғанстанда, Алжирде, Шешенстанда, Эритреде, Косовода, Пәкістанда, Сомалиде, Тәжікстанда, Йеменде) өз әрекеттерін жалғастырды. 2001 жылдың 11 қыркүйегінде АҚШ-та орын алған лаңкестік әрекеттен соң, терроризм бүкіл әлемдік өркениеттің ең басты қаупі деп жарияланды, ал оны жою әлемдік қауымдастықтың ең басты міндеті болып саналды. АҚШ терроризмге қарсы халықаралық коалицияның жетекшісі болды.

Бұл кезеңде қанат жайып үлгерген терроризм, өз әрекеттерін кеңейте түсті. 2006 жылы «Өл-Кайданың» қатысуымен «Ирак ислам мемлекеті» (ИГИ) ұйымы құрылды. Ал 2013 жылы ол «Ирак пен Леванттағы»¹ ислам мемлекеті (ИГИЛ) деп атауын өзгертті. Бұл ұйым 2014 жылы Ирактың солтүстік және батыс аудандарына, Сирияның солтүстігіне кең ауқымды шабуылдар жасап, өздері басып алған аймақтарда сүнниттік ислам мемлекеті – халифат құрылғанын (оны ешқандай мемлекет мойындамады) жариялады. Лаңкестік ұйымдық әрекеттері бүкіл әлемге кең таралды. Олар ортағасырлық жабайы заңдарды орнатты: әйелдерді күндікке салды, ерлерді өздерінің қатарларында соғысуға мәжбүрледі, басқа діннің өкілдерін қуғын-сүргінге ұшыратып, жазалады, исламдық мәдениетке жатпайтын ескерткіштерді толығымен қиратты. ИГИЛ өздері басып алған аймақтардағы қазба байлықтарды заңсыз түрде сатып, мұнай саудасымен айналысты, одан түскен қаржыға қару-жарақ сатып алып, өздерінің қатарларын жаңадан келген содырлармен толықтырып отырды.

Бұл террористік ұйымның әрекеттерін тоқтатып, олар басып алған аймақтарды босату үшін кең ауқымды әскери шара басталды. Оған бірқатар мемлекеттер қатысты, бұл әскери қимылдар оң нәтиже беріп, лаңкестік әрекеттерге тоқтам салынды. Бүгінгі таңда әлем террористік қауіптен әлі де толық айықпады, лаңкестік әлі де сақталуда. Осы себепті 2005 жылы БҰҰ-ның 60-сессиясының басты тақырыбы терроризммен күрес бағытына арналды.

Назар аударындар!

Терроризм мәселесі қазіргі таңда жекелеген мемлекеттердің ғана проблемасына айналып отырған жоқ, ол әлемдік қауіпке айналды, онымен күресу барлық адамзаттың ортақ мәселесі болуы тиіс.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Терроризмнің пайда болу себебін атаңдар.
2. Палестинада терроризмнің туындау себебін баяндаңдар және оның ерекшелігін көрсетіңдер.
3. Қазіргі замандағы терроризмнің ерекшелігі неде?

Б. Фундаментализм. Экстремизм. Босқындар

Фундаментализм (лат. *Fundamentum*-негіз) – 1) философиялық, моральдық және әлеуметтік **ағымның** ақырғы **консервативтік**

¹*Левант* — қазіргі Сирия, Ливан және Израиль мемлекеттерінің аумағында орналасқан тарихи аймақ.

түрі; 2) ол идеяның бастапқы негізін, ұстанымын, белгілі бір ілімдер құндылығын қолдайтын, олардың дамуы барысында пайда болатын өзгерістерді жалғастыруды талап ететін және алғашқы тазалық «негізге оралуды» қалпына келтіретін қоғамдық, идеологиялық, діни қозғалыс.

Фундаментализм күш қолдану құралдары арқылы, өзгерістер енгізуге, жаңаруға қарсы тұрады. Ол қазіргі қоғамдағы *жаһандану* және *секуляризация* процестеріне кері әсер білдіріп отырады. Фундаментализм барлық дүниетанымдық идеялардың бастапқы мәнінің оралуын қолдайды.

Есте сақтаңдар

Фундаментализмнің негізі — сенімнің мәні еш өзгеріссіз қалады дегенге сену.

Адамның ең үлкен қорқынышының бірі – мәнсіздік және әлем мен жан-дүниесіндегі бейберекетсіздік, қорқыныш, адамдарды еш зорлықсыз-ақ бақылаудан шығарады. Осы қорқыныш көптеген фундаменталистік бағыттардың алғашқы себебі болып табылады. Фундаментализм адамдардың жаны үшін таласатын мейірімділік пен зұлымдыққа, қатаң сұрыптаулар қояды. Зұлымдық соншалықты күшті болып сипатталады, сондықтан сенімі жоқ адамдар оның алдында дәрменсіз болып қалады. Осыған орай фундаментализм былай нақтылайды: *қорқыныштан құтылудың жалғыз жолы – тұрақты сенім* – белгілі бір идеологияны сөзсіз қабылдау. Фундаментализмнің психологиялық тартымдылығы, оның сенімділік қалыптастыратындығында, ол ішкі жан-дүниедегі қайшылықтарды тоқтатып, моральдық жеңілдік береді. Мұндай сенімділік дұрыс ақыл-ой мен тәжірбиеге еш әсер ете алмайды. *Сенімділіктің негізі сенім болып табылады.*

Фундаменталистердің идеалы – еркіндіктің, жеке бастамалардың барлығына тыйым салу; адамдардың *өмірінің барлық бағыттарын* реттейтін, билікке мойынсыну. Фундаменталистер жоғарғы билік туралы талассыз және өзгермейтін жарлықты қайта жаңғырту қажет деп санайды. Фундаменталистер адамзаттың өлсіздігі адамды зұлымдықтың алдында жеңіліске душар етеді, сондықтан бастапқы негізге оралу қажет деп санайды.

Фундаментализм – авторитарлы әдіс арқылы тәртіпті қалпына келтіруге кепілдік береді. Фундаментализм *авторитарлы*, өйткені ол адамдарды бақылауда ұстауға қызмет етеді. Ол тек қана беделді жүйеде жұмыс жасайды, өйткені тек олар ғана үстемдікті орнатады және оны қолдайды.

Фундаментализмнің тағы бір түрі – діни фундаментализм. Оның негізгі міндеттерінің бірі – қоғамда үстемдікке ие болатын діни құрылымдарды қайта оралту. Діни фундаментализмнің негізгі идеологиялық

қағидалары болып мыналар саналады: 1) діни қасиетті кітаптарда жазылған қағидаларды қатаң сақтау қажеттілігі, 2) сынға төзбеу, қасиетті жазбаларды либералды түсіндіру. Фундаментализм әсіресе исламда, христиандықта, иудаизм мен индуизмде ерекше көрініс береді.

Экстремизм (лат. *extremus* – соңғы) – қимыл-әрекеттің ең соңғы көзқарасы мен әдісіне бейімділік (негізінен саясатта). Экстремизм – бұл: – әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік және діни белгілеріне орай қақтығыс; – адамдар мен азаматтардың олардың қандайда бір әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік топқа және діни және тілдік жағдайларына қарамастан бостандықтары мен заңды мүдделер құқығының бұзылуы; – азаматтардың саяси құқықтарын білдіруіне күш қолдану немесе қандай да бір қатар төндіру арқылы кедергі келтіру; – мемлекеттік органдар мен қоғамдық, діни және басқа да ұйымдардың заңды қызметтеріне күш қолдану немесе қатар төндіру арқылы кедергі келтіру; – конституционалық құрылымды күш қолдану арқылы өзгерту және мемлекеттің тұтастығын бұзу; – әлеуметтік, саяси, идеологиялық, ұлттық, нәсілдік, дін, жеккөрушілік пен жауласу себептеріне орай қылмыс жасау.

Экстремизмге жекелеген адамдар да, сонымен қатар саяси ұйымдар бейім болып келеді. Саяси экстремистік әрекеттерге тәртіпсіздік ұйымдастыру, террористік қимылдар мен партизандық соғыс жүргізу жатады. Экстремизмнің өршуіне әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар, халықтың басым бөлігінің тұрмыс деңгейінің күрт құлдырауы, биліктің оппозицияны басып-жаншуы мен басқаша көзқарастағыларды қудалауы секілді тоталитарлық саяси шешімдер ықпал етеді. Мұндай жағдай экстремистер үшін соңғы қадамдарды жүзеге асыратын мүмкіндік болып табылады.

Экстремистік әрекеттер мемлекет өміріне нақты қатар төндіреді, азаматтардың конституционалық құқығы мен бостандығына қол сұғып, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті бұзады. Экстремизммен жүйелі түрде күрес жүрген сайын ол өзгерістерге ұшырап, бұзақылық әрекеттер тудырып қана қоймай, бұқаралық шерулер, жарылыстар, өрт қою мен адам өлімі және басқа да ауыр қылмыстармен жалғасуда. Бүгінгі таңда жекелеген экстремистердің орнын экстремистік ұйымдар басуда, олар өз қатарларына көпшілікті әсіресе жастарды көптеп тартады.

Босқындар. Түрлі жанжалдар әсіресе әскери қақтығыстар, әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктер, адам құқығының бұзылуы, табиғи апаттар, климаттың өзгеруі секілді түрлі жағдайлар адамдардың өз мемлекеттерін еріксіз тастап, босқын атануына мәжбүр етеді.

Назар аударыңдар!

Босқын – төтенше әрі қатерлі жағдайларға байланысты өзі өмір сүрген елді тастап шыққан және басқа мемлекеттен пана іздеген тұлға. Олар босқын мәртебесін алу үшін бірқатар рәсімдерден өтеді, босқын мәртебесі олардың қосымша кепілдікке, материалдық және құқықтық көмекке қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Ешкім де ешқашан да босқын болғысы келмейді. Босқын болу – бұл тек қана өзге елге бас сауғалап бару ғана емес, сонымен қатар, өзге елде кіріптар болып тіршілік кешу, қарапайым ғана азық-түлік, киім және баспана секілді алғашқы қажеттіліктерге қол жеткізу үшін басқалардың қолына қарау. 2018 жылы әлемдегі босқындар саны 70,8 миллион адамға жетті. Босқындар мәселесімен БҰҰ жанындағы босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссариат басқармасы айналысады (БЖКБ). Осы басқарма аса ауқымды іс-шараларды Ауғанстан, Колумбия, Конго Демократиялық Республикасы, Мали, Пәкістан, Сирия, Иордания, Ливан, Түркия және Ирак елдерінде атқарды. Сонымен қатар босқындарға көмекті Халықаралық Қызыл Крест Комитеті де көрсетеді. БҰҰ келтірген деректері бойынша соғыстан, аштықтан, табиғи апаттардан және зорлық-зомбылық пен түрлі қатерден бас сауғалайтын босқындар қатары жыл өткен сайын арта түсуде.

Назар аударыңдар!

Босқындар мәселесі бүгінгі таңда әлемдік қауымдастық алдында тұрған ең өзекті мәселенің біріне айналууда.



Босқындар лагері

Бүгінгі таңда босқындардың ағыны артып, олар жекелей емес, жаппай бас сауғалауға көшкен. Босқындардың денін, негізінен, Азия мен Африка елдерінен шыққандар құрайды. ХХІ ғасырдың екінші онжылдығында орын алған Сирия дағдарысы әлемдегі ең ірі босқындар ағынына жол ашты: елдің 6,3 миллион тұрғыны еріксіз түрде қоныс аударды, ал 4 миллион адам босқындыққа ұшырады.

Босқындардың дені арнайы лагерлерге қоныстанып, сотқа шағымданудан және құқықтық жәрдемнен тыс қалды. Босқындар лайықты жұмысқа қол жеткізе алмады, олардың жеке мүліктері, баспаналары, жерлері болмады.

Кей аймақтарда олар шабуылға ұшырап, қорлыққа түсті. Олардың кейбірі қарулы шабуылдар кезінде және қоныс ауыстыру кезінде қазаға да ұшырады. Сондықтан да босқындар өмір сүретін лагерлер, негізінен, БҰҰ бітімгершілік күштерінің қарауында болады. БҰҰ құрылымдық жүйесі босқындарды азық-түлік, таза ауыз су секілді қажеттіліктермен қамтамасыз етіп, олардың арасына түрлі індеттер таралмауына және денсаулық шараларының сақталуына ерекше мән береді.

Жас жігіттер мен көмелеттік жасқа толмағандарды көбінесе қарулы жасақтар мен көтерілісшілер өздерінің қатарларына тартып, соғысқа қатысуға мәжбүрлейді. Босқындар арасындағы ең қорғансыздар қатарына жататын әйелдер мен балалар, олар босқындардың 80% құрайды.

Соңғы кезеңдерде босқындарға жасалатын зорлық-зомбылық ұлғайып, оларға жасалатын шабуылдар қатары артып кетті. Мұндай қауіп-қатерлер етек алған елдерде өмір сүріп жатқан босқындар, ылғи да өз өмірлері мен қауіпсіздіктері үшін алаңдап, үреймен тіршілік кешуде.

Босқындар қорғансыз топқа жататындықтан өрі өзге елдің адамдары болғандықтан, олар ұлтшылдардың басты нысанасына айналған.

Назар аударындар!

Босқындар мәселесі әлемдік қауымдастықтан, өздерінің отандарына оралуды қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді әрекеттерді қажет етеді:

- а) халқы босқындыққа ұшыраған мемлекет, халықты жаппай бас сауғалауға мәжбүр еткен әрекетті тоқтатуға міндетті;
- ә) әлемдік қауымдастық босқындардың жаңа ағынын болдырмау үшін тиімді жолдарды табуы тиіс;
- б) егер босқындар ағынының басты себебі кедейшілік болса, онда сол елдегі кедейшіліктің алдын-алып, елді дамыту үшін көмек көрсету қажет;
- в) егер жаппай қоныс аударудың себебі адам құқығының бұзылуы болса, онда мәселені БҰҰ адам құқығы туралы органдар жүйесінің тұрақты бақылауымен шешуге болады, адам құқығының бұзылуын халықаралық қауымдастық тарапы айыптайды;

- г) егер босқындар ағынының қалыптасуына күш қолдану арқылы болған жанжалдар себеп болса, онда мәселе алдын-алу дипломатиясы бағытында шешімін табуы қажет, жанжалды реттеп, ара ағайындық әрекеттері жасау үшін, БҰҰ Бас хатшысы құрған алдын-ала ескерту жүйесі маңызды рөл атқарады, бұл шара босқындардың ірі ағынын тоқтатуы мүмкін.

Назар аударыңдар!

Босқындардың өз еріктерімен оралуына қажетті шарттарға мыналар жатады: 1. Адам құқығының барлық түрлерін құрметтеу мен оны қолдауды қалпына келтіру. 2. Босқындар пайда болған елдердегі қарулы қақтығыстарды тоқтату.

Босқындар ісі жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Жоғарғы комиссары Садако Огатаның пікірінше, «босқындар мәселесіне қатынас барлық үкімет пен халықтардың адам құқығын қорғауға деген әрекеттерінің сынағы болуы қажет».



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Фундаментализмнің пайда болу себебін атаңдар.
2. Фундаментализмнің мағынасын ашыңдар.
3. Діни фундаментализмнің негізгі міндеті неден қалыптасады?
4. Экстремизмнің пайда болу себептері қандай?
5. Экстремизмнің негізін қалыптастыратындарды атаңдар.
6. Экстремизмнің қауіпі неде?
7. Адамдардың босқын болуына не мәжбүрлейді?
8. Босқындар мәселесін шешудің жолдары қандай?

§ 24–26. БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУДА МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ БІРЛЕСКЕН ӘРЕКЕТТЕРІ

Көптеген қауіп-қатерлер жаһандық сипат алуда. Жалғасып жатқан қантөгісті аймақтық шиеленістер, халықаралық терроризм мен трансшекаралық ұйымдасқан қылмыстың қатыгездігі мен көлемінің өсуі бүкіл халықаралық қауымдастықтың ұжымдасып күш салуынсыз шешілмейтін мәселенің бір ұшы ғана.

Халықаралық қатынастар дамуының динамикасы, халықтың жалпы жақсы өмір сүруі мен әлемнің өмір сүруге қабілеттілігінің бір ғана стратегиясы халықаралық ынтымақтастық пен ұжымдық қауіпсіздік жүйесі екенін дәлелдейді. Оның өзегі болып халықаралық аймақтық ұйымдар, сондай-ақ нақтылы шиеленісті жағдайларда құрылатын коалициялар толықтыратын Біріккен Ұлттар Ұйымы қызмет етеді.

А. Әлемдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін күрестегі БҰҰ рөлі

Бүгінгі сабақта:

- тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын сипаттаймыз;
- бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін талдаймыз;
- қауіпсіз әлем дамуының ықтимал жолдарын анықтаймыз.

Кілт сөздер:

халықаралық әмбебап және аймақтық ұйымдар, қауіпсіздік, халықаралық ынтымақтастық, жаппай қырып-жою қарулары, бейбітшілік құру, миссия, БҰҰ, ЕҚЫҰ, НАТО, ШЫҰ, АӨСШК, ҰҚШҰ

БҰҰ – ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің әмбебап ұйымы. Оның негізгі міндеті халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтау. БҰҰ Жарғысында бейбітшілікті бұзушы мемлекеттерге байланысты ескерту және мәжбүрлеу шаралары қарастырылған. Қауіпсіздік пен бейбітшілікті ұстап тұру міндеттері Бас Ассамблея мен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне артылған.

Назар аударыңдар!

БҰҰ бейбітшілікті сақтау ісінде, ядролық соғыстың алдын алуда, жаппай қарулануды тоқтату мен қарусыздану ісінде басты рөл атқарады.

Осыған қарай БҰҰ басты міндеттері болып: қару таратуды болдырмау, жаппай қырып жоятын қаруларды жою және қысқарту.

Бұл бағыттағы БҰҰ қызметінің нәтижелері бойынша: 1968 жылы ядролық қаруды таратпау жөніндегі Келісім және 1996 жылы ядролық сынақтар жүргізуді жалпы тыйым салу туралы Келісім, ядролық қарудан бос аймақтар құру туралы келісімдер, химиялық (1992) және бактериологиялық (1972) қаруларды шығару және жинауға тыйым салатын келісімдер, ядролық қаруды мұхиттар мен теңіздер түбіне (1971) және ғарыштық кеңістікке (1967) орналастыру, сондай-ақ қаруланудың басқа да түрлерін шектейтін немесе тыйым салатын келісімдер жасалынды.

2001 жылға қарай 120-дан аса мемлекет жер бетіндегі миналарға тыйым салу туралы 1997 жылы Оттава конвенциясының мүшесі болды. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ) бейбіт өмірде пайдалануға белгіленген ядролық материалдар мен құралдар әскери мақсаттарға пайдаланылмауын қамтамасыз етуге жауап береді.

80-жылдардың ортасында БҰҰ Бас хатшысының осы мәселелер бойынша негізгі органы болатын бітімгершілік операциялары Департаментін құрды. Департамент міндеттеріне: операцияларды



БҰҰ-ның бітімгершілік қызметі

жоспарлау және Бас Хатшыға оларды жүзеге асыруға көмектесетін, операция жүргізу ауданында қалыптасқан жағдайды бақылау, БҰҰ қарулы күштерін пайдалану, сондай-ақ оқыту бағдарламалары мен операцияларға қатысатын азаматтық және әскери қызметкерлерді дайындау жоспарын құру кіреді.

БҰҰ көмегімен халықаралық қауымдастық ондаған шиеленістерді реттеуге және жаңа дағдарыстардың пайда болуының алдын алуға, соңғы жылдары өткір жаһандық және аймақтық мәселелерді шешуде жан-жақты ынтымақтастықты қалыптастыруға қол жеткізді.

Қазіргі замандағы БҰҰ бітімгершілік қызметі. Африка БҰҰ әлемдегі бейбітшілікті қамтамасыз етудегі қызметі өртүрлі жолмен жүзеге асырылды: Оңтүстік Африкадағы апартеидке қарсы ұзақ жүргізілген күрес, Намибияның тәуелсіздік жолына түсу үрдісіне белсенді қолдау көрсету, сайлау өткізуде көмек көрсетудегі бірқатар қызметі, бейбітшілікті қолдаудағы көптеген операциялар (Либерия, 2003 жылы Кот д'Ивуар мен Бурунди 2004 жылы Судан, 2005 жылы және т.б.).

БҰҰ Ұлы Көлдер ауданында бейбітшілікті қалпына келтірудегі белсенді дипломатиялық күш салды және Батыс Сахараның келешегі мәселелері бойынша референдумды дайындау мен жүргізу барысында көмек көрсетті. БҰҰ міндеті Гвинея-Бисаудағы, Сомали, Орталық Африка Республикасы және Батыс Африка өңірінде бейбітшілік орнату қызметінде жалғасын тауып отыр.



БҰҰ міндетіне: 2002 жылдан бастап Ауғанстанға көмек көрсету бойынша ұлттық бітімгершілік пен адам құқығы, құқықтың үстемдігі және жыныстық теңдікті қамтамасыз ету, сондай-ақ, БҰҰ барлық қызметін ұйымдастыруға: Ауғанстанды қалпына келтіру мен қайта жөндеуге гуманитарлық және төтенше көмек беру бойынша осы елдің билігімен үйлестіру жұмысы кіреді.

БҰҰ әскери бақылаушылары Джамму мен Кашмир штатындағы Үндістан мен Пәкістан арасындағы соғысты тоқтату мақсатында бақылауды жалғастырды.

Шығыс Тимордағы БҰҰ қамқорлығымен Үндістан мен Португалия арасындағы келіссөздер бұл аумақтың мәртебесі мәселесі бойынша бүкілхалықтық сұрақ-жауап жүргізуге жол ашқан 1999 жылы келісімге келумен аяқталды. БҰҰ бақылаушымен сұрақ-жауапқа қатысуға тиісті тұлғаларды тіркеу арқасында, 1999 жылы тамыз айында Шығыс Тимор тұрғындарының 78% тәуелсіздік үшін дауыс берді, нәтижесінде 2002 жылы 20 мамырда Тимор-Лешти тәуелсіз мемлекеті құрылды. Шығыс Тимордағы БҰҰ міндетіне елде құқықтық сот пен құқық қорғау органдарын тарату жүйесін қосқанда және сонымен қатар тұрақтылық пен қауіпсіздікті ұстап тұруға ықпал ететін негізгі өкімшілік құрылымдарды құруға көмек көрсету болып қалды.

Таяу Шығыста БҰҰ араб-израиль шиеленісіне баса көңіл аударып отыр. Ол жан-жақты реттеудің негізі әділетті өлем құру ұстанымдарын жасады.

Дипломатиялық майданда БҰҰ өзінен басқа АҚШ, Еуропалық одақ және Ресей Федерациясы кіретін төрттік мүшесі ретінде келісімге келу жолымен шешуге қол жеткізуге бағыттауға күш салуға белсенділік көрсетеді. 2003 жылы қарсылас елдер «төрттік» ұсынған Таяу Шығыс дағдарысын шешуге алып келетін «жол картасын» қабылдады.

2003 жылы БҰҰ Иракқа көмек көрсету міндетін тапсырды. Оның мақсаты гуманитарлық көмек беру, қалпына келтіру жұмыстарына көмек көрсетуді үйлестіру, сондай-ақ Ирак билігінің тәуелсіздігін халықаралық танылуын қалыптастыруға бағытталған саяси үрдістерге жәрдем беру болды.

БҰҰ Еуропада бұрынғы Югославиядағы шиеленістерді реттеуге қол жеткізуге тырысуда. 1992-1995 жылдары БҰҰ бітімгершілері Хорватиядағы қауіпсіздік пен бейбітшілікті қалпына келтіруге көмектесті, Македония республикасы соғысқа тартылмауы үшін Босния мен Герцеговинадағы азаматтық тұрғындарды қорғауға ықпал етті. 1995 жылы Дейтон бейбітшілік келісімдерін бекіткеннен кейін БҰҰ-ның төрт міндеті бұл өңірде бейбітшілікті қамтамасыз етуге ықпал етті.

БҰҰ бітімгершілік қызметі және оның бейбітшілікті ұстап тұруға күш салуы Орталық Америкадағы шиеленістерді реттеуде маңызды

рөл атқарды. 1989 жылы Никарагуада БҰҰ бітімгершілік қызметінің арқасында қатысушылары БҰҰ-на өз қаруларын өткізген қарама-қарсылық қозғалысы күштерін ерікті түрде демобилизациялауды қамтамасыз етті.

Гватемалада БҰҰ әрекет етуімен ұйымдастырылған келісімдер 35 жылдық азамат соғысын тоқтатты.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Гаитиді тұрақтандыру бойынша, 2005 жылы сайлау өткізу үшін жағдай туғызу және 2006 жылы сайланған президентке билікті беруді БҰҰ-на міндеттеді.

2004 жылы 28 тамызда Ирактың егемендігін қалпына келтіру 2005 жылы қаңтарда парламентке тікелей сайлау өткізуге алып келген елдің өтпелі кезеңі үрдісінде жаңа кезеңді бастан кешірді. МООНСИ, Бас хатшының Арнайы өкілі мен сайлау өткізуді жүргізуде көмек көрсететін БҰҰ бөлімінің қолдауымен және де үнемі күш көрсету қаупі төніп тұруына қарамастан, Ирак тұрғындары өз саяси құқықтарын алу мүмкіндігіне ие болды.

Ә. Қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтаудағы ЕҚЫҰ рөлі

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы – қауіпсіздікті сақтау бойынша ұйымдардың ішіндегі ең көлемдісі. Ол өз жұмысын 1975 жылы Хельсинк келісімдеріне қол қойылғаннан бастап, ресми түрде 1995 жылы аяқтады. Қазіргі кезде ЕҚЫҰ құрамына 57 мүше-мемлекеттер (барлық еуропалық елдер, АҚШ, Канада, Орталық Азия мен Кавказ мемлекеттері) кіретін халықаралық өңірлік саяси бірлестік.

1992 жылы ЕҚЫҰ ажырамас бөлігі ретінде қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық бойынша ЕҚЫҰ Форумы құрылды. Ол – жүйелі қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтудың нақты мәселелерін талқылап отыру өкілеттілігі берілген дербес орган. Форум шешімдері саяси міндеттелген сипат алады. Оның құрамына ЕҚЫҰ барлық мемлекеттерінің делегациялары кіреді.

Форумның негізгі міндеттері:

а) қарулану, қарусыздануды бақылау бойынша келіссөздер жүргізу, қауіпсіздік пен сенімді нығайту;

ә) қауіпсіздік мәселелері бойынша тығыз ынтымақтастық пен үнемі кеңес беріп отыру;

б) шиеленістердің туындауы қатерін төмендету.

Сондай-ақ, Форум сенім мен қауіпсіздікті (СҚШ) нығайту шараларын жүзеге асыру мен дамытуға және олардың орындалуын бағалау бойынша жыл аралық жиналыстар өткізуге жауап береді, СҚШ аясында пікір алысуда келісілген ақпаратты талқылау мен түсіндіру орны қызметін атқарады және ЕҚЫҰ мемлекеттері бас штабы жетекшілерінің

қатысуымен әскери доктриналар бойынша семинарлар дайындаумен айналысады.

ЕҚЫҰ қызметінің әскери-саяси саласы. Ұйым әскери-саяси салада қауіпсіздік мәселесін өзінің құрамына бірқатар мүше мемлекеттердің міндеттемелері мен шиеленістерді реттеу және алдын алу тетіктері кіретін кешенді түрде қарастыруды қолданады. Сондай-ақ ЕҚЫҰ ашықтық, айқындық және ынтымақтастық жолымен әскери қауіпсіздікті көтеруге тырысады.

ЕҚЫҰ ынтымақтастық Форумы қауіпсіздік саласында әскери реформа бойынша саяси сұхбат негізін қамтамасыз етеді, ал практикалық іс-шараларды жергілікті жерлерде, оның ішінде шиеленістердің алдын алу орталығы жүргізеді.

Қарулануды бақылауға алу. Қырғиқабақ соғыстың аяқталуы халықаралық қару нарығының пайда болуына, қол жетімді қарудың асып-төгілуіне алып келді. ЕҚЫҰ мұндай қаруды таратуды тоқтатуға көмектеседі және оның көзін жоюға көмек қолын созады. ЕҚЫҰ жыл сайын Еуропадағы қарапайым қарулы күштер туралы Келісім аясында ақпараттармен алмасу жұмысын жүргізеді.

Шегараларды басқару. ЕҚЫҰ шиеленістердің алдын алу, шиеленістерден кейінгі реттеу жұмыстары шегаралық мониторинг аясында қызмет атқарады.

Лаңкестікпен күрес. Шиеленістерді болдырмау, дағдарыстарды реттеу және алдын ала ескерту саласында тәжірибеге ие бола отырып, ЕҚЫҰ лаңкестікпен күресті күшейту бойынша өз үлесін қосып отыр.



ЕҚЫҰ Саммиті. Астана, 2010 ж.

Шиеленістердің алдын алу және қақтығыстардан кейінгі қалпына келтіру. ЕҚЫҰ аясындағы полициялық операциялар ұйымның шиеленістерді болдырмау және шиеленістер болғаннан кейінгі қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізуде бар күшті салудың ажырамас бөлігі.

Назар аударыңдар!

ЕҚЫҰ құрамына әскери-саяси, экономикалық, экологиялық және гуманитарлық жақтары кіретін қауіпсіздікті кешенді түрде қарастырады.

Ол қауіпсіздікке қатысты:

- қару-жарақты таралмауына бақылау;
- терроризммен күрес;
- сенімді қарым-қатынастар орнату бойынша шаралар;
- аз ұлттар мен адам құқықтары;
- демократиялық институттарды дамыту;
- құқық қорғау қызметінің стратегиясы;
- экономикалық және экологиялық мәселелерімен айналысады.

Басқа еуропалық қауіпсіздік институттары ішіндегі ЕҚЫҰ ерекшелігі, ол – шиеленістердің алдын алу, ертерек ескертудің, дағдарыстарды реттеу және оның бақылауындағы аумақтарда болған шиеленістен кейінгі қалпына келтіруші ретінде құрылған аймақтық келісім болып отырған бір ғана ұйым болып отырғанында.

Даулы мәселелерді реттеу бойынша ЕҚЫҰ механизмі. 1991 жылдан бастап ЕҚЫҰ міндеттері мен мақсаттары келесіден тұратын өкілдік институтын белсенді пайдаланып келеді:

- шиеленістің алдын алу немесе реттеуді мақсат етіп қоятын саяси үрдістерге көмектесу;
- ЕҚЫҰ өкілдерін белгілі бір елде немесе өңірде жағдайдың барысын уақытылы ақпараттандыруды қамтамасыз ету.

Алғашында ЕҚЫҰ еуропалық қауіпсіздіктің жаңа архитектурасының негізі ретінде, қызметінің төрт бағыты бойынша тәжірибе жинақтаған ұйым ретінде қарастырылды:

- дағдарысты жағдайларды ертерек ескерту,
- дағдарысты жағдайлардың шиеленіске айналып кетпеуіне жол бермеу мақсатында превентивті әрекеттер жасау,
- дағдарыстарды реттеу, қақтығыстан кейінгі қалпына келтіру.

Сонымен қатар бірқатар тәуелсіз сарапшылар, ұйымда оның мүшелеріне өртүрлі қатерлерге қарсы қауіпсіздіктің сенімді кепілі болатын қаржылық, институционалды және ұйымдастырушылық мүмкіншіліктер жеткіліксіз деп санайды.

Б. Солтүстік Атлантикалық келісім ұйымы (НАТО)

Екінші дүние жүзілік соғыс аяқталғанан кейін, АҚШ пен КСРО басқарған екі жүйенің бір-біріне қарсылығынан 1949 жылы 4 сәуірде әскери-саяси НАТО блогы құрылды. Еуропаның 10 елі, АҚШ және Канада өз қауіпсіздігімен басты құндылықтарын: бостандық, демократия, адам құқығы және заңның үстемдігін қорғау үшін бірікті. «Қатысушы елдер ұжымдық қорғану мен бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мақсатында өз күштерін біріктірді».

НАТО «кеңестік қатерге тойтарыс беру» үшін құрылып, КСРО-ға қарсы әрекетке бағытталды. НАТО Бас хатшысы А.Ф. Расмуссеннің (2009-2014) айтуы бойынша, ұйым Еуропаны кеңестік басып алудан қорғану үшін құрылған.

НАТО-ның басты мақсаты басқыншылыққа қарсы тұру үшін мүше елдердің жеке және ұжымдық қабілетін нығайту, мүшелер арасындағы шиеленістерді бейбіт түрде шешу және олардың арасындағы байланысты дамыту деп жариялады. НАТО мақсаттарының бірі ретінде кез келген мемлекеттің – НАТО мүшесі немесе одан қорғану, аумаққа байланысты агрессияның қандай да бір түрінен сақтауды қамтамасыз ету.

НАТО міндеттеріне оның мүшелерінің өмірлік маңызды мүдделеріне қатысты, олардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін оқиғаларды қосқанда кез келген мәселе бойынша одақтас елдермен кеңес өткізу кірді.

Келісім ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құрды. Барлық жақтар шабуылға ұшыраған келісімнің кез келген мүшесін ұжым болып қорғауға міндеттенді. НАТО елдерінің ортақ әскери күштері құрылды, америка әскерлері үшін Еуропадан базалар берілді.

Назар аударыңдар!

Қырғиқабақ соғыс жылдары НАТО Батыс елдерінің ынтымақтастығының маңызды құралы болды.

НАТО құрылуын КСРО өз қауіпсіздігіне төнген қатер деп қабылдады. 1954 жылы Берлинде өткен АҚШ, Ұлыбритания, Франция мен КСРО сыртқы істер министрлері кеңесінде кеңестік өкілдерді НАТО қорғанушы ұйым деп сендірді. Ынтымақтастыққа шақыруға жауап ретінде КСРО 1954 жылы 31 наурызда «мүдделі үкіметтермен бірге КСРО-ның Солтүстік Атлант келісіміне қатысуы туралы мәселені» қарастыру туралы ұсыныс жазылған нота жіберді. Бұл бастамаға жауап берген нотада, бұл ұйым «әскеріден де артық» және де мұндай ұсыныс «батыс мемлекеттердің қауіпсіздігі мен қорғану жүйесі тәуелді болып отырған принциптердің өзіне қарама-қайшы келеді» деген тұжырыммен қабылданбай қайтарылды. Осыған жауап ретінде Кеңес Одағы 1955



НАТО елдерінің саммиті

жылы кеңестік саясат жүргізіп отырған мемлекеттерден әскери блок – Варшава шарты ұйымын құрды.

1949–1991 жылдары НАТО стратегиясы *қорғаныс пен ұстамдылық* ұғымдарымен айқындалды. Дегенмен осы кезеңнің соңғы жиырма жылдығында диалог пен бәсеңдікке көп көңіл бөлінді, негізінен 1991 жылдан бастап қорғаныс пен ұстамдылық қағидаларын, ынтымақтастық пен қауіпсіздік ұғымдары толықтырды.

КСРО тарқағаннан кейін НАТО бірқатар еуропалық және азиялық мемлекеттермен ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойды. «Бейбітшілік үшін серіктестік». Бұл бағдарламаға қатысушылар арасында бұрынғы кеңестік республикалар: Өзірбайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Молдавия, Ресей, Тәжікстан, Түркмения, Өзбекстан, Украина болды.

2003 жылдан бастап Қазақстан аумағында үнемі НАТО мүше-елдері мен ТМД елдері (Ресейсіз) әскери контингент қатысатын халықаралық бітімгершілік оқулары өтеді. Қазақстанда НАТО стандарты бойынша «Қазбат» бітімгершілік батальоны контингентін оқыту жүріп жатыр.

Қырғиқабақ соғыс аяқталғанға дейін НАТО әскери күштері ресми түрде бірде-бір әскери операцияға қатысқан жоқ. XX ғасыр аяғы – XXI ғасыр басында НАТО әскерлері келесі шиеленістерге қатысты:

- Кувейттегі Иракқа қарсы соғыс және Ирак жеріндегі БҰҰ қамқорлығымен болған соғыс;
- Бұрынғы Югославия аумағында болған соғыс,
- Ауғанстандағы соғыс: 2001 жылдан бастап Ауғанстан жеріндегі БҰҰ ҚК резолюциясымен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің

Халықаралық күштері – НАТО қамқорлығындағы халықаралық әскери контингент;

- Ливиядағы соғыс.

КСРО мен ВШҰ (Варшава шарты ұйымы) құлағаннан кейін НАТО блогы өз жұмысын тоқтатқан жоқ, шығысқа қарай кеңейе түсті. 1999 жылы оның құрамына: Польша, Венгрия, Чехия, 2004 жылы Болгария, Латвия, Литва, Румыния, Словакия, Словения және Эстония, 2009 жылы Хорватия мен Албания, 2017 жылы Черногория кірді. Қазіргі кезде 29 ел НАТО мүшесі болып отыр. НАТО-ның барлық мүшелерінің әскери шығындары жалпы әлемдік көлемнің 70% құрайды. 2018 жылы НАТО елдері қорғаныс ісіне шамамен триллион долл. қаржы жұмсады. Осы қаржының 70% жуығы АҚШ-қа кетті.

НАТО-ның 2018 жылғы стратегиялық тұжырымдамасы бұл ұйымды «ортақ құндылықтары бар, жекебастың бостандығы ұстанымдарына, демократияға, адам құқығына және заңның үстем болуына берілген және де оның мүшелерін «дағдарыстарды реттеуге» күш салу аясында дүниежүзі бойынша осы ережелерді ұстанып, қорғауға міндеттейтін «демократиялық мемлекеттердің ерекше одағы» деп бейнелейді. Осы құжатқа сәйкес, басқа екі басымдылық белгісі, қауіпсіздік саласындағы ұжымдық қорғаныс пен ынтымақтастықты дамыту.

НАТО-ның жаңа әскери стратегиясы 2019 жылы 29 мамырда қабылданды. НАТО стратегияға қол қою «қауіпсіздіктің күрделеніп бара жатқан қауіп-қатерлеріне бейімделудің маңызды қадамы» болды деп мәлімдеді. НАТО Бас хатшысы Йенс Столтенберг өз кезегінде құжатта альянстың әскери тұжырымдамасының жекелей жаңарып отыруын талап ететін «болашақта қорғанысқа толықтай дайын болу және тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіншілік болуы қажеттігі» айтылды деп мәлімдеді.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. БҰҰ-ның қызметі туралы не білесіңдер?
2. ЕҚЫҰ қауіпсіздікті жан-жақты қарастыруының неде?
3. ЕҚЫҰ шиеліністерді шешу жолындағы әдістері қандай?
4. НАТО-ның қызметі, мақсаты туралы не білесіңдер?

В. Қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайтудағы Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ)

2001 жылы құрылған ШЫҰ 2004 жылы өзінің институционалды рәсімдеуін аяқтады. Оның үнемі тұрақты жұмыс істеп тұрған органдары Хатшылық және Өңірлік лаңкестікке қарсы құрылым (ӨЛҚҚ) ресми түрде жұмысын бастады. ШЫҰ қауіпсіздік салаларындағы күрделі мәселелерді шешуге қабілетті және өңірлік тұрақтылықтың ірі факторы ретінде көрінетін дамыған халықаралық институтқа айналды.

Халықаралық қауіпсіздік жүйесіндегі ШЫҰ алатын орны. ШЫҰ қызметіндегі негізгі басымдылық жаңа қатерлерге қарсы бірлесіп күресу болып табылады. ШЫҰ пайда болуының өзі көпшілігінде Ауғанстан аумағынан шығатын қатерлерге қарсы әрекет етуде күш біріктіру қажеттілігінен туындады. Осыған байланысты құрылтайшы-мемлекеттердің басшылары 2001 жылы Шанхайдағы кездесуде лаңкестікпен, экстремизм және сепаратизм күресу туралы Конвенцияға, ал Санкт-Петербург саммитінде ӨЛҚҚ (РАТС) туралы Келісімге қол қойды.

Жаңа кезеңнің қауіп-қатерлеріне қарсы күресте ынтымақтастыққа ШЫҰ мүше-елдерінің қорғаныс мекемелері қосылды. Осылайша, 2003 жылы Қазақстан мен Қытай аумақтарында ШЫҰ мүше елдері қарулы күштерінің бірлескен лаңкестікке қарсы оқу-жаттығулары өтті. Құқық қорғау органдары мен мүше-елдердің арнайы қызметтерінің басшыларын біріктірген «Бішкек тобы» жұмыс істеп тұр, қауіпсіздік кеңесі хатшыларының кездесуін өткізу тетігі іске қосылды.

Мұнымен бірге ШЫҰ әскери блок немесе қорғаныс альянсы белгілері жоқ. ШЫҰ Хартиясы қандай да бір біріккен әскери құрылымдар немесе ұлт үстінен қарайтын командалық құрылымдарды құруды қарастырмаған. ӨЛҚҚ (РАТС) жеке күштеу контингенттері жоқ. Ол ШЫҰ мүше-мемлекеттері құзырлы мекемелерін ақпараттық-сараптамалық жағынан қамтамасыз ету және үйлестіру тетігі болып отыр. ШЫҰ өзінің ұйымдастырушылық құрылу кезеңінде халықаралық аренада өзін танытты. Ол өңірлік ұйымдардың арасынан бірінші болып 2001 жылы 11 қыркүйектегі лаңкестік актілерге жауап қайтарды – 14 қыркүйекте ШЫҰ мүше-елдері басшылары арнайы мәлімдеме жасады. 2002 жылы ШЫҰ мемлекеттерінің сыртқы істер министрлігі Пекинде кезектен тыс жиналыс өткізіп, лаңкестікке қарсы күрес ұйымын өңірлік және жаһандық деңгейде көру жөнінде Бірлескен Мәлімдеме жасады.

ШЫҰ БҰҰ ҚҚ лаңкестікке қарсы комитетінің жұмысына кірісті. 2003 жылы БҰҰ мен өңірлік ұйымдар кездесуінде, ЕҚЫҰ серіктестерімен кездесуінде, лаңкестік мәселелері бойынша жиында, Америка мемлекеттері ұйымдарының Форумында, ЕҚЫҰ семинарында

таныстырылды. 2004 жылы 2 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы ШЫҰ бақылаушы мәртебесіне ұсыну туралы резолюцияны қолдады.

ШЫҰ адамзат алдында тұрған ортақ мәселелерді шешуде күштеусіз немесе географиялық белгілері бойынша бөлмей, барлық қатысушылардың мүдделері мен пікірлерін теңдей жағдайда ескеретін жан-жақты, бірлескен амалдарға негізделген халықаралық қатынастардың демократиялық, әділетті архитектурасын құруда кеңінен халықаралық ынтымақтастық жасау үшін ашылған. Мұндай әдіс өңірлік және жаһандық деңгейде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаңа парадигмасына толықтай жауап береді.

Г. Азиядағы өзара сенімділік шаралары кеңесі (АӨСПК)

Азия үшін қауіпсіздік мәселелері көптеген шиеленістер мен өзара сенімсіздікке байланысты өте маңызды. Ядролық қаруды жетілдіру мен тарату үлкен алаңдатушылық туғызып отыр. Заңсыз иммиграция, діни және этникалық төзбеушілік, халықаралық лаңкестік және есірткі сауда мәселелері өткір болып отыр. Азиядағы геосаяси және геоэкономикалық үрдістердің жедел дамуы өңір елдері алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Оны шешу бірігіп күш салуды талап етеді.

Назар аударыңдар!

Дамудың заманауи қарқыны Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық мәселелерін жан-жақты қарастыру сенімділік шараларын талап етеді.

Биополярлық жүйе құлағаннан кейінгі күш балансының өзгеруі, жаңа елдер мен саяси өңірдің – Орталық Азия, сондай-ақ, жалғасын тауып отырған өңірлік және жергілікті шиеленістердің пайда болуына байланысты дәстүрлі емес қауіп-қатерлердің күшеюі арнайы форум шақыру қажеттілігін туындатты, ол *Азиядағы Өзара Сенімділік Шаралары Кеңесі (АӨСПК)* болды.

АӨСПК шақыру идеясы 1992 жылы 5 қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 47 сессиясында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен болды. Бұл бастаманың себебі Азиядағы қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз етудің тиімді құрылымын жасауға ұмтылу болды. Әлемнің басқа өңірлеріне қарағанда, осы кезеңде Азияда мұндай құрылым болған жоқ, ал бұдан бұрын оны құруға жасалған талпыныстар сәтсіз аяқталды. Бастаманың мәні превентивті дипломатияның тиімді тетігін құруға ұмтылысты жаңартуға, талас-тартыстарды бейбіт жолмен реттеу және өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылық саласын нығайтуда ынтымақтастықта болуды көздеді. Аталған бастама азиялық мемлекеттер жағынан

қолдау тауып, Азияда қауіпсіздік саласында ынтымақтастықтың жаңа түрін қалыптастыруға жол салды. Қазақстан - форум бастамашысы – 1992–1999 жылдар арасында барлық мүдделі мемлекеттер қатысқан бірқатар іс-шаралар өткізді. Бұл кездесулер мақсаттар мен міндеттерді анықтады, сондай-ақ Кеңес жұмысының әрі қарай жүргізілу тетігін қарастыратын базалық құжаттар жасауға мүмкіндік берді.

Назар аударындар!

АӨСШК Азияда тұрақтылық пен қауіпсіздікті, бейбітшілікті сақтауға бағытталған ынтымақтастықты нығайту бойынша халықаралық форум болып табылады. Мүше-мемлекеттер БҰҰ Жарғысына бағынатынын анықтай отырып, Азиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздікке ынтымақтастық пен сұхбат арқылы қол жеткізуге болады деп санайды.

АӨСШК мүшесі болу үшін мемлекет аумағының Азияда ең болмағанда бір бөлігі болуы тиіс. 1999 жылы алғашқы кездесуде осы критерий үшін жауап беретін 15 мемлекеттің министрлері АӨСШК мүше-мемлекеттер арасында қарым-қатынасты реттеуші ұстанымдар Декларациясына қол қойып, АӨСШК негізін қалаушы мемлекеттер болды.

АӨСШК мүше-мемлекеттері өз қатынастарында жетекшілікке алуға міндеттенген негізгі ұстанымдары:

- 1) суверенитетке төн: суверенді теңдік пен құқыққа құрмет;
- 2) күш қолданбау немесе күшпен қорқытпау;
- 3) мүше-мемлекеттердің аумақтық тұтастығы;
- 4) жанжалдарды бейбіт жолмен реттеу;
- 5) ішкі істеріне араласпау;
- 5) қарусыздану және қарулануды бақылауға алу;
- 6) экономикалық, әлеуметтік және мәдени ынтымақтастық;
- 7) адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын сақтау.

Осылайша, алғаш рет өңірде тұрақтылықты сақтауды қамтамасыз ететін шаралары мен тетіктері, нақты әрекеттері бар азиялық қауіпсіздік жүйесінің негізі қаланды. Декларация өңірлік азиялық ерекшелігін және өңірдегі мемлекеттердің сан алуандығын ескерді. 2002 жылы 4 тамызда өткен АӨСШК бірінші саммиті барысында мемлекет және үкімет басшылары оның жұмысының тиімділігін арттыру үшін қажетті құрылым мен институттар беру туралы шешім қабылдады. АӨСШК Жарғысы – Алматы актысы қабылданды. АӨСШК шешімдерін қабылдайтын Жоғарғы орган – АӨСШК мемлекет басшылары мен үкіметтерінің кездесуі – саммит болатын болды. АӨСШК Саммиті Кеңестер өткізу, АӨСШК қызметіне шолу жасау және оның басым бағыттарын анықтау үшін әрбір төрт жылда шақырылады.

Сыртқы істер министрлерінің кездесуі әрбір екі жылда өткізіліп, АӨСШК қызметіне байланысты барлық мәселелерді қарастыру және

кеңес берудің орталық форумы болып табылады. Жоғары лауазымды тұлғалар Комитеті АӨСШК алдыңғы қабылданған шешімдерінің орындалуын бақылау, ағымдағы мәселелер бойынша кеңес беру, арнайы жұмысшы топтарының жұмысын бақылауға алу, басқа кездесулердің жұмысын үйлестіру үшін кем дегенде жылына бір рет өткізіледі.

Арнайы жұмысшы топтар нақты мәселелерді қарастырады, оларға тапсырылған міндеттерді орындайды және Жоғары лауазымды тұлғаларға есеп береді.

Назар аударыңдар!

Ұстанымдар Декларациясы мен Алматы актысы құқықтық үстемдігі ұстанымдарына, мүше-мемлекеттердің ішкі ісіне араласпауға, экономикалық әлеуметтік және мәдени өзара байланысқа негізделген саясат жүргізетін ұйым қызметінің негізін құрайтын құжат болды.

Есте сақтаңдар

Азиядағы бейбітшілік, қауіпсіздік және тұрақтылықты ілгерілетуге бағытталған жан-жақты амалдар жүргізу арқылы ынтымақтастықты кеңейту АӨСШК негізгі мақсаты деп мәлімдеді.

Сыртқы істер министрлерінің екінші кездесуі 2004 жылы 22 қазанда өтті. Оның нәтижесінде Сенімділік Шаралары каталогы, АӨСШК-ның Екінші Министрлер Кездесуінің Декларациясы мен Іс жүргізу Ережелері қабылданды.

Сенімділік Шаралары каталогының қабылдануымен Азия тарихында алғашқы рет қауіпсіздік пен тұрақтылық мәселелері бойынша мемлекеттердің жан-жақты ынтымақтастығын қарастыратын құжат пайда болды. Азияның сантүрлілігі Каталогта қарастырылған 5 негізгі мөлшер бойынша (өскери-саяси, жаңа қауіп-қатерлермен күрес, экономикалық, экологиялық, гуманитарлық) бөлінген және де бірідділікпен, еркіндікке негізделген сенімділік шараларының маңыздылығын атап көрсетеді.

Есте сақтаңдар

АӨСШК сенім шаралары – өңірдегі қарулану мен қарусыздануға бақылау жүргізу туралы келісімдерді орындау мен дау-дамайларды бейбіт жолмен реттеу, сонымен қатар олар бір-бірін толықтырады және ерекше жағдайларға байланысты өзара келісім бойынша мүдделі мемлекеттер де бір кезде қолдана алады.

Декларацияда АӨСШК мүше-мемлекеттерінің өңірлер мен әлемдегі түйінді мәселелер бойынша ұстанымдары мен біртекті көзқарастары көрсетілген. Делегация басшылары ретке келтірілмеген мәселелерді шешуге біркелкі амалдар қажеттілігін, Каталогта бекітілген сенімділік шараларын жүзеге асыруда өрі қарай өзара байланыста болуды атап көрсетті.

2006 жылы 17 маусымда жұмыс барысында Саммиттің II Декларациясы қабылданған форумның екінші саммиті өтті. Онда мүше-мемлекеттердің Азияда және тұтастай алғанда бүкіл әлемде қауіпсіздік және ынтымақтастықтың түйінді мәселелері, мүше-мемлекеттердің шешуін таппаған мәселелерді жеңуді жан-жақты қарастыруы, 2004 жылы Сенімділік шаралары Кatalогына кіретін АӨСПК сенімділік шараларын жүзеге асырудың және де үрдісті әрі қарай жалғастырудың қажеттілігі туралы мәлімдеді. Дәл осы күні Алматыда АӨСПК Хатшылығы ашылды. АӨСПК аясындағы сенімділік шараларын жүзеге асыру үрдісі жаңа қауіп-қатерлер (лаңкестік, шегаралық бақылауды басқару, адам саудасы және трансұлттық қылмыс); көлік дәлздерінің қауіпсіз және тиімді дамуы; нашақорлықпен күрес аясында дамиды. Жаңа қауіп-қатерлер және заңсыз нашақор айналымымен күрес саласында жоспарлар мен тұжырымдар қабылданды.

АӨСПК жұмысын тақырыптық жағынан қамту кеңейтілді. Саммиттер мен сыртқы істер министрлерінің кездесуінен басқа Үкіметтік емес Форум, ұлттық-мәдени орталықтардың Азаматтық форумы, Іскерлік және Жастар кеңестері шақырылады. Бүгінгі күні АӨСПК-не 27 мүше-мемлекет, 8 ел және 5 халықаралық ұйымдар, оның ішінде БҰҰ бақылаушылар мәртебесіне ие.

Е. Ұжымдық қауіпсіздік Шарты Ұйымы (ҰҚШҰ)

Қазіргі кезде ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды үйлестіру мен өзара әрекеттестіктің маңызды құралдарының бірі Ұжымдық қауіпсіздік келісімі (ҰҚШҰ) болып табылады.

ҰҚШҰ – халықаралық аймақтық ұйым, ол өз *мақсаттарын* «бейбітшілікті, халықаралық және аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту, ұжымдық негізде қатысушы мемлекеттердің тәуелсіздігін, аумақтық біртұтастығы мен егемендігін қорғау, қатысушы мемлекеттер оларға қол жеткізуде саяси құралдарға басымдық береді» деп жариялады.

ҰҚШҰ назарында әскери қауіп-қатерлерден бөлек мыналар да іліккен:

- халықаралық терроризмге, есірткі бизнесіне, астыртын көші-қон, трансұлттық ұйымдасқан қылмыскерлікке қарсы іс-әрекеттер мәселелері,

- төтенше жағдайларға, гуманитарлық апаттарға ұжымдық ден қою, ақпараттық саладағы қауіп-қатерлердің кең ауқымы мен кибер қылмыскерлікпен күрес.

ҰҚШҰ негізі Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан мен Өзбекстан басшыларының 1992 жылы 15 мамырда Ұжымдық

қауіпсіздік туралы Шартқа (ҰҚШ) қол қоюымен қаланды. 1993 жылы ҰҚШ-на Өзірбайжан, Грузия, Беларусь қосылды.

Есте сақтаңдар

2002 жылы ҰҚШ сессиясында ҰҚШ-н толыққанды халықаралық ұйым — ҰҚШҰ етіп қайта құру туралы шешім қабылданды, оның міндеті шартқа қатысушы елдердің аумақтық-экономикалық кеңістігін армиялар мен көмекші бөлімшелерінің бірлескен күш-жігерлерімен сыртқы әскери-саяси агрессорлардан, халықаралық террористерден, сондай-ақ ірі көлемді табиғи апаттардан қорғау болып табылады.

ҰҚШҰ құру туралы шарттың *негізгі ережесі* 4-бап болып табылады, оған сәйкес: *«Егер қатысушы мемлекеттердің бірі қандай да бір мемлекеттің немесе мемлекеттер тобының тарапынан агрессияға ұшыраса, онда бұл осы Шартқа қатысушы мемлекеттердің барлығына қарсы агрессия ретінде қарастырылатын болады.»*

Қатысушы мемлекеттердің кез келгеніне қарсы агрессия жасалған жағдайда барлық қалған қатысушы мемлекеттер оған әскери көмекті қосқанда, қажетті көмек береді, сондай-ақ БҰҰ Жарғысының 51 бабына сәйкес ұжымдық қорғанысқа құқықты жүзеге асыру тәртібімен өз қарамағындағы құралдармен қолдау көрсетеді.»

Шартпен қатысушы мемлекеттер бірнешеуінің немесе біреуінің қауіпсіздігіне, аумақтық біртұтастығы мен егемендігіне, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатер төнген жағдайда *консультациялар* механизмі белгіленген, сондай-ақ қатысушы мемлекеттер арасындағы ұжымдық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың жекелеген мәселелерін реттейтін *қосымша келісімдер жасау* қарастырылған.

ҰҚШҰ құрылымы:

- Ұйымның жоғары органы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі (ҰҚК) болып табылады. Оған қатысушы мемлекеттердің басшылары кіреді. Кеңес Ұйым қызметінің қағидаттық мәселелерін қарастырады және оның мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған шешімдер қабылдайды, сондай-ақ қатысушы мемлекеттердің бұл мақсаттарды іске асыруға арналған бірлескен қызметін және оны үйлестіруді қамтамасыз етеді.
- *Сыртқы істер министрлерінің кеңесі* — Ұйымның мүше мемлекеттердің сыртқы саясат саласындағы өзара әрекеттестігін үйлестіру мәселелері бойынша консультативтік-кеңесші және атқарушы органы.
- *Қорғаныс министрлерінің кеңесі* — Ұйымның мүше мемлекеттердің әскери саясат, әскери құрылыс пен әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы өзара әрекеттестігін үйлестіру мәселелері бойынша консультативтік-кеңесші және атқарушы органы.

- **Қауіпсіздік кеңестері хатшыларының комитеті (ҚКХК)** — Ұйымның мүше мемлекеттердің өз ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өзара әрекеттестігін үйлестіру мәселелері бойынша консультативтік-кеңесші және атқарушы органы.
- **ҰҚШҰ Тұрақты кеңесі** — мүше мемлекеттердің ҰҚК сессияларының арасындағы кезеңде Ұйым органдары қабылдайтын шешімдерді іске асырудағы өзара әрекеттестігін үйлестіру мәселелерімен айналысатын орган.
- **Ұйымның Бас хатшысы** Ұйымның жоғары әкімшілік лауазымы болып табылады және Ұйым Хатшылығына басшылық жасауды жүзеге асырады. ҰҚК шешімімен мүше мемлекеттер азаматтарынан тағайындалады және Кеңеске есеп береді.
- **Ұйым Хатшылығы** — Ұйым органдарын ұйымдастыру, ақпараттық, талдау және консультативтік-кеңесші қызметін жүзеге асыруға арналған, тұрақты жұмыс істейтін жұмысшы органы.
- **ҰҚШҰ біріккен штабы** — Ұйымның тұрақты жұмыс істейтін жұмысшы органы, ол ҰҚШҰ әскери құрамдастары бойынша ұсыныстар дайындау, ҰҚШҰ органдарының әскери ынтымақтастық мәселелері бойынша шешімдерін іс-тәжірибелік іске асыруын ұйымдастыру мен үйлестіру үшін жауап береді.

Назар аударындар!

ҰҚШҰ қызметінің негізгі бағыттары әскери және әскери-техникалық (әскери-экономикалық) ынтымақтастық болып табылады.

Қатысушылар халықаралық терроризм және экстремизммен, есірткілік заттар мен психотропты заттардың, қару-жарақтың заңсыз айналысымен, ұйымдасқан трансұлттық қылмыскерлікпен, астыртын көші-қонмен және Ұйымға мүше мемлекеттердің қауіпсіздігіне төнген басқа да қауіп-қатерлермен күресте өз күш-жігерлерін біріктіреді және үйлестіреді.

ҰҚШҰ шеңберінде *ұжымдық қауіпсіздік жүйесі* қалыптасқан, ол бейбітшілік қорғау күштерін, құқық қорғау органдарының және арнаулы қызметтердің, сондай-ақ ТЖМ органдарының арнайы тағайындалған бөлімшелерін коалициялық және аймақтық топтастыруды қамтиды. Көрсетілген бөлімшелердің жауынгерлік дайындығын дамыту мен жетілдіру, сондай-ақ жауынгерлік жолға қою тетіктерін пысықтау мақсатында жоспарлы негізде бірлескен оқу-жаттығулар өткізіледі.

2003 жылдан бастап, ҰҚШҰ-на мүше мемлекеттердің аумағында халықаралық есірткіге қарсы кешенді операция (2008 жылдан бастап тұрақты әрекет ететін болып қайта құрылды) жүргізілуде.

2009 жылы ҰҚШҰ елдерінің көшбасшылары **Жедел ден қоюдың ұжымдық күштерін (ЖДҰК)** құруды мақұлдады. ЖДҰК әскери агрессияны тойтару, халықаралық терроризммен және экстремизммен, трансұлттық ұйымдасқан қылмыскерлікпен, есірткі тасу жолымен күрес бойынша арнаулы операциялар жүргізу үшін, сондай-ақ төтенше жағдайлардың салдардарын жою үшін пайдаланылатын болады.

2014 жылы ҰҚШҰ-ның компьютерлік оқыс оқиғаларға ден қою мәселелері бойынша кеңес беру және үйлестіру орталығы құрылды.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. АӨСПК құру туралы бастаманы кім және не үшін көтерді?
2. АӨСПК мүше-мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты реттеп отыратын ұстанымдарды атаңдар.
3. АӨСПК басты мақсаты неде?
4. Сенімділік шаралары Каталогы және оны жүзеге асыру үрдістері туралы айтыңдар.
5. ШЫҰ-ның халықаралық қауіпсіздік жүйесіндегі орнын анықтаңдар.
6. ҰҚШҰ мақсаттары мен міндеттерін атаңдар.
7. ҰҚШҰ құрылымы қандай?
8. ҰҚШҰ қызметінің негізгі бағыттарын санамалаңдар.
9. ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздік жүйесі нені қамтиды?

II БӨЛІМ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ


Бұл саяси – құқықтық процестер бөлімін оқыту барысында:

- құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның пайда болуы мен қалыптасу жолдарының тарихи алғышарттары баяндалады;
- мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесін дамытудың қазіргі заманғы үрдістері байқалады;
- азаматтық қоғамды қалыптастыру мен дамытуда үкіметтік емес ұйымдардың атқаратын қызметтері мен рөлдері көрсетілді;
- халықаралық қатынастардағы биполярлық жүйенің жойылу процестері баяндалып, себептері түсіндірілді;
- халықаралық қатынастардағы жаңа жүйенің қалыптасу барысы көрсетіліп, сарапталды;
- халықаралық қатынастардағы заманауи даму тенденциялары ашылды;
- халықаралық қауіпсіздікке төнетін жаңа қауіп-қатерлер баяндалды;
- ғаламдағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға әлемдік қауымдастық ұсынған шарттар қарастырылды.



БӨЛІМ

**ҚОҒАМДЫҚ-
САЯСИ ОЙДЫҢ
ДАМУЫ**



ЖАҢА ЗАМАН ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ОЙДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ



§ 27–29. ЖАҢА ЗАМАН ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ОЙДЫҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

А. Ағартушылық дәуірінің идеялары

Ағартушылық – XVII–XVIII ғасырлардың соңындағы Еуропа мен Америкадағы идеялық және қоғамдық қозғалыстар. Ол ақыл-ойды барлық тіршіліктің негізі ретінде сипаттайды. Ағартушылық бағыттың өкілдері табиғатта ақыл-ой бар деп сенді және барлық адамзаттық қоғамды жаратылыстану мен парасат принциптері негізінде қалыптастыруға ұмтылды. Ағартушылар өздерінің идеялары мен мақсаттары арқылы бостандыққа, молшылыққа, бақытқа, бейбітшілікке және төзімділікке үндеді. Ағартушылар өсіресе әлеуметтік прогреске – адамзаттың білім және адамгершілік тәрбие алу арқылы біртіндеп жетілу заңына ерекше мән берді.

Өр елде ағартушылықтың өзіне тән ерекшелігі болды.

Ағылшын ағартушыларының ішінде Д. Локктың алар орны ерекше, ол адамның өмірге, бостандыққа және меншікке деген мәңгілік қажеттілік принциптерінің құқығын қалыптастырды. Д. Локк феодалдық патриархалдық көзқарастағы корольдың шексіз, құдайдың құдіретіндей билікке ие болуын жоққа шығарды және конституциялық монархия теориясын қалыптастырды. Локктың пікірінше, тек қоғамдық келісім жолы арқылы құрылған мемлекет қана адамдарға өзінің нағыз құқықтарын кедергісіз пайдаға асыруға мүмкіндік береді.


Локк билікті бөлу теориясын қалыптастырды, ол мемлекеттегі билік тармақтарын заң шығарушы, атқарушы (сот билігі де қосылады)

Бүгінгі сабақта:

- қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын бағалаймыз;
- XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттейміз.

Кілт сөздер:

табиғи құқық, билікті бөлісу, келісім, тәуелсіздік, құқықтық мемлекет, либерализм, ұлтшылдық, позитивизм, марксизм, социал-демократия, прагматизм, экзистенциализм



Ж.Ж. Руссо



Д. Локк



М. Вольтер

және федеративті (басқа мемлекеттермен байланыс орнататын) деп бөлді. Ол заң шығарушы билікті тек атқарушы және федералдық биліктен жоғары қойды, бірақ халықтың билігінен жоғары қойған жоқ. Локктың пікірінше, тәуелсіздік халыққа тиесілі ері оның наразылыққа шығуға да құқы бар.

Локктың билік тармақтарын жіктеу теориясын бұдан кейін француз ойшылы Ш.Л. Монтескье одан ері жетілдірді.

Франциядағы ағартушылық дәуірі М.Ф.Вольтер, Ш.Л.Монтескье, Ж.Ж.Руссо секілді атақты ойшылдар шоғырын қалыптастырды.

Локктан кейін Вольтер әрбір адамның табиғи құқығы болатынын мойындады және оған теңдікті қосты.

Қоғамдық ойдың дамуына, Вольтер ұсынған ағартушылық абсолютизмнің тұжырымы үлкен маңыз берді. Ол ағартушылықты қолдайтын корольдың қалауымен қоғам ақыл-парасаттың қалыптасуына жылдам жетуі мүмкін деп санады.

Ш.Л.Монтескьенің идеясы заң шығарушылар мен саясаткерлердің тұтас бір буынына ықпал етті. Монтескьенің пікірінше, адамның бостандығы мемлекеттік билікке тәуелді. Алайда билікті адамдар жүзеге асырады, «билікке ие болған барлық адамдардың оны шексіз пайдалануға бейім» екені сан ғасырлардан бергі тәжірибелерден белгілі. Осындай жағдайларды болдырмау үшін билікті түрлі органдар арасына бөлу қажет. Монтескье билікті заң шығарушы, атқарушы және шексіз билікке балама ретінде сот билігі деп бөліп, билікті бөлу теориясын қалыптастырды. Бұл теория әлі күнге дейін көптеген мемлекеттердің конституциясының басты негізі болып саналады.

Ж.Ж.Руссо адамгершілік қоғамдық және мемлекеттік өмірмен тікелей байланысты деп санады.

Ол жекеменшікке және одан туындайтын қоғамдық теңсіздіктерге қарсы болды. Руссо қоғамның игілігі жекетұлғалардың мүддесінен артық екендігін айтты және көтеріліс пен қатыгез билеушілердің көзін жою керек деп есептеді.

Руссо жекетұлғаның еркіндігі мен теңдігін қамтамасыз ететін, адамдардың табиғи сипатынан көрініс беретін мемлекет қалыптастыруды ұсынды. Мұндай мемлекет қоғамдық келісім негізінде қалыптасуы

керек, яғни мемлекеттегі жоғарғы биліктің иесі халық болуы тиіс.

Руссо республиканың негізін қалаушы басты принцип болып саналатын – халықтың бостандығы қағидасын қолдады. Халық еркіндігі белгілерін *бір тұтастық, бөлінбеушілік, қателеспеушілік, шексіздік* деп көрсетті.

Руссоның идеяларының маңызы да айрықша болды. Осы идеялардың әсерінен референдум, бұқаралық заңның үстемдігі секілді демократиялық институттар пайда болды және халықтық вето, депутаттық өкілдікті мерзімінен бұрын тоқтату, міндетті мандат, сайлаушылардың депутатты кері шақырып алуы секілді саяси талаптар қалыптасты.

Ағартушылық дәуір көзқарастарын классикалық неміс философиясының негізін қалаушы И. Кант одан әрі өркендетті. Оның құқықтық және саяси көзқарасының қалыптасуына Ш.Л.Монтескье мен Ж.Ж.Руссоның идеялары айрықша ықпал етті. Мемлекет қалыптасуының келісімді теориясын қолдайтын Кант құқықтық мемлекет идеалын ұсынды. Канттың пікірінше, мемлекеттің мақсаты – өркім өзінше түсінетін жеке бір адамның бақытына да емес, құқық принциптеріне негізделген мемлекеттік құрылымға мүмкіндігінше сай болу болып табылады. Осылайша мемлекет адам еркіндігінің барлық өзге адамдар еркіндігімен үйлесуіне мүмкіндік жасайтын құқықтық тәртіппен қамтамасыз етуі тиіс

Кант мемлекеттік басқару формасының бөлінісі туралы өзінің жіктеуін қалыптастырды (8-кесте).

8-кесте

Басқару формасының жіктелуі

Жіктелудің өлшемдері				
Билікті бөлу		Басқарушылар саны		
Заң шығарушы және атқарушы билік				
Бөлінген	Бөлінбеген	Дара	Бірнеше	Барлығы
Басқару формасы				
Республика	Деспотия	Автократия	Аристократия	Демократия

Канттың пікірінше, басқарудың ең жетілген түрі – республикалық басқару, себебі ол бұл бағытты билікті бөліскен конституциялық



Ш.Л.Монтескье



И. Кант

монархия деп санады. Кант идеалға апарар жол төңкеріс арқылы емес, тек жоғарыдан болатын реформа арқылы жүзеге асуы тиіс деп атап өтті.

Есте сақтаңдар!

Ағартушылық идеясы батыстың саяси және құқықтық мәдениетінің қалыптасуына айрықша ықпал етті.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Ағартушылық бағыт өкілдерінің барлығы қандай идеяға біріктірілді?
2. Қоғамдық-саяси дамудың принциптері мен теорияларын жасаған – ...
 - а) Д. Локк,
 - ә) М.Ф. Вольтер,
 - б) Ш.Л. Монтескье,
 - в) Ж. Ж. Руссо,
 - г) И. Кант.

Ө. XVIII–XX ғасырлардағы қоғамдық-саяси ойлардың негізгі бағыттары

Либерализм. *Либерализм* (лат. liberalis – еркін) – бұл әлеуметтік философия, идеологиялық ағым және саяси қозғалыс. Ол XVII–XVIII ғасырларда *буржуазия мен интеллигенцияның* абсолюттік құқыққа қарсылық танытып, адам бостандығы үшін күресі нәтижесінде өркениеттің негізін қалыптастырушы құндылық ретінде санала бастады.

Либерализм жекетілгеннің құқығы мен бостандығы халық еркіндігі, индивидуализм, саяси жүйенің ұстанымдары мен институттары (парламентаризм, билікті бөлу, құқықтық мемлекет) секілді идеялар мен теориялардың қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Либерализм идеясы Солтүстік Америкадағы 1776 жылы бостандықтарын алған елдердің тәуелсіздік декларациясынан, 1778 жылы қабылданған АҚШ Конституциясынан, 1789 жылы бекітілген адам мен азаматтар құқығы туралы француз декларациясынан көрініс тапты. Бұл идеялар капиталистік қоғамның, нарықтық экономиканың және саяси демократияның қалыптасуында шешуші маңызды рөл атқарды.

XIX ғасырда либерализмнің әлеуметтік негізін *орта таптың өкілдері қалыптастырды*. Англияда Г. Спенсер, Д. Милль, И. Бентам, Францияда Б. Констан, А. Токвиль, Ф. Гизо, ал Германияда В. Гумбольд секілді ғалымдар либералдық дәстүрдің қалыптасуына өз үлестерін қосты.

Еске түсіріңдер!

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы либерализмнің дамуы.

Классикалық либералдық доктринаның негізгі ережелері мынадай идеяларды қалыптастырады:

- индивидуализм принциптері: жекелеген тұлғалар барлық қоғамның құндылықтары болып табылады, олар бостандыққа және жекеменшік иеленуге құқылы;

- бостандық, оның ішінде, экономикалық (сауда-саттық, айырбас, бәсекелестік);

- мемлекеттің міндеті шектеулі болуы тиіс: олар сыртқы қауіптерден шегараны қорғау, елдің ішіндегі әлеуметтік тәртіпке жауапты болу, жекеменшікті қорғау;

- билікті үш тармаққа бөлу (заң шығарушы, атқарушы және сот істері), парламентаризмді және демократиялық үрдістерді дамыту.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында, еркін капитализмнің орнын империализм алмастырған кезеңде көптеген экономистер мен әлеуметтанушылар, саясаттанушылар және саяси қайраткерлер өз бағдарламалық реформаларын ұсынды, олар монополистердің өктемдігіне қарсылық білдіріп, еңбекшілер мен халықтың кедей топтарының әлеуметтік тұрмысын көтеруді ұсынды. Ағылшын саясаткерлері Дж.Гобсон, Т.Грин, Л.Хобхауз, неміс экономистері В.Репке, В.Ойкен, итальяндық ғалым Б.Кроч, АҚШ-та Л.Уорд, Дж.Кроули, Ч. Бирдтардың ұсыныстарының өзіндік ерекшелігі болды. Олар либерализмнің жаңа принциптерін қалыптастырды, ол **жаңа либерализм немесе әлеуметтік либерализм** деп аталды.

Олардың ілімдерінде еркін нарық пен еркін бәсекелестік идеялары қарастырылды. Либерализмге тән саналатын индивидуализмде ұжымдасудың артықшылықтары және мемлекеттің қоғам өміріндегі маңызы айрықша аталды. Экономика саласында мемлекеттік бақылауды арттыру идеясы қалыптасты, бұл адам құқығы мен бостандығын қорғау мақсатын көздеді. **«Мемлекеттік әл-ауқат»** тұжырымдамасы ұсынылды, онда тұрмысы нашар халықтың, жұмыссыздар мен науқастар және мүгедектердің мәселесін шешу, зейнетақы мен егде жастағыларға берілетін көмектер, кәсіпкерлер мен жұмысшылар арасында туындаған дауларды реттеуге мемлекеттің араласуы, білім, денсаулық салаларын қолдау мен баспана мәселесі секілді әлеуметтік бағыттар түгел қамтылды. Бұл шараларды «жаңа либерализм» бағытының идеологтері қарастырды, мұндағы басты мақсат әлеуметтік жанжалдардың оң шешімін тауып, төңкеріске жеткізбеу болды. Бұл идеялар XX ғасырдың алғашқы кезеңінде жетекші капиталистік елдер жүзеге асырған реформалардың негізі болды.

«Жаңа либерализмнің» ең маңызды бағыттарына ағылшын экономисі Д.М. Кейнстің идеялары мен ұстанымдары басты негіз болды. Оның ілімі бойынша, либерализм үшін дәстүрлі саналатын индивидуализм, еркін бәсекелестік және еркін нарықтық принциптерін *экономика мен әлеуметтік салаларға мемлекеттік бақылау орнату ұстанымдарымен толықтыру* ұсынылды. Мемлекет өзінің барлық азаматтарын қажетті материалдық игіліктермен қамтамасыз етуге міндетті.

Кейнстің теориясына сай, мемлекет материалдық игіліктерді еңбекшілер мен тұрмысы төмен топтарға қайтадан бөліп беруі тиіс. Оның тұжырымынша, экономиканың дамуы халықтың сатып алу мүмкіндігіне байланысты қалыптасады. Кейнс жұмысшылардың жалақыларын көтеруге және жұмыс істеуге мүмкіндіктері жоқ – зейнеткерлер, балалы әйелдерге, мүгедектер және жұмыссыздарға жәрдем беруді қолдады. Ол мемлекеттің экономика саласына бақылау орнатуын, әсіресе ірі монополистердің қызметтерін реттеуді қажетті қадам деп санады.

Жаңа либерализм қоғамдық-саяси ой-пікірдің маңызды реформалық ағымы болып қалыптасқан кезең 1929–1933 жылдардағы дағдарысқа тұспа-тұс келеді. Дағдарысты еңсеру барысында мемлекеттің қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріне араласу қажеттілігі туындады. XX ғасырдың соңында либерализмнің құндылықтары әлемдік өркениет құндылықтарының негізіне айналды.

Есте сақтаңдар!

Бүгінгі таңда либерализм әлемдік қауымдастықтағы ең маңызды идеологиясының біріне айналған. Ондағы жекебас бостандығы, сөз бостандығы, адамның толық құқығы, діни төзімділік, жеке өмір мен жекеменшігіне қолсұғылмаушылық, еркін нарық, теңдік, құқықтық мемлекет, халық билігі, халықтың өз тағдырын өзі шешуі секілді тұжырымы кең таралған.

Ұлтшылдық¹:

– ұлттық артықшылық пен даралық идеясына негізделген идеология, оның басты ұстанымы болып ұлттың² құндылық тезисі саналады, ол қоғамдық бірліктің ең жоғарғы формасы ретінде танылған;

– этникалық аумақтық шегаралары бар мемлекет құру қозғалысы. *Ұлтшылдық XVIII ғасырда жаңа уақыттың қажеттілігі*

¹ Бұл терминді XIX ғасырда философ Гердер және аббат Баррюэлем қолданысқа енгізді

² Ұлт – жаңа және жаңаша уақытта қалыптасқан, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-саяси және рухани қауымдастық. Ұлт – адамдардың тіліне, тегіне, дініне және этникалық шығу тегіне қарамастан, индустриалдық мемлекеттегі барлық азаматтарды өзара ортақ мақсаттарға біріктіреді.

ретінде қалыптасты. Тарихқа көз салсақ, адамдар ғасырлар бойы туған жерінде ғана тіршілік кешіп, жергілікті билікті ғана мойындап келді. Алайда жаңа уақытқа дейін саяси және мәдени құбылыстар ұлттық сипатта емес, жан-жақты бағытта дамыды. XVIII ғасырдың соңында АҚШ пен Франциядағы ұлтшылдық, негізінен, азаматтық басымдылықта болды, өйткені мемлекеттің өкілдігі оның азаматтарының саяси шешімдерге белсенді қатысуымен анықталады. Өйткені бұндай шараларда мемлекеттің «ұлтқа еркіндікті» қаншалықты беретін деңгейі көрінеді деп саналды.

Адамның қандай ұлтқа жататыны оның азаматтығы болып саналды. Орталық және Шығыс Еуропаның көптеген елдерінде ұлтшылдық француз отаршылдарына қарсы қозғалыстар әсерінен туындап, этникалық сипат алды.

XIX ғасырдың басында ұлтшылдық маңызды идеологияның біріне айналды, ол капиталистік экономикаға ауысар кезеңде қоғамды біріктіретін күшке ие болды, бұл ұлттық мемлекеттердің рөлін жоғарылатып, олардың экономикалық қуатын арттыруға ықпал етті.

XIX ғасырдың екінші жартысында халықтың қалыптасуы мен ұлттық мемлекеттердің (Германия, Италия, Грекия, Сербия, Болгария және т.б.) құрылу процестеріне байланысты, ұлтшылдық қанат жайды. Ұлт-азаттық қозғалыстарының жетекшілері қалыптастырған ұлтшылдық, Австро-Венгрия, Ресей және Осман империяларының тұтастығына қауіп төндірді, бұл империялар Бірінші дүниежүзілік соғыстан соң ыдырап кетті.

XX ғасырда ұлтшылдық Азия мен Африкадағы көптеген отар елдердің азаттық жолындағы күрестері мен қозғалыстарының идеологиясына айналды, осының нәтижесінде әлемдік отарлық жүйе бұзылып, бірқатар ұлттық мемлекеттер қалыптасты. Соғыстан кейінгі Батыс Еуропада ұлтшылдық бәсеңдеді, бұл Еуропалық қауымдастықта бірігу процестеріне байланысты болды. Ал Шығыс Еуропада ұлтшылдық төңкерістің қозғаушы күштерінің бірі болды. 1989 жылы КСРО-ның ыдырауы, Чехословакия мен Югославия мемлекеттерінің тарауы – осының нақты көріністері.

Қазіргі уақытта ұлтшылдық халықаралық ауқымда әлі де маңызды рөл атқаруда әртүрлі салалардан көрініс беруде. Ұлттық мемлекет түсінігі – либералды-демократиялық мемлекеттің адамдарына тән нәрсе. Бүгінде көптеген радикалдық қозғалыстар өздерінің ұлтшылдық бағыттағы ұстанымдарын ашық білдіруде, ұлтшылдық этникалық, мәдени және діни алауыздықтарға ықпал етуде, мұндай ұлтшылдық басым көпшіліктің көзқарасына сай келмейді.

Шектен шыққан ұлтшылдықты, негізінен, экстремизммен салыстырады, ол көбінесе ішкі және мемлекетаралық жанжалдардың туындауына себеп болады. Бірқатар мемлекеттерде шектен шыққан



О. Конт

ұлтшылдық ресми түрде әлеуметтік қауіпті құбылыс ретінде саналады. Мұндай бағытты әлемдік қауымдастық ресми түрде айыптап, заң бойынша тыйым салады.

Назар аударыңдар

ХІХ ғасырда әлеуметтік ғылымда нақтылыққа ұмтылу қалыптасты: тек байқалатын фактілерді зерттеумен шектелу, құбылыстардың мәнін іздейтін сұрақтарды тоқтату. Бұл жаңа ой-пікір бағыты – **философиялық позитивизмнің** негізіне айналды.

Позитивизмнің негізін қалаушылар француз ойшылы О.Конт пен ағылшын философы Г.Спенсер болды, олар бұл ұғымды «позитив» сөзімен байланыстырды, ол жағымды, нақтырақ айтқанда, пайдалы білім деген мағына берді.

Конттің пайымдауынша, позитивті философия дегеніміз, бұл –
– *бүкіл адамзаттың ой-пайымының жүйеленуі,*
– *біздің шынайы білім бағыттарымыздың позитивті теориялық жүйесі».*

Конттың пікірінше, позитивті философия мемлекеттік қайраткерлерге нақты, дәл, дұрыс тәртіп қалыптастыруға мүмкіндік береді. Саясат енді бақылауға негізделген ғылымның деңгейіне көтерілуі керек.

О.Конт әлеуметтанудың негізін салды, ол – тек әлеуметтік құбылыстарды зерттейтін қоғамдық ғылым, бұл тіршілік ету мен қоғамның дамуы заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді, осының негізінде адамзаттың болашақ құрылымын жобалауға мүмкіндік туады.

Қоғамдық даму заңдары әлеуметтік өзгерістерді – әлеуметтанудың бөлігін (басқа бөлігі — әлеуметтік теңдік) анықтауы керек.

Конт әлеуметтік даму заңын – үш кезеңге бөлінген заңды қалыптастырды, оған сәйкес адамзаттың ақыл-ойының дамуы үш кезеңнен тұрады:

1. *Теологиялық кезең* (1300 ж. дейін.): адамдар әлемде орын



Г. Спенсер

алған оқиғаларды, құдайдың құдіреті, рухтар мен жындардың әрекеті деп санады; адамзат жауынгерлік өмір салтымен тіршілік етті, билік діни (оны абыздар, дін қызметкерлері басқарды) және зайырлы (әскери көсемдер басқарды) деп бөлінді.

2. *Метафизикалық кезең* (1300–1800 жж.): дүниетаным нақты, қалыпты бола бастады, құдайлардың, рухтардың, жындардың әрекеттерін «болмыс», «бастапқы себеп» секілді жалпы ұғымдарығыстыра бастады; қоғамдағы рухани билікке

метафизиктер мен әдебиетшілердің әсері тие бастады, олар «табиғи құқық», «қоғамдық келісім» ұғымдарын алға шығарды. Зайырлы билікті заң шығарушылар жүзеге асырды.

3. **Ғылыми (позитивті) кезең (соңғы):** қоршаған ортаның құбылыстары мен олардың жүзеге асуы және соңғы нәтижелерінің *нақты себептері* белгілі болды; адамзат қоғамы *өндірістік* қоғамға айнала бастады; ғылымның маңызы арта бастады; әлеуметтік және альтруизм идеялары тарала бастады.

Г. Спенсер, өз кезегінде, адамзат қоғамын екі топқа бөлді:

1. **Әскери қоғам** – әскери бағытқа негізделіп құрылған қоғам. Оның белгілері: *мемлекеттің орталықтануы* – мемлекеттік билік халықтың ішкі және сыртқы өмірін бақылауда ұстауға тырысады; жекетұлғаның жағдайы *иреархияның қандай сатысына жататындығымен, жаппай мәжбүрлеумен* анықталады.

2. **Өндірістік қоғам, оның белгілері:** қоғамның мүшелері соғыспен емес, өндірістік жұмыстармен айналысады; әрбір жекетұлға теңдей құқық иесі деп танылады және барлығы *заң алдында тең деген ұстаным* жүзеге асады, мемлекет *жеке құқықтарды* мойындайды; жекетұлғамен қатынас *ерікті келісімдер негізінде* жүзеге асады.

Спенсер қолданысқа енгізген эволюция заңы бойынша әскери үлгідегі қоғам кейіннен өндірістік үлгідегі қоғамға ауысады. Спенсер әлеуметтік өркендеуге сенді әрі сол үшін де өндірістік қоғамға басымдылық берді.

Марксизм – XIX ғасырдың екінші жартысында, немістің философ-ғалымдары К.Маркс пен Ф.Энгельс қалыптастырған әлеуметтік тұжырым, кейіннен олардың ізбасарлары бұл тұжырымды идеологиялық және саяси ағымға айналдырды.



К. Маркс



Ф. Энгельс

Назар аударыңдар

Марксизм үш құрамнан тұрады: философия, саяси экономика және ғылыми коммунизм теориясы.

Марксизм философиясы материалистік диалектикаға – табиғат пен қоғамтану әдістемесіне негізделеді. **Марксистік саяси экономика** қоғамның экономикалық өмірінің мазмұны мен формасын және оның қоғамдық өмірдің басқа салаларымен заңдылық байланысын (алғашқы кезекте – саяси) зерттейді. **Ғылыми коммунизм** коммунистік

қоғам құрылысын қалыптастыратын тарих, саясат және әлеуметтік-экономикалық заңдылықтарды қарастырады. Марксизмге сәйкес, экономика (алғашқы кезекте өндіріс) қоғамның басты факторы («негізі») болып табылады, ал әлеуметтік психология, саясат, құқық, идеология екінші деңгейдегі («қосымша») негіздер болып табылады. Қоғамдағы қарама-қайшылық пен олардың жеңу жолдары ретінде К. Маркс пен Ф. Энгельс радикалдық саяси бағыт: *капитализмді төңкеріс арқылы құлатып, оның орнына ешқандай таптар қайшылығы жоқ коммунизм қоғамын орнатуды ұсынды.*

Есте сақтаңдар!

Маркс пен Энгельстің пікірінше, тарихың қозғаушы күш болып таптар күресі саналды, ол қоғам дамуының кезеңдерін («қоғамдық-экономикалық формация») төңкерістік өзгерістерге алып барады деп пайымдады.

Капитализм коммунизм үшін экономикалық алғышарттар қалыптастырады, алайда буржуазия әлеуметтік-қоғамдық құрылымның өзгеруіне қарсылық танытады; капиталистік қоғамның негізгі табы – жұмысшылар бүкіләлемдік жұмысшылар төңкерісі кезінде буржуазияның үстемдігін құлатып, өздерінің диктатурасын орнатуы мүмкін, олар мемлекеттің қолына экономикадағы жетекші позицияны алып береді. Буржуазиямен күрес біткен соң жұмысшылар үстемдігі өз-өзінен ыдырайды. Коммунистік қоғам қалыптасады, онда таптар болмайды, бір ұлттың өзге ұлтқа үстемдігі болмайды, қанаушылық жойылады; барлығы ерікті түрде біртұтас жоспар бойынша жұмыс істейді, игіліктерді бөлуде «әркімге – қабілетіне, өркімге қажетіне қарай» деген ұстаным жүзеге асады.

Есте сақтаңдар!

Марксизмнің негізгі идеясы тап тартысы үшін буржуазиямен болған күресте жұмысшылардың толыққанды жеңіске жетуі, жекеменшіктің жойылуы және ешқандай тапқа бөлінбейтін коммунистік қоғам құру.

Коммунизм үшін күрес жұмысшылар диктатурасы – жұмысшылардың мүддесін қорғайтын коммунистік немесе социал-демократиялық жұмысшы партиясын құру қажет. Социалистік төңкеріс Еуропадан бастау алады және қысқа уақыт аралығында бүкіләлемдік төңкеріске ұласады деп жоспарланды. Марксизмнің артықшылығы оның өлемдік жүйеге таралуы мен барлық сұрақтарға толық жауабы болды. XIX ғасырдың соңында марксизм жұмысшылар қозғалысын қамтыды, алайда саяси мәселелерді шешуде ол жетістікке жетпеді. Соның салдарынан бірнеше тармаққа бөлінді.

Социал-демократия қоғамдық-саяси ой-пікір бағыты ретінде Еуропаның жетекші елдерінде XIX ғасырдың соңында қалыптасты.

Алғашқы кезеңде ол марксизмнің маңызды қағидаларын қамтыды: олар капитализмді жою және жұмысшылар диктатурасы барысында қоғамды қайта құру, өндіріс жабдықтарын ортақ ету, жалпыға ортақ теңдік. Бұл бағытты ұстанушылардың кейбірі марксистер ұсынған капитализмді төңкеріс арқылы жойып, социализмге ету туралы ұсыныстарды қолдады. Алайда ең соңында социал-демократия қоғамды төңкеріс арқылы қайта құрудан бас тартып, қалыптасқан қоғамдық-саяси институттардың жұмысын қолдады. Социал-демократиялық партиялар қалыптасып отырған жүйеге топтасып, парламенттік партияға айналды. Социал-демократиялық идеяның қалыптасуына Р. Гильфердинг, Ф. Лассаль, К. Каутский және де басқа ғалымдар атсалысты. Ал социал-демократияның негізгі бағыттарының жетіліп, дамуына Германия социал-демократиялық партияның жетекшісі өрі идеологі Э. Бернштейн айрықша еңбек сіңірді. Ол марксистердің ескі әлемді түбірімен жою, жұмысшылар диктатурасы, бітіспес тап тартысы, әлеуметтік төңкерісті ескі тәртіпті құлататын басты құрал ету секілді марксистік қағидаларын қабылдамады. Бернштейн социал-демократияның «диктатура идеяларына қарама-қайшы келетін, парламенттік қызметке, халық өкілеттілігіне және бұқаралық заң шығаруға» көшу қажеттілігін дәлелдеді. Социал-демократия бетбұрыстың күш қолданатын, төңкерістік формасынан бас тартып, қалыпты әлеуметтік құрылым қалыптастыру жолын таңдады.



Э. Бернштейн

Назар аударыңдар

XX ғасырдың алғашқы 20-жылдары жұмысшылар қозғалысы мен социал-демократия арасында реформалық социал-демократия мен революциялық коммунистік қозғалысқа байланысты бөлініс туындады. Социал-демократия мен коммунизмнің әлемдік құрылым туралы маңызды мәселеде көзқарастары ортақ болмады.

Прагматизм (грек. pragma – іс, әрекет). XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Еуропа мен Америка елдеріндегі жаратылыстану бағытындағы табыстар мен индустриалдану дәуірінің қалыптасуы, классикалық дүниетаным жүйесінің дағдарысына өкелді, қоғамда өзгерістер қажеттілігі туындады. Осындай қажеттіліктерге орай, XIX ғасырдың 70-жылдары АҚШ-та прагматизм – философиялық ағымы пайда болды, ол ақиқат өлшемі мен мағыналық мәннің тәжірибесіне негізделді.

Ақиқатты прагматизм, объективті шынайылыққа лайықты еместер, пайдалы іс-әрекеттер нәтижесін береді деп есептеді. Прагматизмнің негізін қалаған американдық философ Чарльз Пирс (қандай да



Ч.Пирс

бір объектіден практикалық нәтиже тудыратын әрекеттер прагматизм болып саналады деп мәлімдеді. Бұл қағида философия тарихында «Пирстің ұстанымы» ретінде белгілі.

Прагматизмнің бұдан кейінгі дамуына У.Джеймс, Д.Дьюи мен Д.Сантаяның еңбектері арқау болды. У.Джеймс ерекше бағыт қалыптастырды, ол «радикалды эмпиризм» деген атауға ие болды. Өмірлік процестерді зерттеу барысында ең маңыздысы басымдылық фактіге берілді. Ол тәжірибе арқылы дәлелдеуге келмейтін, абстрактілі идеяларды жоққа шығарды. «Біз үшін сенетін ең басты нәрсе, – ақиқат», – деген У. Джеймс, ақиқаттың объективті ұғымын, мүддеге сай келетін, прагматикалық пайдалы әрекеттер ұстанымдарына ауыстырды.

Д. Дьюи прагматизмнің басты мақсатын, адамдардың өмірін жеңілдету мен жақсарту ретінде көрді. Ол қалыптастырған прагматизм бағыты құрал деп қаралды. Дьюи идеялар мен теориялардың барлығы – өмірді қолайлы өрі жайлы етуге арналған жай ғана құрал деп санады.

Р. Рорти қандай да бір таным, тіпті іс жүзінде келген болса да, ол өзінің тарихи дәуірінің деңгейінде шектеулі деп ой қорытты.

Прагматизмге сай жоғарғы абстракциялар, идеялар, философиялық категориялар, теориялар – әрекеттің амалы мен әдістерінің құралы ғана. Олардың барлық әрекеті толығымен өмірлік маңызды істерді шешуге бағытталады. Прагматизмдегі ақиқат – бұл, ең бастысы, пайдалы болу. Ақиқатты бұлай пайымдау, прагматизм философиясын ойға қонымдылық, тиімділік, қолайлылық ұғымдарына бағыттайды. Дәл осы ұғымдар бұл философиялық бағыттың негізгі категориялары болып табылады. Прагматизмнің дінге деген ұстанымы да осындай көзқараспен үйлесті. Прагматизм бағытының өкілдерінің пікірінше, діни сену себеп қана, ол қандай жағдайда пайдалы болуы мүмкін. Құдайдың идеясы қандай да бір әлеуметтік немесе адамның жеке сезіміне қызмет етсе және пайдалы мақсаттарға қол жеткізсе, оны қолдауға болады.

XX ғасырдың екінші жартысында прагматизмнің ықпалы артты, ол тіпті қазіргі кезеңдегі дүниетанымның негіздерінің біріне де айналды.

Экзистенциализм (лат. *existentia* – өмір сүру) – философиядағы ағым, XX ғасырдың басында қалыптасты, адамның ішкі рухани тәжірибесіне назар аудару арқылы жаңа дүниетаным қалыптастыру. Мұндағы басты ұғым – болмыс, ол жанама түрде емес (ақылмен ойлау арқылы) адамға өзінің тікелей жеке өмірі арқылы – экзистенция түсіндіріледі.

Есте сақтаңдар!

Экзистенциализм – бұл өмір сүру философиясы, мұндағы «өмір сүру» ұғымына, адамның ішкі болмысы, оның сезімі мен күйзелісі, құштарлығы мен көңіл күйі жатады.

Экзистенциализм идеясы дат философы С. Кьеркегордың дүниетанымдық көзқарасы мен өмір философиясынан¹ туындаған. Бұл бағыт XX ғасырдың басында Ресейде философ Н.А.Бердяевтің еңбектері арқылы қалыптасты. Бірінші дүниежүзілік соғыстан соң экзистенциализм К.Ясперс пен М.Хайдеггердің еңбектерінің нәтижесінде Германияда кең таралды. Ал Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін экзистенциализм идеясы Францияда танымал болды, оған А.Камю мен Ж.П.Сартрдың көркем туындылары мен философиялық еңбектері негіз болды. Экзистенциализмнің ішінде негізгі екі бағыт бар – атеистік (М.Хайдеггер, Ж.П.Сартр, А.Камю) және діни (Н.А.Бердяев, К.Ясперс, Г.Марсель).



Н. А. Бердяев



М. Хайдеггер

Есте сақтаңдар!

Экзистенциализмнің басты мәселесі – адамның болмысы.

Тіршілік болмысты тудырады, адам өзінің болмысын өзі жасайды, ол өзін-өзі қалыптастырып, жүзеге асырады. Осы ойдың негізінде ол еркін болып саналады. Экзистенциализм үшін еркіндік адамның табиғи құпияларына жол табудан, оны еркін етуден және оның «болмыс» қуатын дамытудан тұрады. Ж.П.Сартрдың пайымынша, адам еркіндікте болуы шарт, өйткені ол үшін ешкім де мінез-құлық жүйесіне таңдау жасап, өзіндік «Мен-ін» қалыптастырмайды. Осыдан келіп адамның өзінің әрекеттеріне және оның нағыз адам болып қалыптаспағаны үшін де жауапкершілігі пайда болады.



К. Ясперс



Ж.-П. Сартр

Есте сақтаңдар!

Экзистенциализм адамның белсенділігін, оның еркіндігін қолдайды.

Сондай-ақ экзистенциализм философиясындағы еркіндік жекетұлға болған адамға өзіндік қиын-

¹ Өмір философиясы – философияның субъективті-идеялық бағыты, XIX–XX ғасырларда Германия мен Францияда қалыптасқан.

дықтарын туындатады. Адам өзімен-өзі болудан қалып, еркіндіктен бас тартуы мүмкін, сөйтіп, барлық адамдар секілді қалыпқа түседі, бірақ бұл жағдай оны тұлғалықтан айырады.

Экзистенциализм бойынша, «Мен» ерқашан да өзіндік келбеті жоқ күшке, жиынтыққа қарсы тұрады, олар таңдауды қиындатады, адамның жеке қасиеттерін жояды, оны барлығы секілді бет-бейнесіз көпшілікке айналдырады. Сондықтан *даралықта өмір сүру – ақиқатты өмір сүру*. Сонымен қатар экзистенциализм адамдардың қандай да болмасын ұжымдық өмір сүру формаларына кері көзқарас танытады. Мұның барлығы – шындық емес, жалған тұрмыс. Адамдардың қатынасы баянсыз. Ол тек өркімнің жалғыздығын байқатады. Экзистенциализмде айрықша маңыз *өмірдің мағынасын іздеуге, оның мәнін табуға* бағытталған. Мұның барлығы ажалмен бетпе-бет кездескенде, Ясперс айтқандай аса қатерлі жағдайларда көрініс береді. Экзистенциализмде өмір трагедия деп сипатталады, өйткені ол өліммен аяқталады. Экзистенциализм философиясы, ең біріншіден, адамның ішкі өлемін, оның өзіндік тәжірибесін қарастырады, ол өзінің таным әдісі арқылы өнер мен әдебиетпен ұштасады. Бұл философ-экзистенциалистердің идеяларын түсіндіретін сүйікті формаға айналды. Бүгінде экзистенциализм Батыстың өнері мен әдебиетіне ықпалын тигізуде өрі сол арқылы зиялы қауымның басым бөлігінің көзқарастарының қалыптасуына да әсер етуде.



Білімдеріңді тексеріңдер

- Қоғамдық-саяси ойларда мынадай бағыттардың қалыптасу себептерін атаңдар:
 - либерализм;
 - ұлтшылдық;
 - позитивизм;
 - марксизм;
 - социал-демократия;
 - прагматизм;
 - экзистенциализм.
- Кестені толтырыңдар.

XIX–XX ғасырлардағы қоғамдық-саяси ой-пікірдің негізгі бағыттары

Бағыттың атауы	Өкілдері	Негізгі мазмұны



§30. М.ГАНДИ ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕЙБІТ ЖОЛМЕН ҚАРСЫЛАСУ ИДЕЯСЫ

Мохандас Карамчанд Ганди – Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалыстың көшбасшысы. Оны Махатма (кең жүректі) деп атаған. Ганди Порбандар гуджарат князьдығындағы діни салттарды қатаң ұстанатын отбасында дүниеге келді. Ол жас кезінен бастап-ақ Үндістандағы діннің негізі болып саналатын «ахимса» принципін (тірі жанға қиянат жасамау) ұстана бастады.

Англияда заңгерлік білім алған Ганди, Бомбейде адвокаттық тәжірибеден өтті. 1893–1914 жылдары ол Оңтүстік Африкадағы гуджарат сауда фирмасында заңгер-кеңесші болып қызмет істеді, ол жерде 150 мыңнан астам үндістандық жұмыс істейтін өрі олар қашанда қатаң нәсілдік кемсітушілікке ұшырап отыратын.

Назар аударындар

Үнді халқын қорғай отырып, Ганди 1907 жылы билікке күш қолданбай қарсылық көрсету (бағынбаушылық) идеясы – **сатьяграху**ды (ақиқатта тұру немесе шындықтағы төзімділік) ұсынды. Ол тәуелсіздік үшін күрестің күш қолданбаушылық тәсілі жөніндегі әлеуметтік-саяси және діни ілімнің, яғни «сатьяграха» аталған гандизмнің негізін қалады.


1908 жылы Оңтүстік Африкада Гандидің басшылығымен үнділіктерді кемсітушілікке қарсы (бейбіт шерулер, демонстрациялар, көтерілістер, британ тауарлары мен мекемелеріне бойкот жариялау) азаматтық бойсұнбаушылық шарасы өтті. Ганди тұтқындалды, бірақ

Бүгінгі сабақта:

- Үндістанның қоғамдық-саяси даму идеологиясы ретінде «гандизм» ұғымын түсінеміз;
- Үндістанның ұлттық тәуелсіздікке жетудегі бейбіт жолмен қарсыласу идеяларының маңыздылығын анықтаймыз;
- М. Гандидің қоғамдық-саяси өмірдегі рөлі жайлы қорытындылар жасаймыз

Кілт сөздер:

ахимса принципі, күш қолдануға қарсы идеясы, сатьяграха, гандизм, саварадж, свадеши, азаматтық бағынбау науқаны, ынтымақтаспау саясаты, «сындарлы бағдарлама».



Махатма Ганди
(1869–1948)

1914 жылға қарай ол үнділіктер үшін нәсілшілдік заңдарды алып тастауға қол жеткізді.

1915 жылы Ганди отанына қайтып оралып, «Сатьяграха ашрам» рухани қауымдастығын құрды және оған жоғарғы каста отбасыларын да қабылдады, бұл касталық бөлінушілік жүйесінен қойғандарды қатты таңырқатты. 1919 жылғы жаппай бас көтерулер кезінде Ганди, Үндістан ұлттық конгресіне кірді (ҮҰК) және көп ұзамай оның идеялық жетекшісі әрі рухани көшбасшысы болды. Гандидің басшылығымен ҮҰК бұқаралық демократиялық ұйымға айналды.

Үндістанның Британ империясы аясында өзін-өзі басқару құқығынан бас тартуын Англияның қабылдамауы елде ұлт-азаттық күрестің өршуіне жол ашты. Наразы халықтың басты ұраны *сварадж*¹ деп аталып, қозғалыс *свадеш*² бағытында сипат алды. 1919 жылы Ганди ағылшын билігіне қарсы көтерілген азаматтық бағынбаушылық науқанына жетекшілік етті, наразылық аймақтық сипатта өрбіді.

1920 жылы ҮҰК съезінде Ганди ұсынған отарлаушы билікпен *ынтымақтастықта болмаудың азаматтық* бағдарламасы қабылданды. Азаматтық ынтымақтастықта болмау науқанын жүргізумен қатар Ганди 3 тармақтан тұратын «*құрылымдық бағдарлама*» да ұсынды: олар қолмен жүн иіру мен тоқуды кеңінен дамыту, үнді және мұсылман қауымдарының арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру үшін күрес, «қолтигізбеушілікті» жою.

Азаматтық бойсұнбаушылық және ынтымақтастықта болмаудың *жалпыүнділік шарасы* екі кезеңнен өтуі тиіс болды. *Бірінші* отарлаушы режимге қарсы күрестің мынадай түрлерін ұсынды: лауазымды қызметтер мен атақтардан бас тарту; ресми қабылдауларға, ағылшын мектептеріне, колледждерге, соттарға, заң орындарын сайлауға және шетел тауарларына бойкот жариялау. *Екіншісі* – салық төлеуден бас тарту. *Саяси күрестің басты бағыты ахимса философиялық ұстанымына негізделгендіктен бейбіт, конституциялық сипатта болды.*

1920 жылы 1 тамызда азаматтық бойсұнбаушылықтың бірінші *жалпыүнділік* кампаниясы басталды. Бұл шара шаруалардың қозғалысы мен қақтығыс күрестерінің бейбіт сипаттағы шерулер мен

¹ *Сварадж* – (өзін-өзі басқарады) Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалысының бағдарламалық саяси ұраны. Ағылшын үстемдігі қарсы, өзін-өзі басқару жолындағы күреске шақырды.

² *Свадеш* – отандық тауарларды дамытуға бағытталған, XIX ғасыр соңындағы ағылшын тауарларына қарсы Үндістандағы қозғалыс.

хартал түрінде өтуіне негіз болды. Алайда 1922 жылы ақпанда Чаури-Чаура жерінің тұрғындары күш қолдануға қарсылық ұстанымын бұзып, полицейлерді өлтіре бастағанда Ганди бұл әрекеттерді ашықтан-ашық кінәлады, бұл сатьяграханы тоқтатуға алып келді. Көп ұзамай ағылшын билігі Гандиді тұтқынға алып, түрмеге отырғызды. Ол 1922–1924 жылдары түрмеде «Менің өмірім» атты кітап жазып шықты.

Назар аударындар

Ганди көзқарасының басты негізі **күш қолданбау** болды: ол адамдардың барлық жағынан бір-біріне көмек көрсететін қоғамы туралы армандады. Билік жергілікті өзін-өзі басқаратын органдарға берілуі тиіс, оның өкілдері өңірлік саясаты жүргізеді, ал өңірден шыққан өкілдер бүкіл Үндістанның билігіне қатысады деп санады.

Ганди түрмеден шыққаннан кейін де күресті жалғастыра берді. 20-жылдардың орта шенінде ол қоғамдық-саяси өмірдің барлық салаларында отарлаушылармен **ынтымақтастықта болмау саясатын** ұстанатын әрі заң орындарына байкот жариялауды қолдайтын ҮҰК тобын басқарды.

Назар аударындар

Ганди ұлт-азаттық қозғалыс стратегиясы сатьягранның кезеңінен жаппай «сындарлы бағдарлама» кезеңіне алмасуды көздеді.

1924–1928 жылдары Ганди өзі құрған Бүкілүнділік тоқымашылар қауымдастығы арқылы «сындарлы бағдарламаны» жүзеге асыруға ден қойды. Ол ұлттық маталар шығару шарасын бастады. Миллиондаған адамдар өз көшбасшыларына еліктеп, денелерін осындай тоқыма матамен оранып жүруді әдетке айналдырды. 1929 жылы Ганди басқарған ҮҰК съезінде Бүкілүнділік кезекті азаматтық бойсұнбаушылық кампаниясын бастау туралы шешім қабылданды. 1930 жылы сәуірде ол өзінің ізбасарларымен бірге жаяулап, үгіт-насихат жүргізу үшін Арабия теңізі жағалауына сапарға шықты. Олар отарлаушылар орнатқан тұз монополиясы үстемдігіне ашық қарсылық танытып, үш апта бойы теңіз суын буландыра отырып, одан тұз алып, келіспеушіліктерін осылай көрсетті. Азаматтық бойсұнбаушылық шарасы бүкіл ел аумағын қамтыды. Көптеген аймақтарда шерулер, митинглер, харталдар өтті, тіпті бірқатар аудандарда оның соңы қарулы қақтығыстарға соқтырды.

1930 жылы мамыр айында ағылшын билігі Гандиді тұтқындады. Бірақ 1931 жылы наурыз айында отарлаушы билік пен ұлттық қозғалыс уақытша бітімге келді, ағылшындар қудалауды тоқтатып, бейбіт шеруге шыққан тұтқындарды босатуға міндеттелді. Өз кезегінде Ганди азаматтық бойсұнбаушылықты тоқтататынын жариялады.

1932 жылы Ганди азаматтық бойсұнбаушылықтың жаңа шарасы *жеке сатьяграханың* басталғанын жариялады. Гандидің ұзақ уақыт бойы аштық жариялауы, қоғамда қозғалыс туғызып, ағылшындардың отарлық езгіні әлсірететін шаралар қабылдауына мәжбүр етті. Бұл шара 1933 жылдың мамыр айына дейін жалғасты. Оған қатысушылар басты назарды қоғамдық мәселелерді реттеуге және «қолтигізбеушілікпен» күресуге аударды, Гандидің ұстанымы бойынша бұл әрекеттер ұлт-азаттық қозғалыста күш біріктіруге тиіс болатын.

Таңдап алынған тактикасына сенімді болған Ганди 1934 жылы қайтадан «құрылымдық бағдарламаны» орындауға бет қойды. Ол ҮҰК қатарынан шығатынын мәлімдеп, өзін «әлеуметтік жұмысқа» арнайтынын, яғни қол өнершаруашылығы мен басқа да ұсақ кәсіптерді дамытуға ден қоятынын білдірді.

Екінші дүниежүзлік соғыс кезінде Үндістанға Жапонияның басып кіру қаупі төнгенде, Ганди алғаш рет сатьяграха әдісінен бас тартып, «Ағылшындар, Үндістаннан кетіндер!» деген ұран тастады, ол тәуелсіз ел ғана басқыншыларға лайықты қарсылық көрсете алады деген пікір білдірді.

1946–1947 жылдары (үнді халқының тәуелсіздік үшін күресінің шешуші кезеңі) Ганди қантөгісті болдырмау үшін оқиғаларды бейбіт арнаға бұруға ұмтылды. 1947 жылы ол ағылшындардың Үндістанды екі доминионға бөлу туралы Маунбеттен жоспарын қолдады. Жоспар бойынша Үндістан – *Үндістандық Одақ және Пәкістан* болып екіге бөлінді. Бұл бөлініс діни ұстаным бойынша өтті, оның соңы үндістер мен мұсылмандар арасындағы қарулы қақтығыстарға соқтырды. Қанды қақтығыс салдарынан 500 мыңға жуық адам қайтыс болды. Осы күрделі жағдайда Ганди үндістер мен мұсылмандарды татулыққа шақырып, соғысқа қарсылық ретінде аштық жариялады. Қақтығыстар тоқтады, бірақ 1948 жылы 30 қаңтарда Ганди діни фанаттардың қолынан қаза тапты. Тәуелсіз Үндістанда Ганди адамгершіліктің жоғары бейнесі болып қалды.

Гандидің саясаткер және ұлттық көшбасшы ретіндегі қызметінің маңыздылығы ол *билік пен жергілікті элитаның отаршылыққа қарсы күресте конституциялық диалогке келіп, бір арнада біріге алатынын көрсетіп* саяси үлгі қалыптастырды, оны жүзеге асырды.

Ганди либералдар мен радикалдардың идеологиясын біріктіріп, үнді буржуазиясының өртүрлі таптарының өзара бірігіп, топтасуына қол жеткізді. Оның қоғамдық-саяси және философиялық көзқарастары: шаруалар, қолөнершілер, ұсақ саудагерлер, фабрика-зауыт жұмысшылары секілді үнді қоғамының басқа да топтарының мүдделерімен үндесті.

Гандидің халықты бірлікке шақыруы *адамгершілік-этникалық құндылықтарға* негізделді, ол қарама-қарсы тараптар саналатын байлар мен кедейлерді, брахмандар мен «қол тигізбейтіндерді», үндістер

мен мұсылмандарды біріктіріп, этникалық кедергілерді жеңіп, жалпыүнділік әлеуметтік-мәдени институттарды қайта жандандыруды көздеді.

Гандидің Үндістанның алдына қойған *негізгі мақсаты* тәуелсіздікке кезеңмен жету, ал бұл мақсатқа қол жеткізудің басты саяси міндеті – барлық әлеуметтік-таптық топтарды және саяси-партиялық күштерді аса беделді және көрнекті жалпыүнділік ұйым ИҰК аясына біріктіру болды.

Сатьяграханы, яғни отарлаушы режимге қарсы күш қолданбай белсенді оппозиция болуды қалыптастырған Ганди, ұлттық және әлеуметтік топтардың буржуазиялық-ұлттық күштер жетекшілігіне топтасуының үздік үлгісін көрді.

«Әлемде адам жанының азапталуы мен қиналуы бар кезде, адамдар өздерінің ар-намысын қорғау үшін әрқашан да Махатма Гандиді іздейтін болады. Оның адамзатқа көрсеткен бейбіт қарсылық жолы, қазір басқа елдерде, басқа жағдайларда жүзеге асуда. Әлем Гандиді Буддадан кейінгі ұлы үнді ретінде санайды, бұл салыстыру әділетті де.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Ганди ілімінің негізіне қандай идея жатты және ол өз бастауларын неден алды?
2. Бойсұнбаушылық кампаниясы қандай түрде өтті?
3. Ганди қалыптастырған ұлт-азаттық қозғалыстар стратегиясы қалай қалыптасты?
4. Гандидің пікірі бойынша қандай әрекеттер ұлт-азаттық қозғалыстардың күшін біріктіруге әкеледі?
5. Ганди саяси күрестің қандай үлгісін қалыптастырды?

§ 31. МАРТИН ЛЮТЕР КИНГТІҢ ҰЛЫ АРМАНЫ

Мартин Лютер Кинг – АҚШ-тағы билеуші реакционистік топтар жүргізіп отырған нәсілшілдік кемсітушілік пен сегрегация саясатына қарсы қозғалыстың көшбасшысы, АҚШ қара нәсілді халықтың азаматтық құқықтары үшін күресушілердің жетекшілерінің бірі, бейбіт әрекет ету үлгісін ұйымдастырушы.

М. Л. Кинг 1929 жылы 15 қаңтарда Атлантада (Джорджия штаты) афроамерикандық отбасында дүниеге келді. Оның әкесі баптистік шіркеу пасторы болды. Орта мектепте оқып жүргенде-ақ, ол шешендік қабілетімен көзге түсіп, пікірталас тобына қатыса бастайды.

11-сыныпта оқып жүргенде Кинг Дублиндегі (Джорджия штаты) шешендік өнер жарысынан бірінші жүлдені жеңіп алды. Автобуспен Атлантаға қайтып келе жатқанда, оған және оның мұғаліміне ақ нәсілді адамдарға орын беруге бұйрық беріледі. Кинг алғашында бұл бұйрықты орындаудан бас тартады, бірақ мұғалімі оған бұл заңбұзушылық болады деп айтқаннан кейін ғана бағынады. Кейінірек осы жағдайды ол өз өмірінде ең қатты қынжылған кезі ретінде еске алады.

Бүгінгі сабақта:

- Мартин Лютердің ұлы арманымен танысып, қоғамдық-саяси өмірдегі рөлі жайлы қорытындылар жасаймыз;
- АҚШ-тағы тарихи оқиғаларды түсіну үшін «нәсілдік кемсітушілік», «сегрегация» ұғымдарын қолданамыз;
- азаматтық құқықтар үшін күресте М.Лютердің белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын бағалаймыз.

Кілт сөздер:

нәсілдік кемсітушілік, сегрегация, байкот, азаматтық құқық, бейбіт әрекеттер, наразылық шеруі

15 жасында Кинг Морхауз колледжіне (ең құрметті тарихи колледж) оқуға түседі. Колледждегі оқуын бітіруге бір жыл қалғанда Кинг шіркеу қызметшісі болғысы келеді. Ол шіркеу «адамзатқа қызмет етудің ішкі арманын қанағаттандыруға» мүмкіндік береді деп ойлады. Кинг «идеялар мен өлеуметтік қарсылықтың қастерлі қозғаушы күші» болатын пайдалы уағыздаушы боламын деп ойлады.

1948 жылы 19 жасар Кинг өнер және өлеуметтану бакалавры дәрежесін алып, Морхауз колледжін бітірді. Бұдан соң ол Крозерв Честердің рухани семинариясына оқуға түседі, оқуы үздік, тәртібі жақсы Кингті студенттік кеңестік басшысы етіп сайлайды. 1951 жылы Кинг құдай сөзі бакалавры дәрежесі бойынша семинарияны аяқтайды. 1954 жылы Кинг оңтүстікке, Монтгомери қаласына (Алабама штаты) қоныс аударады. 25 жасында баптистік шіркеудің пасторы болды. Кинг оқуын одан өрі жалғастыруды қалап, Бостон университетіне жүйелі теология бойынша докторантураға түседі де, 1955 жылы философия дәрежесі бойынша диссертация қорғайды. Кинг докторантурада оқып жүріп, баптистік шіркеуде дін қызметшісінің көмекшісі болды.

М.Л. Кинг АҚШ-тағы азаматтық құқық қозғалысының жетекшілігінде. 1955 жылы наурыз айында Монтгомериде 15 жасар қара нәсілді оқушы қыз, сегрегация бойынша орнаған АҚШ-тың Оңтүстігіндегі жергілікті заңды бұзып, автобуста ақ нәсілді азаматқа орын беруден бас тартады. Кинг соттық дауларды бақылайтын афроамерикандық қауымдастық комитетінің мүшесі болатын. Дәл осыған ұқсас жағдай 1955 жылы 1 желтоқсанда да орын алған еді, тағы бір қара нәсілді қыз автобуста ақ нәсілді адамға орын бермегені үшін тұтқынға алынып, айыппұл төлеген.

Осы екі жағдай Монтгомеридегі автобус желілеріне бойкот жасауға алып келді, бұл наразылықты Кинг басқарды. Бойкот 385 күн бойы жалғасты, жағдайдың шиеленіскені сонша, Кингтің үйіне бомба тасталды. Осы қарсылық барысында Кинг тұтқынға алынады, АҚШ аралық соты Монтгомеридегі қоғамдық көліктердегі нәсілдік сегрегация тәжірибесін конституцияға сай емес деп танығаннан кейін оны босатады. Кингтің автобустарға бойкот жариялаудағы белсенділігі

оны ұлттық қайраткер ретінде танытып, азаматтық құқықтар үшін қозғалыстың аса белгілі өкілі деңгейіне көтерді.

Нәсілдік сегрегация жүйесі христиан діні негіздеріне сай келмейді деп санаған Кинг, азаматтық құқық жолындағы күрес үшін өзінің жақтастарымен бірге 1957 жылы *«Оңтүстік христиандық жетекшілік конференциясы»* ұйымын құрды. Осы конференция күш көрсетпеушілік әрекеттер арқылы қоғам өмірінен сегрегацияны алып тастау үшін күрескен қара түстілердің жаппай демократиялық қозғалысына айналды.

1959 жылы Кинг *«Адам ауқымы»* атты кітабын жарыққа шығарады, оған *«Адам дегеніміз не?»* және *«Толыққанды өмір өлшемдері»* атты уағыздары енді. Оның уағыздарында Адамның құдай сүйіспеншілігіне мұқтаждығы туралы айтылды және батыс өркениетіндегі нәсілдік әділетсіздік көріністері сынға алынады.

1959 жылы Кинг Үндістанға келіп, ұлы Махатма Ганди ілімімен танысады. *Бейбіт түрде күресу жолдары туралы* Гандидің ілімі, Америкадағы қара нәсілділердің азаматтық құқық үшін күрес жолдарымен толықтай сай келді. Үндістанда болған соңғы күннің кешінде радиодан үндеу жасаған Кинг: *«Үндістанда болып, бейбіт жолмен күресу жолдары езілген халықтың әділетсіздікке қарсы күресінің және адамзат абыройының ең күшті қаруы екеніне көзім жетті»*, – деп, ойын жеткізді.

1960 жылы *«бейбіт күресу науқанының»* басталуымен АҚШ-тағы азаматтық құқық үшін күресі жаңа деңгейге көтерілді. Олардың ең басты нысаналары нәсілдік сегрегацияға – яғни мектептерде ақ нәсілділер мен қара нәсілділерді бөлек оқыту, қараларды ақтарға арналған көпшілік орындарға кіргізбеу секілді кемсітушілікке қарсылық болды.

Назар аударыңдар

Қара нәсілді американдықтар өздерінің азаматтық құқықтары үшін күрес әдісі ретінде жаппай шерулер мен жорықтар жасады, тек ақ түсті адамдарға арналған дәмханалар мен мейрамханаларға және көңіл көтеру орындарына жиналды.

Өзі құрған ұйымға сүйене отырып, Кинг 1962 жылы Олбанидегі, 1963 жылы Бирменгемдегі сегрегацияға бейбіт түрде өткен қарсылық шараларына жетекшілік етті. Азаматтық құқық үшін болған күрестің негізгі оқиғалардың бірі 1963 жылы 28 тамыздағы *«Вашингтонға жұмыс орындары және бостандық үшін марш»* болды. Бұл шараға 200 мыңнан 300 мыңға дейін адамдар қатысты. Бұлар ақ және қара



Мартин Лютер
Кинг (1929–1968)

нәсілділер, католиктер, иудейлер және протестанттар болды. Шеру кезінде Кинг: «Адамдарды терісінің түсіне қарап емес, олардың жан дүниесіне қарай бағалау керек», – деп мәлімдеді.

Кинг маршқа қатысушыларға «Менің арманым бар» деген тақырыпта сөз сөйлеп, болашақта ақ түсті адамдар мен қара нәсілділер тең азаматтық құқыққа ие болатыны туралы ойын жеткізді. Құлдарға азаттық беру туралы Линкольннің Прокламациясының жарияланғанына 100 жыл толуына орай өткен шарада, Кингтің Авраам Линкольннің Мүсіні орналасқан баспалдақта тұрып сөйлеген сөзін барша прогрессивті адамзат қауымы ерекше әсермен қабылдады.

Әлемдік қауымдастық Кингтің қайраткерлігін жоғары бағалады: 1964 жылы ол *нәсілдік теңсіздікке қарсы бейбіт түрде күрескені үшін* Нобель сыйлығына ие болды. Кинг бұл сыйлықтың қаржысын АҚШ-тағы қаралардың азаматтық құқық үшін қозғалысына аударды. Салтанатты шарада ол: «Бұл әлемде ең соңғы сөз қарусыз шындыққа және адал махаббатқа тиеселі болатынына мен сенімдімін. Сондықтан да уақытша жеңіске жеткен мейірімділік, салтанат құрған жауыздықтан күшті» деген пікірін жеткізді.

1965 жылы Кинг Сельмадана Монтгомериге дейін жалғасқан қарсылық шарасына қатысты. 1966 жылы ол сегрециялық баспана үшін күресуге солтүстікке (Чикаго) барды. Шерулерге қатысқаны үшін Кинг бірнеше рет тұтқындалды.

Кингтің жетекшілігімен қара нәсілді тұрғындардың жаппай бас көтеруінің әсерінен АҚШ үкіметі қоғамның өртүрлі салаларында және саяси өмірде (білім, жұмысқа қабылдау және т.б. бағыттарда) қара түстілерді төмендететін кемсітушілікті тоқтатуға және оларға толық көлемде азаматтық құқық беруге бағытталған маңызды қадамдар жасауға мәжбүр болды.

Назар аударыңдар

1964 жылы АҚШ-та «Азаматтық құқықтар туралы» Заң қабылданды, онда жұмысқа қабылдау кезінде және қоғамдық жерлерде қызмет көрсету барысында кемсітіп бөлінушілікке тыйым салынды; ал 1965 жылы «Сайлау құқығы туралы» Заң қабылданады, онда афроамерикандықтардың сайлауда тең құқықты екені көрсетілді.

Кинг өмірінің соңғы жылдары өзінің қайраткерлік ауқымын кеңейтіп, белсенділігін арттырады, кедейшілікпен күрес жүргізеді және Вьетнамдағы соғысқа қарсылық танытады.

1968 жылы 28 мамырда Кинг Мемфисте (Теннесси штаты) 6 мың адам қатысқан қарсылық шеруіне жетекшілік етеді, бұл наразылыққа шыққан қара нәсілді жұмысшыларды қолдау мақсатында өткен шара болатын. Ол Вашингтонда «Кедей адамдар кампаниясы» деп аталған ұлттық көтерілісті өткізуге дайындалып жүрген кезінде, 1968 жылы 4 сәуірде

Мемфисте нәсілшіл қылмыскердің қолынан қаза табады. Кингті атып өлтіреді. Оның жерлеу рәсіміне 150 мыңнан астам адам қатысып, оның соңы қара түсті халыққа қатысты ұстанған кемсітушілікті тоқтату туралы саяси демонстрацияға ұласады.

Кинг қаза тапқан соң бірнеше күннен кейін АҚШ Конгресі «Азаматтық құқық туралы» Заң қабылдайды. Заңның 8-бабында тұрғын үй мәселелерінде бөлінушілікті және баспанаға қатысты жағдайларда нәсілшілікке, дінге және ұлттық шығу тегіне (кейіннен бұл тізім кеңейіп, әлеуметтік жағдайы, ерлер мен әйелдер теңдігі және мүгедектігі секілді шарттар қосылды) байланысты бөлуге тыйым салды.

АҚШ-та қаңтардың үшінші дүйсенбісі Мартин Лютер Кингтің күні ретінде аталып өтеді және бұл ұлттық мереке саналады. Бұл күн Ұлттық қызмет ету күні саналады. Кингтің адамдардың өмірін жақсарту жолындағы еңбегіне құрмет ретінде, американдықтар бұл мерекені «демалыс ретінде емес, қоғамға қызмет ету ретінде» атап өтуге үндейді.



Мартин Лютер Кинг азаматтық шеру кезінде сөйлеген сөті



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Кингтің АҚШ-тағы қара түсті тұрғындардың азаматтық құқығы үшін күрес жолына түсуіне қандай оқиғалар себеп болды?
2. М.Л. Кинг азаматтық құқықтар үшін қандай әдістер мен күрес жолын таңдады?
3. Азаматтық құқықтар үшін күрес жолындағы әдістерді таңдауда Кингке кім әсер етті.
4. М.Л. Кинг жетекшілік еткен афроамерикандықтардың азаматтық құқықтар үшін болған күресінің нәтижелері қандай болды?

§ 32. МАНДЕЛА – АПАРТЕИДКЕ ҚАРСЫ КҮРЕСУШІ

Нельсон Мандела – *апартеид* кезеңінде адам құқығы үшін күрескен ең белсенді күрескердің бірі, апартеид – нәсілдік белгілеріне қарай бөлінушілікті арттырған саясат. Апартеид ОАР 1948 жылы билікке Ұлттық партия келген соң орнады.

Н. Мандела 1918 жылы 15 шілдеде Оңтүстік Африка Республикасының (ОАР) Шығыс-Капс провинциясы Транскей аймағындағы Мвезо ауылында дүниеге келді. Оның әулеті осы аймақты басқаратын тембу династиясы тайпасының кіші тармағына жататын. 1939 Форт-Хэр Университетіне (сол кезеңде қара түстілер оқуға болатын елдегі

Бүгінгі сабақта:

- Н.Манделаның қоғамдық-саяси өмірдегі рөлі жайлы қорытындылар жасаймыз;
- Н.Манделаның азаматтық құқықтар үшін күресте белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын бағалаймыз;
- Оңтүстік Африка Республикасындағы тарихи оқиғаларды түсіну үшін «апартеид» ұғымын анықтаймыз.

Кілт сөздер:

апартеид, Африкалық Ұлттық Конгресс, бағынбаушылық шаралары, жалпыұлттық сайлаулар, президент, реформалар

жалғыз университет) оқуға түске Мандела, қоғамдық ғылымдар бакалавры бойынша білім ала бастады. Алайда 1940 жылы студенттік наразылыққа қатысқаны үшін ол университеттен шығарылды, шахтада қарауыл болып жұмыс істеді, заң кеңсесінде шәкірт болды. 1942 жылы ол өнер бакалавры дипломын сырттай қорғады.

1943 жылы Мандела Витватерсранд университетіне түсіп, құқық саласы бойынша білім ала бастады, мұнда ол либералдық және радикалдық идеяларға ерекше ден қояды. 1943 жылы ол алғаш рет автобустардағы жолақысы бағасының көтерілуіне қарсы бұқаралық акцияға белсене қатысты өрі *Африкалық Ұлттық Конгресс (АҰК)* ұйымының бастамасымен өткізілетін жас интеллектуалдар бас қосуына қатыса бастады. 1944 жылы Мандела АҰК өтті, *Жастар лигасын* құруға атсалысты өрі атқарушы комитеттің мүшесі болды. Африкадағы ұлтшылдық пен өзін-өзі билеу принциптеріне негізделіп құрылған лиганың манифестінде, жергілікті халық өкілдерінің қандай да бір консультативтік кеңестері мен Кеңестерге қатысуына тыйым салынды. Лига мемлекеттің ресми билігіне қарсы АҰК мен салыстырғанда қатаң ұстаным ұстанды өрі олар АҰК басшылығын бос өрекеттері үшін сынға алды. 1948 жылы Мандела АҰК Жастар лигасының ұлттық хатшысы, 1949

жылы – АҰК Ұлттық кеңесінің мүшесі, 1950 жылы АҰК Жастар лигасының ұлттық президенті болды. 1950 жылдары Мандела Африканың оңтүстігіндегі апартеидке қарсы ең белсенді күрескерлердің біріне айналды. Сол кезеңдерде оның көзқарастары мен саяси күрес әдістерінің қалыптасуына Махатма Ганди ерекше ықпал етті. Ол 1952 жылы АҰК бастамасымен жүргізілген *бағынбаушылық шарасын* ұйымдастырушылардың бірі болды. Сол кезеңде Мандела «М жоспарын» дайындады, жоспар бойынша егер билік АҰК жұмысына тыйым салса, оның іс-өрекетін өз қолына алуға тиіс болатын.

1953 жылдың соңында үкімет Манделаға екі жылға дейін халық алдына шығуға тыйым салды. 1955 жылы ол Халық Конгресі ұйымына қатысып, *бостандық Хартиясын* қабылдауға атсалысты. Құжатта Оңтүстік Африкада еркін және демократиялық қоғам құрудың

негізгі шарттары көрсетілді. Хартия АҰК және Оңтүстік Африкадағы апартеид режиміне қарсы күресуші басқа да саяси ұйымдардың басты бағдарламалық құжатына айналды.

Бұған жауап ретінде үкімет 1956 жылы Манделаға бес жыл бойы халық алдына шығуға тыйым салды. 1956 жылы 5 желтоқсанда Манделаға және АҰК 156 белсендісіне мемлекеттік төңкеріс жасамақ болды деген айып тағылды, алайда оған қарсы тағылған айып төрт жылға созылған процестен кейін алынып тасталды.

Апартеидке қарсы наразылық қара түсті тұрғындардың қайда тұруына және жұмыс істеуіне байланысты ережелер бекітілген «Рұқсат беру туралы» Заңнан кейін тіпті өршіп кетті. 1960 жылы Шарпевилде орын алған қақтығыс салдарынан 69 қара түсті азамат қаза тапты, үкімет АҰК жұмысына тыйым салды. Мандела астыртын әрекетке көшті.

Мемлекет тарапынан репрессия мен зорлық-зомбылықтың артуы, *апартеид режиміне қарсы күш қолданбай күресу нақты нәтиже бермейтініне Манделаның көзін жеткізеді.* 1961 жылы АҰК жетекшілері апартеидке қарсы қарулы күрес әдісіне көшу туралы шешім қабылдайды. Манделаның пікірінше, қарулы күрес ең соңғы қадам болды. 1961 жылы ол АҰК қарулы жасақтарын басқарады, оның ұйымдастырушыларының бірі болады. Олар *үкіметтік және әскери нысандарды жару саясатын* бастады, бұл (егер апартеид режиміне қарсы күресте сәтсіздікке ұшыраса) *партизандық соғысқа* өтуге мүмкіндік беретін еді.

1962 жылдың тамыз айында Мандела тұтқынға алынады. Сотта оған 1961 жылғы жұмысшылар ереуілін ұйымдастырды және мемлекеттік шегараны заңсыз бұзды деген айып тағылады. 1962 жылы қазан айында оны 5 жыл мерзімге соттап, түрмеге қамайды.

1964 жылы 20 сәуірде Преториидегі Жоғарғы соттағы өзін қорғау сөзінде Мандела АҰК зорлыққа қарсы тактикалық қару қолдану себебін түсіндірді. Ол АҰК апартеид режиміне қарсы күресте Шарпевилдегі қырғынға дейін тек бейбіт тәсілдерді ғана қолданғанын мәлімдеді.

Елде төтенше жағдай енгізіліп, АҰК қызметіне тыйым салыну әрекеттерінің орын алуы, өз құқықтары үшін күресудің жалғыз тура жолы, *диверсиялық әрекеттер* екенін дәлелдеді. Басқа қандай да бір әрекеттер сөзсіз тізе бұғумен тең болатын. Соттағы соңғы сөзін Мандела былай аяқтады: «Мен өз өмірімнің басым бөлігін Африка халқының күресіне арнадым. Мен «ақтардың», сондай-ақ «қаралардың» үстемдігіне де қарсы күрестім. Мен барлық азаматтар үйлесімде өмір сүретін, тең мүмкіндіктері бар, демократиялық және еркін қоғамның идеалын құрметтедім. Мен өмір сүргім келетін, мен ұмтылатын идеал осы. Ал егер қажет болса, осы идеал үшін мен өлуге де дайынмын».



Нельсон Мандела
(1918–2013)

1964 жылы Манделаны қамау шарасы, оны өмір бойы бас бостандығынан айыру үкіміне өзгертілді. Ол 18 жыл бойы (1964–1982) Қайырымды Үміт мүйісі маңындағы Роббен аралындағы түрмеде жалғыз адамдық камерада отырды. Аралда ол өзге де тұтқындармен бірге әк өндіретін карьерде еріксіз түрде жұмыс істеді. Бұл жерде де жазасын өтеушілерді түстеріне қарай бөлетін, қара түстілерге тамақ аз берілетін. Мандела өз естелігінде алты айда бір мәрте кездесуге және бір хат жазуға құқылы болғанын айтты.

1982 жылы Мандела Кейптаун түрмесіне ауыстырылып, мұнда 6 жыл отырады. 1985 жылы ол саяси күрестен бас тартса бостандық беріледі деген ОАР президенті Питер Боттың ұсынысын қабылдамайды. Түрмеде отырған Мандела, Оңтүстік Африка Университетінде сырттай оқып, 1989 жылы құқық бакалавры дәрежесін иеленеді.

1989 жылы ОАР президенті Ботты билікке келген Фредерик де Клерк алмастырады. Апартеид жүйесіндегі дағдарысқа байланысты де Клерк АҰК мен басқа да апартеид жүйесіне қарсы қозғалыстарды заңдастыру туралы жарлыққа қол қояды. 1990 жылы 11 ақпанда Мандела бостандыққа шығады.

Бостандыққа шыққан күні Мандела халық алдында сөз сөйледі.



1994 ж. сайлауда Мандела
дауыс беруде

Ол келіспеушілікті бейбіт түрде елдегі ақ түсті тұрғындармен келісе отырып реттеуге ынталы екенін білдірді, алайда АҰК қарулы күресі өз мүддесіне толық жетпегенін де айтып, былай мәлімдеді: «Біздің 1960 жылғы қарулы күрес туралы үндеуіміз. АҰК қарулы қанатының құрылуы.., апартеид режімі тарапынан болатын зорлыққа қарсы қорғаныс қадамы болатын. Қарулы күрес қажеттілігін тудырған факторлар әлі де өмір сүруде. Бізде бастаған істі жалғастырудан басқа таңдау жоқ. Біз жақын аралықта келісімдер аясында мәселелерді реттеуге қолайлы жақсы жағдай орнайды, қарулы күрес қажеттілігі болмайды деп үміттенеміз». Мандела өзінің басты мақсаты, елдегі халықтың басым бөлігі болып табылатын қара түстілер үшін бейбітшілікке қол жеткізу және оларға жалпыұлттық та

жергілікті сайлауларда дауыс беру құқығына қол жеткізу екенін атап өтті.

Бостандыққа шыққан соң Мандела АҰК жетекшісі қызметіне оралды. 1991 жылы АҰК Оңтүстік Африкада қызмет етуіне салынған тыйым алынғаннан кейін, тұңғыш ұлттық конференция өткізді. Онда Мандела ұйымның президенті болып сайланды. 1990–1994 жылдар партия апартеид режімін тоқтату туралы келіссөздерге қатысты, осының нәтижесінде *жалпы нәсілдік* негізінде алғашқы жалпыұлттық сайлау өткізілді.

1993 жылы Нельсон Мандела мен ОАР президенті Фредерик де Клерк апартеидті тоқтатуға қосқан үлестері үшін Нобельдік бейбітшілік сыйлығын иеленді.

1994 жылы Оңтүстік Африкада *африкандықтардың басым көпшілігінің қатысуымен тұңғыш рет жалпыұлттық сайлау* өтті, соның нәтижесінде Нельсон Мандела жеңіске жетіп, ОАР тұңғыш қара нәсілді президенті болып сайланды.



Манделамен Фредерик де Клерк,
1992 ж.

Назар аударыңдар

1996 жылы Манделаның жетекшілігімен Оңтүстік Африка Республикасының жаңа конституциясы жасалып, қабылданды. Конституцияда барлық оңтүстік африкандықтарға нәсіліне, жынысына, діни сеніміне қарамастан тең құқық кепілдігі берілген.

Есте сақтаңдар!

Президент Манделаның негізгі мәселесі кедейшілікпен күрес болды.

Ол мемлекеттегі әлеуметтік және экономикадағы теңсіздікті жою мақсатында *әлеуметтік-экономикалық реформа* өткізуді қолға алды. Олардың қатарында:

- 1944 жылы енгізілген 6 жасқа дейінгі балаларға, сондай-ақ мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінің қызметін пайдаланатын жүкті және балалы әйелдерге *тегін медициналық қызмет көрсету*;

- *әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуді* (Тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық және денсаулық сақтау) қаржыландыру мақсатын көздеген «Қайта құру және даму бағдарламасын» іске асыру;

- 1994 жылы қабылданған «*Жерді қайтару туралы*» Заң бойынша, 1913 жылғы жергілікті халықтың жері туралы заңға орай мүлкінен

айырылған тұлғалар жерлерін қайтарып алу құқығына ие болды;

- 1996 жылы қабылданған «*Жер реформасы туралы*» Заң, фермаларда тұратын және ауылшаруашылығымен айналысатын жерді жалға алушылардың құқығын қорғады. Заңға сәйкес, жерді жалға алушылар өз иеліктерінен соттың шешімінсіз және 65 жылға толмай кетпейтін болды;

- 1996 жылы *медициналық препараттармен қамтамасыз ету* жөніндегі Ұлттық саясат жүзеге аса бастады, бұл халықтың өмірлік маңызы бар дәрі-дәрмектерге қол жеткізуін жеңілдетті;

- *мемлекеттік жәрдемақыға бөлінетін қаржы көлемі ұлғайды* 1996–1997 жылдары 13%, ал 1997–1998 жылдары 13%, 1998–1999 жылдары 7% -ға артты;

- қай нәсілге жататынына қарамастан, *жәрдемақы төлеуде теңдік енгізілді* (мүгедектікке байланысты жәрдемақы, ата-ана капиталы және зейнетақы);

- ауылдық жерлердегі қара түсті халықтың балаларын қамтамасыз ету үшін *қаржылық жәрдемақы* енгізілді;

- *білім саласына бөлінетін ақша көлемі артты* (1996/1997 жылдарға 25%, 1997/1998 жылдарға 7% және 1998/1999 жылдарға 4%);

- 1998 жылы *балалар кедейшілігімен күресуге бағытталған гранттар* енгізілді;

- 1998 жылы қабылданған «*Біліктілікті арттыру туралы*» Заң, жұмыс орнында біліктілікті арттыруды қаржыландыру және оны жүзеге асыру механизмін бекітті;

- 1998 жылы қабылданған «*еңбекке орналасудағы теңдік*» Заңы, жұмысқа орналасуда нәсілшілдік кемсітушілікті тоқтатты;

- 6–14 жастағы африкандық балаларға *міндетті түрде* білім беру енгізілді;

- 3,5–5 млн оқушыларға *тегін тамақ* берілетін болды.

Билік мемлекеттегі халық үшін аса маңызды тұрмыстық мәселелерді тез арада шешті:

- 500 аурухана жөнделіп, кейбіреуі жаңадан салынды;

- 2 млн-нан астам тұрғынды электр желілеріне қосты;

- 750 мыңнан астам баспана тұрғызды, онда 3 млн адам қоныстанды, 3 млн тұрғын ауызсумен қамтамасыз етілді.

Президент қызметін атқарып отырған Мандела 1997 жылы АҰК жетекшілігінен кетті, 1999 жылғы ОАР-да өткен президенттік сайлауда өз кандидатурасын ұсынбады.

Қызметтен кеткеннен кейін Мандела қоғамдық істермен айналысты. Барлық оңтүстікафрикалық *ерікті елшілердің* (Конго Демократиялық Республикасы, Бурунди, тағы да басқа Африка мемлекеттерінде болған келіссөздерге белсене қатысты) ішіндегі ең көрнектісі болды, Мандела қоры қайырымдылық ұйымын қалыптастырды, СПИД-ке

қарсы күрес мәселелерімен айналысты. 89 жасында ол Ақсақалдар кеңесін құрды, оған әлемнің жетекші саясаткерлері мүше болды. Бұл саясаткерлер «әлемдегі кейбір күрделі мәселелерді шешуге» өз білімдері мен тәжірибелерін ұсынды. Нельсон Мандела 2013 жылдың 5 желтоқсанында 96 жасында өмірден өтті.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Манделаның апартеидке қарсы күресі қандай оқиғалармен байланысты болды?
2. Мандела саяси күресте қандай әдістерді пайдаланды және оларды өзгертуінің себебі неде?
3. 1994 жылы ОАР-да өткен сайлаудың ерекшелігі неде болды?
4. Манделаның ОАР президенті болғанда атқарған істерін баяндаңдар.
5. Кестені толтырыңдар.

Н. Манделаның реформасы

Экономикалық реформалар	Әлеуметтік реформалар

XX–XXI ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ КӨРНЕКТІ САЯСАТКЕР- РЕФОРМАТОРЛАР



§33. МҰСТАФА КЕМАЛ АТАТҮРІК – ТҮРІК МЕМЛЕКЕТІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Бүгінгі сабақта:

- Мұстафа Кемал Ататүріктің реформаларының мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі маңыздылығын бағалаймыз;
- тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «этатизм», «зайырлы мемлекет» ұғымдарын қолдану;
- мемлекет тарихындағы М.Кемал Ататүріктің рөлі жайлы қорытындылар жасаймыз.

Кілт сөздер:

ұлт-азаттық қозғалыс, республика, президент, этатизм, реформалар, кемализм

Мұстафа Риза Грекияның Салоники қаласында, кеден қызметкерінің отбасында дүниеге келді. Ол уақытта бұл қала Осман империясының қол астына қарайтын. Ол бастауыш білімді медреседен¹ алды, ал 12 жасында мемлекет қарамағындағы әскери мектепке оқуға түседі. Осы жерде оған математика пәнінің мұғалімі Кемал деген ат береді, бұл «кемелденген» деген мағынаны білдірді, кейіннен бұл ат оның өмірлік тегіне айналды. М.Кемал өзінің естелігінде: «Егер балалық шағымда тапқан екі тиынның бірін кітапқа жұмсамағанымда, бүгінгідей жетістікке жете алмаған болар едім», – деп еске алады.

Әскери мектепті аяқтаған М. Кемал білімін жоғарғы әскери оқу орнында және Оттоман әскери колледжінде жалғастырады. 1902 жылы ол Стамбұлдағы Бас штабтың Оттоман академиясына оқуға түсіп, 1905 жылы оны бітіріп шығады. Осы оқу жылдары М. Кемал негізгі пәндерден бөлек, басқа бағыттарға да ерекше ден қояды, әсіресе француз ағартушылары Вольтер мен Руссоның еңбектерін ерекше бағалады. Патриотизм және ұлт-азаттық идеялармен танысып, саяси танымын кеңейтеді.

М.Кемал «Бірлік және прогресс» (жас түріктер) партиясының қатарына қабылданады, бұл партия феодалдық билік үстемдігіне қарсы күресіп, Осман империясының экономикалық және саяси өміріне ұлттық буржуазияның позициясын нығайтуды қолдады.

¹ Медреседе, негізінен, діни ілім алып, Құран жаттады.

Академияны аяқтайтын уақытта Кемалға, сұлтанға қарсы деген айып тағылып, тұтқынға алады да, Сирияның Дамаск қаласына жер аударлады. Бұл жерде ол «Ватан» атты партия құрады, түрік тілінен аударғанда бұл «Отан» деген мағынаны білдірді. 1908–1909 жылдары М. Кемал II Абдул-Хамид сұлтанның шексіз билігін құлатқан, жас түріктердің төңкерісіне қатысады. Алайда жас түріктердің билік басына келуі, мемлекеттегі жағдайды түбегейлі өзгерте қойған жоқ, қажетті реформалар жүргізілмеді, осыған орай халық арасында наразылық белең алды. Жас түріктерден көңілі қалған М. Кемал әскери салаға ерекше көңіл бөле бастады.



Мұстафа Кемал
Ататүрік
(1881–1938)

Алғашқы дүниежүзілік соғыс кезінде ол Дарданелл қорғанысын қорғауды ұйымдастыру кезінде ерекше көзге түсіп, Дарданелл бұғазын ағылшын-француз десанттарынан қорғауда ерлік көрсетеді, осы үшін Осман империясының ең жоғарғы әскери және азаматтық атағы паша мәртебесін иеленеді. М.Кемал әскерге қолбасшылық етті және қорғаныс министрлігінде қызмет етті.

Осман империясы тізе бүгіп, Стамбұл қаласы жауға берілген соң, 1918 жылы күзде Антанта әскерінің мемлекетті бөліп алу қаупі туындады. Осы күрделі жағдайда Кемал-паша Түркияда ұлт-азаттық қозғалысын өз қолына алады, бұл кемалистер кезеңі деген атаумен тарихта қалды. Ол бабалар мекеніндегі жаудың туы құлағанша, Стамбұлда жаудың әскері мен сатқындар жойылғанша күресетінін мәлімдеді.

1919 жылы мамыр айында Измирге грек әскерлері келді деген хабарды естіген М. Кемал, Анадолыға аттанып, шетел басқыншылары мен сатқын сұлтандық билікке қарсы соғысты бастайды. Оның ең бірінші әрекеті ұлттық күштерді біріктіру болды. Осы мақсатқа орай «Құқық қорғау» ұйымын құру басталды, ұйымның мақсаты Түркияның азаттығы үшін халықты күреске шақыру болды. Конгресте сайланған М. Кемалдың Өкілеттер комитеті, уақытша өкіметтің қызметін атқара бастады. М. Кемалдың бастамасымен Түркияның жаңа астанасы болып жарияланған Анкарада 1920 жылы жаңа парламент — Түркия Ұлы Ұлттық мәжілісінің (ТҰҰМ) отырысы өтті.

ТҰҰМ «Негізгі ұйымдар туралы» Заңды қабылдады, бұл Түркияның уақытша конституциясы саналды. Онда «жоғарғы билікке... ұлт иелік етеді» деп көрсетілді. Заңның барлық тармақтары мен атқарушы билік ТҰҰМ берілді, ал парламент өз атынан ел басқаруды – үкіметке жүктеді. ТҰҰМ М. Кемалды парламент төрағасы және үкімет басшысы етіп сайлады.

«Өмір – бұл күрес, – деп мәлімдеді Кемал, – сондықтан бізде тек екі таңдау ғана бар: жеңу немесе жеңілу». Ол 1920 жылдың 10 тамызында елді бөлшектеу туралы Антанта мемлекеттері мен Түркияның сұлтандық билігі қол қойған Севр бейбіт келісімін заңсыз деп жариялады.

1922 жылдың тамыз айында түрік әскерлері Антанта күштеріне ойсырата соққы беріп, оларды Анадолы аумағын тастап шығуға мәжбүр етті. Бұл жеңіс мемлекеттің азаттықта, тәуелсіздікте болуын қалайтын М. Кемал мен оның жақтастарының позициясын күшейтті.

Мемлекеттің азаттығына қол жеткізген Кемал, экономиканы, әлеуметтік, саяси және мәдени салаларды модернизациялауды қолға алды.

Есте сақтаңдар!

М. Кемалдың саясатының басты ұстанымы этатизм болды – бұл экономикада, әлеуметтік, саяси, мәдени, яғни қоғамдық өмірдің барлық саласында белсенді мемлекеттік саясат принципін жүргізу.

Мемлекеттік құрылымдағы, заң шығару, мәдениет пен тұрмыстағы реформалар. М. Кемал әскери қызметте жүрген кезінде-ақ халықтың тұрмыс-тіршілігімен жақсы таныс болатын, ол Түркия еуропалық жолды таңдап, заманауи, өркендеген держава болуы керек деген шешім қабылдады.

М. Кемал діни-феодалдық элементтер үстемдігін азайту мақсатында, реформа жүргізуді қолға алды. Ол: «Біз жүзеге асыратын реформаның мақсаты, – бұл Түрік Республикасы халқының формасы да, мазмұны да заманға сай келетін жаңа қоғамға айналдыру. Бұл біздің реформаның басты мақсаты. Егер кімде-кім, бұл шындықты қабылдағысы келмесе, жойылады... Менің халқым демократияның принциптерімен танысып, шындық үстемдігін және ғылымды игеру қажет. Ескіге сенушілік жойылуы тиіс», – деп атап өтті.

1922 жылы 1 қарашада парламент *сұлтандықтың жойылуы* туралы заң қабылдады. 1923 жылдың сәуірінде «Құқық қорғау» қоғамының орнына жаңа саяси ұйым — Халықтық партия құрылды, кейіннен ол *Халықтық-республикалық партияға (ХРП)* айналды, ал оның тұрақты төрағасы болып М. Кемал сайланды.

1923 жылы 23 сәуірде Анкарада М. Кемалдың жетекшілігімен ТҮҰМ жұмысын жалғастырды. 1923 жылы 29 қазанда Түркия республика болып жарияланды, М. Кемал оның тұңғыш президенті болып сайланды (ол бұл лауазымға 1927, 1931 және 1935 жылдары қайта тағайындалды.) Ол: «*Біз жүйені түп-тамырымен өзгертуіміз қажет. Сондықтан мен, Түркияны қолында барлық атқарушы билігі және заң шығару билігінің біраз өкілеттілігі бар президент басқаратын авторитарлы республика болады деген шешімге келдім*», – деп мәлімдеді.

1924 жылы халиф басқаратын феодалдық мұсылмандық діни билік — халифат тоқтатылды. Халифаттың жойылуы көптеген діни ұйымдардың қызметтерін тоқтатуға ықпал етті. Діни ұйымдар өздері қаржыландырып отырған – мектеп, аурухана секілді көптеген мекемелердің қолдауынан айырылды. Дін істері және вакуфтер¹, министрлігі өз жұмысын тоқтатты, діни басқармадан сот істері алынды, енді шариғат заңдарын қолдануға тыйым салынды. Медреселер жабылды, оқу орындарына бақылауды ағартушылық министрлігі жүргізетін болды.

Назар аударыңдар

1924 жылы сұлтандық пен халифат жойылған соң, Осман империясы өмір сүруін тоқтатты.

Есте сақтаңдар!

Феодалдық-теократиялық монархия – сұлтандық пен халифаттың жойылуы, республиканың жариялануы, ескі саяси жүйенің аяқталғанын көрсетті.

1922–1924 жылдардағы реформа алғашқы республикалық конституцияның туындауына себеп болды, бұл құжат сол кезеңдегі еуропалық құндылықтарға сай жазылды, ол 1924 жылы 20 сәуірде қабылданып, ұлттық буржуазиямен байланысы бар жер иеленушілер топтарына артықшылықтар берді. Жарияланған конституцияда құқықтар болмады, алайда халықтың көп бөлігі нақты жүзеге асатын шарттармен қамтамасыз етілді. Конституция бойынша барлық азаматтар түрік деп жарияланды. Осылай Түркиядағы аз ұлттардың өмір сүруі мен олардың ассимиляцияға ұшырауы заң негізінде орын алды. Заманауи ұлттық зайырлы мемлекеттің құрылуы діни ұйымдардың жерлерінің мемлекет қарамағына алынуымен, діннің мемлекеттен және мектептің діннен бөлінуімен, қылмыстық және азаматтық кодекстердің еуропалық үлгіні қабылдауымен байланысты болды. Ең соңында көп әйел алушылыққа (екі жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды), тыйым салынды, әйелдер неке және ажырасу мәселелерінде ерлермен бірдей құқықтарға ие болды.

М.Кемал әйелдердің эмансипациясын² қолдады. 1934 жылы 5 желтоқсанда Түркияда ерлер мен әйелдердің толық теңдігі ресми түрде орнады. Әйелдер дауыс беруге және жергілікті билік орындары мен

¹ Мұсылман елдерінде сыйға берілген немесе діни болмаса қайырымдылық мекемелері берген мүлікке (негізінен, жерге), салық салынбайды және төркіленбейді.

² Эмансипация – тәуелділіктен, бағыныштылықтан арылу. Әйелдердің ерлермен құқықтарының теңесуі.

парламентке сайлануға құқық алды. 1920 жылдан 1928 жылдар аралығында университет бітіріп, диплом алғандар арасындағы әйелдер қатары нөлден 10% -ға дейін өсті. Оларға Босфорды кесіп өтетін кемелер палубаларында жүруге (бұрын оларға каютадан шығуға тыйым салынған болатын), сонымен қатар осы жерлерде трамвайлар мен темір-жол вагондарында да ерлермен қатар жүруге рұқсат берілді.

Сауатсыздықты жою М. Кемалдың мәдени реформасының ең басты негізі болды. 1928 жылы мектепке шамамен 1 млн 800 мың оқушы барды. Жалпы білім беретін бағдарламаның жүзеге асуына орай үш жыл ішінде шамамен 1,5 млн адам білім алғаны туралы куәлікке ие болды. 1928 жылы қабылданған арнайы декрет бойынша осындай курстарға 16 мен 30 жас аралығындағы барлық түрік қатысуға міндетті болды. Латын алфавитіне өту шарасы басталды (онда латынның барлық негізгі символдары және бірнеше қосымша әріптер жинақталды), бұл түрік тілін араб пен парсы тілдерінің сабақтастығынан арылту мақсатында қолға алынды. Латынға көшу халықтың білім алуын жеңілдетіп қана қойған жоқ, сонымен қатар өткеннен қол үзуге де себеп болды.

Уақыт санаудың еуропалық нұсқасы енгізілді, демалыс күндер болып сенбі және жексенбі саналды (бұрын жұма болатын), еуропалық баскиімдер мен киімдерді киюді міндеттейтін заң шықты. Өзінің бір баяндамасында М. Кемал былай мәлімдеді: «Достар! Өркениетті халықаралық киімдер біздің халқымыз үшін маңызды әрі қонымды. Біз бөтенке, етік, шалбар, көйлек және пиджак киіп, галстук тағатын боламыз. Әрине, баскиім де бар, бұл «шляпа» деп аталады.

Экономикалық реформалар. Тәуелсіздік үшін болған күрес аяқталғанға дейін Түркия экономикалық жағынан әлсіз дамыған мемлекет болатын. Ол аграрлы, жартылай отарлық сипатта болды. Жергілікті өндірісте тек қолөнер және ұсақ кәсіп қана болды. Мемлекеттегі 14 млн халықтың 77% -ы ауылдық жерлерде өмір сүрді. Халықтың 81,6% -ы ауылшаруашылығымен, 5,6% -ы — өндіріспен, ал 4,8 % -ы сауда-саттықпен және 7% -ы қызмет көрсетумен айналысты. Ауылшаруашылығының ұлттық табыстағы үлесі 67% , өндірістегі үлесі 10 % -ды қамтыды. Банк ісі мен сақтандыру компанияларында, муниципалдық кәсіпорындарда, тау-кен істеріндегі кәсіпорындарда шетелдік капиталдар үстемдік етті. Сондай-ақ теміржолдың басым бөлігі де шетелдіктердің қолында болды. Орталық банктің қызметін Оттаман банкі атқарды, ол ағылшындар мен француздардың капиталын басқаратын. «Толық тәуелсіздік экономика тәуелсіз болғанда ғана жүзеге асады», — деп мәлімдеген М. Кемал мемлекетті индустриализациялауды жеделдетуді, өндірістегі мемлекеттік секторды құру бағытын қолға алды. Этатизмде сипатталған экономикалық саясат мемлекеттік қаржыларды өндіріске, теміржолға, кейіннен шаруашылықтың басқа да салаларына салуды ұсынды. Тұтас мемлекет бойынша кен өндіру,

кен балқыту, кен құю өндірістері мен керамикалық және химиялық зауыттар салу қолға алынды, қағаз дайындау ісі жолға қойылды.

1928 жылы мемлекет жаңа өндіріс орындарын қуат көздерімен қамтамасыз ету үшін, ауқымды электрстансылар салуды бастады. Мемлекет осындай аса ауқымды істермен қатар жекеменшік мүдделерге де қолдау танытты. Өндірісті қолдау туралы заң қабылданып, ол 1927 жылдың 1 маусымында күшіне енді. Мұнан былай кәсіпорын салғысы келетін өндірісшінің, 10 г-ға дейінгі жер телімін қайтарымсыз түрде алуға мүмкіндігі болды. Кәсіпкерлер ғимарат, жер телімі, табыс салығынан босатылды. Құрылыс қажеттілігі мен кәсіпкерлік үшін шеттен материал тасыған кәсіпорындар кедендік салықтан босатылды.

Жаңадан құрылған кәсіпорындар алғаш рет тауар өндіргенде, оларға өздері шығарған тауардың 10%-ын мемлекет сыйақы ретінде төледі. Мемлекет шетелдіктерге тиесілі барлық өндіріс орындарын және теміржолдарды сатып алды, шетелдік монополист «Режи» темекі компаниясын мемлекет қарамағына өткізді. 1924 жылы Кемалдың қолдауымен Іскерлік банк құрылды, бұл Түркия тарихындағы тұңғыш банк болды. 1930 жылы үкімет Түркияның Орталық банкін құрды, осының нәтижесінде шетелдік капитал мемлекеттің қаржылық саласында маңызды рөл атқаруды тоқтатты. Банк несие беруді ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлді.

Назар аударыңдар

Этатизм шетелдік капиталдың қызмет аясының тарылуына, түрік ұлттық буржуазиясының позициясының артуына ықпал етті. Экономикадағы жетістіктер ұлттық буржуазияның және онымен байланысты халықтың жағдайларын жақсартты. М. Кемалдың ауылшаруашылық саласын аяғынан тұрғызуға мүмкіндігі болмады, кейбір аймақтарда капиталистікке дейінгі тәртіптер мен жериеленушілік әлі де сақталды.

1929–1933 жылдары орын алған әлемдік экономикалық дағдарыс Түркия экономикасына да ауыр соққы берді. Осы жағдайға орай үкімет барлық бастамаларды өз қолына алу туралы нақты шешім қабылдады. Үкімет өндірістік және инфрақұрылымдық құрылыстарды қазынадан қаржылдандырды немесе мемлекеттің бақылауына алды.

1931 жылы «этатизм» кемалистік тұжырымы немесе елдің экономикалық өміріне мемлекеттік реттеу орнату толық түрде жүзеге асты. 30-жылдардың ортасында кемалистік реформа өз нәтижелерін бере бастады. Мемлекеттің саяси және экономикалық жағдайы нығайды, Түркияның көршілес мемлекеттер арасында беделі артты. Қоғамдық-саяси реформа қалыптастырып, этатизм саясатын жүзеге асыру барысында, түрік буржуазиялық ұлтшылдығының бір ағымы – кемализм идеологиясы нақты түрде қалыптасты.



Ататүрік құжаты (1934)

Есте сақтаңдар!

Кемализм принциптері бойынша жарияланды: республикашылдық (басқарудың республикалық формасына адалдық), ұлтшылдық (түрік ұлтын асқақтату), этатизм, лаицизм (дінді мемлекеттік істерден және халық ағарту саласынан бөлу), халықшылдық (түрік халқының бірлігі, Түркияда таптық бөлініс пен тап тартысының болуын жоққа шығару), төңкерісшілік (кемализм идеясы мен реформаларына, азаттық үшін күрес принциптеріне адал болу).

1934 жылы ескі лауазымдарды жою мен жаңа ата тегін жазуға орай (бұған дейін Түркияда тек атымен ғана атау қалыпты жағдай болатын) ТҰҰМ шешімімен Мұстафа Кемал «Ататүрік» тегін иеленді, бұл «түріктің әкесі» немесе «Ұлы түрік» (түріктердің өздері, негізінен, осы екінші үлгіні дұрыс санайды) деген мағынаны білдірді.

Ататүріктің реформасы он жылдан астам уақытты қамтыды (1922–1934 жж.) және қоғамның дәстүрлі құрылымы мен мәдениетін түбегейлі өзгеріске ұшыратты. Ол Осман империясының тарихына соңғы нүкте қойған және Түркия атты жаңа мемлекет қалыптастырған тұлға ретінде XX ғасырдың аса көрнекті реформатор-саясаткеріне айналды.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. М. Кемал Түркияда ұлт-азаттық қозғалысын құруда қандай әдістерді пайдаланды?
 2. Этатизм дегеніміз не? Ол неге М. Кемалдың Түркияда жүргізген реформасының басты негізі болды?
 3. Түркияда зайырлы мемлекет құру қандай реформалармен байланысты болды?
 4. Кемализм принциптерін талдап, түсіндіріңдер.
 5. Кестені толтырыңдар.
- М. Кемалдың реформалары (1922–1934 жж.)

Мемлекеттік құрылым	Заң шығару	Мәдениет және тұрмыс

§ 34. Б.ФРАНКЛИН ДЕЛАНО РУЗВЕЛЬТ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ЖАҢА БАҒЫТЫ»

Ф.Рузвельт жер иеленуші, кәсіпкердің отбасында дүниеге келді. 1899 жылы мектепті, 1904 жылы Гарвард университетінің колледжін аяқтап, 1904–1907 жылдары Колумбия университетінде заң ғылымы бойынша білім алады. 1907–1910 жылдары ірі заң мекемесінде қызмет атқарады. Нью-Йорк штатында жеке иелігі, Джорджия штатында емдік

суы бар меншігі болды және жетекші өндірістік компаниялардың акционері болды.

1910 жылы Ф. Рузвельт Нью-Йорк штатының сенаторы болып сайланды. 1913–1920 жылдары ол теңіз министрінің көмекшісі қызметін атқарды. Алғашқы дүниежүзілік соғыс кезінде ол әскер мен флоттың құрылымын өзгерту туралы ұсыныстарымен ерекшеленіп, көзге түседі. 1921–1933 жылдары кәсіпкерлікпен белсенді түрде айналысып, бірнеше фирманың директорлар Кеңесіне енеді.

1921 жылы ол полиомиелит ауруына ұшырап, өмір бойы өздігінен жүріп-тұру мүмкіндігінен айырылады. Алайда тағдырдың бұл ауыр сынағы оның саясатпен айналысуына кедергі келтіре алған жоқ. Рузвельтті халық жақсы көрді, сондықтан оны американдықтар қысқаша ғана Ф.Д.Р деп атады. Ол 1928 жылы Нью-Йорк штатының губернаторы болып сайланды, ал 1930 жылы екінші мерзімге сайланады.

Ф. Рузвельт өзінің саяси өмір жолының басынан-ақ, қоғамдық-саяси өділеттілік жолындағы бірбеткейлігімен, қажеттіліктерді тануымен және халықтың басым бөлігінің көңілін табумен ерекшеленді. Ол ескірген саяси ұстанымдарға батыл түрде қарсы шықты, мемлекеттің қоғам өміріне, экономика мен әлеуметтік салаға белсенді түрде араласуымен келіспеді.

Рузвельттің ішкі саясаты. 1932 жылы президенттік сайлауға қатысқан Рузвельт, әлемдік экономикалық дағдарыстан мемлекетті құтқаратын өз жобасын ұсынды және экономикалық өрі әлеуметтік реформа жөнінде арнайы бағдарлама дайындады. Мемлекеттің қарқынды дамуы үшін сынақ қажет деген Рузвельт өзінің әйгілі «Жаңа бағыт» атты батыл реформалық бағдарламасын ұсынды, бұл құжатта дағдарыстың алдын алып, жаңаша дамудың жоспарлары нақты көрсетілген. Бағдарламаның «Жаңа бағыт» атануы Рузвельттің Демократиялық партияның съезіндегі баяндамасынан алынды. 1932 жылы 2 шілдеде өткен осы съезде ол Президенттік сайлауға үміткер ретінде ұсынылады. Рузвельттің «Жаңа бағыт» бағдарламасы халықтың қолдауына ие болып, ол президенттік сайлауда жеңіп шығады. 1933 жылдың наурызынан бастап Ақ үйдегі билікті қолына алған Рузвельт реформа жасауға батыл түрде кіріседі. Мына бағыттар бойынша күрделі шаралар қолға алынды:

- банк саласындағы заңдар, мемлекеттің елдегі барлық банк жүйесіне бақылауды күшейту, сондай-ақ: алтын тепе-теңдігі туралы заң – қаржы

Бүгінгі сабақта:

- бейбіт және соғыс кезеңіндегі Ф. Рузвельттің ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін анықтаймыз;
- мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасаймыз.

Кілт сөздер:

«жаңа бағыт», мемлекеттік жүйе, оқшаулану саясаты, карантин



Франклин Рузвельт
(1882–1945)

жүйесіндегі қолданыстан алтынды алып тастау, осының нәтижесінде елдегі алтын үшін қағаз ақшалардың шексіз айырбасталуы тоқтатылды; АҚШ-тың алтын үлгісінен және доллардың девальвациясынан бас тартуы;

- өнеркәсіпті қалпына келтіру заңы – өндірісті жандандыруға арналған Ұлттық өкімшілік арнайы федералдық ұйымын құру, адал бәсекелестік қағидаларын енгізу барлық өндіріс саласы үшін бірдей жалақы төлемі қағидасын, бірдей жұмыс күні ережесінің ортақ үлгісін орнату; еңбектегі өзара қарым-қатынас туралы заң жұмысшылардың ереуілге шығу құқығы мен ұйымдар құру және кәсіподаққа бірігуін бекітті;

- еңбек қатынасын мемлекеттік реттеу жүйесі құрылды; ауылшаруашылығы өндірісін реттеу туралы заң – фермерлерге өндірістерін қысқартқаны үшін төлем төлеу, бұл ауылшаруашылығында артық өнім өндіруді тоқтату үшін жасалды;

- көмекке мұқтаждарға жәрдем көрсету бағдарламасы жұмыссыздықты азайту мақсатында мемлекеттік ұйымдарды қоғамдық жұмыстарға (айналаны көгалдандыру, жолдар, электрстансылар, тұрғын үйлер салу, тағы басқа қоғамдық істерге) қатыстырды. «Жаңа бағыт» бағдарламасының ең маңызды өрі ерекше болуы оның әлеуметтік сақтандыру саласына қатысты ұстанған ұстанымы болды. 1935 жылы АҚШ тарихында тұңғыш рет «Әлеуметтік қамсыздандыру туралы» Заң қабылданды, осыған орай елде алғаш рет мемлекеттік зейнетақы және жәрдемақы жүйесі енгізілді. Заң жасы келгендер мен жәрдемшісінен айырылғандарға зейнетақы төлеу, жұмыссыздыққа және жұмысқа қабілетсіздігі үшін жәрдемақы беруді қарастырды. 1938 жылы «Жалдамалы жұмыс күшінің өділдігі туралы» Заң қабылданды, онда берілетін ең төменгі еңбекақы мен жұмыс күнінің ұзақтығы көрсетілді.

Салық салу жүйесін реформалау барысында артық табыстар мен мұрагерлікке, сыйлықпен берілетін мүліктерге салынатын салық көлемі көбейтілді. Рузвельт өкімшілігінің 1933–1939 жылдары жүргізген әлеуметтік және экономикалық бағдарламаларының нәтижесіне орай, мемлекет елдің барлық маңызды бағыттарына, әсіресе экономика мен әлеуметтік салаларға белсенді араласты.

Есте сақтаңдар!

«Жаңа бағыт» экономиканы мемлекеттік реттеу қажеттілігі жүйесін танытуға негізделді. Мемлекетке экономикалық іс-әрекеттер мен қоғамдағы әлеуметтік үдерістерді реттеу міндеті жүктелді.

Қоғамдағы осындай салаларға бақылау жүргізу мен араласу мақсатында арнайы органдар мен мекемелер құрылды, заңдар

қабылданды, бұл бетбұрыстар мемлекеттегі басқарушы ортаның саяси бағытына айтарлықтай өзгерістер енгізді.

Назар аударыңдар

«Жаңа бағыт» АҚШ тарихындағы ең бір бетбұрысты кезеңнің бірі болды. Осы уақыттан бастап мемлекеттік жүйенің экономика мен әлеуметтік салаға араласуы американың мемлекеттік-саяси жүйесіндегі маңызды элементке айналды. «Жаңа бағыт» аясында жүзеге асқан реформалар, мемлекеттің әл-ауқатын арттырудың америкалық берік негізіне айналды.

1936, 1940, 1944 жылдары Рузвельт АҚШ-тың президенті болып қайта сайланды.

Назар аударыңдар

Өзара тәуелділік, әлемдегі барлық мемлекеттердің өзара тәуелділік түсінігі, Рузвельттің сыртқы саясат туралы ұғымының негізі болды.

Рузвельттің сыртқы саясаты. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ-тың оқшаулану саясат ұстануына орай Рузвельт, АҚШ басқа өлемнен өзін оқшауламауы тиіс, өйткені болашақтағы қауіпсіздік пен мемлекеттің ортақ игілігі Еуропа мен Азияның тағдырларымен тікелей байланысты деп санады.

Рузвельт «Жаңа бағытқа» ішкі саяси қолдауды жоғалтып алмас үшін 30-жылдары АҚШ-та халықтың басым көпшілігі қолдаған оқшаулану туралы саясатқа да ыңғай білдірді, бұл бағытты ұстанушылар АҚШ-ты Еуропа мен Азиядағы жаңа соғыстан қорғауды мақсат етті. Алайда АҚШ-тың Батыс жартышар мен Тынық мұхиттағы мүддесіне байланысты ұстанған шектеулі сыртқы саясатын ол ешқашан да қолдамады.

Рузвельт, егер АҚШ пен оның одақтастары өлемдік мұхитқа бақылау жүргізу үстемдігінен айырылса, онда бұл жағдайды гитлерлік коалиция Батыс жартышарына шабуыл жасау үшін пайдаланады деп санады. Оның пікірінше, мұхиттарға бақылау орнатуды тек АҚШ флоты ғана жүзеге асырмауы тиіс. Ол үшін Еуропа мен Азиядағы державалар өзара үстемдік үшін таласпауы тиіс, бұл сонда ғана жүзеге асуы тиіс, ондай жағдайда кеме жасайтын қуатты өндіріс күштерін екі континентке орналастыруға болатын еді. Сонымен қоса Рузвельт Францияны, Британия империясын, Қытай мен КСРО-ны қолдау қажет, өйткені олар жанама түрде болса да АҚШ-ты қолдайды деп санады.

Жүзеге асып жатқан нақты процестер мен орын алған оқиғалар Рузвельттің, АҚШ-тың өзге өлемнен оқшаулану саясатын ұстануы дұрыс емес деген тұжырымын нақтылай түсті. Авиацияның дамуы АҚШ жетекші өлемдік саясат орталығынан географиялық жағынан



АҚШ Президенті Франклин Рузвельт Перл-Харборға жапондықтар шабуыл жасағаннан кейін Жапонияға соғыс жариялау туралы декларацияға қол қоюда

қашықта орналасқан деген факторды жоққа шығарды. 1937 жылы Жапония Қытайға қарсы басқыншылық саясатын бастағанда, Рузвельт мемлекеттегі оқшаулану саясатынан нақты түрде бас тартты. Ол бейбіт өмірді қалайтын мемлекеттерді басқыншы елдерге қарсы болуға шақырды.

Германияның Польшаға шабуыл жасағанынан кейін, 1939 жылы қыркүйекте Рузвельт Конгрестің арнайы сессиясын шақырды, онда соғысып жатқан елдерге қару-жарақ сатуға рұқсат беру мәселесі қаралды. Ол фашизм мен жапон милитаризмінің жеңіске жетуі АҚШ-тың өмір сүруіне нақты қауіп тудырады деген ұстанымда болды.

1941 жылы тамызда Ньюфаундленд жағалауында Ф. Рузвельт пен Ұлыбританияның премьер-министрі У. Черчилльдің алғашқы кездеуі өтті. Онда егер АҚШ соғысқа араласар

болса, екі мемлекеттің бірлесіп атқарар ортақ әрекеттері қалай болуы керектігі талқыланды.

Назар аударыңдар

Осы кездесудің нәтижесінде Атлантикалық хартия қабылданды, онда соғыс жағдайындағы АҚШ-тың стратегиялық мақсаты мен соғыстан кейінгі қалыптасу барысындағы олардың ұстанымдары сараланды.

Хартияда одақтастар аумақтық басып алуға ұмтылмайды, халықтардың басқару формасын таңдау құқығына құрметпен қарайды, өздерінің азаттық құқықтарын қалпына келтіру үшін күрескен халықтарды қолдайды деп көрсетілген. АҚШ әрқашан да, соғыс аяқталған соң да демократиялық әлемдік тәртіптің кепілі болуға өзінің дайын екенін жариялады.

Есте сақтаңдар!

1941 жылы 7 желтоқсанда Американың әскери-теңіз кешені Перл-Харборға Жапония шабуыл жасағаннан соң, АҚШ оқшаулану және бейтараптық саясатынан бас тартып, Екінші дүниежүзілік соғысқа кірісті, ол гитлерге қарсы коалицияға енді.

Рузвельт болашақтағы әлемдік қалыптасу принциптеріне баса назар аударды, ол 1940 жылы Конгреске жасаған үндеуінде және 1941 жылғы тамыздағы Атлантия хартиясында бұған ерекше тоқталды. Болашақтағы әлемдік құрылымның ұстанымдарын негізге алған

Рузвельт әрекет етудің негізгі принциптерін көрсетті. Олар өзінің одақтас әріптестерін қоғам алдындағы жалпы ұстанымдарын орындау және соғыстан кейінгі тәртіп орнату барысында орын алатын қандай да бір саяси жанжалдардың ағылшын-саксон-кеңес-қытай коалициясын бұзып кетпеуін қадағалау.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Неліктен Рузвельттің «Жаңа бағыты» АҚШ тарихындағы бетбұрысты кезеңдердің бірі болды?
2. Рузвельт соғыстан кейінгі әлемдік құрылымның қандай принциптерін және сыртқы саяси әрекеттерді ұсынды?

§ 35. В.ШАРЛЬ ДЕ ГОЛЛЬ: ФРАНЦИЯ ҰЛЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Шарль де Голль Лилль қаласында, Иезуит колледжінде философия мен әдебиет пәндері мұғалімінің отбасында дүниеге келді. Орта білім алғаннан кейін Сен Сир әскери училищесіне оқуға түсті. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары шайқастарға қатысып, жарақат алып, тұтқынға түседі. 1924 жылы Жоғары әскери мектепті бітіріп, әртүрлі әскери бөлімшелерде қызмет етті. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда бригадалық генерал атағын алып, майдандағы әскерге қолбасшылық етуге жіберілді. Франция жеңілгеннен кейін Англияға кетіп, «Ерікті Франция» қозғалысын басқарды. Бұл қозғалысқа өзінің мүдделес серіктері мен қоса коммунистер, социалистер, христиан демократтары секілді әр алуан көзқарастағы күрескерлерді топтастырады.

Париж азат етілген соң Ш.де Голль мемлекеттік билікті қолына алады. 1944–1945 жылдары Шарль де Голль Франциядағы Уақытша үкіметті басқарды. Оның басты мақсаты француз мемлекетін жаңғырту болатын, ол үшін күрделі конституциялық-құқықтық реформалар жасап, билік тармақтарын бір орталыққа шоғырландыру қажет еді. Осы реформалар үшін үкіметпен келісе алмаған Ш.де Голль 1946 жылы отставкаға кетеді.

1946 жылы 16 маусымда Байе қаласын азат етудің екі жылдығына орай өткен мерекелік

Бүгінгі сабақта:

- Ш.де Голльдің мемлекет тарихындағы рөлі жайлы қорытындылар жасаймыз;
- Франциядағы әлеуметтік-саяси процестерді түсіну үшін «голлизм» ұғымын анықтаймыз;
- Ш. Голль қызметінің мысалында мықты президенттік билік институтының маңыздылығын түсінеміз.

Кілт сөздер:

«мықты мемлекет» идеясы, «ұлттық ұлылық», президенттік республика, голлизм, «үшінші жол», референдум

шарада Ш.де Голль алғаш рет өзінің конституциялық жобасын жариялады. Бұл жоба Францияның «ұлылығын», ұлттық тәуелсіздік пен бірлікті қамтамасыз етуге қабілетті, «күшті мемлекет» идеясына негізделді. Ш.де Голль парламенттік республика идеясын қатаң сынады, бұл бағыт мемлекеттік құрылымды толықтай дағдарысқа ұшыратады деп санады. Оның пікірінше, партиядан тыс, одан жоғары тұрған, биліктің барлық тармағына саяси бақылау жасай алатын мемлекет басшысы, жалпыұлттық мүдделердің кепілі және оның төрешісі болуы тиіс, диктатор емес.

Алжирдегі соғыс салдарынан, онда «Ультра» бүлігі басталады, бұл 1958 жылы Франциядағы саяси-әлеуметтік дағдарысқа себеп болады. Бүлікшілер Алжирдегі соғысты тоқтатып, жеңіске жеткізетін «қоғамдық құтқару үкіметін» құруды талап етеді. Олар осы үкіметті басқаруға Ш.де Голльді тағайындауды талап етті.

Де Голль елді басқаруға, Алжир мәселесін шешуге дайын екенін, бұл үшін саяси жігерсіздік тудырып отырған мемлекеттік жүйені түпкілікті өзгерту туралы шарт қоятынын мәлімдеді. Ол өзіне төтенше өкілеттілік беруін және 1946 жылы Конституцияны жоюды талап етті.

Үкімет бұл талаптарды толығымен қабылдады. 1958 жылы 1 маусымда Ш. де Голль үкіметті басқаруға кірісті. Күзде Ш.де Голль ұсынған жаңа Конституция қабылданады, бұл мемлекеттік саяси құрылымының сипатын өзгеріске ұшыратты. Франция парламенттік республикадан президенттік республикаға ауысты, мемлекет басшысы кеңейтілген өкілеттілікке ие болды: президент 7 жылға сайланды, премьерді және үкімет мүшелерін тағайындады, заң шығару процестеріне қатысуға, қандай да бір заң жобаларын қайта қарау үшін парламент қарауына жіберуге, парламентті таратып жіберуге, төтенше жағдай енгізуге құқылы болды, сыртқы саясат пен қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік бағытында үлкен өкілеттілікке ие болды. Енді бұдан былай президент өз қызметі үшін парламентке есеп бермейтін болды әрі Францияның ұлттық тәуелсіздігі мен тұтастығының кепілі болды.

1958 жылы желтоқсанда Ш.де Голль Франция президенті болып сайланды. Ол мемлекеттің отарлық бағыттағы саясатын толығымен тоқтатты: барлық африкалық отар елдердің тәуелсіздігін мойындады, 1962 жылы Алжирге тәуелсіздік беріп, ұшыққан алжир мәселесін біржолата шешті. Ш.де Голль 1962 жылы «Франция ұлылығын» қайта қалыптастыруға қажетті әлеуметтік-экономикалық реформалар өткізуді қолға алады.

Назар аударыңдар

Де Голль ұсынған «голизм доктринасының» біртұтастай саяси философиясы Францияның ұлттық саяси дәстүрлеріне сәйкес келді. Онда мемлекеттік практицизм, радикалды идеологиялық пафос пен этатистік ұстанымдары, халық егемендігі идеялары мен

консервативтілік және әлеуметтік реформалар өзара үйлесім тапты. Ш. де Голль ұлтқа коммунизм мен либералдықтың шектен шығуын жеңетін «үшінші жолды» ұсынды.

«Еңбек пен капитал ассоциациясы» бағдарламасы қабылданды. Ол бойынша үкімет мемлекеттік сектордағы жұмысшылардың өз кәсіпорындарына түскен пайдаға, техникалық ұтымдылықты қамтамасыз етудегі үлесақы (дивиденд) және кәсіпорынның нарықтық стратегиясы жөніндегі ақпараттарға «араласу жүйесін» енгізді. Осы бағдарламаны пайдаланушы жеке кәсіпкерлер салық жеңілдіктерін алды.



Шарль де Голль
(1890–1970)

Есте сақтаңдар!

Мемлекеттік құрылымнан бастап экономикалық реттеуге дейінгі саясаттың барлық қырларын біріктірген голлизмнің негізгі идеясы, де Голль үшін шынайы әлеуметтік ұстаным болған Францияның «ұлттық ұлылығына» айналды.

Голлизм бойынша, Франция – бұрын өмір сүрген және болашақта өмір сүретін француздардың ұрпақтарын біріктіруші. Франция – жекелеген француздардың өмірі мен мүдделерінен басқа өзіндік мүдделер мен мақсаттары бар, уақытпен шектелмейтін шындық. Ұлттық тәуелсіздікке, бірлікке, қоғамдық тәртіпке, әділеттілікке тек күшті мемлекет қана кепіл бола алады.

Назар аударыңдар

Күшті мемлекет – таптар мен жеке мүдделерден жоғары тұрған және тек жалпыұлттық мүдделерді ғана қорғайтын мемлекет.

Де Голль референдум барысында халық тәуелсіздігіне негізделген шынайы демократияны қайта жаңғыртуды ұсынды. Конституциялық құрылым мен мемлекет басшысын таңдау секілді іргелі мәселелерді халықтың өзі референдум арқылы шешуі тиіс.

Бірлік, ұйымшылдық биліктің ажырамас бейнесі болуы қажет. Мемлекеттік билікті нығайтуда мемлекет басшысы негізгі рөлге ие болуы тиіс, ол партиядан тыс өрі одан жоғары тұруы керек. Бірақ мемлекеттік аппараттың қызметі биліктегі бөліс ұстанымына бағынуы тиіс.

Назар аударыңдар

Ш.де Голльдің пікірінше, біртұтас саяси еркіндік пен халықтың мемлекет өміріне шынайы араласуын қалыптастыру үшін заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің тең болуы, демократиялық мемлекеттің кепілі болып саналады.

Ш.де Голль «Ұлы Францияны» қайта өркендету негізі тек конституциялық құрылымды реформалауда ғана емес, елдегі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуде деп санады. Мұнда негізгі басымдылық таптық қарама-қайшылықты жеңу мен қоғамдық дамудың «үшінші жолын» қалыптастыруға үндейтін «еңбек пен капитал ассоциациясы» тұжырымына берілді.

Жұмысшыларды кірістер мен өнеркәсіпті басқаруға қатысуын қамтамасыз етуде Ш.де Голль капиталистік қоғамның әлеуметтік құрылымын кері айналмайтын тиімді амалын таңдады. Мемлекеттің белсенді экономикалық саясатын, тәуелсіз, прагматикалық сыртқы саяси бағытпен үйлестірсе, мұндай саясат ұлттық бірлік пен жақсы өмірді өркендетудің негізі болатынын көрді.

Экономикалық бағдарлар қоғамға белсенді түрде енгізіле бастады, өнеркәсіпті (ең алдымен, электроника, атомдық, аэроғарыштық және өскери) жаңғыртуға және ауылшаруашылығы саласына қомақты қаржы бөлінді. Өмір сүру сапасының жақсаруы басты назарға алынды. 60-жылдары жалақы орта есеппен 25% -ға өсті. Ақылы демалыс мерзімі 4 аптаға дейін созылды. Ш.де Голль АҚШ-тың сыртқы саясатына бағынбайтын мемлекеттік тәуелсіздікті қамтамасыз етті. Ядролық державаға айналды, 1966 жылы Францияны НАТО-ның өскери құрылымынан шығарды және елдің аумағында орналасқан АҚШ-тың өскери нысандарының барлығын жапты.

1965 жылы де Голль екінші мерзімге сайланды.

Алайда 1968 жылы мамырда Францияда күрделі әлеуметтік-саяси дағдарыс орын алды. Бұл шиеленіс радикалды ұстанымдағы студенттердің наразылығынан туындады. 60-жылдары Францияда студенттер саны 5 есеге өскен болатын. Олардың әлеуметтік құрамы мен құндылықтарға деген көзқарастары өзгерген болатын. Студенттер арасында солшыл көзқарас кең тарады, олар ұлттық буржуазиялық құндылықтарды қабылдамады.

1968 жылы мамыр айының басында студенттер мен Сорбонна университетінің әкімшілігі арасында шиеленіс бүрқ ете түсті. Полицияның Сорбонна маңайын бүлікшіл студенттерден тазарту қанды қақтығыстарға алып келді. Бұл оқиғалар бүкіл елді толқытты. Студенттерді қорғауға кәсіподақтар мен солшыл күштер шықты. Тұтас мемлекетті қамтыған ауқымды ереуілдер толқыны басталды, елдің экономикалық өміріне күйзеліс қаупі төнді. Мамыр айының соңына қарай шиеленіс аса жоғарғы шегіне жетті. Шарль де Голль өз ұстанымымен халықтың алдына шықты. Ол тек өзі ғана азамат соғысының алдын ала алуға қабілетті екенін білдіріп, француздардың басым бөлігін осыған сендірді. Қоғамдық пікірде билік пайдасына қарай ауытқу пайда болып, маусым айының соңына қарай жағдай бақылауға алынды.

Өз жетістігін нығайта түсуге ұмтылған Ш.де Голль орталық биліктің

ұстанымын нығайтатын өкімшілік реформалар жүргізуді қолға алды. Бұл өзгерістердің Францияның болашағы үшін ерекше маңызды екеніне тоқталған ол, осы заң жобасын референдумға шығарады. Ш.де Голль егер осы заң жобасын халық қолдамаса, өзінің қызметінен кететінін мәлімдейді. Референдум 1969 жылы 27 сәуірде өтті, сайлаушылардың 52% -ы бұл заң жобасына қарсы дауыс береді. Ш.де Голль қызметінен ерікті түрде кетті. Ол өмірінің соңғы жылдарын Коломбе-ле-Дез-Эглиздегі қаланың шетіндегі үйінде өткізді. Ш.де Голль 1970 жылдың 9 қарашасында дүниеден өтті, сол күні генералдың ұлы Филипп үкіметке әкесінің өтінішін жеткізеді: онда қайтыс болған соң ешқандай артық құрмет көрсетілмеуін, атақтар мен сыйлықтар берілмеуін айтады. Құлыптасында – тек қана Ш.де Голль деген жазумен өмірге келген және қайтыс болған жылдары ғана жазылды.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. 1958 жылы Шарль де Голль Франциядағы билік басына қандай саяси жағдайда және қандай шарттармен келді?
2. Парламенттік және президенттік республикалар арасындағы айырмашылықты естеріңе түсіріңдер.
3. Голлистік докторина нені білдірді?
4. Де Голльдің пікірінше «ұлы Францияны» қайта өркендетудің басты негізі не болуы керек еді?

§ 36. Г.ДЭН СЯОПИН – КӨРНЕКТІ ҚЫТАЙ РЕФОРМАТОРЫ

Дэн Сяопин (Дэн Сисянь) Сычуань провинциясына қарасты Байфан елді мекенінде, ауқатты жер иеленушінің отбасында дүниеге келді. Оған Сисянь, яғни «даналыққа үміт беруші» деген есім берілді. Дэн үлкен өулеттен есіп-өнген азамат болатын. Оның бабалары XIV ғасырдан бастап есімдері әйгілі шенеунік, оқымысты, сот секілді лауазымды қызметтер атқарған. Ол 1920 жылы орта мектепті аяқтап, Францияға оқуға аттанады. Оқуда жүрген ол қаржы жетіспеушілігі себепті болат қорыту цехында, «Рено» зауытында жұмысшы, кемеде от жағушы, дәмханада даяшы секілді түрлі жұмыстар істеуге мәжбүр болады. 1922 жылы Дэн Қытай жастарының Социалистік одағына мүшелікке өтеді, ал 1924 жылы Қытай Коммунистік партиясының (ҚКП) еуропалық бөлімшесіне мүше болады. Ол белсенді партия қызметкері, жалынды революционер болды.

Бүгінгі сабақта:

- Дэн Сяопиннің мемлекет тарихындағы рөлін және өтпелі кезеңдердегі реформаларының маңыздылығын бағалаймыз;
- әлеуметтік-экономикалық процестерді түсіну үшін «қытайлық ерекшелігі бар социализм» ұғымын анықтаймыз;
- ҚХР мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу себептерін талдаймыз.

Кілт сөздер:

нарықтық реформалар, қытай үлгісіндегі социализм, «бір ел – екі жүйе»

Астыртын партиялық қызметіне орай ол тегін Сяопин деп өзгертеді: Сяо – кішкентай (оның бойының ұзындығы 153 см болатын), Пин – әділетті, бейбітсүйгіш деген мағынаны білдірді. Дэннің партиялық қызметі француз полициясының көзіне түседі.

1926 жылы ол Мәскеуге кетуге мәжбүр болады, онда Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік университетінде оқып, кейіннен

Сун Ятсен атындағы Қытай еңбекшілерінің университетінде білімін жалғастырады. Мұнда ол марксизм білімімен танысып, әскери сала бойынша білім алады, Бүкілодақтық коммунистер (большевиктер) партиясы қатарына өтеді.

Қытайда азамат соғысы жүріп жатты, ҚКП төңкерістік күрес жолына берілген сауатты мамандарға зәру болды. Осы себепті Дэн Сяопин ҚКП шешімімен 1927 жылы Мәскеуден Қытайға шақыртылады, алғашында ол әскери саяси қызметкер міндетін атқарды, кейіннен ҚКП ОК хатшысы болып, елде орын алған барлық маңызды оқиғаларға атсалысты. 1945 жылы ол ҚКП ОК мүшесі болып сайланады, ал 1955 жылы ҚКП ОК Саяси кеңесінің мүшелігіне өтеді. 1949 жылы Қытай Халық Республикасы (ҚХР) құрылған соң, алғашында қаржы министрі, кейіннен Қытайдың Оңтүстік-Батыс өкімшілігі төрағасының орынбасары қызметтерін атқарады. 1952 жылы ҚХР Мемлекеттік Кеңесі төрағасының орынбасары болады. Ал 1956 жылы ҚКП ОК бас хатшысы лауазымына сайланады.

1960 жылдардың басында «үлкен секіріс» саясаты жүзеге аспаған соң Дэн Сяопин жаңа «реттеу саясатының» бастамашысы болды. Ол ауылдарда ұсақ тауарлы өндіріс құруды, қауымдастықтардағы жерлерді шаруаларға бөліп беруді және оны жалға беруге ерлі ауылшаруашылық өнімдерінің артығын еркін сатуға рұқсат етуді ұсынды. Дәл сол кезеңде оның: «Мысықтың түрі қандай болғаны маңызды емес, ол тек тышқан ауласа болды» деген сөзі таралды.



Дэн Сяопин
(1904–1997)

«Мәдени революция» жылдары Дэн Сяопин алғашында үй қамағында қамалып, кейін алыс провинцияға жер аударылады, сондағы трактор зауытында механик-жөндеуші болып жұмыс істейді. Дэн 1973 жылдың бас кезінде ақталып, ОК құрамына қайтадан қабылданып, Саяси бюроға сайланды. 1975 жылды ҚКП Төрағасы және Қытай біріккен Ұлттық армиясының Бас штабы бастығы болып сайланды. Алайда 1976 жылдың бас кезінде оған елдегі «контрреволюциялық төртіпсіздіктерге» қатысы бар деген айып тағылып, барлық мемлекеттік және партиялық қызметтен шеттетілді.

Мао Цзэдун қайтыс болған соң және «мәдени революция» аяқталғаннан кейін 1976 жылы Дэн Сяопин саясатқа қайтып оралды. 1977 жылы ол ҚКПОК төрағасының орынбасары және Мемлекеттік кеңес премьерінің орынбасары қызметтерін атқарып, мемлекет пен партия басшылығын қолына алды. Бірте-бірте әскер де оның бақылауына өтеді.

Дэн Сяопиннің реформалары. Дэн Сяопин «Қытай социалистік жолды ұстанады және ҚКП басшылық рөлін сақтап қалады» деп жариялап, ескі көзқарастардан арылып, заманға сай индустрия құруға, аграрлы социалистік құрылымды қайта құруға, халықтың материалдық деңгейін көтеруге, ұлттық қауіпсіздікті күшейтуге шақырды. Дэн Сяопин елдің экономикасын өркендету үшін қандай идеологиялық принциптерді қалыптастыратынына айрықша мән берді және жаңа реформа жариялады. Жаңа реформа қалада да, ауылдық жерлерде де сәтті жүзеге асып, оң нәтиже берді.

Назар аударыңдар

Дэн Сяопин экономикалық реформа үшін күресте, ұстанған саясаттың дұрыстығын анықтайтын үш ұстанымды ұсынды: яғни, өндірістік күштердің дамуына, мемлекет табысының қуатын арттыруға және халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге осы саясат қаншалықты ықпал етеді. **Дэн Сяопин Қытай экономикасын нарық жағдайларына бейімдеп, оны іске асырған реформаның бастамашысы әрі ұйымдастырушысы болды.**

ҚХР экономикасында реформалар жүргізу туралы ресми шешім Дэн Сяопиннің бастамасымен 1978 жылы желтоқсанда ҚКП ОК пленумында қабылданды. Пленум елдегі барлық экономикалық жүйені жаңғыртудың стратегиялық бағытын қабылдады. Қайта құрулар мәні жоғарыдан орталықтандырылған, директивті жоспарлауға негізделген ескі экономикалық жүйені түбегейлі өзгертуге және оны біртіндеп *жоспарлы экономика мен нарықтық реттеуге үйлескен жаңа экономикамен алмастыру болды.*

Назар аударыңдар

Қытайлық жаңғыру үлгісі негізгі мақсат – социализмнен бас тартпай, нарықтық реформа жүргізуге негізделді. Дэн Сяопин таңдаған даму үлгісі, мемлекеттің социалистік негізі өзгермейтініне (мемлекеттік меншік экономиканың басты бағыты болып қала беретініне) кепілдік берді, яғни елдегі барлық шаруашылықтарға үкіметтік бақылаудың және мемлекеттегі Компартияның жетекші рөлі сақталып қалды. Ол «Біздің тегіміз – социализм, капитализм емес» деп атап өтті.

Қытай басшылығы ұсынған экономикалық жаңғыру үлгісіне:

- **ауылшаруашылық саласында:** ауылдық коммуналарды жою, шаруаларға жекеменшік мал ұстауға рұқсат беру, өнімінің бір бөлігін сатуға рұқсат беру;

• *өндірісте, сауда мен қызмет көрсету саласында:* мемлекеттік мекемелерді жеке шаруашылық мекемелеріне айналдыру, кооперативтік және жеке мекемелер құру, еркін экономикалық аймақ құру, сыртқы сауданы жандандыру мәселелері кірді.

Бірлескен міндетті нұсқаулық жоспарлауды жою туралы заң қабылданды. Партиялық комитеттер енді халық арасында тәрбиелік істермен айналысатын болды, бұрынғыдай мемлекеттік шаруашылық органдарының шаруаларына араласпайтын болды.

Ал *ауылшаруашылығында* коммуна жойылды, оның орнына отбасылық шаруашылық енгізілді. Жер ұжымның шешімімен жекелеген отбасыларға пайдалануға берілді. Ауылшаруашылық техникалары шаруалардың меншігіне өтті. Өрбір отбасы жерлерінің көлеміне қарай жыл сайын мемлекетке белгілі бір мөлшерде ауылшаруашылық өнімдерін беруге, жер салығын төлеуге міндетті болды. Шаруалар өндірілген өнімнің артығын өз қажеттіліктері үшін жарататын. Ауылшаруашылық өнімдерін сатып алатын баға құны көтерілді. Жерге ұжымдық меншік жағдайы болғанына қарамастан, шаруалардың отбасына жеке шаруашылық жүргізуге мүмкіндік берілді, бұл өзгерісті үкімет заңдық тұрғыдан да, саяси жағынан да қолдады.

Ал *өндірісте* реформаның ерекшелігі ол көпқұрылымды экономиканың шарттарына сай жоспарлы тауарлы шаруашылықтың барынша дамуына сай жасалды.

Жекеменшік пен түрлі меншік түрлерінің үлес салмағы көбейтіліп, мемлекеттік сектордың үлесі азайтылды. Мемлекет әкімшіліктің жекеменшік мекемелердің жұмысына араласуын қысқартты. Нарықтың белгілері біртіндеп ене бастады және орталықтанған үлес бөлу қысқартылды. Мемлекеттік мекемелер еркін бағытта жұмыс істей бастады. Оларға қосымша өндірістер ұйымдастыру, жоспардан артық өнім бағасын еркін түрде қоюға, жоспардан артық өнім шығаруды арттыру мақсатында акциялар мен еркін заемдар шығаруға кең өкілеттілік құқығы берілді. Өндірістік кәсіпорындардың шетелдік серіктестермен іскерлік байланыстар орнатуға мүмкіншілігі артты. Сыртқы сауда мен халықаралық ынтымақтастыққа монополиялық құқық жойылды. Мекемелерге сыртқы нарыққа өз бетімен шығуға рұқсат беріліп, олар шетелмен тікелей сауда жасай бастады.

1978 жылдан соң Қытайда шетел капиталының қатысуымен *еркін экономикалық аймақтар* құрыла бастады, осының нәтижесінде елге келетін шетелдік инвестицияның көлемі күрт артты.

Осылайша сыртқы экономикалық байланыстарда шетелдіктермен, әсіресе дамыған капиталистік елдермен жан-жақты ынтымақтастыққа негізделген ашық саясат ұстану қалыптасты.

Көп ұзамай реформалар оң нәтижелер көрсетті. VI бесжылдық жылдарында (1981–1985) өнеркәсіп өндірісінің өсу қарқыны жыл сайын

орта есеппен алғанда 11% -ға өсіп отырды. Тұрғындардың табысы екі есеге артты.

1989 жылға қарай Қытайдағы экономикалық реформалар өз шыңына шықты. Осы оң үрдіс өз жалғасын табуы үшін жаңа саяси шешім қабылдау қажет болды. 1992 жылы Дэн Сяопин *социализмнің жаңаша ұғымын* жариялады. «Социализм» ұғымынан қоғамдық меншік жағдайы алынып тасталды, бұл қытай социализмінің нарықтық экономикаға өтуін жеңілдетті.

Назар аударыңдар

1992 жылы ҚКП XIV съезінде *алғаш рет* нарықтық қатынастарды дамытуға мүмкіндік беретін және сонымен қатар басқарудағы әкімшілік-ұжымдық жүйені нығайтатын *қытай үлгісіндегі социализмді* қалыптастыру туралы міндет қойылды. Дэн Сяопин реформасының басты негізі де осы болатын. 1993 жылы «қытай үлгісіндегі социализм» Дэн Сяопиннің *нарықтық экономиканы социализммен біріктіру* туралы теориялық қағидасымен толықты.

Экономикалық қалыптасулар нақты әлеуметтік өзгерістерге әкелді, халықтың табысы көбейді, өндірістік белсенділік артты, білім жүйесі жетілдірілді. Реформаларды жүргізуді жеделдетуге, өнеркәсіп пен ауылшаруашылығында өсу қарқынын ұлғайтуға, шетелдермен байланысты кеңейтуге дайын болған қайта құрулардың жаңа кезеңнің басталғанын мәлімдеді. Съезде алғаш рет социалистік нарықтық экономика немесе қытайдың өзіне тән ерекшелігімен социализм құру міндеті қойылды.

90-жылдардың басында экономикалық даму қарқынын сақтап және ауыл мен қала тұрғындарының өмір сүруіндегі айырмашылықтарды қысқартып, банктік қызмет және несие беру мәселесін ретке келтіріп, инфляцияны тоқтатуға мүмкіндік туды. Экономикалық өсудің жоғары динамикасы қытай экономикасының сипатты белгісі болды.

Экономикалық қайта құрулар әлеуметтік дамуға ерекше қарқын берді, халықтың табысы артты, еңбекшілердің өнеркәсіптік белсенділігі өсті, білім беру жүйесі жетілдірілді. Медицина саласы мен тұрғын үй бағытында реформалар жүргізілді, осының нәтижесінде тегін медициналық қызмет көрсету мен тегін пәтер беру тоқтатылды, бірақ халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жақсарды.

Қытайдағы экономикалық реформалардың ерекшелігі *оларды жүзеге асырудың біртіндеп жүруі еді*, яғни «қатты соққының» болмауы болды. Осы реформаларды іске асыруды Дэн Сяопин өмірінің соңына дейін жалғастырды. Дамудың эволюциялық сипатының нәтижесінде Қытай күрт құлдыраудан құтылып қана қоймай, экономикалық өркендеудің жоғары үлгісін қалыптастырды, халықтың өмір сүру деңгейінің көрсеткішін тұрақты түрде жақсартуға қол жеткізді. Бүгінде Қытай – әлемнің екінші экономикалық державасы.

«Бір ел – екі жүйе». 90-жылдардың соңына дейін Қытай аумағында екі отарлық аймақ болды, олар Португалияның отары болған – *Аомынь* (1959 жылға дейін Макао) және ағылшын иелігіндегі – *Гонконг* (*Сянган*) болды. Ал 1949 жылы талқандалған гоминьдан күштері паналаған Тайвань аралы «*Қытай Республикасы*» деп жарияланды.

Есте сақтаңдар

Дэн Сяопиннің аса көрнекті еңбегі оның сыртқы саясатқа қатысты ұстанған «бір ел – екі жүйе» идеясы болды.

Бұл идеяның негізінде Қытай Халық Республикасының басты саясаты Сянган, Макао және Тайваньды өзіне біріктіру жатты. Дэн Сяопин ұсынған «бір ел – екі жүйедегі» бейбіт түрде бірігу үлгісі – басты мәселенің алдын алуы тиіс болды. Ол аталған аймақтың тұрғындарының болашақта социалистік Қытай құрамына қосылатынына наразылықтарын тудырмау қажеттілігі еді.

70-жылдардың соңында ҚХР жетекшілері Тайваньға «бір ел – екі жүйе» ұстанымы негізінде бірігуді ұсынды. Алайда «Қытай Республикасының» басшылығы бұл идеяны қабылдамады.

ҚХР билігі 1997 жылы Сянган Қытайға қосылған соң, онда қалыптасқан капиталистік жүйені елу жыл бойы өзгеріссіз сақтайтындарын ресми түрде мәлімдеді. 1997 жылы Сянган ерекше өкімшілік аймақ мәртебесімен ҚХР құрамына енді. Аймаққа өзін-өзі басқарудың ерекше үлгісі берілді, тек екі бағытты сыртқы саясат пен қорғаныс міндеттерін Қытай мемлекеті басқарады. 1999 жылы Аомын ҚХР заңдылығына өтті. Қытай Халық Республикасы құрамына өткен Сянган мен Аомында капиталистік құрылым сақталып қалды.

Дэн Сяопин 1992 жылы өз еркімен зейнеткерлікке шықты. Оның мемлекеттік және партиялық құрылымдарда ешқандай лауазымы болмаса да, ол Қытайдың барлық саяси процестеріне ықпал етіп отырды. Оның елді өзінің беделі арқылы басқаруға мүмкіндігі болды. Дэн Сяопиннің саяси қайраткерлігін зерттеген сарапшы қазіргі заманғы тарихтың маманы Л. Делюсин мынадай тоқтамға келді: «Дэн Сяопин гуманист та емес, марксист та емес, патриот және ұлтшыл болуы мүмкін, ол – мемлекетшіл тұлға. Ол үшін мемлекеттің, ұлттың мүддесі бөрінен жоғары».

Дэн Сяопин капиталистік және социалистік идеялардың қатаң қағидаларынан қиыстырып жол тапты. Ол қытай өркениетінің тәжірибелеріне, халықтың тарихи жадысына арқа сүйеп реформа жасады. Дэн Сяопин Қытайды ХХІ ғасырға батыл кіретін негіз қалыптастырды.

«Қытай реформасының архитекторын» соңғы сапарға шығарып салуға жүз мың Бейжің тұрғындары келді. Олар қолдарына ақ хризантема гүлдерін ұстап, ұлы тұлғаға өздерінің құрметтерін көрсетті.

**Білімдеріңді тексеріңдер**

1. Қытай үлгісіндегі социализмнің мәні неде?
2. Қытайдағы нарықтық реформалардың табысқа жету себептерін атаңдар.
3. Дэн Сяопиннің «бір ел – екі жүйе» тұжырымының мәнін ашыңдар.
4. Кестені толтырыңдар.

Дэн Сяопиннің реформасы

Экономикада	Ішкі саясатта	Сыртқы саясатта

§ 37–39. ЛИ КУАН Ю МЕН МАХАТХИР МОХАММАД: «ҮШІНШІ ӘЛЕМНЕН БІРІНШІ ӘЛЕМГЕ»

А. Ли Куан Ю

Ли Куан Ю (қытайшадан аударғанда – «айнаның бөріне жарық беретін нұр» деген мағына береді) Сингапурда қытай отбасында дүниеге келді. Оның әулеті төрт атадан бері осы жерді мекен етіп келе жатқан ежелгі сингапурлықтар болып саналатын. Әкесінің зергерлік шағын дүкені болды. Сауда-саттықпен айналысқандықтан, бұл отбасында балаларын оқытуға жететін қаржы болды, жалпы қытайлықтар перзенттеріне білім беруге ерекше мән береді. Ли бастауыш білімді Сингапурда алады. 1945 жылы Сингапурдағы колледжді бітірген соң, ол Ұлыбританияға оқуға аттанады. Алдымен Лондондағы экономика мектебінде, кейіннен Кембридж университетінде оқып, экономика мен құқық саласы бойынша диплом алады.

Англиядағы оқу жылдары өзіндік ой-пікірі қалыптасып, кейіннен мемлекет басқарғанда осы идеяларын үнемі өзінің саяси іс-әрекетіне пайдаланып отырды. Ли студенттік кезінен қоғамдық өмірге белсене араласатын. Бұл уақытта Лондонда Малайзия Форумы өтіп тұратын. Осы басқосулардағы негізгі тақырып Малайзияның болашағына қатысты ербитін, дәл осы кезде Халықтық Әрекет Партиясын құру туралы идея пайда болды. 1949 жылы оқуды үздік аяқтап және аса дарындылығы үшін жұлдызға ие болған Ли Сингапурға оралады да, өйгілі «Лэйкок және Онг» фирмасында заңгерлік тәжірибеден өтеді. Ли Куан Ю-дің саяси қайраткерлігі 50-жылдары басталады. 1951 жылы өткен парламент сайлауы кезінде ол Өркендеу партиясы үшін

Бүгінгі сабақта:

- мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі Ли Куан Ю реформаларының маңыздылығын бағалаймыз;
- Ли Куан Ю мемлекет тарихындағы рөлі жайлы қорытындылар жасаймыз;
- тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «экономикалық ғажайып» факторларын тұжырымдаймыз.

Кілт сөздер:

сингапур халқы (ұлты), реформалар, индустриализация, инвестиция, білім беру, жемқорлық, «экономикалық ғажайып», жаңа индустриалдық мемлекет.

үгіт-насихат жүргізеді. Оның серіктері мен мүдделестерінің қатарында солшыл көзқарасты ұстанушылар да болды. 50-жылдардың басында Ли пошта қызметкерлерінің құқығын қорғайды, олардың ісін қиындатпай, жеңіске жеткізеді; мемлекеттік қызметтегі азиялықтардың нәсілдік кемсітушілікке ұшырап, құқықтарының бұзылуына қарсылық білдіреді. Кәсіподақ өкілдерімен бірлесе жұмыс істеді, 1954 жылғы толқуларға қатысқандары үшін қамауға алынған қытайлық студенттерді қорғады. 1954 жылы қарашада Ұлыбританияда

білім алған бір топ жастар мен Сингапурдағы орта таптың өкілдері және жұмысшылар қозғалысының адамдары орта ұстанымдағы социал-демократиялық Халықтық әрекет партиясын (ХӘП) құрады, кейіннен бұл ұйым елдегі жетекші саяси күшке айналып, Сингапурды тәуелсіздікке жеткізеді. Ли ХӘП бас хатшысы болып сайланады.

Партиялық қызметке бар күш-жігерін жұмсаған ол өзінің серіктерімен бірлесе отырып, партияны жетекші орынға шығарады. 1959 жылы ХӘП билікке келеді. Ли Куан Ю Сингапурдың премьер-министрі лауазымын иеленеді, ол бұл қызметті 1990 жылдарға дейін атқарды. Ол мемлекет басшысы қызметінен кеткенде ЖІӨ жан басына шаққанда 14 000 долларды құрады. 1990–2004 жылдары Ли Куан Ю, Го Чок Тонгтің үкіметінде бас министр қызметін атқарды. Куан үшін арнайы құрылған бұл лауазымның мәні, оның мұрагерге кеңес беруіне негізделді. 2004–2011 жылдары ол өзінің баласы Ли Сянь Лун басқаратын үкіметте ұстаз-министр лауазымын атқарды.

Ли Куан Ю өзінің қызметтен кетуін: «Мен 31 жыл бойы премьер-министр болдым. Егер мен осы лауазымды тағы бір мерзім атқаратын болсам, мен осы жұмысты істей алатынымды көрсеткеннен басқа еш нәрсені дәлелдей алмас едім. Екінші жағынан, мен бұдан кейінгі жылдарымда өзімнің мұрагеріме премьер-министрдің атқаратын жұмысымен жақсылап таныстырып кетсем және оның осы міндетті алып кетуіне көмектессем, бұл менің Сингапурдың дамуына қосқан соңғы үлесім болар еді» – деп түсіндірген екен. Ли үкіметтен кеткеннен кейін де елдің экономикасы қарқынды түрде дамуын жалғастырды, 2000 жылдары ЖІӨ адам басына шаққанда АҚШ-тағы көрсеткіштен де асып кетті.

Ли Куан Ю реформасы. Премьер-министр лауазымын иеленген Ли өміріндегі ең басты мақсаты – күшті Сингапур мемлекетін құруға бар күш-жігерін жұмсады. Оның жоғары біліктілігі мен күшті ерік-жігері Сингапур халқының қалыптасуына ықпал етті. Ли басшылыққа алған негізгі мақсаттың бірі «Азияның жаңғыруы» идеясы болды. Ол Азия

әлемдегі дамыған мемлекеттермен бір деңгейде қатар тұруы керек және өзінің жетістіктері арқылы Еуропамен теңесуі қажет деген пікірін білдірді. Бұл жоспарлар Ли Куан Ю саяси бағдарламасы болды. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін Сингапурда индустрияландыру қолға алынды.

1961 жылы Экономикалық даму басқармасы (ЭДБ) құрылады, бұл құрылым кәсіпкерлікті бастау мен оны дамыту бағытындағы мәселелерге жауапты болды. Мұндай жүйенің құрылуы бюрократиялық тосқауылдар мен қаптаған кедергілердің санын қысқартты. Мұндай оңтайлы шешім ірі бизнесті өркендету мен шетелдік инвестицияларды көптеп тарту мақсатына пайдаланылды. ЭДБ атқаратын негізгі қызметтер нақты белгіленді. Өндірістің төрт бағыты: кеме жасау мен құрастыру, көлік шығару, химия өндірісі, электр құрылғылары мен құралдарын өндіру басты назарға алынды өрі оларға басымдылық берілді. 1965 жылдың 9 тамызында Сингапур тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңде, ол шағын ғана кедей ел болатын, тіпті қарапайым ауызсу мен құрылысқа қажетті құм да шеттен тасылтын. Сингапурдың дамуынан гөрі кері кететіні айқын болатын. Шешімі табылмаған күрделі мәселелер жетіп артылатын. Жаппай жұмыссыздық, халықтың тұрмыс-тіршілігінің төмендігі, шикізат көздерінің болмауы, толыққанды мемлекеттік әкімшіліктің қалыптаспауы, Малайзия тарапынан төнетін қатер, Сингапурда тұратын малайзиялықтардың қарсылықтары, ұлттық бірліктің болмауы, әлсіз әскер, ағылшындардың әскерлері елден кеткен соң қазынаға түсетін салықтың күрт азаюы, экономикалық дағдарыс осының барлығы енді ғана азаттыққа қол жеткізген жас мемлекет үшін аса ауыр жағдайлар еді. Шикізат ресурстары мен өндіріс болмағандықтан барлық сенім адамдарға, олардың белсенділігіне, білімге құштарлығына және табысқа жетуге ұмтылған ұмтылыстарына артылды. Ол «маған талантты адамдар мемлекеттің басты құндылығы болып табылатыны туралы белгілі ақиқатты түсіну үшін біраз уақыт керек болды» деп еске алды. Шағын ғана, табиғи ресурстарға тапшы Сингапур 1965 жылы тәуелсіздік алған кезеңде, онда 2 млн ғана адам болды, бұл анықтауыш фактор болатын.

Сингапур халқының басым бөлігі иммигранттардан құралды, олар бөтен елге жұмыс істеуге келгендер еді, сондықтан олар кейбір қиындықтарға мойымайтын. Иммигранттардың қатарында Қытайдың оңтүстік провинциясынан келгендер көп болды, олар ата-бабаларынан бері ауылшаруашылығы жұмысымен айналысатындар еді. Сонымен қоса Үндістаннан келіп маусымдық жұмыс атқаратын жұмысшылар



Ли Куан Ю
(1923–2015)

мен қолөнер саласында жетістікке жеткен малайзиялықтар да көптеп кездесті. Ли Куан Ю үлгілі ұлт пен белсенді адамдарға айналу туралы үндеуі халық арасында жақсы қабылданып, қолдау тапты.

Назар аударыңдар

Тәуелсіз мемлекеттің басшылығын қолына алған Ли Куан Ю жалпы жағдайды түйсініп, мемлекет алдында тұрған мәселелерді шешудің стратегиялық жолдарын табу қажеттілігін сезінді.

Ли Куан Ю Сингапурды дамытатын өзіндік бағытты табу күрделі болатынын түсінді. Ли экономикалық дамудың әлемдік тәжірибесімен танысу мақсатында 1968 жылы АҚШ-қа сапар шегеді. Осы сапар Ли Куан Ю үшін аса маңызды болды, ол біртұтас стратегия мен реформаны қалыптастырып, оны жүзеге асыратын нақты жобаның шешімін тапты. Америкада әлемдік деңгейдегі ғалым-экономистермен кездесіп пікірлесу, оған халықаралық нарық пен оны игерудің арнайы шарттарын түсінуге көмектесті. Ол өзінің жоспарын жүзеге асыратын мүмкіндіктерді көрді. Өндіріс салаларын дәстүрлі орталықтардан жаңа мемлекетке орналастыру қажет болды, өйткені мұнда: 1) халық жеткілікті деңгейде төртінше бағынады және үйренуге бейім; 2) тұрақты және тиімді үкімет бар, олар шетелдік кәсіпкерлердің жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасап, тұрақтылық қалыптастырады. Осыдан келіп үшінші әлемнің де дамуға мүмкіндігі бар, егер дұрыс қадам жасалса деген қорытынды шығады. Тұрақтылық, инвесторларға кепілдік, сапалы және арзан жұмыс күші, міне, осыларға үміт артуға болады.

Ли Куан Ю Сингапурды дамытудың қарапайым, бірақ тиімді бағдарламасын жасайды. Ол Америка, Еуропа, Жапония секілді дамыған мемлекеттермен байланыс орнату және «бірінші әлем» үшін «үшінші әлем» аймағында оазис қалыптастыру болды.

Алайда ірі көлемдегі инвестиция жетілген жүйе мен инфрақұрылымды талап етті. Сонымен қатар инвесторлар үшін қауіпсіздік жүйесі мен денсаулық сақтау саласы, білім беру мен телекоммуникация, көлік және қызмет көрету салаларының мінсіз жұмыс істегені басты назарға алынады. Осының барлығы Сингапурда болмады, бәрін басынан бастауға тура келді. Шетел сапарынан оралған Ли Куан Ю бар күш-жігерін индустриаландыру жасауға, инвестиция тарту сияқты маңызды істерді атқаруға жұмсады.

Сингапурда өндірілетін көлік, тоңазытқыш, кондиционер, радио-қабылдағыш, теледидар және магнитофон өндірістерін қолдау үшін арнайы шаралар қолға алынды. Бұрын елде мұндай өндірістер мүлдем болмаған еді, бұл «осындай өнімдерді біз де жасай аламыз деген үмітпен жасалды». Жургонгта арнайы индустриалдық аудан құрылып, оған мол қаржы салынды, бұл өндірісті дамыту мақсатында жасалды. Арнайы аймақта барлық инфрақұрылым толығымен жасалды. Біртіндеп Журонг ірі корпорациялар шоғырланған орталыққа айналды, өсіресе

жоғары технологиялық өнім электроника өндірісі айрықша дамыды. Американың әйгілі үш компаниясы (Тексас инструментс, Нэшл семикондактор және Хьюлетт Паккард) Джуронгте өз бөлімшелерін ашты, жаңа жұмыс орындары пайда болып, қомақты инвестиция құйылды. Бұл оң өзгерістер Сингапурды электроника мен жоғарғы технологиялық өнімдер өндіретін жетекші аймаққа айналдырды, мемлекеттің болашағына жағымды әсер етті. Мемлекет басты басымдылықты электроника нарығына аударды, өйткені бұл сала сыртқы әсерлер мен шикізат өндірісіне тәуелді емес еді. Электроника саласының өркендеуі елдегі жұмыссыздық мәселесін шешіп, Сингапурды аса ірі экспорт жасаушы елге айналдырды.

Ли Куан Ю өзінің «Сингапур тарихы: «үшінші әлемнен» «біріншіге» (1965–2000)» атты кітабында елге инвесторларды қалай тартқаны туралы былай деп жазады: *«Біз әрбір инвесторды құрметпен қарсы алдық. Біз жан-тәнімізбен жұмыс істеп, оның өндірісті бастауына көмектестік».* Мемлекет басшысы инвесторлардың сенімінен шығуға күш салды. Мысалы, 1973 жылғы мұнай дағдарысы кезінде Ли Куан Ю мұнай корпорацияларының өкілдерімен тікелей өзі жүздесіп, Сингапур (басқа көптеген елдер сияқты) мұнай мен жанармай айналымын азайтып, оларды қоймаға жинамайды, экспорт көлемі де қысқармайды деген уәдесін берді. Сингапурға қызығушылық танытқан әрбір ірі компанияларға арнайы үкіметтің өкілі бекітілді, ол кәсіпкерлер қызығушылық танытқан қандай да бір ақпараттарды жылдам жеткізіп, сапалы қызмет көрсететуге міндетті болды. Мұндай арнайы мамандар инвестор Сингапурмен жұмыс істеуге келісіп, өз өкілдерін жібергенше соларға қызмет көрсетті.

Сингапурда салықтық төлемдер төмен болды, бұл инвесторлар үшін қолайлы жағдай еді. Салықтың жинақ төлемі 27,1% -ды ғана құрады. Сингапур әлемдегі салықтық жүйенің рейтингісі бойынша 5-орынды иеленеді. Шеттен келетін тауардың тек төрт түріне ғана салық салынды, олар, спирттік ішімдіктер, темекі өнімдері, мұнай өнімдері және автокөлік.

Сапалы жұмыс күшін қалыптастыру мақсатында мемлекеттегі білім жүйесіне реформа жасалды. Білім саласы мемлекеттік қызмет пен кәсіпкерлік бағыттарына қажетті мамандар дайындауға көңіл бөлді, себебі қарқынды даму жолына түскен елде білікті мамандарға сұраныс күрт артты. Мектептер ортақ жүйеге лайықталып, біртұтас қалыпқа көшірілді. Ағылшын тілі барлық



Сингапур символы — мифология кейіпкері Мерлайон (жартылай балық, жартылай арыстан)

мектептерде міндетті пән болды, жоғарғы оқу орындары ағылшын тіліне көшірілді. Білімді жастарды шетелде оқытатын мемлекеттік бағдарлама жасалды. Үздік мектеп оқушылары Ұлыбритания, Германия, Жапонияға мемлекет есебінен оқуға жіберілді. Жастарды сапалы біліммен қамтамасыз ету үкіметтің кешенді міндетінің бірі болды. Ли Куан Ю өзімен бірге үкіметте қызмет атқарып, реформа жасағандардың барлығының шет- елде оқып, білім алғандарын, тек өзі ғана мектептен кейін Сингапурда оқығанын айтатын.

Ли Куан Ю Батысқа кеткен азаматтар арасынан білікті мамандарды іздестіріп, оларды Сингапурға қайтаруға күш салды. Оларға қолайлы жағдай жасап, алаңсыз қызмет атқаруына мүмкіндік берді. Ол адамды ұлтына, шыққан тегіне қарап бөлмеді, тек біліктілігіне қарап бағалады. Көршілес мемлекеттердегі талантты студенттерді анықтап, оларды Сингапурға қызмет жасауға шақыратын арнайы мамандар тобы жұмыс атқарды. 1990 жылдары Сингапурға шеттен келетін білікті мамандар қатары, 1970 жылдары елден кететін «ақылды бастардан» үш есеге артық болды.

Назар аударыңдар

Ли Куан Ю мемлекеттің өркендеп дамуы үшін бизнеске сенім мен тұрақтылық керек және зияткерлік меншік пен заң қатаң сақталуы тиіс деп санады.

Ол жемқорлықпен аяусыз күрес жүргізуді өзінің қызметінің басты бағыттарының бірі ретінде белгіледі. Бұл іс «шешім қабылдар шараларды жеңілдету жолдарымен және заңдағы нақты емес баптарды алып тастау арқылы жүрді, заң қарапайым әрі анық болды, мұндай болмаса, рұқсат пен лицензия беру тоқтатылды. Соттарға қомақты жалақы тағайындалды, қытайлық үштік ұйым (ұйымдасқан қылмыстық топтар) жойылды. Полицияның қатарына қытайларға қарағанда, малайзиялықтар көптеп тартылды. Жауапты қызмет атқаратын мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы, жеке компаниялардағы топ-менеджердің жалақысымен теңестірілді. Жоғарғы биліктегі жемқорлықпен күресу үшін арнайы тәуелсіз орган құрылды. Жемқорлық айыбымен ұсталған бірқатар министрлер мен жоғарғы қызметтегі шенеуніктер түрлі мерзімге сотталды, кейбірі елден қашып кетті. Осындай жүйелі шаралардың нәтижесінде Сингапур жемқорлықтың алдын алған өлемдегі аз мемлекеттердің қатарына кірді. Сингапур үкіметі жемқорлыққа қарсы әрі таза мемлекеттік орган ретінде танылды. Зерттеушілер Сингапурды өлемдегі жемқорлығы ең аз он мемлекеттің қатарына қосса, Азияда жемқорлықтың алдын алған бірінші ел болып саналады.

Сингапурда уақытша әлеуметтік қорғау жүйесі құрылған. Ли Куан Ю қауіпсіздіктің кепілі – баспана, сондықтан Сингапурда барлық адамның үйі болу керек деп санады. 1960 жылы ипотекалық несиелеу жүйесі енгізілді, баспана құрылысы бірден қымбаттады, 1996 жылы



Сингапур көрінісі

пәтерлердің тек қана 9% -ы ғана жалға берілді, ал қалғандары толығымен жекелікке өтті.

1965–1990 жылдары елдегі ЖІӨ адам басына шаққандағы деңгейі 400 доллардан 12,2 мың долларға артты, ал кейінгі он жылдықта Сингапур әлемдегі ең бай он мемлекеттің қатарына енді. Сингапур экономикада шұғыл секіріс жасап, дамыған елдердің қатарына қосылғандықтан «Шығыс Азия жолбарысы» деп аталады.

Есте сақтаңдар

Ли Куан Ю басқаратын үкімет тиімді және ашық нарықтық экономикалық жүйе құрды. Бұл жүйенің нәтижесі мен артықшылықтарына мыналар жатты: қолайлы инвестициялық жағдай, жоғарғы бәсекелесті орта, экономикалық еркіндік рейтингіндегі жетекші орын, жоғарғы білімді және тәртіпті халық, тұрмыс деңгейінің ерекше жақсаруы.

Мемлекет өміріндегі осындай бетбұрыстар тарихқа «Сингапурдың экономикалық ғажайыбы» ретінде енді, бұл ғажайыпты қалыптастырушы Ли Куан Ю еді. Оның басшылығымен Сингапур кедей, экономикалық жағынан артта қалған «үшінші әлемдегі» елден, әлемдегі ең бай, ЖІӨ жан басына шаққанда көрсеткіші жоғары, дамыған мемлекетке айналды. Сингапур өзінің мәдени мұрасын басты негізге алып, өзіндік дамудың идеясын қалыптастырған өрі оны алғашқы болып жүзеге асырған мемлекет болып табылады.

Ли Куан Ю жаңа қоғам қалыптастыру идеясы, конфуцийшілдіктің бес жалпы міндетіне негізделуі қажет деп санады: олар билеуші мен бағыныштының, әке мен ұлдың, ері мен әйелдің, аға мен інінің,

достардың арасындағы міндеттер. Бұл дәстүр мемлекетті дамытатын тұжырымға айналды. Ли Куан Ю қашанда саясаттың негізінде адамдардың мінез-құлқын анықтайтын мәдени фактор жатуы қажет деп санады. Ли Куан Ю аса құрметті азиялық саясаткерлердің бірі болып саналады. Никсон атындағы бейбітшілік және даму орталығы оған «жаңа өлемнің іргетасын қалаудағы көрегендігі, ой-арманы, жасампаздығы, азаматтығы» үшін «жаңа жүзжылдықтың сәулетшісі» деген атақ берді.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Ли Куан Ю экономикалық даму стратегиясының негізінде не жатты?
2. Ли Куан Ю қызметіндегі артықшылықтарды атай аласыңдар ма?
3. Сингапурдың білім жүйесіндегі ерекшеліктердің мәні неде?
4. Сингапурдың экономикалық жүйесінің артықшылықтарының себебін тауып, атай аласыңдар ма?

Б. Махатхир Мохаммад

М. Мохаммад 1925 жылы Кедах штатындағы Алор-Сетаре қаласында, мектеп мұғалімінің отбасында дүниеге келді. Оның ата-бабалары Үндістанның Керала штатынан шыққан еді, ал шешесінің

Бүгінгі сабақта:

- М.Мохаммадтың мемлекет тарихындағы рөлі жайлы қорытындылар жасаймыз;
- мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі М. Мохаммад реформаларының маңыздылығын бағалаймыз;
- тарихи оқиғаларды талдау негізінде «экономикалық ғажайып» факторларын тұжырымдаймыз.

шыққан тегі малайзиялық болатын. Ол Сингапурдағы Малайзия университетінің медицина факультетінде оқып, жоғары білім алды. 1946 жылы Біріккен Малайзия ұлттық ұйымына (БМҰҰ) мүшелікке өтеді. 1953 жылы университетті бітірген соң, Кедах штатында жеті жыл жұмыс істейді, алғашында мемлекеттік ауруханада, кейіннен жекеменшік орталықта қызмет атқарып, медициналық тәжірибе жинайды.

Малайзия 1957 жылы тәуелсіздік алған кезде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ең кедей ел болатын. Оның экономикасының негізін ауылшаруашылығы құрайтын, халықтың басым көпшілігі осы салада жұмыс істейтін. Елде өнеркәсіп жоқтың қасы болды, қызмет көрсету саласы енді ғана пайда бола бастады, халықтың сауаты өте төмен болды.

М.Мохаммадтың саяси мансабы 1964 жылы басталды. Ол БМҰҰ-дан парламентке сайланып, елдің саяси өміріне белсенді кірісті.

М.Мохаммадтың 1970 жылы шыққан «*Малайзия дилеммасы*» кітабы Малайзияның өмірін түбегейлі өзгерткен және «малайзиялық

ғажайыптың» негізін қалаған бағдарламалық құжат болды. «*Жаңа экономикалық саясат*» (ЖЭС) деп аталған құжат, үкіметтің 1971—1990 кезеңдерге арналған мемлекеттік даму стратегиясының идеялық негізіне айналды.

ЖЭС мынадай мәселелерді шешуі тиіс болды: 1) тұрғындардың қандай нәсілге жататынына қарамастан, олардың арасындағы кедейшілікті жою; 2) экономикалық қызметтің кейбір түрлерінде қалыптасқан нәсілдік монополияны жою және этникалық қауымдардың экономикалық жағдайын теңестіру.

Бағдарлама малайзиялықтардың елдің ұлттық байлығындағы үлесін 30%-ға дейін өсіруді қарастырды. Малайзиялыққа жатпайтындардың үлесі 34,3%-дан 40%-ға дейін, ал шетелдіктердің үлесі 63,3%-дан 30%-ға дейін кемітілді. Мұндай қайта бөлу кемсітушілік пен экспроприациялау есебінен емес, малайзиялықтар үшін жасалатын мүмкіншіліктерді кеңейту мен ел экономикасының қарқынды өсуі есебінен жүргізу қарастырылды.

1973 жылы сенатор, ал 1974 жылы оқу-ағарту министрі болып тағайындалған М.Мохаммад «жаңа экономикалық саясатты» жүргізуге белсенділікпен кірісті.

Бірінші кезеңде үкімет өз ісін ашып, кәсіп бастаймын деген малайзиялықтар үшін кең ауқымды үкіметтік келісім-шарттар жүйесін жасап, лицензиялар мен арнайы жеңілдіктер енгізуді қолға алды. Алайда, үлкен үміт артқан жеңілдіктер жүйесі өзін ақтамады. Ешқандай тәжірибе мен қалыптасқан дағдының болмауынан малайзиялықтардың көпшілігі істерін жүргізе алмады, тек азғана топ мол табысқа қол жеткізді.

Осыған ұқсас жағдай үкімет енгізген тағы бір өзгерісте орын алды, осы бағдарламаға сәйкес қандай да бір компания Куала Лумпурдың қор биржасына тіркелгенде немесе акцияларына баға белгілеген кезде малайзиялықтарға өз акцияларының, кем дегенде 30% үлесін беруге міндетті болды. Акция барлық малайзиялықтарға берілді, бұл үшін олар мемлекеттік органдарға өтініш жазса болды. Мұндай жағдайда оларға акция номинал бойынша сатылды, нарықтағы бағасы едәуір жоғары болса да.

Осы кезеңде үкімет *экономикалық дамудың мемлекеттік корпорациясын* (ЭДМК) құрды.

Кілт сөздер:

«Жаңа экономикалық саясат», экономикалық дамудағы мемлекеттік корпорациялар, Ұлттық акционерлік корпорациялар, Ұлттық инвестициялық қор, «Дамудың ұлттық саясаты», жекешелендіру, мемлекет-корпорацияның тұжырымы.



М. Мохаммад
Малайзияның жетінші
премьер-министрі

Оның міндеті 100% мемлекеттік пакет акциялары бар кәсіпорын құру болды, ол кейіннен малайзиялықтардың басқаруына берілуі тиіс еді. Бұл мекемелер бизнестің өртүрлі салаларында жұмыс атқарды, оның ішінде табиғи байлықтарды өңдеу саласында да болды.

1981 жылы М.Мохаммад басқарған үкімет 1985 жылдан бастап *Федералдық деңгейдегі* 10 млн ринггит (курс бойынша 1 долл – 3,8 ринггит болады) төленген жарғылық капиталымен 392 мемлекеттік корпорациялар құрды. 1990 жылға қарай мұндай компаниялар саны 462-ге, ал олардың төленген қаржылары – 18,9 млн ринггитке жетті. *Штаттар деңгейінде* 1985 жылға қарай жалпы жарғылық капиталы 1,3 млн ринггит болған 206 мемлекеттік корпорациялар құрылды. 1990 жылға қарай олардың саны 258-ге, ал жарғылық капиталы 2,1 млн ринггитке жетті.

Назар аударыңдар

Мемлекеттік корпорациялар ЖЭС қойған мақсаттарға қол жеткізуге қажетті үлестерін қоса алмады. Олардың жартысынан көбі тиімсіз болды.

Осы кезеңде М. Мохаммад жаңа өзгеріс жасады: яғни, жарғылық капиталы 3 млрд ринггит болатын (800 млн долл шамасында) *Ұлттық акционерлік корпорация құрды (ҰАК)*. Бұл қаржылар Куала Лумпур қор биржаларында өз акцияларын жүргізе бастаған немесе акциялардың қосымша эмиссиясын жүзеге асыра бастаған компаниялардың малайзиялықтарға капитал ретінде бөлген номиналды құны бойынша 30 пайыз акцияларды алу үшін пайдаланылды. ҰАК-қа нарықтық баға бойынша жетекші компаниялардың акцияларын сатып алу тапсырылды. Акция портфельдері ашық күйінде *Ұлттық инвестициялық қорға (ҰИҚ)* орналастырылды, ал оның акциялары Малайзия халқына сатылды.

ҰИҚ акцияларын тартымды қылу үшін дивиденттер көлемі жоғары, ал депозиттік салымдар пайызы төмен болды. Айырмашылығы көлемді болғандықтан банктер ҰИҚ акцияларын сатып алу үшін ақшалай қарыз беруге де дайын болды.

Инвестициялық қордың жоғары пайда өкелетін акцияларын теріс мақсатта пайдаланбау үшін, жекетұлғаларға қор акцияларын 50 мың ринггит көлемінде ғана алуға рұқсат берілді. Қаржысы көп адамдарға қойылған шектеу тым аз болды, сондықтан оларға бұл үлкен пайда өкелмеді. Сондықтан *инвестициялық қорды пайдаланудан негізгі пайданы халықтың орта табы көрді.*

Назар аударыңдар

ҰИҚ кейіннен Малайзия инвестициялық қоры (МИҚ) болып өзгерді, осы қордың *ұлттық байлықты жергілікті тұрғындарға қайта бөлуде* табысы аса қомақты болды. 1990 жылдың соңында 2,5 млн малайзиялық инвестициялық қордың акциясын иеленіп, ірі кәсіпорынның акционеріне айналды.

Малайзиялықтардың кәсіп жүргізу үшін қажетті білімдері мен тәжірибелерінің болмауы Мохаммад үкіметі үшін басты мәселеге айналды, өйткені жаңа экономикалық саясат соларға үміт артқан еді.

Малайзиялықтардың экономикалық салада теңдей рөл атқаруы үшін оларға тек капитал ғана емес, сондай-ақ бизнес жүргізу үшін қажетті дағдылар мен білім, қолайлы жағдай керек болды. Осы себепті малайзиялықтардың білім алуы мен кәсіби дайындығын арттыруға ерекше көңіл бөлінді.


1974–1981 жылдары білім министрі қызметін атқарған кездің өзінде-ақ М. Мохаммад бұл бағытқа көңіл бөлген еді. Бүкіл ел бойынша *мектептер* ашылды. Мектепті үздік бітірушілерге Малайзия мен шетелдік университеттерде оқу үшін гранттар иеленуге мүмкіндіктер берілді.

Жоғары білім беру жүйесін дамытуға айрықша көңіл бөлінді. Қысқа мерзім ішінде бірқатар колледждер мен университеттер желісі ашылды. Олар заманауи технология бойынша жабдықталды. Білікті профессор-оқытушылар құрамын қалыптастыруға баса назар аударылды. Бұл үшін алғашқы кездері шетелдік жетекші университеттерден профессорлар құрамы көптеп тартылды.

Мохаммад жоғары оқу орындарының, бизнес-мектептердің кәсіпкерлермен тығыз байланыста болуын және олардың кәсіби біліктілігін арттыратын арнайы курстар өткізуін тапсырды. Сонымен қоса сыртқы сауда мен өнеркәсіп министрлігінің шенеуніктеріне жоғары оқу орындарына барып арнайы тренингтер өткізу міндеттелді, бұл студенттердің экономикадағы жағдайды шынайы түсінуіне әрі ондағы мәселелерді білуі үшін қажет еді. Мұндай тәжірибе студенттердің болашақтағы жұмыстары үшін қажет болды.

Сонымен қатар үкімет мыңдаған жастарды менеджмент, қаржы ісі, технологиялар, медицина, заңгерлік және басқа да ғылымның салалары бойынша Батыс елдеріне оқуға жіберді.

Үкіметтің осындай әрекеттерінің арқасында ЖЭС-тің аяқталар кезеңінде елде талантты жетекші-малайзиялықтар тобы қалыптасты. Білімді жастар мемлекеттік қызметтерді атқарды, ірі мемлекеттік мекемелерді басқарды. Кейбірі белгілі компаниялардағы басқарушылық қызметтен кетіп, өздерінің жеке кәсіптерін ашты. Жастардың басым бөлігі телекоммуникация, қаржы секторы, құрылыс бизнесі және өңдеуші өнеркәсіп салаларында қызмет атқарды.



Махатхир Мохаммад
Малайзия университетінде
деріс оқу кезінде (2013 ж.).

Бүгінгі күні малайзиялықтардың кәсіпорындары кең қанат жайған, олар үкіметтік келісімшарттарға тәуелді емес, өз бизнестерін ел ішінде ғана емес, шетелдерде де жүргізуде.

Назар аударыңдар

Мохаммадтың қызметіндегі тағы бір маңызды қадам – бұл білікті маман дайындау мен оны қайта даярлау жүйесі болды.

Елде жұмысшылар мен қолөнершілерді дайындайтын көптеген орталықтар құрылды. Көптеген малайзиялықтар Ұлыбританияда тәжірибеден өтіп, киім пішүші және тігінші мамандықтарын игерді. Кейбір жастар Малайзиямен көршілес мемлекеттерге барып, ол жақтан ағашқа ою салу, зергерлік іс және басқа да қолөнер түрлерін үйреніп, өз кәсіптерін ашты. Кейінірек, олардың көбі кәсіпкерлік жолға түсіп, ірі кәсіпорындардың негізін қалады.

80-жылдардың соңына таман экономиканың өсу қарқыны төмендей бастады. *Құрылымдық экономикалық реформалар* жүргізу мәселесі туындады.

Назар аударыңдар

М. Мохаммадтың үкіметі жаңа стратегия – Дамудың ұлттық саясатын (1991–2000 жылдар аралығында) жүзеге асыруды қолға алды. Стратегияның басты ерекшелігі – ЖЭС алғашқы жылдарында малайзиялықтарды қолдау үшін енгізілген бірқатар артықшылықтар алынып тасталды, бөлінушілік ережесі өз мәнін жойды.

Үкіметтің ең бірінші қабылдаған шешімі құрылған кәсіпорындардың жарғылық қорындағы малайзиялықтардың меншігіне байланысты бұрынғы шектеулерді алып тастау туралы болды. Егер кәсіпорындар өз өнімдерін тұтастай экспортқа шығаратын болса немесе көптеген жұмыс орындарын ашатын болса ғана *инвесторларға компанияларға толықтай иелік етуге рұқсат берілді. Малайзиялықтардың өнеркәсіптердің акционерлік капиталына қатысуы міндетті болмай қалды.*

Осындай көптеген шектеулерді алып тастағаннан кейін, бір жылдан соң экономикада оң бетбұрыс басталды. Инвестициялар ағымы өсті, жаңа жұмыс орындары ашыла бастады, жалақы көтерілді. Жұмысқа тұру мақсатында елге миллиондаған шетелдік жұмысшылар келді. Экономика жоғары қарқынмен дами бастады.

Малайзия экономикасының өркендеуіне орай, электртехника өндіру, телекоммуникация, құрылыс бизнесі, мұнай-газ секторы және халықаралық туризм секілді ірі капиталды қажет ететін өндіріс салаларына жаңа инвестициялар тарту қажеттілігі туындады. Мохаммад үкіметі шетелдік инвестициялар үшін қолайлы жағдай жасады. Осындай оң нәтижелердің арқасында Малайзия, Оңтүстік Шығыс Азиядағы ең «инвестициялы» ел болды.

Назар аударыңдар

Малайзияның экономикалық жетістіктерінің сыры, негізінен, былай түсіндіріледі, **мұнда инвестицияның, әсіресе шетелдік инвестицияның ролін дұрыс бағалады.** Өйткені олармен бірге тек қаржы ғана келген жоқ, сонымен қатар технология мен білім де келді.

Кәсіпорындардың басым бөлігі мемлекет меншігінде болғандықтан пайда келтірмеді, сондықтан үкіметке мұндай кәсіпорындарды **жаппай жекешелендіру** талабы қойылды. Бұған дейін мемлекет қарамағында болған экономикалық саладағы бірқатар кәсіпорындар енді жекеменшік және корпоративтік басқаруларға өтуі қажет болды.

Есте сақтаңдар

М.Мохаммадтың экономикалық саясаты мемлекеттік сектордағы кәсіпорындарды жеке-лікке беруге ұмтылуымен ерекшеленді. Үкімет осы мақсат үшін арнайы **мемлекет-корпорациялар тұжырымын** жасады, жаңа ережеге орай жекеменшік және мемлекеттік секторлар енді өзара әріптес әрі біртұтас корпорацияның қызметкерлері ретінде саналды.

Алайда мемлекет меншігін жекеменшікке беру идеясына қоғам сақтықпен қарады. Халық жекеменшікке өту өздерінің жұмыс орнынан айырылу деп түсінді. Мемлекеттік сектор жұмысшылары жағынан қарсылық көзқарастар туындады, олардың наразылығын тек жұмыспен қамтылудың сақталып қалатынына кепілдік беру арқылы және жалақыларының қысқармайтындығымен, сонымен қоса жеңілдіктердің де сақталатындығымен ғана басуға болатын болды.

Осы жағдайларға орай, жекеменшік салаға жұмыс істеуге келген жұмысшылардың жалақы көлемі сақталды, тіпті жұмысшыларға келешекте жалақы көлемін өз еркімен қайта қарау мүмкіндігі де берілетін болды, негізінен, жеке компаниялардың жекешелендіру барысында жұмысшыларға ұсынған жалақы мөлшері жоғары болатын. Жеке компанияларда жұмыс істеудің тағы бір артықшылығы, онда жұмысшыларға мемлекеттік секторда болмаған сыйақы мен бонустар жүйесі енгізілді. Жұмысшыларға жекеменшікке өткен кәсіпорынның акцияларының бір бөлігіне ие болуға рұқсат берілді.

Жекешелендірудің алғашқы жобасы аса сәтті өтіп, оң нәтижесін берді. Телекоммуникация департаменті жекешеленіп, осының нәтижесінде жаңа «Телеком Мэлэйжиа» компаниясы пайда болды. Жұмысшылардың табысы, бұрынғы жалақылары мен жеңілдіктерімен салыстырғанда күрт көтерілді. Осындай оң нәтижелер халықтың жекешеленуге деген қарсылығын едәуір төмендетті. Жекешелендіру малайзиялық-кәсіпкерлерге үлкен мүмкіндіктер беріп, ірі бизнеске жол ашты. Өуе компаниялары мен коммуналдық және телекоммуникациялық фирмаларда жекешелендірілді.

Қарқынды дамып келе жатқан экономика үшін қажетті *инфрақұрылымдар* қалыптастыру үкіметтің басты мәселесінің біріне айналды. Жолдар, өуежайлар, теңіз порттары, электрстансылары, телекоммуникация және сумен қамтамасыз ету желілері секілді инфрақұрылымдар экономика дамуының қажетін өтеуге үлгеруі керек болды.

Нағыз бетбұрыс кезеңі енді басталды. Мохаммад *ірі және аса ірі жобаларды* жүзеге асыруды қолға алды. Оның ғаламат жобаларының қатарына алғашқы малайзиялық жерсерігін жасау, «Протон-сага» ұлттық автокөлігін шығару, Калифорниядағы Силикон жазығы үлгісіндегі ультразаманауи технологиялар үшін сынақ полигоны-«мультимедиалық супердәлізінің» құрылысын жасау, сонымен қатар жаңа Вест-Фортта алты шақырымдық айлақтан «Солтүстік-Оңтүстік» автокөлік жолын салу, Пинанг аралын елдің материктік бөлігімен қосып тұратын ұзындығы жағынан әлемде үшінші Пинанг көпірінің құрылысын жүргізу, Куала-Лумпур телемұнарасы, «Петронас Твин Тауэрдегі» егіз мұнаралар, жаңа халықаралық өуежай, елдің жаңа әкімшілік орталығын салу секілді аса күрделі құрылыстар *жүзеге асатын болды*.

Мохаммадты Малайзия халқы айрықша құрметтеп, доктор «М» деп атады, осы тұлғаның жүзеге асырған ғаламат жобаларының арқасында мемлекет өркендеп, халықтың тұрмысы көтерілді. «Біздің супер жобалар – «ескерткіштер» емес, базалық инфрақұрылым» – деп атап өтті Мохаммад.

Есте сақтаңдар

Реформалар нәтижесінде Малайзия өркендеген мемлекетке айналды, *үшінші әлемнен біріншіге секіріс жасады*.

Малайзиялықтар аса ірі міндеттерді алға қойып, оны орындай алатын бәсекелестікке қабілетті ұлтқа айналды. Тарихи қысқа мерзім ішінде ел агралы-шикізаттық саладан (ауылшаруашылығымен айналысатын тұрғындардың үлесі 1970 жылы 52% болса, 1997 жылы 22% -ға төмендеді) индустриаландыру кезеңіне өтті, жаңа экономикалық құрылым қалыптасты (80-жылдардың соңында мемлекеттік экспорттың үштен бір бөлігін электрондық және электртехникалық өнімдерді құрады), отандық көлік өнеркәсібін құрды, кедейшілікті жойды және халықтың кедей топтарының үлесін (49,3% 9,6%) төмендетті, этникалық қауымдастықтар арасындағы өмір сүру алшақтығын жойды және берік негіздегі орта тапты қалыптастырды.

Экономикалық құрылымдардың қайта қалыптасуы, мемлекеттік корпорациялардың құрылуы, Азияда ешқашан болмаған экономикалық өсу қарқынына жету, астананың өзгеруі – «азиялық ғажайып» деп аталатын осы жетістіктердің барлығы көшбасшының стратегиялық

көрегендігі мен халықтың еңбекқорлығы арқасында қол жеткен табыстар болды. Малайзия нашар дамыған аграрлы елден «азия жолбарыстарының» біріне айналды. 2018 жылы М.Мұхаммед премьер-министр болып қайта сайланды.

«Премьер министр қызметін атқарған жылдарыма қарап отырып, менің жетістіктерімнің ең іргелісі, бүкіл ұлттың назарын болашаққа аударғаным деп санаймын. Шындығында, бұған дейін ұзақ мерзімді жоспарлар мен міндеттер болған жоқ еді, халық күнделікті тіршілікпен өмір сүрді» – деп жазды М.Мохаммад.

Қазіргі таңда М.Мохаммадтың «Бетбұрыс-2020» бағдарламасы табысты жүзеге асуда, бағдарламаға сай, елдің жыл сайынғы ЖІӨ орта есеппен 7% артуы және халықтың өмір сүру деңгейі одан өрі өркендеуі қажет. «Бетбұрыс-2020» бағдарламасына орай Малайзия 2020 жылға қарай әлемдегі экономикасы өркендеген жетекші елдердің қатарына кіруі тиіс.

М. Мохаммад ұсынған «*Үшінші жол*», *бір жағынан*, заманауи жоғары технологиялық қоғамға, өркениеттің соңғы жетістіктеріне бағытталса, *екінші жағынан* отбасы, неке және адамгершілік сияқты дәстүрлі құндылықтарды сақтауға негізделген.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Үкімет «жаңа экономикалық саясатты» жүзеге асыру барысында қандай қиындықтарға кездесті және оны қалай жеңді?
2. «Дамудың ұлттық саясатының» мақсаттары мен себептерін атаңдар.
3. «Мемлекет-корпорация» тұжырымы қандай міндеттер жүктеді және оны шешудің жолдары қалай қарастырылды?
4. М.Мохаммадтың реформаларының нәтижелерін атаңдар.
5. Кестені толтырыңдар.

М.Мохаммадтың реформасы

«Жаңа экономикалық саясат» (1971–1990 ж.)	«Ұлттық саяси даму» (1991–2000 ж.)

§ 40–41. Н.НАЗАРБАЕВ ЖӘНЕ МОДЕРНИЗАЦИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ.

Қазақстандық жаңғыру моделін қалыптастыру мен жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлі. ХХ ғасырдың соңында ірі оқиғалар орын алды. Кеңес Одағы ыдырап, 15 тәуелсіз мемлекет құрылды.

Тарихи анықтама:

- 1990 жылдың 24 сәуірінде Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы (ҚазКСР) Президенті лауазымы тағайындалып, оған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Н.Ә.Назарбаевты сайлады.

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлін бағалау;
- «Қазақстан - 2030», «Қазақстан - 2050» стратегияларының дамуын және «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының өзектілігін айқындаймыз;
- Мемлекет тарихындағы өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңызын көрсетеміз; мемлекет тарихындағы тұлға рөлін бағалаймыз.

Кілт сөздер:

Даму стратегиясы, Мәңгілік Ел, инновация, Ұлт көшбасшысы

- 1991 жылы 1 желтоқсанда жалпыхалықтық сайлау өтіп, Н.Ә.Назарбаев ҚазКСР президенті болып сайланды.
- 1991 жылдың 10 желтоқсанында мемлекет Қазақстан Республикасы деп атауын өзгертті.
- 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы Заң қабылдады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.
- 2010 жылдың 15 маусымында Н. Ә. Назарбаевқа ресми түрде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Ұлт көшбасшысы – Елбасы мәртебесі берілді.
- 2019 жылдың 19 наурызында Қазақстан халқына арнайы мәлімдеме жасаған Н. Ә. Назарбаев өзінің Президент лауазымы қызметінен кететінін мәлімдеді. Президент өкілеттілігі Қазақстан Республикасының Конституциясына сай Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевқа табысталды. 2019 жылдың 9 маусымында жалпыхалықтық сайлау нәтижесінде Қ.К. Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды.

Қазіргі уақытта Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы, Дүниежүзілік Қазақтар Қауымдастығының төрағасы, Қазақстан Қауіпсіздік Кеңесінің жетекшісі,

«Нұр Отан» партиясының төрағасы, ҚР Конституциялық Кеңестің мүшесі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өз қызметінде болашақтың стратегиялық бағыттарын айқын танып, ел дамуының тура жолын таңдай алатынын көрсетті. Қиын 90-жылдардың ортасында Қазақстан экономикасы күйреудің алдында тұрды. Күрделі жағдай жылдам өрі тосын шешімдерді қабылдауды талап етті. Осы кезеңде Президент мемлекет тағдырын толығымен өз мойнына алды. Референдумдарды енгізуге кедергі болған, Жоғарғы кеңес таратылған соң, ол өз жарлығымен қажетті заңдарды іске асырды. Дәл сол кезеңдерде Мемлекет басшысының күшті саяси ерік-жігері мен табандылығы қалыптасты.

Назар аударыңдар!

Қазақстан жаңғыруының ең басты бағыты мынада болды: бірінші – экономикалық реформа (банк, зейнетақы, тұрғын үй коммуналдық және т.б. басқа салаларда), сосын – саяси реформа. Президенттің өзі басым бағыттарды «Мемлекетті өркендетудің алғашқы кезеңінде экономика, сосын саясаттұруы керек» деп анықтады.

Тәуелсіздік кезеңінде қол жеткізген жетістіктер, таңдалған жолдың дұрыс екендігін көрсетеді. Қазақстан азаматтары елді өркендетуде экономикалық және саяси тұрғыдан анық, нақты, тура жолдың таңдалынғанына куә болуда. Барлық соңғы реформалар (конституциялық, партиялық және сайлау заңдары бойынша), бүгінде Қазақстанның тура жолда келе жатқанын әрі алдына қойылған ұзақ мерзімді мақсаттарға нақты қадам басқанын айғақтайды.

3. Қазақстан алғаш тәуелсіздік алған күннен бастап Н.Ә. Назарбаев, мемлекеттің қалыптасуына, мемлекеттік биліктің күшеюіне, ерекше күш жұмсады. Билік институттарын жылдам қалыптастырып, мемлекет мәртебесін халықаралық аренада танытып, түрлі халықаралық ұйымдар алдына шығу қажет болды.



Қазақстан
Республикасының
Тұңғыш Президенті
Н.Ә. Назарбаев

Есте сақтаңдар

Күшті президенттік басқаруда дербес мемлекет қалыптастырудың стратегиялық мақсаты айқындалды. Өзі билік құрған жылдары Н.Ә. Назарбаев нақты билік тармақтарын қалыптастыруға қол жеткізді, мемлекеттілікті нығайтты, әлеуметтік бағытқа бейімделген нарықтық экономика құрды, адамның экономикалық өзін таныту принципін жүзеге асыратын шарттар мен құқық қалыптастырды.

Бүгінде мемлекет саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты. Оның маңызы неде? Парламенттің маңызы артты, саяси жүйеде партияның салмағы өсті. Мәжілістегі 107 депутаттың 98-і партиялық тізіммен сайланатын болды, ал қалған тоғыз үміткерді Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынуға құқылы болды. Бұл өзгерістер Президенттің ұсынысымен жүзеге асты.

Назар аударыңдар!

Қазақстандағы саяси реформалардың бағыты анық әрі айқын. Мықты Президенттік басқару мен тегеурінді Парламент, саяси партиялардың дамуы «Сайлау туралы», Заңның жетілдірілуі, бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы өзгерістердің орындалуы осының дәлелі.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігіне қол жеткізген кезеңнен бастап-ақ алдына ұзақ мерзімді сыртқы саяси мақсаттар қойды: Ресеймен одақтық қатынастарды нығайту, ҚХР стратегиялық байланыстарды арттыру, АҚШ пен және ЕО елдерімен әріптестік байланысты дамыту. Енді саяси жетекшілер тек қана Батыс Еуропа мен АҚШ мемлекеттерімен ғана емес, Қытай, Үндістан, Сингапур, Пәкістан, Түркия, Бразилия секілді күшті державалармен және жетекші Араб елдерімен байланысты арттыруды мақсат етуде.

Н. Ә. Назарбаев халықаралық *Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕЭҚ)*, *Азиядағы өзара сенім шаралары кеңесі (АӨСШК)* және *Шанхай ынтымақтастық ұйымдарының (ШЫҰ)* құрылуына ықпал етті.

Елбасының саяси-экономикалық салалармен қоса, ұлттың рухани жаңғыруы бағытында атқарған істеріне де тоқталу қажет. Бұл орайда Елбасының «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» және «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларының маңызы ерекше. Ұлттың өзін-өзі тануындағы сапалық жетістігі, ұлт бойындағы рухты асқақтату – осының барлығы Нұрсұлтан Назарбаевтың идеологиялық ұстанымының негізі, саяси жетекшілігінің өзегі болды. Оның мемлекет жетекшісі ретіндегі көрегендігі мен даналығы оның өз халқының жан дүниесін терең сезінуімен және халықаралық үрдістерді жете білуімен сипатталады.

«Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» даму Стратегиясының негізгі идеясы. 1997 жылы Президент Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында, «Қазақстан-2030» даму Стратегиясын тұңғыш рет жариялады. Осы бағдарлама негізінде Қазақстан экономикасының даму жағдайы сараланып, басым бағыттар мен стратегиялық даму жолдары айқындалды.

«Қазақстан-2030» даму Стратегиясын өркендетудің басым бағыттары:

- Ұлттық қауіпсіздік.
- Ішкі саяси тұрақтылық және қоғамның бірігуі.
- Жоғарғы деңгейдегі шетелдік инвестициялар негізінде дамыған нарықтық экономикаға негізделген экономикалық даму.
- Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі және өл-ауқаты.
- Энергетикалық ресурстар.
- Инфрақұрылымдар, негізінен, көлік және байланыс.
- Негізгі функцияға дейін шектелген кәсіпқой мемлекет.

Н.Ә.Назарбаев Қазақстан қоғамының ішкі 8 қуатты бағытын айқындады, олар Қазақстан-2030 Стратегиясын жүзеге асыруда маңызды қызмет атқармақ:

- Мемлекеттің тәуелсіздік алуы, оның атрибуттары мен символы.
- Ескі саяси-экономикалық жүйеден толық қол үзу.
- Жаңа саяси-экономикалық жүйенің орнауы: адамдар өзгерді, сапалы құндылықтар жүйесіне үйренді және адамдардың жаңаша қатынасына бейімделді. Мемлекеттік – ұжымдық көзқарасты, жеке – индивидуалдық ұғым алмастырды.
- Адам ресурсы – бұл жоғарғы ғылыми және шығармашылық мүмкіндігі бар жоғарғы білімді халық.

- Қазақстанның бай табиғи ресурстары;
- Ауқымды ауылшаруашылық жер қоры;
- Саяси тұрақтылық пен қоғам бірлігінің сақталуы;
- Қазақстандықтардың толеранттылығы және төзімділігі, олардың кішіпейілділігі және ашықтығы, шетелдіктердің бағалауы.

Тұңғыш Президент Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының мүмкіндіктерін айқындады:

- Мемлекеттің Еуразиялық аймақ жолдары қиылысында географиялық, геосаяси және геоэкономикалық жағдайда тиімді орналасуы.
- Шетелдік мемлекеттер мен донорлық ұйымдар тарапынан мемлекет құрылысының күрделі процестерін және референдум өткізуді қолдауы қосымша мүмкіндік береді.
- Жаһандану процесі мен ғылыми-техникалық прогресс, әсіресе жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар, халқы аз, өзі ауқымды мемлекет үшін үлкен мүмкіндік береді.

Елбасы қоғамдық дамудың кері тұстарын:

1. Коммунистік принциптер рухында тәрбиеленген адамдардың бірнеше буыны арқылы қалыптасқан менталитеті (ойлау деңгейі);
2. КСРО-ның біртұтас экономикалық жүйесінің бұзылуына орай әлеуметтік жағдайлардың қиындауы және өндіріс көлемінің азаюы;
3. Экономикалық құлдырау, теңгерімсіздіктің жойылуы және жұмыс істеп тұрған еңбек нарығының құрылуы, байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты;
4. Ұлттық жинақ пен капитал қорларының баяу өсуі;
5. Кедейшілік пен жұмыссыздық мәселелерін;
6. Демографиялық депопуляция (халық санының өсуінің баяулауы) және халықтың азаюы;
7. Жеткілікті дайындықсыз және нашар ұйымдастырылған мемлекеттік басқаруды;
8. Заң жүйесін жетілмегендігі мен тұрақсыздығын көрсетті.

2012 жылдың желтоқсанында Қазақстан халқына жолдаған жолдауында Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму Стратегиясын ұсынды. Оның басты мақсаты – күшті мемлекет негізінде, экономикасы дамыған және жалпы еңбек мүмкіндігі өркендеген қоғам орнату және Қазақстанды әлемнің дамыған отыз елдің қатарына қосу.

Құжатта ХХІ ғасырдың он жаһандық айырмашылығы көрсетілді:

1. Тарихи уақыттың жылдамдығы.
2. Демографиялық дисбаланс.
3. Әлемдік азық-түлік қауіпсіздігінің қатері.

Жер шарында халықтың жылдам көбеюі көптеген елдерде азық-түлік тапшылығын тудырады. Әлемде ондаған миллион адамдар аштық азабын тартуда.

4. Судың тапшылығы.
5. Энергияға деген қажеттіліктен дамыған елдер балама қуат көздеріне белсенді түрде инвестиция салуда, осы ғасырдың ортасында олар пайдаланылатын энергияның 50% өндіретін болады.
6. Табиғи ресурстардың азаюы. Қазақстан енді табиғи ресурстарға тәуелді болмайды, жаңа қуат көздерін енгізетін кезең келеді.
7. Үшінші индустриалдық революция. Соңғы жылдардағы технологиялық жетістіктер өмір бағытын күрт өзгерістерге ұшыратуда, Қазақстан осы процестерге белсенді қатысуы тиіс.

8. Әлеуметтік теңсіздік ұлғаяды.

Әлеуметтік теңсіздік тұрақсыздықты тудырады. Жұмыссыздық төртіпсіздіктерге, қылмысқа және басқа күрделі мәселелерге ұрындырады. Қазақстанға әлеуметтік тұрақтылықты арттырып, қажетті мамандарды дайындауды жолға қою қажет.

9. Өркениет құндылықтарындағы дағдарыс.

Адамгершілік құндылықтар тереңдігіндегі өркениеттер қайшылығы, қашанда жанжалдарға соқтырады. Осы себепті Қазақстанға өзі таңдаған көпұлттылық және көпконфессиялық бағыттағы саясатты ұстану айрықша маңызды болмақ.

10. Әлемдік тұрақсыздық қаупі.

Назар аударындар!

Осы мақсаттарға жету үшін «Қазақстан-2050» Стратегиясы ұзақ мерзімді жеті басымдылықты жүзеге асыруды қарастырады:

1. Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – табысқа және инвестиция мен бәсекеге қабілеттілігіне оралу принципіне негізделген бәрін қамтыған экономикалық прагматизм.
2. Кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау – ұлттық экономиканың қозғаушы күші.
3. Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдік және дербес жауапкершілік.
4. Білім және кәсіби дағдылар – заманауи білім жүйесінің негізгі бағыттары, мамандарды даярлау және қайта дайындау.
5. Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту.
6. Жүйелі және айқын сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді өркендету және аймақтық әрі жаһандық қауіпсіздікті нығайту.
7. Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты әрі көп конфессионалды қоғамымыздың жетістігінің негізі.

«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы. 2014 жылы 15 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиында ҚР Тұңғыш Президенті «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын ұсынды. «Мәңгілік ел» негізінде – біздің барлығымызға айқын, қарапайым өрі өте құнды ақиқат жатыр, бұл отбасымыздың игілігі, қонақжайлылық және еңбекқорлық, тұрақтылық, қауіпсіздік және бірлік, ертеңгі күнге деген сенім. Мәңгілік елдің мызғымас жеті қағидасын көрсетеміз:

- Тәуелсіздік және Астана.
- Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік және келісім.
- Зайырлы мемлекет және жоғары руханилық.
- Инновация негізінде тұрақты экономикалық өсу.
- Жалпы еңбек қоғамы
- Тарих, мәдениет және тіл тұтастығы.
- Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның бүкіл әлемдік және аймақтық мәселелерді шешуге кең ауқымда қатысуы

«Мәңгілік ел» идеясы Қазақстан халқының тарихи тәжірбиесінен және олардың Тәуелсіздік жылдары жүріп өткен жолынан туындады.

Қазақстандықтардың бір ғана мүддесі бар – еркін және дамыған елде өмір сүру. «Мәңгілік елдің» жеті принципі Қазақстан халқының тарихи тағдырларын және негізгі даму құндылықтарын, ортақ мүдделерін айғақтайды.

Мемлекет тарихының өтпелі кезеңіндегі тұңғыш Президент бағдарламасы. 2017 жылы 12 сәуірде Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы модернизациялау» бағдарламасын ұсынды. Бұл жерде ол қоғам санасындағы модернизацияның және әрбір қазақстандықтың: бәсекелестікке, прагматикалыққа, ұлттық бірегейлікті сақтауда, елдің эволюциялық дамуымен сананың айқын болуын ерекше атап көрсетті.

Президент аталған бағыттардың дамуын қамтамасыз ету үшін нақты жобаларды өңдеп іске асыруға міндеттеме берді. Бұл жобалар кейін “Рухани жаңғыру” бағдарламасында өз көрінісін тапты.

Рухани Жаңғыру бағдарламасының басты мақсаты – бұл өз мәдениетін, өз ұлттық жадын сақтау. Аталмыш бағдарлама мынадай кезеңдер бойынша жүзеге асады:

1. Қазақ тілінің біртіндеп латын әліпбиіне өтуі.

2. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы.

3. «Туған жер», «Туған ел» бағдарламасы. Ол патриотизмді қалыптастыруға және өз жері мен өз туған жерін сүйге бағытталған.

4. «Қазақстанның рухани жерлері» немесе «Қазақстанның сакралды географиясы» жобасы.

5. «Жаһандану әлеміндегі Қазақстанның қазіргі мәдениеті» жобасы.

6. «Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы» жобасы.

2018 жылы 21 қарашада Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы жарыққа шықты. Бұл «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы болды.

Мемлекет тарихындағы тұлғаның орны. Тарихи оқиғалар алдын ала белгіленбейді. Болашақтың түрлі нұсқасы бар, оның қайсысы орындалатындығы адамдарға немесе оған қатысушыларға байланысты.

Адамдардың әрекетін анықтайтын объективті жағдайдағы шарттар ғана, нақты әлеуметтік күштер, партиялар, қоғамдық қозғалыстар мен қоғамдық өмірдегі тарихи қайраткерлердің ролін түсіндіруге және ғылыми танытуға мүмкіндік береді. Тарихтағы жекетұлғаның ролінің маңызы әрбір ұрпақ үшін қашанда өзекті. Бұл әлемде жекетұлғалар ықпалы артқан қазіргідей жаһандану кезеңінде өте маңызды болуда.

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Назарбаев осындай тұлғалар қатарына жатады. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы жолында оның атқарған ролі өте жоғары.

Ең маңыздысы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев осы жылдар аралығында өз елінде азаматтық бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты, халықтар арасындағы достықты сақтап қалды. Өзінің ұлы бабаларының ұлағатын бойына сіңірген Назарбаев қай істі атқарса да, қандай қызметті қолға алатын болса да, мәні терең «қазақы әдісті» басшылыққа алатын, шешуі күрделі мемлекеттік басқару істерін – қазақтың жан дүниесіне сай шешіп отырды. Оның өзіне төн стратегиясы ұлттық, халықтық, тамырын ғасырлар тереңнен алатын, ал басты негізі халық болатын.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанның дамуы үшін атқарған еңбегі үлкен.



Сондықтан ҚР Конституциясының 91-бабында «Конституцияда көрсетілген мемлекеттің тәуелсіздігі, республика аумағының біртұтастығы мен бүтіндігі, оның басқару формасы, сондай-ақ республика қызметінің негізгі принциптері, тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы және оның мәртебесі өзгеріссіз қалады», – деп көрсетілді.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Қазақстандық жаңғырту үлгісін жасау мен оны іске асыруда ҚР Тұңғыш Президентінің рөлін анықтаңдар.
2. «Қазақстан – 2030», «Қазақстан – 2050» даму Стратегияларының негізгі идеялары туралы айтыңдар.
3. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының мақсаты неде болды?
4. Мемлекет тарихындағы ҚР Тұңғыш Президентінің рөліне баға беріңдер.

III БӨЛІМ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы бөлімінде:


– жаңа және қазіргі кезеңде мемлекет пен қоғамның дамуына ерекше ықпал еткен либерализм, ұлтшылдық, социал-демократия, марксизм, экзистенциализм, прагматизм және позитив секілді саяси және идеологиялық ағымдар мен бағыттардың мазмұны ашып көрсетілді.

– XX ғасыр мен XXI ғасырдың басындағы бостандық пен әділеттілік үшін болған күрестер, М.К. Ганди, М.Л. Кинг және Н. Мандела секілді саяси тұлғалардың іс-әрекеттері мен қоғамдық-саяси көзқарастары арқылы көрсетілді.

– XX ғасыр мен XXI ғасырдың басындағы көрнекті саяси-реформаторлар – М. Ататүрік, Ф.Д. Рузвельт, Ш. де Голл, Д. Сяопин, Ли Куан Ю, М. Мохаммад және Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың өміржолы мен қоғамдық іс-әрекеттері баяндалады.

IV БӨЛІМ

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ





§42–43. ЖАЗУ ЖӘНЕ КІТАП БАСЫП ШЫҒАРУ – АДАМЗАТТЫҢ ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ЖЕТІСТІГІ

Адамзат тарихында адам бір белгілердің көмегімен өзі үшін маңызды ақпаратты тіркеп, осылайша бір-біріне беріп, сақтап қою үшін жазуды ойлап табудың маңызы зор болды. Ең ежелгі кезеңде ақпаратты бір-біріне беріп, сақтаудың әртүрлі әдістері болды: белгілі бір құрастырылған бұтақтардың, садақтардың, оттың көмегі және т.б. Кейін келе ақпаратты тіркеудің күрделі әдістері пайда бола бастады. Осылайша ежелгі инктер түйіндер көмегімен «жазып алу» жүйесін ойлап тапты. Олар түрлі түсті жүннен жасалған бау ойлап тапты. Оларды әртүрлі түрде түйіндеп, ағашқа байлап, жіберіп отырды. Түйінді хаттарды Ежелгі Қытай мен Моңғол халқы пайдаланды.

Бүгінгі сабақта:

- тарихи даму контексіндегі әлем халықтарының жазу түрлерін жіктейміз;
- адамзат өркениетінің дамуындағы жазу мен кітап бастыру ісінің маңыздылығын анықтаймыз.

Есте сақтаңдар

Негізінен, б.з.б. IV ғасырда жазбаны адамдар ақпаратты тіркеу үшін ерекше бір графикалық белгілерді ойлап тапқан.

Пиктография (суретті жазу). Жазбаның ең ежелгі түрі пиктография болып саналады. Пиктограмма – әңгіме болып отырған бір затты, оқиғаны және көріністі бейнелейтін сұлбалық сурет. Пиктография әртүрлі халықтарда тас ғасырының соңғы кезеңінде таралды. Бұл хат онсыз да түсінікті болды, сондықтан оны әдейі оқып-үйрену қажет болмады. Алайда ол кішігірім хабарламаларды, қысқа әңгімелерді жіберуге жарамды болды.

Кілт сөздер:

жазба, ақпарат, пиктограмма, идеограмма, иероглиф, буындық хат, әріптік-дыбыстық алфавит, грек алфавиті, руналар, қалып, мөр, металл литерлер (әріптер), баспа, кітап

Күрделі абстракциялы ақпарат жіберу қажеттілігі туындаған кезде бейнелерді суреттеуге келмейтін нәрселерді (мысалы, ержүректік, қырағылық, ерлік және т.б.) жазуға келмейтінін пиктограмманың мүмкіншілігінің шектеулі екендігі білінді. Сондықтан пиктограмма құрамына нақты бір ұғымды білдіретін шартты белгілер кіргізіле бастады. Мысалы, айқастырылған қолдар белгісі айырбасты білдірді. Мұндай белгілер *идеограмма* деп аталды.


Есте сақтаңдар

Идеографиялық жазу (грек. *idea* – идея, *grapho* – жазу) – жазудың бір түрі. Идеографиялық жазу пиктографиялық жазудан шыққан, онда әр таңба бір сөздің мағынасын білдіреді. Идеографиялық жазу таңбалары *идеограмма* деп аталады.

Идеографиялық хат пиктографиядан пайда болды: пиктограмманың әрбір бейнелейтін белгісі басқасынан ерекше және белгілі бір ұғым немесе сөзді білдіреді. Бұл үрдіс уақыт өте келе дамығаны сонша, қарабайыр пиктограммалар өздерінің бұрынғы көрнекілігін жоғалтып, айқындыққа және нақтылыққа ие болды. Мүмкін бұл үрдіс бірнеше мың жылдарға созылған шығар. Идеогамманың ең жоғарғы түрі иероглифтік хат болды.

Иероглифтік жазу Ежелгі Египетте пайда болып, кейін Қытайда, Жапония мен Кореяда таралды. Иероглифтер тек бір зат пен әрекетті ғана білдіріп қоймай, күрделі абстрактілі ұғымдарды, заттар мен әрекеттердің белгілерін білдірді. Иероглифтердің көмегімен ең күрделі және дерексіз ойларды да бейнелеуге болатын. Алайда иероглифтерді білмейтіндер үшін жазылған жазудың мағынасы мүлдем түсініксіз болған. Оқу-жазуды үйренгісі келген адам мыңдаған белгілерді есіне сақтауы тиіс болды. Бұған көптеген жылдар оқу керек еді. Сондықтан ежелгі кезде көп адам оқу-жазуды білген жоқ.

Идеография таза күйінде ешқашан болған емес. Осылайша Ежелгі Египетте ұғымдар мен сөздерді білдіретін белгілермен қатар буындар мен жекелеген дыбыстарды білдіретін басқа да белгілер болды, себебі сурет түрінде бәрін білдіруге болмайтын (мысалы, жеке есімдерді). Мұндай жағдайларда египеттіктер иероглиф-сөздерді оның дыбысталуына байланысты жазуда берілетін сөздер құралатын иероглиф әріптерге айналдырып жіберді. Мысалы, иероглиф *мн* – шахмат тақтайшасының бейнесі – екі дыбысты білдіретін иероглифке айналды (*мн*). Алғашында фонетикалық (дыбыстық) иероглифтердің мағынасы көмекші болды, бірақ уақыт өте келе олардың рөлі өсіп, египет жазуы болған соңғы ғасырларда фонетикалық иероглифтердің маңызы үстем болды. Бірақ таза фонографиялық жазуға (әрбір белгі жеке дыбыс немесе әріпті білдіреді) египеттіктер келе алмады. Бұл маңызды жетістік басқа халықтардың жазбасында жасалды.



Пиктография



Египеттік иероглиф жазбасы

Сына жазу. б.з.б. IV–I ғасырларда Таяу Шығыс пен Кіші Азия аумағында кең таралған жазба жүйесі. Жазудың бұл түрін қыш тақтайшаларына үшкір қамыс таяқшалардың көмегімен сына түрінде пайда болған. Сына жазуын б.з.б. IV ғасырда Оңтүстік Месопотамияға қоныстанған шумер халықтары ойлап тапқан. Алғашында белгілер нақты бір заттың, жануарлар мен адамдардың бейнесін көрсеткен, бірақ осыған байланысты күрделі хабарларды жазып алу қажеттілігінен суреттік хат күрделене бастады. Белгілер оның дыбысталуы арқылы қолданылып, жазбаларда түрі, септігі, бейнесі, саны және т.б. грамматикалық көрсеткіштер белгілене бастады.


Жазу жүйесінің күрделенуімен бірге белгілердің түрінің қарапайымдануы жүрді. Бірте-бірте әрбір белгі түзу және көлденең сызықтар түріне айнала бастады. Б.з.б. 3-мыңжылдықтың бірінші жартысында көрші халықтар – аккадтықтар (Солтүстік Месопотамия), эблаиттар (Тигр өзенінен Оңтүстік шығысқа қарайғы жерлер) оны өз тілдеріне бейімдей бастады. Кейін келе жазудың бұл түрін парсылар, хурриттер, хеттер пайдалана бастады. Сына жазу өртүрлі тілде сөйлетін халықтарда 3 мың жылға жуық жүрді.

Фонографиялық жазу. Адамдар өз сөздерін бірден жай элементтерге – дыбыстарға (фонемдерге) бөлуді бірден үйренген жоқ. Сөздің бөлек буындарға бөлінуі жеңіл болды. Б.з.б. 2-мыңжылдықта әрбір белгі жеке буынды білдіретін буындық жазбаның бірнеше түрі пайда болды (криттік жазба, майя жазбасы).

Б.з.б. 2-мыңжылдықтың аяғында финикиялықтар басқа да көптеген халықтардың алфавитінің үлгісі болған әріптік-дыбыстық алфавит құрды. Финикиялық алфавит әрқайсысы жеке дыбысты білдіретін 22 дауыссыз дыбыстан тұрды. Адамзат үшін бұл алфавитті ойлап табу алғашқы қадам болды. Жаңа жазбаның көмегімен сызба түрінде қандай да бір сөзді айтуға мүмкіндік туды. Оны үйрену өте оңай болды. Бұл финикиялық алфавиттің бүкіл әлемге таралуының себептерінің бірі болды.



Сына жазуы



Руна жазуы

Назар аударыңдар

Гректер финикиялық алфавитке ең соңғы жетістіктер енгізді – олар дауыссыз дыбысты ғана емес, дауыстыларды да әріппен белгілей бастады.

Грек алфавиті көптеген еуропалық алфавиттердің: латын (француз, ағылшын, италиялық, испан және басқа да алфавиттер шыққан), копт, армян, грузин және славян алфавиттерінің негізі болды.

Руна жазуы. Руна жазбалары (ежелгі runa – құпия) герман-скандинав алфавит жазбасының белгісі. Руна жазуы герман халықтарында біздің заманымыздың алғашқы ғасырында пайда болған. Руна тік және қиғаш түзу сызықтардан тұрады, сондықтан қатты материалдарға (қиып): тасқа, ағашқа, сүйекке, металға жазуға бейімделді. Руна алфавиті алғашқы алты белгісі бойынша «футарк» деп аталды. «Үлкен» алфавит деп аталатын (150—750 жылдар шамасында) 24 белгіден тұрды. Викингтер дәуірінен 16 рунадан тұратын «кіші» алфавит пайдаланыла бастады.

Орта ғасырларда руна жазуы латынмен бірге жүрді. Исландия мен Готландта руна жазуы ұзақ уақыт пайдаланылды. Бүкіл алфавитті жазып шығудың магиялық мәні болды. Руналар аурудан емделуге көмектеседі, шайқастарда жеңіске жеткізеді, уланып қалудан сақтайды, дауылдарды басады деп есептеген 6 мыңға жуық руналық жазбалар белгілі.



Гутенберттің мұражайдағы Библиясы. Майнц қаласы, Германия

Кітап басып шығару. Кітап басып шығару идеясы қалып (мөр) үлгіден шықты деп саналады. VII–VIII ғасырларда Еуропада маталарға өрнектелген өшекейлер салу жасалды. Қайталанып отыратын фигураларды басып шығарғанда мөр қалыптар пайдаланылды. Кітаптарды көшіріп жазатындар жол басында ірі өшекейленген әріптерді бейнелегенде қалыптардың көмегіне сүйенді, себебі

мәтінде оның суретін салуға көп уақыт кететін болды.

Үлгілер арзан суреттер дайындауда кеңінен қолданылды. Бұл гравюралар алғашында тек суреттерді ғана беріп, кейіннен оларға қоса мәтін берілді. Алдымен тақтайшалардан тек суреттер ғана шығарып, мәтінді қолмен жазды. Содан кейін тақтайшаға суретке түсініктеме беретін мәтінді де қиюға көшті (кері түрінде). Әрі қарай суретсіз тек қана мәтінді қию қолға алынды.

Осындай жолмен басылған алғашқы кітаптар, көлемі жағынан үлкен емес және (қымбат кітап сатып алуға шамасы келмейтін) орташа сатып алушыға ғана есептелді. Басып шығарылған алғашқы кітаптардың бірі мысалы, он шақты беттен ғана тұратын «Кедейлер Библиясы» болды.

Алғашқы кітаптарды басып шығару технологиясы келесідей болды. Қатты ағаштың (жаңғақ, алмұрт, пальма) қалыңдығы 2 см-ге жуық тік бұрышты пластинасы алынды. Жақсылап тегістегеннен кейін және жазықтығының дұрыстығы тексерілгеннен соң оған суреті немесе қағазға салынған сурет және мәтін жапсырылды. Содан кейін қатты және үшкір қайшылармен қажетсіз бөліктері тереңдетіліп ойып алынып тасталды. Нәтижесінде бір жазықтықта жатқан бояу жағылған (қара күйе мен өсімдік майының қоспасы) дөңесті сурет пайда болды. Бояу ішіне жүн толтырылған мықты тығыз мата немесе теріден жасалған тығынмен жағылды. Бояудың үстіне оның жақсы сіңуі үшін суланған қағаздың бір бетін салған. Қағаз ағаш қалыптан бүкіл суретті сіңіріп алғаннан кейін оны алып тастап, кептірген. Содан кейін тақтайды қайта бояп, процесс қайталанып отырған. Алдымен қағаздың бір жағына ғана басып, кейіннен екі жағын да пайдалана бастаған.

Жаңа кітаптардың арзандығы оларға деген тұрақты сұраныс туғызды. Сонда ғана кітап басып шығару үрдісін тездетіп және қарапайымдылатуға бола ма деген мәселе тұрды. Бұл мәселенің шешімі табылды: өртүрлі кітаптарды басып шығару үшін ұзақ уақыт пайдалануға болатын қозғалып тұратын өріптерді жасап шығару ойластырылды. Алғаш рет бұл идеяны неміс өнертапқышы Иоганн Гутенберг жүзеге асырды. 1440 жылға таман ол мәтінді жазу



И. Гутенберг



Майнц қаласындағы Гутенберг ескерткіші

үшін жеке-жеке металдан жасалған әріптерді литерлерді пайдалануды ұсынды. Олар арнайы құралмен жұмсақ металға (қалайы немесе қорғасын) терең ойып жасалған әріпті (матрица) дайындады және соның көмегімен және қорғасын құйма қажетті мөлшерде арнайы құйма түрінде жасалды. Литерлер сөз құрау үшін жинақтау үрдісінде алынып отыратын арнайы ұяшықтарда қажетті тәртіппен орналастырылды. Басып шығару үрдісі үшін біреуіне литерлер салынып, ал екіншісі оған қағазды қысып тұратын екі жазықтықты өзара әрекеттендіретін ұстаным бойынша құрылған арнайы қолдан жасалған құрылғы жасалды.

Гутенбергің амалы кітап басып шығару ісін едәуір жеделдетті. 1440 жылдары ол алғашқы терілген кітаптар: Донат грамматикасы және күнтізбелер басып шығарды. Аса белгілі алғашқы терілген басылымдар: 42 жолдан тұратын Библия (бір бетте 42 жол сыйған) және Псалтырь. Бұл басылымдар солар үшін арнайы жасалған ерекше қаріптермен ғана емес, сондай-ақ бас әріпті литерлер мен шегаралары өшекейленген екі түсті декормен ерекшеленді.

Кітап басып шығарудың Гутенберг ашқан әдісі адамзаттың қажеттіліктеріне қаншалықты жарағанын уақыт көрсетті. Еуропаның өртүрлі қалаларында жүздеген баспаханалар пайда болды. 1500 жылға қарай бүкіл Еуропа бойынша 30 мыңға жуық өртүрлі кітаптар шығарылды. Өз басылымдарын аса тартымды ету үшін шеберлер өз кітаптарын алғашында ақ-қара, кейіннен түрлі түсті суреттермен толықтырып, бірінші бетін әдемілеп безендірді.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Жазудың негізгі түрлерін атап, олардың мазмұнын ашып беріңдер.
2. Алғашқы басып шығарылған кітаптардың техникасын суреттеңдер.
3. Алғашқы баспа құрылғысының (станогының) жұмыс істеу үрдісін ашып беріңдер.
4. Алғашқы басылып шыққан кітаптарды атаңдар.

§ 44–46. МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ: ЕЖЕЛГІ ЗАМАННАН БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН

А. Білім және оның қоғам өміріндегі орны

Білім адам өмірі мен қоғам қалыптасуының ең басты негізі болып саналады. Ол адамзаттың басты мақсатын айқындап, әлеуметтік-маңызды тәжірбиесінен көрініс береді. Адамзат үшін білімнің қажеттілігі әлемге деген *байланыс әрекеттерінен* туындаған. Білімнің арқасында адам өлемді игеру әдістерін меңгеріп, оларды тәжірбиесіне айналдырады, оны қорғаудың жолын тауып, өзгелерге көрсетеді.

Білім белгілі бір нақты мақсатты істі жүзеге асыруда *нақты айқындылық* береді. Білім берудің маңызы әрбір жаңа ұрпақтың қоғам өміріне тиімді қалыптасуын ғана қамтамасыз етіп қоймайды.

Білім – сол қоғамның өзінің өмір сүру шарты болып табылады. Жекетұлғаларға білім беру арқылы қоғам өзін қалыптастырады, өзінің мүмкіндігін арттырады және келешек өміріне негіз қалыптастырады.

Білім жекетұлғаның қоғам өміріне тиімді енуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондықтан ол тек білім берумен ғана емес, тәрбиемен де айналысады.

Назар аударыңдар

Білім беру негізінен білімді, кәсіптік шеберлікті және дағдыларды игерумен байланысты. **Тәрбие** қажетті бағыттар мен коммуникативтік дағдыларды игеріп, оларды тұлғаның бойына қалыптастырудан тұрады. Білім берудің *рухани* қызметі дегеніміз осы болып табылады.

Білім беру бұл жекетұлғаның қоғам өміріне тиімді енуін және сол қоғамның өзінің тұрақтылығы мен келешектегі дамуын қамтамасыз ететін нақты мақсат арқылы қалыптасқан үрдіс және нәтиже, білім беру мен оны қалыптастыру, бағалы бағыттар, кәсіптік және коммуникативтік шеберліктер мен дағдылар процессі.

Білім өзінің бастауын қоғамның қалыптасуынан алады. Ежелгі қоғамда ол *отбасылық* негізде қалыптасып, сол ортадан өмірге қажетті дағдыларды алып, оны күнделікті тіршілік барысында қолданып отырды.

Б.з.б. 4-3 мыңжылдықта алғашқы өркениеттің пайда болуына орай, білімнің әлеуметтік институтқа айналу процесі басталды.

Мемлекеттік басқару, құқықтық қағидаларды дайындау мен оларды қолдану, діни рәсімдердің күрделенуі ерекше білім мен дағдыны талап етті. Сондықтан да *білім арнайы салалық сипатқа* ие бола бастады. Бір бағытты ғана қамтыған білім беріле бастады және мұны арнайы дайындықтан өткен адамдар жүзеге асырды.

Назар аударыңдар

Білім алу ол кезеңде жабық жүйе болып саналды және оған тек таңдаулылар мен мәртебелілер ғана қол жеткізді.

Ол, негізінен, ғибатханаларда жүзеге асты, ал білім беру міндетін абыздар мен дін қызметкерлері атқарды. Орта ғасырларда Еуропада

Бүгінгі сабақта:

- адамзат тарихы контекстінде мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттаймыз;
- мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлін талдаймыз;
- мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін, оның ерекшеліктері мен артықшылықтарын анықтай отырып салыстырамыз.

Кілт сөздер:

білім беру, оқыту, тәрбие, мектеп, палестра, гимназия, академия, мектеп, медресе, жексенбілік мектептер

білім дін өкілдері арқылы таралды, білім беру дін орындарында ғана жүргізілді.

Орта ғасырларда университеттер пайда болды – бұл білім беру құрылымдары жоғарғы оқу орындарының алғашқы баспалдақтары болды.

Қоғамдағы жоғары топ өкілдері өзара қатынас жасайтын тіл мен олар жазатын кітаптардың тілі ақсүйектік білім беруді қалыптастырды. Мұндай тілдің қатарына латын тілі жатты. Осы кезеңнен бастап ол жоғалған өркениеттің тілі болып саналды және күнделікті өмірде қолданылмады.

Жаңа кезең дәуірінен бастап білім беру біртіндеп *ақсүйектік және бұқаралық* сипатқа ие бола бастады. Білім беру құрылымдарының қатары көбейді және олар күрделене бастады. Мектептер мен жоғарғы білім орындары көптеп ашылды. Білім беру бағдарламаларында заманауи бағыттар басымдыққа ие бола бастады, әсіресе жаратылыстану ғылымы және қоғамдық білімнің үлесі артты.

Білім беру мемлекеттің басты мақсатының біріне айналды және қоғамдағы барлық салаға ықпал ететін маңызды әлеуметтік орталықтың міндетін атқарды. Мысалы XIX ғасырдың 70-жылдары жетекші Еуропа елдерінде (Англия, 1870 жылдары, Германия, 1872 жылдары, Франция, 1882 жылдары.) жалпыға ортақ міндетті білім беру заңы қабылданды. Мемлекеттің білімге бөлетін қаржысының көлемі артты. Білім беру бағдарламаларын біріздендіру шаралары қолға алынды. Білім беру саласында адамдардың саны көбейді, оларың қатарын білім берушілер және білім алушылар арттырды.

Ө. Білім берудің тарихи түрлері

Б.з.б. V–IV ғасырларда ежелгі грек мәдениетінің гүлдену кезеңіне қарай Афиныда денешынықтыру және ғылыммен айналысатын көптеген мекемелер пайда болды.

Есте сақтаңдар

Мектепте, палестра мен гимнасияда ежелгі грек жасөспірімдеріне білім беру жүзеге асты.

Мектеп. 7 жаста ұлдарды мектепке алып баратын және олардың тәрбиесімен ұстаздар айналысатын. Мектептер ақылы болды. Онда оқу, жазу және арифметика сабақтары жүрді, сонымен бірге музыка, сурет салу және өн салумен айналысты. Мектептерде белгілі әдеби шығармалар оқылып, жатқа айту да үйретілді. Тек бай гректер ғана терең білім ала алды.

Қыздарды оқыту мен тәрбиелеумен үй жағдайында аналары айналысты. 7 жастан бастап қыздарды оқу, жазу, тоқу, жіп иіруге, үй шаруасын жақсы меңгеруге үйретті.

Египетте ауқатты адамдардың балалары ғана мектепке барды. Олар кейіннен жылнамашылар, абыздар болды. Қарапайым египеттіктер қарапайым гректер сияқты оқуды, жазуды және санауды мектепте үйренді. Дене тәрбиесі (жүзу, жүгіру, күрес) Египетте аса маңызды болмады. Сондықтан болар арнайы спорт мектебі туралы мәлімет жоқ.

Палестра. Ұлдар 12 жасқа толғанда, мектептен басқа, жекеменшік гимнастикалық мектепке, палестраға бара бастады (грек – күрес деген сөзінен). Мұнда ұлдар 16 жасқа дейін гимнастикамен, күреспен (ежелгі гректердің негізгі спорт түрі), жүгірумен, диск және найза лақтырумен, жүзу, әскери дайындықпен айналысты.

Афины жасөспірімдері гректерде адам дене сымбатының сұлулығына табынатын болғандықтан денешынықтырумен жалаңаш айналысты. Олар адам өте ақылды, ал денесі сымбатты, сұлу болуы керек деп санаған.

Оқушылар әдемі үлгілерді көріп отыруы үшін палестраларда белгілі мүсіншілердің жасаған мүсіндерін қойып отырған. Мысалы, мүсінші Миронның «Диск лақтырушы» мүсіні. Мұндай мүсіндерді көріп отырған грек жасөспірімдері осындай нәтижелерге қол жеткізуге талпынуы тиіс болған.


1. «Педагог» ұғымы «баланы жетектеуші» деген мағынаны білдіреді.

Палестрада оқу кезінде оқушылар спортқа қаншалықты жақсы машықтанғанын көрсетуі үшін үнемі оқу әскери күресі жүргізіліп отырған.

Палестра оқушыларынан қоғамда өзін ұстай білуге, жақсы әдептерге үйренуді талап еткен.

Гимнасия (ежелгі грек – жалаңаштанған, жаттығу, іс жүзінде оқу) – грек қалалары мен эллиндік Шығыста б.з.б. IV–V ғасырларда кеңінен таралған 16–18 жастағы жасөспірімдерге арналған мемлекеттік оқу-тәрбиелік мекеме. Гимнасияға палестраны бітірген атақты, бай бозбалалар түскен. Гимнастикамен айналысуды жалғастыра отырып, олар философтардың жетекшілігімен әдебиет, философия, саясатты оқыған.

Академия (грек сөзінен) «Академия» деп б.з.б. 387 жылы Платон негізін қалаған Ежелгі Грекиядағы философиялық оқу орнын атаған. Ол Афины қаласына жақын, аңыз бойынша Академ деген қаһарманның есімімен аталды. Платон академиясында: философия, математика, астрономия, жаратылыстану және басқа да бірнеше пәндер оқытылды. Оқытудың негізгі әдісі диалектика (диалог) болды. Академиялар ғылыми және оқыту мекемелері ретінде орта ғасырларда пайда бола бастады. XV–XVI ғасырларда академиялар, әсіресе саны 200-ден



Ежелгі грек гимназиясы

асқан Италиядағы академиялар жаңа жағынан көрінді. Онда, әдеби-лингвистикалық-философиялық бағыт басымдық алды. 1603 жылы Римде қазіргі ғылым академияларының прототипі (түптұлғасы) болған Академиясы пайда болды. XVII ғасыр академиялар дәуірі болды.

Спарталық мектеп. Ежелгі грек мемлекет-полистің тұрғындары, спарталықтар үшін білім алудың мәні – әскери қауым мүшелерін дайындау қажеттілігімен анықталды. Сондықтан әскери оқуға баса назар аударылды.

Спартадағы білім беру мекемелерінің негізгі түрі мектеп-жатақханалар – өскелең ұрпаққа білім мен тәрбиені қатар беретін өзгеше жастар коммуналары болды. Әскери лагерьлерде тұрып, үйлеріне тек мейрамдарда ғана баратын спарталықтар үшін оқу үрдісі 3 кезеңге бөлінді.

Бірінші кезең – 7-ден 15 жасқа дейін – тәрбиешілер және олардың көмекшілеріне жүктелетін оқыту және тәрбиелеу арнайы балалар отрядтары немесе әскери лагерьлерде өтеді.

Білім беру мазмұны шынығуға және балаларды төзімділікке, шыдамдылыққа үйретуге бағытталған. Ұлдар мен қыздарды әртүрлі дене жаттығуларын орындауға үйреткен. Олар әскери өнер машықтарын меңгеріп, оқу, жазу және есептеу негіздерін меңгерген, өлең айту мен би билеуді де үйреткен.

Екінші кезең – 15-тен 20 жасқа дейін. Оқуға тарту ретінде қауым мүшелері санатына кірген бозбалалар кейбір азаматтық құқықтарға ие болып, өздерінен кіші жасөспірімдерді тәрбиелеуге көмек көрсететін *эйрендер* болып қалыптасты. Бұл кезеңде бозбалаларды эстетикалық тәрбие негіздеріне: ән айту мен би дағдыларына үйрете бастады. Адамгершілік, отансүйгіштік тәрбиеге баса назар аударылды. Оқу әскери өнердің сан алуан түрлеріне үйретумен жалғастырылды.

Үшінші кезең – 20-дан 30 жасқа дейін (спарталықтарда көмелет жасына толу кезеңі) *эйрендер* мемлекет-полистің толыққанды мүшелеріне айналып, әскери-патриоттық оқуды жалғастырды.

Спартада білім берудің мәні оқуда емес, ең алдымен, адамгершілік және дене тәрбиесін беруде болды. Өмірлік және тұрмыстық мақсаттарды ескере отырып, дәстүрлі оқыту пәндеріне азғана уақыт жұмсалды. Сондықтан оқу бағдарламаларына денешынықтыру жаттығулары және әскери өнер жаттығулары, адамгершілікке баулу сабақтары кірді.

Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі түрі үлкендер мен тәлімгерлердің барлық нұсқауларын ұжымдық орындау болды. Негізгі тәрбие құралы үлкендерге қарап, солардың артынан барлық әрекеттер мен жаттығуларды жасау деп саналды. Оқыту толықтай мұғалімге, жасы үлкендерге, саяси және әскери қайраткерлерге, мемлекетке бағыну, оқушыларда қоршаған әлем мен қоғамға деген жеке көзқарасының болмауы жағдайында жүргізілді. Дидактикалық ережелер мен ұстанымдар тәлімгердің артынан ұстаздардың білімі, дағдыларын айнытпай қайталауға, тек қана мұғалім көрсеткен үлгіні меңгеруге бағытталды.

Есте сақтаңдар

Спарталық білім беруді ұйымдастыру әскери-денешынықтыру білім жүйесін құрады.

Мектеп (араб. мактаб – «жазу орны») – Арабияда VII–VIII ғасырларда пайда болған бастауыш діни мектеп. Мұсылмандық миссионерліктің дамуымен және исламның нығаюымен Таяу және Орта Шығыс елдеріне таралды. IX–X ғасырларда мектеп Орта Азия, Өзірбайжан, Волга бойы және Сібірде пайда болды. Мектеп әдетінше мешіттер жанында орналасты. Онда, негізінен, 7–13 жасар ер балалар оқыды; оқу мерзімі 7 жылға созылды. Кейінірек, бірқатар мұсылман елдерінде әйелдер мектебі құрылды. Мұғалім рөлін молда атқарды.

Әрбір мұсылман Құран оқып-білуі тиіс болғандықтан, мектепте оқу міндетті болды. Мектептерде балаларды жазуға, грамматика, арифметика, оқуға үйретті; олар Құран мәтіндерін, ана тілі мен араб тілдерін меңгерді. Мектептер мұсылмандық дәстүрлерден ажырамады



Бұхарадағы Ұлықбек медресесі

және де, негізінен, тұрғындар есебінен жұмыс жасады. Мектеп бітірушілер медресеге оқуға түсуге құқылы болды.

Медресе (араб. мадраса, дараса меңгеру; оқытатын жер деген сөзден шыққан) – IX ғасырдан бастап мұсылман діни адамдарын, мұсылмандық құқық білгірлерін, мектеп мұғалімдерін, мемлекеттік қызметкерлерді (Таяу және Орта Шығыс) дайындайтын орта және жоғары мұсылмандық мектеп. Медреселер әдетінше үлкен мешіттерде ашылды. Мешіт жанындағы алғашқы медресе 859 жылы Мароккода (Аль-Карауин) ашылды. Медресе IX–XIII ғасырларда ислам дініне сенетін тұрғындары басым елдерде кеңінен таралды. Медреседе оқу тегін болды. Ол 10–15 жылға дейін созылды. Медресе бітіргендер университетке түсуге құқылы болды.

XX ғасырдың 60-жылдары ислам елдерінің көпшілігінде жүргізілген халыққа білім беру жүйесінің қайта құрылуына байланысты медресенің екі негізгі түрі қалыптасты: халыққа білім беру жүйесіне кіретін орта және жоғары жалпы білім беретін мектептер (зайырлы медреселерде Құранды оқып үйрену міндетті) зайырлы сипаттағы және діни қызметшілерді дайындайтын Құранды оқыту медресесі. Мемлекеттік және конфессионалдық медреселерден басқа, жекеменшік ақылы медреселердің азғана саны жұмыс істеп тұрды.

Жексенбілік мектептер. Орта ғасырлар мен Жаңа дәуірде білім беру азғана топтың құзырында болып, жаппай міндетті болған жоқ. Жағдайы жақсы адамдар өз балаларын жеке-дара үйлерінде оқытты, ұлдарды мектеп-интернаттарға – ақылы білім беру мекемелеріне жіберді. Қолөнершілердің, жұмысшылар мен шаруалардың балалары

білім алған жоқ, әдетінше ата-аналарымен бірге аптасына алты күн, кейде одан да көп 13 сағ-қа дейін жұмыс істеді.

Алғашқы жексенбілік шіркеулік мектептер жексенбі күндері жүргізілетін ересектер мен жұмыс істейтін балалар үшін тегін оқу орындары XVI ғасырдың ортасында Еуропада пайда болды. Олар конфессионалды (діни) түрде және сабақты өңгімелесу түрінде өткізуге бағытталды. Осындай мектептер Еуропа мен Солтүстік Америкада кеңінен таралды. Жексенбілік шіркеулік мектептер тек шіркеу жанында ғана емес, фабрикалар мен зауыттарда да болды. Алайда өмір бір жағынан, конфессионалды жексенбілік мектептерде жалпы білім беретін пәндерді енгізсе, екінші жағынан, XVIII ғасыр зайырлы жалпы білім беретін жексенбілік мектептерді ашуға алып келген жаңа талаптар қоя бастады. Жексенбілік мектептерді қаржыландыру, негізінен, жеке қайырымдылық есебінен жүрді.

Конфессионалды және зайырлы түрдегі жексенбілік мектептерге келесі белгілер тән:

- сабақ өткізу уақыты (демалыс және мейрам күндері);
- шағын және өртүрлі жастағы топтар;
- тегін оқу;
- оқушылар үшін жас және сословиелік (теңсіздік) шектеулердің жоқ болуы;
- жыл бойы қабылдау және осыған байланысты оқушылар құрамының үнемі жаңарып отыруы, сабаққа қатысу еркін.

Б. Мектепте білім берудің қазіргі кездегі үлгілері

Есте сақтаңдар

Білім беру үлгісі – білім беруге деген, оның адам мен қоғам өміріндегі рөліне көзқарас.

Назар аударыңдар

Қазіргі кездегі мектепте білім беруді 5 үлгіге бөледі: дәстүрлі, рационалды, гуманистік (феноменологиялы), институционалды емес, өкілеттілік.

1. Қазіргі кездегі білім берудің дәстүрлі үлгісі деп мәдениеттің өткен және бүгінгі әмбебап үлгілерін бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беру әдісі ретіндегі жүйелі академиялық білім беру үлгісін айтады. Мәдениет элементтері ретінде білім, іскерлік, машық: жекетұлғаға аса жоғары ретпен білімді, құндылықтар мен

Бүгінгі сабақта:

- қазіргі әлемдегі мектепте білім берудің үлгілері: дәстүрлі, рационалды, гуманистік, институционалды емес, өкілетті түрлері туралы білеміз.

Кілт сөздер:

білім, мектеп, мұғалім, оқушы, білім беру үлгісі

шеберліктерді өз бетімен меңгеруге, базалық білімдер, мәдени білім беру дәстүрі аясында құрылған шеберлік және дағдылар жиынтығы.

Аталған үлгі субъект-объект ретінде: мұғалім мұнда әрекеттің белсенді субъектісі ретінде, ал оқушы – ақпаратты есте сақтайтын және қайта жаңғыртатын үлгі бойынша әрекет ететін және шеберлікті меңгеретін – енжар объект. Қорытындысында білім беру нәтижесі алдын ала дайындалған қасиеттері бар жекетұлғаның қалыптасуы болып қалады. Нәтижелер (оқып-үйренген, тәрбиелік, әлеуметтендірілген) өте оңай сарапталады және бақыланады. Бұл үлгідегі білім беру мазмұны өте анық, кейбір дәрежеде «орташаландырылған» және оны меңгеру білім беру үрдісінің басты мақсаты болып отыр.

2. Білім берудің рационалистік үлгісі де шығармашылық бастаумен ерекшеленбейді. Ол аса прагматикалық. Білім берудің рационалистік үлгісі білім берудің мазмұнын емес, оқушылардың тиімді меңгеру әдістерін қояды. Бұл үлгі оқушыларға бойкүйездік ұялатады. Олар белгілі бір білімді, шеберлікті үйрене отырып, қоғамның талаптары мен әлеуметтік нормаларына сәйкес өмір сүруге қажетті бейімделушілік «мінез-құлықтарға» ие болады.

Рационалистік үлгіде шығармашылық, өз бетімен жұмыс істеу, жауапкершілік, дербестік деген көріністерге орын жоқ. Мұғалім дайындалған үлгіге қарап жұмыс істеп, ал оның қызметі оқушыларды есеп шығаруға, тестілерді орындауға және т.б. жетелейтін құралға айналады.

Мұндай оқытудың негізгі әдістері үйрету, тренинг, тестілік бақылау, жеке дербес сабақтар, коррекция болып табылады.

Білім берудің рационалистік әдістері, ең алдымен, жас ұрпақты өмір сүріп отырған қоғам мен өндіріске іс жүзінде бейімдеуді қамтамасыз етеді.

3. Білім берудің гуманистік (феномендік) үлгісінде білім беру үрдісінің негізі оқушыны қайталанбайтын және өзіндік құнды тұлға ретінде, ал субъектілікті қалыптастыруды өзінің негізгі міндеті деп санайды. Ол дамуға, диалогке бағытталып, педагогикалық қолдауға, оқушымен бірігіп жұмыс істеуге бағытталады.

Білім берудің гуманистік үлгісінің өкілдері жекетұлға дамуының оқуға артықшылығын мойындайды, ал білім, шеберлік және дағдыны оқыту мақсаты деп емес, оқушыларды дамыту құралы деп есептейді. Білім берудің жекетұлғалық бағытталуы – феноменологиялық үлгінің артықшылығы. Оның кемшіліктеріне жеке-дара білім беруге шығынның жоғары болуы, ұстаздардың кәсіби машығына деген талаптың өсуі жатады.

4. Білім берудің институционалды емес үлгісі – бұл мектептен тыс білім беру: қашықтықтан оқыту, кітап, бұқаралық ақпарат құралдары,

мультимедиалық кітаптар, интернет желісі т.б. арқылы оқыту. Аталған үлгінің жақсы жақтары – оқушылардың оқитын орнын, бағытын және оқыту әдісін еркін таңдаудың жоғарылығы, қай жерде тұрып жатқанына қарамастан оқу мүмкіншілігі. Егер адам өзінің оқуын өзі ұйымдастыра алса, оқудың толықтай тәжірибесіне ие және өз бетімен білім алуға күшті ден қойған болса, онда ол жақсы нәтижесін береді.

Одан басқа, оқытудың мектепке байланбауы институционалды емес білім беруді ресми мәртебесінен айырып, оқушының мемлекеттік үлгідегі құжат алуына мүмкіндік бермейді. Сондықтан аталған үлгі қосымша білім беру мен өзін-өзі дамыту әдісі ретінде қарастырылады.

5. Білім берудің құзыреттілікті үлгісі.

Назар аударыңдар

Құзыреттілік – жекетілген өзін-өзі жүзеге асыруына, оқушының әлемде өз орнын табуына ықпал ететін шеберліктің, білімділіктің өмір сүру әдісі.

Аталған үлгі оқушы мен оқытушыны келесі жағдайларда туындайтын мәселелерді шеше білуді қалыптастыруға бағыттайды: 1) шынайы көріністерді тану және түсіндіруді; 2) қазіргі заманғы техника мен технологияны меңгеруде; 3) адамдардың өзара қарым-қатынасында, әдептілік ережелерінде, өзінің іс-әрекетін бағалауда; 4) шынайы өмірде азамат, отбасы мүшесі, сатып алушы, клиент, көруші, сайлаушы және т.б. рөлдерді орындауда; 5) құқықтық ережелер мен өкімшілік құрылымдарда, тұтынушылық және эстетикалық құндылықтарда; 6) мамандық таңдау мен еңбек нарығында орнын табу қажеттілігі туындаған кезде кәсіби оқу орнында оқуға дайын екенін бағалауда; 7) жекебасының мәселелерін шешу қажет болған кезде: өмірде өз орнын табу. Өмір сүру үлгісін таңдауда, шиеленістерді шешу амалдары.

Мұндай жағдайларға қатысты «үйрету» термині толықтай қолданылмайды. Сондықтан құзыреттілік аясында ертерек құрып және «жағдайға байланысты қосу» алдын ала дайындау керек. «Қосу, кірістіру» деген жағдайды бағалау, қандай да бір шешім қабылдауда әрекеттер мен қатынастарды жобалау дегенді білдіреді.

Назар аударыңдар

Оқушыдан оқу міндетін тану талап етіледі, жекебасының тәжірибесін саналы түрде қалыптастыру және бағалау, әңгіме мәселені шешу жобасын құру туралы болғандықтан жеке оқу әрекеттеріне деген қатынасқа байланысты рефлексия. Осыған байланысты құзыреттілік үлгісіндегі оқу үрдісін жүзеге асыруда жетекші әдіс – жобалау әдісі болып саналады.

Есте сақтаңдар

Құзыреттілікті оқыту тақта алдында жауап берумен емес, мәселені шешуде жоба құрумен аяқталады.

Ғылымның, өнер мен спорттың көптеген ұлы қайраткерлері мектепте оқып жүргенде-ақ ғылыми, көркемсурет, спортпен айналысқан. Оқушы болып жүріп, олар ережелер мен мәліметтерді ғана емес, сонымен бірге тиімді жұмыс істеудің әдістері мен амалдарын меңгеріп, өздерінің ұстаздарымен бірге шығармашылықпен айналысқан. Мұндай оқуда оқушы тәжірибенің жаңа түрлерін меңгереді: мәселелерді анықтап, теңестіреді, өнім өндірудің белгілі болған және жаңа технологияларын құрады, нәтижелердің сапасын бағалайды.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Білім беру үлгісі деген не? Бүгінгі күні мектепте білім беруде қанша үлгі бар?
2. Мектепте білім беруде жүріп жатқан үлгілердің мазмұнын ашып атап көрсетіңдер.
3. Білім беру дегеніміз нені білдіреді?
4. Неліктен білім беру қоғамның өмір сүруінің шарты болып табылады?
5. Білімді қалыптастыратын басты негізді атаңдар.
6. Білім қашан және қандай жағдайда әлеуметтік институтқа айнала бастады?
7. Еуропада қашан және қайда жалпы білім берудің міндеттілігі туралы заң қабылданды?
8. Ежелгі Грекияда қанша жастан және кімдерді оқытты?
9. Ежелгі Грекия мектептерінде қандай пәндер оқытылды?
10. Палестрада оқу үшін қандай мақсаттар қойылды?
11. Гимназияда нені оқытты?
12. Ежелгі Спартадағы білім беру сипатын ашып беріңдер.
13. «Академия» ұғымының мазмұнын анықтаңдар?
14. Мектепте балаларды кім және неге оқытты?
15. Медресе деген не және ол кімдерді дайындайды?
16. Медресенің негізгі екі түрінің мазмұнын ашып көрсетіңдер.
17. Жексенбілік мектептердің пайда болу себептерін атаңдар?
18. Жексенбілік мектептердің сипатты белгілерін атап беріңдер?
19. Жексенбілік мектептерді қаржыландыру көзі неде?

§ 47–49. ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

А. Жоғары білім берудің пайда болуы және дамуы

Университет және оның құрылымы. Орта ғасырларда жоғары білім берудің өзегі болған білім беру мекемелері – университеттер пайда болды. Университеттердің ғибадатханадан басты айырмашылығы ғылымды оқыту (философия, логика, математика) болды.

Есте сақтаңдар

Университет (лат. Universitas – жиынтық, қауымдастық) – жоғарғы оқу орны, онда 1) іргелі және қосалқы ғылымдар бойынша мамандар дайындайды, 2) ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Университет басшысы ректор болып табылады (лат. – Rector – басқарушы). Ол университет жұмысын басқарып, үйлестіріп отырады.

Университеттер өз құрамында ғылыми білімнің негізін құрайтын өртүрлі пәндердің жиынтығы болатын бірнеше факультеттерді біріктіріп отырады.

Факультет (лат. – *facultas* – қабілеттілік, мүмкіншілік) – университеттің негізгі өкімшілік және құрылымдық бірлігінің бірі. Факультеттер бір-бірінен бағыттық пәндердің өзгешелігімен ерекшеленеді. Өрбір факультет бірнеше бөлімдерді біріктіреді және келесі салаларда олардың жұмысын үйлестіріп отырады: 1) ғылыми – өртүрлі пәндерді оқу; 2) қандай да бір материалды зерттеушілік-тәжірибелік оқып-үйрену; 3) оқыту – студенттерге, жоғары оқу орнында оқушыларға пәндерді, сабақтарды оқыту (лат. *studens* – ынтамен жұмыс істеуші, оқушы); 4) тәрбиелік – оқыту арқылы студенттердің бойына өртүрлі қасиеттерді сіңіру.

Факультет жетекшісі – декан (лат. *Decanus* – онбасы – ежелгі рим әскерінде 10 жауынгердің басшысы). Ол факультеттің оқу-өкімшілік жұмысын басқаратын – деканат. Өрбір факультетте: бір немесе бір-біріне жақын бірнеше мамандыққа дайындалуға; білім деңгейін және өзінің кәсіби машығын жоғарылатуға; факультет құрамына кіретін кафедралардың ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуға студенттерге мүмкіншілік беріледі.

Кафедра (грек. *Kathedra* – орындық) – жоғары оқу орнындағы профессорлық-оқытушылық құрамы және бір немесе бірнеше тығыз байланысқан ғылыми пәндер ғылыми қызметкерлерінің бірлестігі.

Алғашқы университеттер. Б.з.б.VII–V ғасырлардағы жұмыс істеген әлемдегі ең ежелгі университет – Александрия университеті болып саналады. Археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған бір мезгілде 5 мың студентке дейін сыятын, бірдей көлемдегі және амфитеатр сияқты бір-бірінің үстінен орналасқан бірнеше жартылай дөңгелек қатарлы орындықтары бар университеттің 13 дәрістік аудиториялары дәлел болады.

855 жылы Константинопольде белгілі ғалымдар жиналған арнайы «грек ғылымы мен мәдениеті орталығы» Магнавр жоғары мектебі (Константинополь университеті) негізі қаланды. Онда грамматика, риторика, философия, арифметика, геометрия, музыка, астрономия және медицина сабақтары жүргізілді.

Бүгінгі сабақта:

- жоғары оқу орындарының пайда болу тарихын, олардың ортақ даму тенденцияларын анықтай отырып зерттейміз;
- ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін талдаймыз;
- тарихи даму контекстінде жоғары білім беру жүйесінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды анықтаймыз.

Кілт сөздер:

жоғары білім, ғылым, университет, ректор, факультет, деканат, кафедра, студент, куратор, директор, университет үлгілері



Ортағасырлық университет (миниатюра 1350 жж.)

Қазір жұмыс істеп тұрған университеттердің ең бұрынғы, ескісі – *Каруайн* университеті – 859 жылы Фес қаласында (Марокко) салынды. Ол мұсылман әлемінің рухани және білім беру орталықтарының бірі болды.

Ортағасырлық Еуропада университеттердің пайда болуы білімді әкімшілер, заңгерлер, медицина қызметкерлері, дін қызметшісі болуы қажеттілігі туындап отырған тұрғындар саны өсіп келе жатқан қалалардың дамуымен байланысты. Қоғамның осы сұранысына жауап ретінде білім берудің жаңа түрі – университеттің құрылуы болды.


Алғашында университеттер шіркеу мектептері негізінде құрылып, діни білім беру жүйесіне кірді. Олардың міндетіне философия, діни қызмет, құқық және медицина саласының мамандарын дайындау кірді, сондай-ақ ғылыми еңбектерді оқып-үйрену, қоғамда білім деңгейін көтеру және студенттерді өз бетімен ойланып зерттеу жүргізуге үйрету болды.

Еуропада алғашқы университеттер IX ғасырда Италияда *Салерно қаласында* және XI ғасырда *Болоньяда* пайда болды. Болонья университеті алғашында рим құқығы негізінде заңнамалық ережелер қарастырылған мектеп ретінде болды. XII–XIII ғасырларда Англияда (Оксфорд және Кембридж), Францияда (Париж) университеттері пайда болды. Жаңа университеттердің пайда болуы профессорлардың жаңа оқу орнын ашумен байланысты болды. Париж университеті солтүстіктің, Болонья университеті – Еуропаның оңтүстігіндегі басқа университеттердің ашылуының бастауы болды.

XIV–XV ғасырларда Италияда, Чехияда, Польшада, Германияда, Швейцарияда



Болонья университетінің мөрі



Бүгінгі Болонья университеті

университеттер ашылды. Университеттер католик шіркеуінің қамқорлығында болып, оларды корольдар мен (Прага және Краков университеттері, Неапольдегі университет) муниципалды билік (Кельн мен Эрфурттегі университеттер) ашты.


Алғашқы университеттер феодал ақсүйектер мен қалалық билікпен шиеленісті күрес нәтижесінде, автономиялы және сайлау арқылы өзін-өзі басқаруға құрылған студенттер мен оқытушылар қауымдастығын құрады. Ортағасырлық қаланың цехтық құрылымын ескере отырып, студенттер мен оқытушылар бір ұйымға бірікті. Профессорлар факультет бойынша бірікті. Студенттер жерлестік бойынша бірікті. Студенттік бірлестіктердің өзінің жарғысын шығарып, өз иерархиясы, өзінің салт-дәстүрлері болды.

Университетте оқыту екі кезеңге бөлінді. Бірінші (3–4 жыл) ол жеті «еркін өнерге» ие болудан тұрды (грамматика, риторика және логика, арифметика, геометрия, музыка және астрономия). Бұдан кейін студент үш факультеттің біреуінде болатын: діни оқу, медицина, заңгерлік, оқудың екінші кезеңіне өте алатын болды. Оқыту, негізінен, профессор түсініктеме беріп отыратын мәтінді оқумен негізделді. Арасында мәтіннің кейбір жерлері талқыланып көпшілік ортасына салынды.

Оксфорд университеті 1167 жылы салынды. XIII ғасырдың орта шенінде Оксфордта көптеген діни орден мүшелері тұрақтады. Университетте діни қызметшілер оқып, кедей болғандықтан көбінесе жергілікті тұрғындардың үйінен бір бөлме жалдап тұрды.



Кембридж университетінің гербі



Оксфорд университеті

Кембридж университеті. 1209 жылы Оксфорд университетінің студенттері мен профессорлық құрамының жергілікті тұрғындармен қақтығысынан кейін кейбір ғалымдар солтүстікке кетіп, сол жылы Кембридж университетін ашты. 1214 жылы университет ережесі қабылданып, соған сәйкес ректор тағайындалды және оқыту бағдарламасы құрылды. 1318 жылы ХХІІ папа Иоанн Кембриджде католик шіркеуінің ресми университеті мәртебесін берді (*stadium generale*). Өз тарихының бір бөлігі ағымында университет, ең алдымен, діни оқу орны болды. Университет кеңесінің мүшелері діни лауазым қабылдауға міндетті болды (1871 жылға дейін).

Сорбонна Париж университеті. 1205 жылы Парижде бірнеше монастырьлық мектептер мен көптеген өз бетімен сабақ беріп жүрген профессорлар университет құрды. Ол: дін ілімі, медицина, заңгерлік және еркін өнер факультеттеріне бөлінді. Сан жағынан ең көп жеті «еркін өнер» (грамматика, риторика, логика, арифметика, геометрия, музыка және астрономия) факультетінің деканы, құрылған университеттің ректоры болып тағайындалды. Ақсүйектер сотына тәуелсіз және папа билігі жағынан өз құқықтарын бекітіп алған Париж университеті Еуропаның діни ілім орталығы болды. ХІІІ ғасыр ортасында Франция королі ІХ Людовиктің рухани көсемі Робера де Сорбоннаның бастамасымен университет жанынан тұрмысы нашар студенттерді діни ілімге оқытатын колледж ашылды. ХVІ ғасырдың ортасында діни ілім колледжі өзінің негізін қалаушының атына ие болып, Париж университетінің жеке факультетіне айналды, ал ХVІІ ғасырда Сорбонна атауы бүкіл университетке қолданыла бастады.

Қайта өрлеу дәуіріндегі университеттер (ХІV–ХVІ) және Ағартушылық (ХVІІ–ХVІІІ). ХІV–ХV ғасырларда Италия, Чехия, Польша, Германия, Швейцарияда университеттер ашылды.



Кембридж университеті

Университеттер католик шіркеуінің қамқорлығында болып, оларды корольдар мен (Прага және Краков университеттері, Неапольдегі университет) муниципалды билік (Кельн мен Эрфурттегі университеттер) ашты.

Қайта өрлеу дәуірінде университеттер жаңа идеялар ықпалымен студенттерді тек діни ілімге ғана емес, сонымен қатар ақсүйектер өміріне де белсенді дайындады. XV ғасырда кітап басып шығаруды ойлап табу университеттерде ғылыми журналдардың таралуына ықпал етті. XVI ғасырға қарай университеттер қызметінде ғылым жоғары орын ала бастады. XVII ғасырда Сорбоннаның қамқоршысы мен жетекшісі кардинал Ришелье болды. 1630 жылы оның бұйрығы бойынша Сорбонна ғимаратының жаңа құрылысы басталды. Жаңа дәуірдегі Франция университеттерінің бәрі Париж университетінің үлгісі бойынша ұйымдастырыла бастады.

XVIII ғасырға қарай университеттер жеке ғылыми журналдарын шығара бастады.

Гарвард университеті – АҚШ-тағы бірінші университет. 1636 жылы Массачусетс колониясының Жоғарғы Сот мүшелерінің шешімі бойынша «Жаңа колледжден» есіп шықты. Ол кезде оқу орны тоғыз студент пен бір оқытушыдан тұрды. Үш жыл өткен соң колледжге оның қамқоршысы – ағылшын министрі, өнер бакалавры, өзінің кітапханасын (400 т.) және дүние-мүлкінің жартысын оқу орнының қорына мұраға қалдырған Джон Гарвардтың есімі берілді¹.

1643 жылы ағылшын ақсүйегі Энн Рэдклифф ғылыми зерттеулерге қолдау көрсету үшін алғашқы қор құрды. Колледж оқытушылар мен студенттерді тез баурап алып, қарқынды дамыды. Гарвард университеті

¹Бүгінгі күні Гарвард кітапханасы – 19 млн томға жуық қоры бар әлемдегі ең ірі ғылыми кітапхана.



Джон Гарвард ескерткіші

өзінің жеке жарғысын жасап шығарып, 1650 жылы бекітті.

Университет ресми түрде шіркеумен байланысты болмаса да, алғашында онда діни қызметшілер оқыды. Зайырлы білім беруге бұрылыс университет басшысы орнына Джон Леверетт ие болған кезде 1708 жылы жасалды. Оның алдындағылар сияқты ол дін қызметшісі болған жоқ, классикалық зайырлы білім алды. Нәтижесінде XVIII ғасыр Гарвард университетіндегі пәндерді оқытуда ағартушылық, өнертапқыштық және еркін ойлау идеясы басымдық алды.

Императорлық Мәскеу университеті.

Университет құру Мемлекет қайраткері И.И. Шувалов пен аса көрнекті ғалым М.В. Ломоносовтың ұсынысы болды. 1755 жылы 12(23) қаңтарда патшайым Елизавета Петровна Мәскеу университетін құру туралы жобаны бекітті. Университет құру туралы атаулы жарлыққа патшайым 1755 жылы 24 қаңтарда (4 ақпан) қол қойды. Университеттің ашылуы 1755 жылы өтті. Университеттегі алғашқы дәрістер 1755 жылы 26 сәуірде (7 мамыр) оқылды.

Университет тікелей Сенатқа бағынды. Университет басшысы оқытушыларды тағайындап, дәріс тақырыбын бекітіп отыратын куратор болды. Ең алғашқы куратор И.И. Шувалов болатын.

Университетті тікелей басқаруды бөгде шенеуніктер тағайындаған директор жүзеге асырды. Ол университет кірістеріне ие болып, оның жағдайын жақсартуға, университеттегі профессорлармен бірігіп ғылымды ұйымдастыруға, басқа жерлермен хат-хабар алып тұруға жауапты болды.

Директордың шешімдерін куратор бекітіп отырды. Директордың жанындағы кеңесші орган профессорлар Конференциясы университеттің үш профессоры мен үш ассессордан тұрды. Университеттің бірінші директоры А.М. Аргамаков болды.



В. Гумбольдт

Университет профессорлары оқытушылық қызметте жүрген шенеуніктер болып, университеттегі куратор мен директордың санкциясынан басқа ешқандай сотқа жүгінбеді.

XVIII ғасыр университет құрамында үш факультет: философия, медицина және құқық жұмыс істеді.

Университет баспасөзінің негізін 1780 жылдары орыс ағартушысы Н.И. Новиков қалады. Университет жанынан Ресей империясының аса кең таралған «Московские ведомости» газеті шығып тұрды. Осы кезде университет жанында ғылыми

қоғамдар құрыла бастады. 1791 жылы университет ғылыми дәреже беру құқығына ие болды.

XIX–XX ғасырларда университеттердің дамуы. XIX ғасыр ағымында университеттердегі діннің рөлі едәуір төмендеді. Діни білім беру курстары университет бағдарламасынан шығарылып тасталды. Жаңа университеттер шіркеулерге тәуелсіз болды. Осылайша Францияда Наполеонның зайырлы Университет құруы жоғары білімді католик шіркеуінен бөліп алды. Кейіннен француз шіркеуі жоғары мектептен біржолата бөлінді. Ұлыбританияда діни шектеулер 1854 жылы Оксфордта және Кембриджде жойылды. Кейін ағылшын университеттеріндегі діннің рөлі жоққа тән болды.

Назар аударыңдар

Университеттер ғылыми зерттеулерге ден қойды. XIX ғасырда университеттің негізгі екі: неміс және француз үлгісі бекітілді.

Немістік үлгі В. Гумбольдт пен Ф. Шлейермахер идеясына негізделді. Соңғысы профессор студенттерге жаңа білімнің «пайда болу актісі» көрсетуі тиіс деп есептеді. Гумбольдтың негізгі мақсаты жаңа білім алу үрдісін көрсетуде және студенттерді «өзінің ойлау үрдісінде ғылымның іргелі заңдарын назарға алуы керектігін» үйрету болды. Оқыту негізінде семинарлар мен зертханалық жұмыс түрінде өтті. Гумбольдтың пікірі бойынша университет білімінің назарында студенттердің тікелей ғылыми зерттеулерге қатысуы қажет: «Университет оқытушысы мұғалім емес, ал студент – оқушы емес. Мұның орнына студент өз бетімен зерттеу жүргізеді, ал профессор оған жетекшілік етіп, оның жұмысына қолдау көрсетеді».

Гумбольдт тұжырымдамасының ажырамас бөлшегі әрекет еркіндігі және профессорлар арасындағы еркін бәсекелестік болды. Профессорлық құрылым мемлекеттік қызметте болса да, профессорлар университетті еркін таңдай алатын. Олардың атақ-абыройы, кезегінше жұмыс орнын табуы қандай да бір ғылыми пән бойынша мамандануы мен зерттеушілік деңгейіне байланысты болды.

Француз университеттерінде мұндай еркіндік болған жоқ, онда қатаң тәртіп орнады; өкімшілік қызметінің барлық жағын сабақ кестесінен және бағдарламасынан бастап дәреже берілуіне, қаншалықты маңызды әрбір мәселеге ресми көзқарасын бекітуге дейін бақылап отырды. Оқытушының абыройы оның жекебасының қызметіне емес, оның бітірген оқу орнының беделіне байланысты болды.

Ғылыммен айналысуға жақсырақ бейімделген университеттің немістік үлгісі француздікіне қарағанда кеңінен таралды. Осылайша британ университеттері неміс үлгісін қабылдады, оның үстіне, мемлекет оларға дербестік берді. Ресей университеттерінде Германиядан

шақырылған көптеген профессорлар жұмыс істеді, бірақ олардың басты міндеті бюрократтық аппаратқа қызмет ететіндерді дайындау болды және жалпы күн тәртібі француз үлгісіне ұқсас болды.

Есте сақтаңдар

XIX–XX ғасырларда университетте білім беруде алдыңғы қатарға ғылым шықты.

Профессорлар дәріс берушілерден зерттеушілерге айналды, ғылыми-зерттеу жұмыстары олардың қызметінің ажырамас бөлшегіне айналды. Студенттер қажетті білім алу үшін толықтай жауапкершілікті өз мойнына алды. Профессорлар курс соңында емтихан қойылса, олардың сабаққа қатысуын бақыламады; студенттер қандай курс тыңдау қажет екенін өздері таңдады.

Жоғары білім тұрғындардың көпшілігіне қол жетімді болды. Әйелдер үшін XIX ғасыр ортасында ағылшын университеттеріне оқуға жол ашылды. Бұл кезде оның құрылымы және жоғары білімнің идеялық мазмұны заманға сай түрге ие болды.

XIX ғасыр Гарвард университетінде шіркеу мен оқу процесіне шіркеудің ықпалы төмендеді. Білім алуда алдыңғы қатарға адами құндылық, оның құқығы және қабілеттілігі сияқты құндылықтар шықты; студенттік өзін-өзі басқару енгізілді.

XX ғасыр Гарвард университеті тарихындағы күрт өзгерісті кезең болды. Онда жұмыс істеуге әлемге аты әйгілі профессорлар мен оқытушылар шақырылды. Студенттер саны үнемі өсіп отырды, көптеген факультеттерде магистратура ашылды. Гарвард университеті 1900 жылы Америка университетінің Ассоциациясының ашылуына ықпал етті. 50-жылдардың ортасында ғалымдар мен студенттерді тарту үшін ғылыми зерттеушілік қызмет пен институттардың дамуына ықпал еткен өртүрлі стипендиялық бағдарламалар жасала бастады. Осы кезеңде орта таптан шыққандар үшін, басқа нәсілділер, этностар, басқа дін өкілдері үшін Гарвардтың есігі ашылды. Оқуға католиктер, еврейлер, афроамерикандықтар, азиялықтар, латынамерикандықтар жіберілді. Университет құрамына 12 колледж және факультеттер кірді.

Қазіргі кезде Оксфордта 20 мыңнан аса студент оқиды, олардың ширегіне жуығы – шетелдіктер. Студенттерді оқытудың басты бағыттары – гуманитарлық, математикалық, физикалық, әлеуметтік ғылымдар, медицина, өмір және қоршаған орта туралы ғылым.

Оксфорд оқытуда компьютерлік жүйесін пайдаланады – әрбір студентке таңдаған мамандығы бойынша жеке дара қамқоршы бекітіледі.

Оксфорд – тек университет қана емес, сонымен қатар ірі ғылыми-зерттеу орталығы, Оксфордта жүзден аса кітапханалар (Англиядағы

ең кең ауқымды университеттік кітапхана) мен мұражайлар, өз баспаханасы бар.

Қазіргі кезде көптеген университеттер ғылыми-тәжірибелік оқу кешендері ретінде жұмыс істеп отыр.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Университеттердің ашылу себептерін атап, олардың құрылымын ашып беріңдер.
2. Университеттер дамуының кезеңдерін бөліп көрсетіңдер және оның мазмұнын сипаттаңдар.
3. Әлемнің жетекші университеттерінің қазіргі кездегі дамуы туралы хабарлама дайындаңдар.

Ә. Жоғары білім берудің қазіргі заманғы үлгілері

Назар аударыңдар

Қазіргі заманғы университеттік білім беру бастауында екі қарама-қарсы ой-пікір жатыр: біреуі білім алу және білімді тарату; екіншісі – іс жүзінде жоғары сыныпты дайындықтан өту.

Бұл тенденциялар ХХ ғасырдағы университеттік білім берудің негізгі үлгілеріне бастау болды: либералдық үлгі және утилитарлы білім беру.

Либералдық үлгіні жақтаушылар білім тұтастай қоғамның емес, жекетұлғаның қажеттіліктеріне бағытталуы қажет деп есептейді. Утилитарлықтар білімнің қоғам үшін жалпы пайдасын атап көрсетеді: олардың көзқарасы бойынша білім беру жүйесі өмірге қажетті әлеуметтік мәселелерді шешуі тиіс.

Бірінші жағдайда білім берудің мақсаты – шындықты іздеу, екіншісінде – прагматикалық «прогрессивті» дайындықтан өту. ХХ ғасырдың екінші жартысында орталығы АҚШ болған үшінші университеттік үлгі қалыптасты. Бұл коммерциялық корпорациялардан аз-кем айырмашылығы бар кәсіби бағытталған коммерциялық университет үлгісі. Мұндай университет нарықтық зерттеулер мен тиімді менеджментке байланысты «сыртқы долларлар» үшін оқытушылардың бәсекелестігіне ие болуы керек.

Назар аударыңдар

Бүгінгі күні университеттің жаңа тұжырымдамасы – «University of excellence» туралы айтылды. Мұндай «артықшылығы басым, жетілдірілген, жоғары сапалы университет» бизнес-корпорацияға айналып, ұлттық мәдениеттің ұдайы өсуі және шоғырлану орны болуын тоқтатады.

Соңғы 20–25 жылда АҚШ, Канада, Австралия, Батыс Еуропадағы жоғары білімді реформалаудың негізгі бағыттары:

– бүкіл ЖОО нарықтық жағдайын соңынан ілестіретін тиімді академиялық менеджменттік енгізу;

– менеджерлік қызмет терминіндегі профессорлық-оқытушылық құрамының қызметін сипаттау (гранттарды тарту, дәйексөз индексі, PR-жобалар мен жарнамалау қызметіне қатысу, кең танымалдылық, БАҚ пен жұмыс істеу);

– инновациялық, ЖОО қаржыландырудың мемлекеттік емес көзін табуға қабілеттілігін білдіретін оқу процесіне жаңалықтар енгізуге байланысты.

XX ғасырдың соңында жоғары білім беру дамуында тағы бір тенденция көрінді, бұл ұлттық шеңберден шығуға ұмтылу болды. Бұл беталыс Болонья процесінен, жоғары білімнің біртұтас еуропалық кеңістігін құру мақсатында Еуропа елдерінің жоғары білім жүйесінің жақындасуы мен үйлесімінен көрініс тапты.

Бұл үрдістің басталуының ресми белгіленген күні 29 ел білім берудің еуропалық кеңістігінің бәсекеге қабілеттілігін көтеру міндеттемесін алуға дайын екенін білдірген, сонымен бірге барлық жоғары оқу орындарының тәуелсіздігін және дербестігін сақтап қалу қажеттігі айтылған, Болонья декларациясына қол қойылған, 1999 жылдың 19 маусымы деп қабылданды. Декларациясының барлық ережелері келісімнің ерікті үрдісі шаралары ретінде қалыптасты. Декларацияда: «Қандай да бір өркениеттің өмір сүруге қабілеттілігі мен тиімділігі оның мәдениеті басқа елдер үшін бар болған тартымдылығымен ерекшеленген. Біз жоғары білім берудің еуропалық жүйесі біздің мәдени және ғылыми дәстүрлеріміздің ерекшелігіне сәйкес келетін бүкіләлемдік тартылыс деңгейіне ие болатынына сенімді болуымыз керек» делінген.

Болонья процесінің негізгі мақсаты: жоғары білімнің қол жетімділігін, еуропалық жоғары білімнің тартымдылығы мен сапасын одан әрі арттыру, студенттер мен оқытушылардың бейімділігін кеңейту, сондай-ақ ЖОО түлектерін барлық академиялық дәрежелері мен басқа да машықтары еңбек нарығына бағытталуы тиіс болуы есебінен жұмысқа табысты орналасуын қамтамасыз ету.

Бүгінгі күні Болонья процесіне 48 қатысушы-ел кіреді. 2001 жылы Будапештте Қазақстанның Болонья декларациясына қосылуы туралы шешім қабылданды. Қазақстан еуропалық білім беру кеңістігінің толыққанды мүшесі деп танылған алғашқы орталық азиялық мемлекет болды.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Қазіргі заманғы жоғары білім дамуының негізгі үрдісінің мазмұнын атап, ашып көрсетіңдер.
2. Қазіргі заманғы жоғары білімнің үлгілерін атап, сипаттап беріңдер.
3. Болонья процесі туралы айтыңдар.
4. «Болонья процесі Қазақстан Республикасында» атты хабарлама дайындаңдар.



§ 50–51. ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕРІ

Ғылыми-техникалық прогресс (ҒТП) – бұл материалдық өндіріс мұқтаждықтары мен қоғам қажеттіліктерінің өсуіне негізделген ғылым мен техниканың өзара байланысты, прогресті дамуы. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бас кезінде бұл процесс туралы ірі машиналы өндірістің ғылыммен және техникамен өзара байланысының нығаюы деп айтыла бастады. Өз кезегінде бұл өзара байланыс ҒТП-тің *техникалық және әлеуметтік қарама-қайшылықтарын* туындатты. Техникалық прогрестің жылдамдатылған қарқындары өндіріс объектілерінің *үздіксіз* жетілдірілуін немесе тіпті шығарылатын өнімді *алмастыруды* талап етеді. Нәтижесінде *ҒТП-тің*: өндіріс объектілерінің қызмет ету мен жарамдылық мерзімінің арасындағы *техникалық қарама-қайшылығы* пайда болады.

ҒТП-тің әлеуметтік қарама-қайшылығы адам факторымен байланысты: бір жағынан, техникалық жаңалықтар еңбек жағдайларын жеңілдетеді, екінші жағынан, – бірсарындылықты, біркелкілікті туындатады, өйткені автоматтандырылған процестерге, конвейерлік өндіріске негізделеді. ҒТП-тің екі нысаны бар:

эволюциялық – өндірістің дәстүрлі ғылыми-техникалық негіздерінің баяу жетілдірілуі;

революциялық – өндірістің неғұрлым жоғары тиімділігін, ірі көлемдері мен жеделдетілген қарқындарын қамтамасыз етеді; ғылыми-техникалық революцияда жүзеге асырылады.

ҒТП-тің дамуы – ҒТП-тің тірегіне айналатын жаңа теориялар мен ғылыми бағыттардың негізін салуға, жаңа идеялар ұсынып, негіздей алуға қабілетті ғалымдарға сұраныс артты. Ғылым мен ғылыми қызмет

Бүгінгі сабақта:

- ғылыми-техникалық прогресс түсінігін талқылаймыз;
- әртүрлі елдердегі өнеркәсіптік революцияның ерекшеліктерін айқындаймыз;
- ғылыми-техникалық революцияның заманауи өркениетті дамытудағы рөлін ашамыз.

Кілт сөздер:

ғылыми-техникалық прогресс, өнеркәсіптік революция, ғылыми-техникалық революция

көрсетумен қамтылғандар санының және олардың қызметкерлердің жалпы санындағы үлесінің өсуі ҒТП-тің заманауи кезеңнің іргетасына айналуы тиіс.

А. Өнеркәсіптік революция

Есте сақтаңдар

Өнеркәсіптік революция (өнеркәсіптік төңкеріс) – қол еңбегінің машиналық еңбекке, мануфактурадан фабрикаға, аграрлық экономикадан машиналық өндірісі басым болатын индустриялық қоғамға өту процесі.

Назар аударыңдар

Өнеркәсіптік революцияның сипатты белгісі ірі өндіргіш күштердің машиналы өнеркәсіп негізінде қарқынды өсуі болып табылады. Революция машина жасаудың (машиналарды машиналар жасайды) пайда болуымен аяқталған болып есептеледі.

Өнеркәсіптік революция машиналардың жаппай қолданыла бастауымен ғана емес, сондай-ақ қоғамның бүкіл құрылымының өзгеруімен де байланысты. Ол еңбек өнімділігінің шұғыл артуымен, жылдам экономикалық өсуімен және қалалануымен, халықтың тұрмыстық деңгейінің көтерілуімен қатар жүреді.

Өнеркәсіптік төңкеріс XVIII ғасырдың екінші жартысында Англияда басталды, және бұдан кейінгі бірнеше онжылдықтың ішінде оның дүниежүзілік өнеркәсіптік өндірістегі үлесі 10 еседен астамға артты. Англиядағы өнеркәсіптік революцияның табысына XVIII ғасырдың соңындағы мынадай өнертабыстар негіз қалады:

– *тоқыма өнеркәсібінде* – Аркрайт, Харгривс пен Кромптонның иіру машиналарында мақтадан жіптер иіру. Кейіннен осыған ұқсас технологиялар жүннен және зығырдан жіп иіру үшін қолданылды;

– *буқозғалтқышы* Джеймс Уатт ойлап тапқан және оны өзі 1775 жылы патенттеген бу машинасы;

– *металлургияда* қара металлургияда таскөмір коксы ағаш көмірін алмастырды.

Англиядан басқа елдер де үлгі алды. Олар үшін бастау алар жағдайлар неғұрлым қолайлы болды: мемлекет экономиканы қайта құру қажеттігін ұғынды және оған белсенді түрде жағдай жасады; неғұрлым дамыған елдерден жаңа технологиялар, кадрлар мен капиталдар импорттау мүмкіндігі пайда болды; қандай салаларды, қандай кезектілікпен дамыту керектігі айқындалды. Бірінші кезекте өнеркәсіптік революция Англиядағы сияқты барлық қалған дүниемен салыстырғанда, еңбектің неғұрлым жоғары қарқындылығы оның негізіне айналған елдерде дамыды.

Йлон Рив Маск — американдық инженер, кәсіпкер, өнертапқыш және инвестор; миллиардер. PayPal компаниясының (клиенттерге арналған есеп айырысу және сатып алу, ақша аудару және қабылдауға арналған аса ірі электронды төлем жүйесінің негізін қалаушылардың бірі); Space X компаниясының (ғарышты зерттеуге арналған арнайы техникалар өндіретін, америкалық компания,) негізін қалаушы, иесі, Бас директоры және бас инженері, Tesla компаниясының (электромобиль өндіруші, америкалық компания); Бас директоры және бас идеяшысы (Chief Product Architect)



Өртүрлі елдердегі өнеркәсіптік революцияның барысында көптеген ортақ белгілер болды. Әдетте, оның алдында халықтың елеулі өсуі, ақшаның аграрлық секторға ағылып келуі мен оның түбегейлі қайта құрылуы болып өтті, капиталдар мен энергия көздерін іздестіру проблемасы шешілді. Барлық жерде өнеркәсіптің дамуы жаңа қатынас жолдарының, оның ішінде, *теміржолдардың* құрылысымен қатар жүрді. Олар 1820–1830 жылдары Францияда, Бельгияда, Германия, АҚШ, қос Сицилия корольдығында және Ресей империясында пайда болды. Көптеген елдерде қара жолдар салынды, буқозғалтқышымен жүретін кемелер пайда болды.

Англияның үлгісін бірінші болып Бельгия алды, бұл оны дүниежүзіндегі аса ірі индустриялық державалардың біріне айналдырды; Бельгия XIX ғасырдың соңғы ширегіне дейін дүниежүзілік көшбасшылар тобына енді. XIX ғасырдың бас кезінде өнеркәсіптік революция АҚШ-қа, 1830–1860 жылдары Францияға келді, бұл жерде ол тоқыма және металлургиялық өнеркәсіпке сүйенумен дамыды, ал мемлекет болса, көліктік инфрақұрылым жасауға елеулі үлес қосты.

Бұл түсінікті бірінші болып 1830 жылдары француз экономисі Адольф Бланки пайдалана бастады.

XIX ғасырдың ортасында өнеркәсіптік революцияға герман мемлекеттері кірісті және де ғасырдың соңына қарай біріккен Германия көшбасшылардың қатарынан орын алды.

Бұл елдерде жасалынған өнертабыстар бүкіл дүниежүзіне жылдам белгілі болды. 1807 жылы Р. Фултон бірінші дөңгелекті кемеңі жасады, 1829 жылы Б.Тимонье тігін машинасын жасаса, 1839 жылы Л. Даггер фотоаппаратты ойлап тапты. С. Морзенің өнертабысы 1844 жылы АҚШ-та оның әліппесін пайдаланған бірінші телеграф желісін салуға мүмкіндік берді. Д. Хатон ыдыс жуатын машинаны (1850), Д. Кинг кіржуғыш машинаны (1851) ойлап тапты, А. Фик сәтті шыққан алғашқы жанаспалы линзаларды дайындады (1888).

Өртүрлі елдердегі өнеркәсіптік революцияларда өз ерекшеліктері болды. Бельгияда төңкеріс бөрінен бұрын темір кентасы мен көмірге,

тоқыма өндірісінің ежелгі дәстүрлеріне сүйенді. Францияда өнеркәсіптік революция дамуының қарқындары бастапқы шырқаудан кейін 1860 жылдардан бастап ғасырдың соңына дейін төмендеді. Германия табиғи ресурстарға бай болды, капиталдарға және көптеген білікті кадрларды жылдам дайындауға және өнеркәсіптің жаңа: электртехникалық және химиялық салаларында үстемдікке қол жеткізуге мүмкіндік берген білім беру жүйесіне иелік етті. АҚШ-та өнеркәсіптік революция мұхиттың ар жағынан әкелінген технологиялар мен капиталдарға сүйенумен етті және алғашында ел аумағының біраз бөлігін – солтүстік-шығысын ғана қамтыды.

Дамуы кешеуілдеген елдердегі өнеркәсіптік революция алдыңғы қатарлы елдерде болып өткен революцияларға қарағанда, қағидаттық айырмашылықтарға ие болды.

Артта қалған елдердегі өнеркәсіптік революция ішкі даму қажеттіліктерінен емес, сырттан жасалатын қысымнан: неғұрлым алдыңғы қатарлы елдерге экономикалық және әскери тойтарыс беру қажеттігінен туындады. Сондықтан артта қалған елдердегі өнеркәсіптік төңкеріс ішкі себептермен емес, мемлекеттің қамқорлық жасауымен өтті, мемлекет өзі неғұрлым қажет деп есептеген техникалық және әлеуметтік инновацияларды мақсатты бағытталған түрде жасады.

Ө. Ғылыми-техникалық революция

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дамыған капиталистік елдердің алдында күйреген экономиканы қалпына келтіру міндеті тұрды. Бұл мәселені шешумен байланысты экономиканы қарқынды дамыту кезеңі басталып, ғылыми-техникалық прогресс жеделдетілді. Ол өндірістің жаңа салаларына еніп, ғылым тікелей өндірістік күшке айналды.

Ғылыми білім жүйесі мен техникадағы түбегейлі қайта құру шаралары, ғылымды қоғамдық өндірісті дамытудың жетекші факторына айналдыру негізінде өндіргіш күштерді қайта құру *ғылыми-техникалық революция* (ҒТР) деп аталды.

Ол ғылыми-техникалық прогресті жеделдетіп, қоғам өмірінің барлық жақтарына ықпал етіп, білім, мәдениет қызметкерлерінің, түрлі мамандық иелерінің ұйымшылдығы мен жауапкершілігіне үлкен талаптар қойды. Оның басты бағыттары мыналар: өндірісті, электрондық есептеуіш машиналарын кеңінен қолдану негізінде бақылау мен басқаруды кешенді автоматтандыру; энергияның жаңа түрлерін ашу және пайдалану; биотехнологияны дамыту; конструкциялық материалдардың жаңа түрлерін жасау және қолдану.

ҒТР-дің алғашқы толқыны 40—50-жылдардың соңына сәйкес келді. Электрондық технология дами бастады, ол өндірістің сипатын принципті түрде өзгертіп, еңбек өнімділігін күрт арттырды. Электрондық технологияның негізі — транзистор 1947 жылы АҚШ-та жасалды, бірақ оны бірінші болып алуан түрлі аппаратурада 1952

жылы жапондар қолданды. 1957 жылы микросхемалары бар, бірақ салмағы ауыр өрі қолдануға ыңғайсыз компьютерлердің алғашқы тобы жасалды. Авиағарыштық, радиотелевизия, техникалық робот және басқа да құралдар жасалып, ғылымда қолдануда, еңбек пен энергияны үнемдеуде көп жаңалықтар ашылды. Ғарыштық дәуірдің басталуы ҒТР-дің нышаны болды. 1957 жылы КСРО-да дүниежүзіндегі тұңғыш жасанды Жер серігі ұшырылды. 1961 жылы ғарышқа алғаш рет адам ұшырылды, ол КСРО азаматы Ю.А.Гагарин болды.

Электрондық технология саласындағы жетістіктер роботтарды, яғни тапсырылған істерді автоматты түрде орындауға қабілетті машиналар жасауға көшуге мүмкіндік туғызды. Биотехнология мен атомдық энергетика дами бастады. Ғылыми-техникалық прогресс ғылымда үлкен жаңалықтар ашуға қолайлы мүмкіндіктер туғызды.

Есте сақтаңдар

Атом энергетикасы, электронды-есептеу техникасы мен зымырандық-ғарыштық техника ҒТР бірінші кезеңінің негізгі техникалық жетістіктеріне айналды.

70-жылдардың екінші жартысында минипроцессорлар пайда болуына байланысты ҒТР-дің жаңа толқыны басталды, ол “ақпараттық немесе телекоммуникациялық революция” деп аталды. Оның нәтижесінде электрондық есептеуіш машиналары кең көлемде пайдаланылды, экономиканы ақпараттандыру мен компьютерлендіру, электрондық роботтарды енгізу, бағдарлама арқылы басқарылатын станоктарды қолдану, ақпаратты жинастырып өңдеу және сақтау орталықтарын құру, интегралдық сызбаларды енгізу ұлғайды. Өнеркәсіпті автоматтандыру деңгейі күрт көтеріліп, тұтас өндіріс-автоматтар пайда болды.

ҒТР-дің қағидаттық жағынан жаңа ақпараттық технологиялардың физикалық негіздерін қалаған екінші кезеңінің тағы да бір бағыты шалаөткізгіш наногетероқұрылымдар физикасы саласындағы зерттеулер болды. Бұл зерттеулерде қол жеткізілген, жоғары жылдамдықтар электроникасының дамуы үшін орасан маңызға ие болған табыстар 2000 жылы физика бойынша Нобель сыйлығымен атап өтілді, оны ресейлік ғалым Ж.И. Алферов пен американдық ғалымдар Г. Кремер мен Д.Килби бөлісті.

Ғылым мен техниканың басқа салаларында да жаңалықтар ашылды, гендік инженерияның практикалық әдістерін белгілеу, жасанды интеллект элементтерін ашу, медицинадағы табыстар ең үздік жетістік болды. Ғылыми жаңалықтар мен оны өнеркәсіпте пайдалану арасындағы алшақтық барған сайын азая бастады.

Автоматтандырумен және роботтандырумен үйлесімде еңбек өнімділігінің елеулі артуы материалдық өндіріс саласынан жұмыс күшінің елеулі бөлгін босатуға мүмкіндік берді. *Жаңа технологиялар*

еңбек сипатын өзгертуге әкелді. Жеке қызметкер бұрынғыдан да оны бақылаушыға және реттеушіге айнала отырып, іс жүзінде өндірістік процестің тікелей қатысушысы болудан қалды.

Есте сақтаңдар

Ғылыми-техникалық жетістіктер негізінде болып өткен өнеркәсіп пен ауылшаруашылығын жаңғырту процесі заманауи экономиканың негізін қалады.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Ғылыми-техникалық прогрестің анықтамасын беріңдер және оның қарама-қайшылықтарын ашып көрсетіңдер.
2. ҒТП нысандарын атаңдар және олардан мысалдар келтіріңдер.
3. Өртүрлі елдердегі өнеркәсіптік революциялардың ортақ белгілерін айқындаңдар.
4. Дүниежүзі елдеріндегі өнеркәсіптік революциялардың ерекшеліктерін атаңдар.
5. ҒТР кезеңдерінің мазмұнын ашыңдар.
2. ҒТР-дің негізгі бағыттарының мазмұнын ашатын презентация дайындаңдар

§ 52–54. ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСС ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

А. Заманауи экономикалық және әлеуметтік процестердегі ҒТП-тің рөлі

ҒТП әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуде маңызды рөл атқарады. Адам оған өндірістегі өз функцияларының елеулі бөлігін берген ЭЕМ-ді жасау мен жаппай таралуы бұл салада орасан ұмтылысты жүзеге асыруға септігін тигізді. Қағидаттық жағынан энергияның жаңа түрлерін ашу мен пайдалану, электрондық аспаптар жасау, биотехнологиялар өндіріс пен басқарудың бүкіл технологиялық базасын қайта құрды. Микропроцессорларды қолдану негізінде білдектер саны мен қызмет көрсететін персоналдың санын көптеген есе қысқартумен қатар жүретін өндірісті кешенді автоматтандыру процесі іске қосылды. Автоматты өндірістік желілер, автоматтандырылған цехтар, СББ (сандық бағдарламалық басқару) бар білдектер, ақпаратты өңдеумен айналысатын орталықтар сияқты еңбек құралдары дамып, қолданыла бастады. Мұнымен бір мезгілде ақпарат жинау мен өңдеуді автоматтандыру процесі басқа да басқару, қаржы салаларына, құрылымдаушылық жұмыстарға және т.б. таралды. Ақпараттық техника өндірісі өнеркәсіптің жеке саласына айналды.

Біздің уақытта жоғары технологиялар өнімі оның өсуін қамтамасыз ете отырып, дамыған елдердің жалпы өнімінде көбірек орынды иеленуде; олардың дамығандығы мемлекеттің заманауи дүниедегі жағдайын анықтайды. Бұл дүниежүзі елдерінің көпшілігі мыналарға орасан күш-жігер жұмсап отырған фактісімен түсіндіріледі:

- ғылыми-техникалық өлеуетті нығайтуға;
 - ғылыми ауқымды технологияларға инвестициялық салымдарды кеңейтуге;
 - халықаралық технологиялық алмасу мен кооперацияға қатысуға;
 - ғылыми-техникалық даму қарқындарын жылдамдатуға.
- Бүгінгі күні экономикалық өсу бөрінен бұрын ғылыми-техникалық прогреспен теңестіріледі.

Назар аударыңдар

FTP-тің әсер етуімен ресурс және еңбек үнемдеуші технологияларға, ғылыми ауқымды өндірістерге көшу негізінде экономиканың құрылымдық қайта құрылуы болып өтті, дүниежүзінің жетекші елдерінде экономикалық қатынастардың жаңа моделі қалыптасты.

Жаңа технологиялар, ғылыми ауқымды өндіріс жаңа техникалық жүйелердің сөзсіз талабы болып табылатын жаңа – неғұрлым мәдениетті және білімді, техникалық жаңалықтарға жылдам бейімделетін, төртібі жоғары, ұжымдық еңбек дағдыларын меңгерген жаңа қызметкерді талап етті. Бұл сұранысқа жауап *адам ресурстарын дамыту мен пайдаланудың жаңа моделі болды*. Еңбекті ұйымдастырудың заманауи моделі қызметкер функцияларын кеңейтуді, өздігінше бағалауды, проблеманың мәніне енуді, ақпаратты шығармашылықпен синтездеуді, технологиялық процеске түзетулер енгізуді жүзеге асыруға қабілетті, яғни оны өндірістік меңгерудің жай субъектісі ғана емес, FTP-дің қозғаушы күші болатын әмбебап-қызметкерге өтуді көздейді.

Біліктілігі жоғары мамандар санының артуы заманауи экономикадағы жинақтаудың басты нысанына, ал адамдар, олардың зияткерлік капиталы – олар үшін күрес шикізат ресурстары үшін күрестің шиеленісуінен кем түспейтін, қиян-кескі бәсекелік күрес жүргізілетін ең бағалы стратегиялық ресурсқа айналуға. Және де егер қандай да бір мемлекет ғылыми зерттеулерге, ғылыми ауқымды технологияларды өзірлеуге және жоғары технологиялық салаларды дамытуға дайын болмаса немесе қаржыландыруға қабілетсіз болса, оның «мүлде артта қалып қою» мүмкін болды.

Бірлескен өндірістік қызмет процесінде адамдар арасындағы қатынастардың сипаты өзгерді. Мысалы, вертикаль байланыстардың, міндеттену мен атқарушылық қатынастардың

Бүгінгі сабақта:

- заманауи экономикалық және әлеуметтік процестердегі FTP рөлін айқындаймыз;
- қазіргі заманның жаһандық проблемаларына анықтама береміз;
- ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі заманның жаһандық проблемаларының пайда болуына тигізетін әсерін қарастырамыз және оның бұл проблемаларды шешудегі рөлін айқындаймыз.

Кілт сөздер:

ғылыми ауқымды (наукаемкие) технологиялар, ақпараттық қоғам, үздіксіз білім беру, жаһандық проблемалар, ядролық қару, экология, демография, азық-түлік, шикізат, энергетика, ғаламшарлық сана.

орнына серіктестік өзара әрекеттесуге негізделген горизонталь байланыстар келді.

«Ұжымның өкімшілікпен ынтымақтастығы», «ұжымның кәсіпорынмен кірігуі» деп аталатын, экономикалық қатынастардың демократиялануы жүріп жатыр. Бұл процестің мәні өміршең еңбекті басқарудың қатаң өкімшілік және тіпті өктемшілік нысандарынан қатардағы қызметкердің өндірісті басқарудағы құқықтарын кеңейтуді көздейтін неғұрлым икемді нысандарына өту болып табылады. Бұл жаңалықтардың нәтижесінде формалды түрде «ақ жаға» болып табылмайтын қызметкерден бұрынырақта

өндірісті ұйымдастырушылар – менеджерлердің ғана ерекше билігі болып есептелетін қабілеттіліктерді иелену мен таныта білу бұрынғыдан да көбірек талап етілетін болып шығады. Бұл менеджмент пен қызметкерлердің арасындағы өзінше бір «шегараның бұзылуы» дәстүрлі иерархияның өзгеруіне; өндірістің барлық қатысушылары арасында жауапкершілікті бөлісуге әкеледі. Нәтижесінде қызметкерлерді өз кәсіпорнының істеріне тарту есебінен «өзгерістерге қарсылықтың жоғалуы» әсері байқалады.

FTP өзіне, сондай-ақ білім берудің барлық жүйесінде кадрлар дайындаудағы революциялық өзгерістерді де қамтиды. Ақпараттық қоғамда заманауи технологиялар базасында жаңа білімнің үздіксіз өндірісі жүріп жатыр, сондықтан білім деңгейі мен қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптар күрт өсе түсті.

Есте сақтаңдар

Бұрын-соңды болмаған ақпарат жаңаруының жылдамдығы білімнің үнемі ескіре беруіне әкелді, бұл **үздіксіз білім алу** ретінде белгілі, жаңа білім беру тұжырымдамасын туындатты.

Бүгінгі күні білім беруді дамытудағы аса маңызды үрдіс білім беру процесін компьютерлендіру, оқытудың заманауи жаңа технологияларын пайдалану болып табылады.

FTP-дің ықпал етуімен қоғамның әлеуметтік құрылымында өзгерістер болып өтті:

- қала халқы санының өсуі жеделдеді;
- қызмет көрсету саласымен қамтылған халықтың үлесі жоғары қарқынмен өсуде: 1950 жылы бұл салада қамтылғандардың саны барлық еңбек ететін халықтың 33% -ын құраса, 1970 жылы ол — енді 44% -ға жетіп, өнеркәсіппен және көлікпен қамтылғандардың үлесінен асып түсті;

– халықшаруашылығындағы құрылымдық өзгерістер негізінде жұмысшы табының салалық құрамы өзгерді: ауыр дене еңбегінің жоғары үлесі бар салалармен қамтылғандар санының қысқаруы мен радиоэлектроникада, ЭЕМ, атом энергетикасы, полимерлер химиясы мен ҒТР барысында пайда болған басқа да салаларда қамтылғандар санының артуы болып өтті.

Бүгінгі күні ғылыми-техникалық бағдарламалар әлеуметтік бағдарламалармен бұрынғыдан да тығыз ұштаса түсуде, бұл еңбекшілер табыстарының өсуінен, жан басына шаққанда тұтынудың (сандық және сапалық) артуынан, еңбек сапасы мен техникалық жарақталуының артуынан көрініс табуда. Өнеркәсіптік жұмысшылардың қоғамдық жағдайы мамандар мен қызметшілер тұрмысының көрсеткіштеріне жақындады. Өмір сүру ұзағырақ және жайлы бола түсті. Тұрмыстық техника микропроцестермен жарақтандырылуда (электрондық коттеждер деп аталатын коттеждер пайда болуда). Интернетті пайдалана отырып, оқуға, қарым-қатынас жасауға, тауарларды сатуға және сатып алуға, ұжымдасып энциклопедиялар жасауға, кітаптар жазуға және т.б. болады. Автоматтандыру және роботтандыру есебінен адам қызметі өндірістен ығыстырылуда, шығармашылық еңбектің үлесі есуде, қоғам жаңа нәрселерді үздіксіз үйренуде, адам бостандығының дәрежесі өсе түсуде.

Ө. Ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі замандағы жаһандық проблемалардың пайда болуына ықпалы және оның бұл проблемаларды шешудегі рөлі

Қазіргі заманның жаһандық проблемалары. Бүгінгі күні ҒТП-тің арқасында адамзаттың алдында алып жасампаздық үшін таңғажайып мүмкіндіктер ашылды:

- атомдық және термоядролық энергиялар, олар көз жетер болашақта энергияның молдығын қамтамасыз ете алады;
- өндірісті автоматтандыру мен ақпараттандыру, адамдар еңбегінің жағдайлары мен сипатының түбегейлі өзгеруі;
- заманауи химияның жетістіктері, олардың арқасында алдын ала берілген қасиеттері бар материалдардың шексіз мөлшерін жасауға болады;
- кибернетикамен ашылған таңғажайып мүмкіндіктер;
- ғарышты бағындыру;
- денсаулық сақтау мен өмір сүруді ұзартудың жаңа құралдарының аса кең кешені;
- органикалық өмір процестеріне (микромолекулалық деңгейде) ықпал етудің жылдам дамып келе жатқан құралдары.

ҒТП ұсынатын жасампаздық мүмкіндіктердің толық емес тізбесі осындай.

Мұнымен бірге, бәрін қамтитын сипатқа ие бола және адамзат өмірінің барлық салаларына ықпал ете отырып, ҒТП орын алған проблемаларды шиеленістірді және жаңа проблемалар туындатты. XX ғасырдың екінші жартысында адамзат өзінің өмір сүруіне төнген қатермен кез болды. Оның алдында олардың шешілуіне бұдан кейінгі әлеуметтік прогресс пен дүниежүзілік өркениеттің тағдыры байланысты болатын проблемалар бой көтерді. Бұл проблемалар *жаһандық* (жалпы дүниежүзілік) проблемалар атауына ие болды. *Қандай да бір проблеманы жаһандық проблемалар санатына жатқызудың негізгі өлшемшарттары ретінде* бүкіл адамзаттың бұл проблемадан туындаған қолайсыз факторларға тәуелділігінің жоғары дәрежесін, сондай-ақ оны шешу үшін халықтар мен үкіметтердің ұжымдық күш-жігерлерінің қажеттігін есептеу қабылданған.

Есте сақтаңдар

Жаһандық проблемалар дегеніміз — бүкіл адамзаттың өмірлік мүдделеріне қатысты және оны шешу үшін дүниежүзілік қоғамдастық көлемінде іс-қимылдар жасауды талап ететін проблемалар.

Жаһандық проблемалардың пайда болуы ҒТП-тен бөлек, оны терең экономикалық байланыстар, күшейіп келе жатқан саяси және мәдени қарым-қатынастар, бұқаралық коммуникацияның ең жаңа құралдары қамтамасыз ететін заманауи дүниенің біртұтастығынан, адамдардың пайда болған бүкілдүниежүзілік қауымдастығынан да туындайды.

Есте сақтаңдар

Жаһандық проблемаларға: дүниежүзілік ядролық соғысты болдырмау мен бейбітшілікті сақтау, экологиялық дағдарыс пен оның салдарларын жою, ғаламшардағы демографиялық жағдайды тұрақтандыру, дамушы елдердің экономикалық арттақалушылығын, халықаралық терроризмді жою жатқызылады. Сондай-ақ жаһандық проблемалар қатарына азық-түліктік, шикізаттық және энергетикалық проблемалар да кіреді.

Назар аударыңдар

Қазіргі заманның жаһандық проблемаларының пайда болуы мен шиеленісуі себептерінің бірі бола тұрып, ҒТП-тің өзі бұл проблемаларды шешудің техникалық-технологиялық базасын қамтамасыз ететін негізге айналады. Алайда жаһандық проблемаларды шешу үшін ҒТП-тің шынайы маңызы *бүкіл адамзаттың бірлескен күш-жігері* жағдайында ғана мүмкін болады.

Ядролық (атом) қаруды қолданумен дүниежүзілік соғыс қатері. Ғылым мен техниканың базасында және оның тікелей қатысуымен *жаппай қырып-жою қаруын (ЖҚК)*¹ жасау адамзаттың өзінің өмір

¹Жаппай қырып-жою қаруы атомдық, бактериологиялық және химиялық қаруды қамтиды.

сүруіне төнген тұрақты елеулі қатерге айналды, өйткені оның өзін-өзі жойып жіберу мүмкіндігі пайда болды. ЖҚҚ-ның жинақталуы мен жетілдіру, оның ғаламшарда еркін, бақыланбайтын таралуы бүкіл адамзат үшін апаттың нақты қатерін туындатты. Қырғиқабақ соғыс жылдары Жерде ядролық қуаты бар қарудың адамзат пен бүкіл тірі табиғатты бірнеше рет жойып жіберуге қабілетті мөлшері жинақталды. "Қырғиқабақ соғыс" аяқталғаннан кейін FTR-дің соңғы жетістіктерін пайдалануға негізделген қару-жарақтардың жаңа түрлерін өзірлеу мен жасау тоқтатылған жоқ, ядролық соғыс қатері жойылған жоқ. Керісінше ол неғұрлым нақтырақ бола түсті. Бес ядролық державаға (АҚШ, КСРО, Ұлыбритания, Франция, Қытай) жаңалары: Үндістан, Пәкістан, КХДР қосылды. Барлық сарапшылардың пікірі бойынша, Израиль өзі өзірлеген, ядролық жарылғыш қаруға ие болған. Ядролық қаруды жасау бойынша жұмыстар бірқатар елдерде жүргізілуде, олар оны аймақтық қақтығыстарда пайдалануы мүмкін. Ресми түрде тыйым салынған химиялық және бактериологиялық қару да орын алуы мен жетілдірілуін жалғастыруда, бұл адамзаттың жалпы қауіпсіздігін бұрынғыдан да төмендете түседі (9-кесте).

Дүние жүзіндегі ядролық қару ресурстары, 2018 ж.

9-кесте

Оқтұмсықтар (белсенді және резервтегі) саны	
АҚШ	≈6800
Ресей	≈7000
Ұлыбритания	215
Франция	300
Қытай	240-тан 10 000-ға дейін
Израиль	80
Үндістан	≈110
Пәкістан	≈120
КХДР	≈35

Назар аударыңдар

Бұл проблеманың шешілуі бірінші кезекте, жаппай қырып-жою қаруын иеленген мемлекеттердің саяси еркін танытуы мен жауапкершілігіне байланысты.

Ядролық қарудың адамзат үшін қатерлі екендігін ұғыну оны тарату мен қолдануды барынша азайту мақсатымен халықаралық сипаттағы бірқатар іс-шаралар өзірлеуге өкелді.

Есте сақтаңдар

Таратпау қағидаты **1970 жылы күшіне енген ядролық қаруды таратпау туралы Шарттың** негізінде алынды.

Бұл қағидаттың негізгі қызметін ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік міндеттердің: бөлінуші материалдарға ие болу; уранды байыту және қарулық плутонийді өзірлеуге арналған реакторлар бойынша зауыттар өзірлеуден, салу мен пайдаланудан; зарядтарды сынау; ғалымдар мен мамандарды кең көлемді дайындаудан; ату жарақтарын жеткізу құралдарын өзірлеу мен жасаудан және т.б. келіп шығатын өзірлеменің еңбек сыйымдылығы мен шығындылығы атқарды. Мұндай жұмыстарды жасыру мүмкін емес. Сондықтан ядролық технологияларды иемденген елдер қару жасауға арналған материалдар мен жабдықтарды, қару құрамдастары мен ядролық қарудың өзін бақылаусыз таратуға тыйым салу туралы келісті.

Таратпау қағидаты шеңберінде: ядролық қаруды атмосферада, ғарыштық кеңістікте және су астында сынауларға тыйым салу туралы шарт, теңіздер мен мұхиттардың түбінде және оның қойнауларында ядролық қару мен жаппай қырып-жою қаруының басқа да түрлерін орналастыруға тыйым салу туралы шарт, Антарктика, Латын Америкасы мен Кариб бассейнінде, Тынық мұхиттың оңтүстік бөлігі, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Африкада ядролық қарусыз аймақтар құру туралы шарттар қабылданды. 2006 жылы 8 қыркүйекте Семейде Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақ туралы шартқа қол қойылды. Оған бес ел: Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан мен Өзбекстан қатысты. Бұл ядролық қарусыз аймақ Солтүстік жартышардағы бірінші аймаққа айналды.

Ядролық қаруды иемденуші мемлекеттер стратегиялық шабуылдаушы қару-жарақты қысқарту мен шектеу іс-шаралары туралы шарттар жасасады.

Экологиялық проблема. ҒТП-тің қарқынды дамуы адамзаттың табиғатқа кері ықпал етуін күшейтті, ғаламшардағы экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына әкелді. ҒТП дамуының заманауи кезеңі «адам-қоғам – табиғат» жүйесіндегі өзара қатынастардың жаңа кезеңімен атап өтілді. Қазіргі уақытта адамның техногенді қызметінің нәтижесінде қоршаған ортаның (табиғаттың) өмір сүру үшін жарамдылығы азая түсуде. Ауызсу мөлшері жылдам азая бастайды. Ауылшаруашылығында минералдық тыңайтқыштарды, улы химикаттарды, гормондар мен антибиотиктерді пайдалану оның өнімдерін денсаулық үшін қауіпті етеді. Ауа мен су құрамындағы зиянды заттарды сіңіре отырып, топырақ жабайы өсетін өсімдіктер үшін жарамсыз бола бастайды.

Жер атмосферасының құрамы қолайсыз өзгерістерге ұшырады. Органикалық отынды (көмір, мұнай, газды) жағу, ормандарды жою мен топырақты өңдеу соңғы ғасырдың ішінде атмосфера құрамындағы

көмірқышқыл газын 15%-ға арттырды, бұл «жылыжай эффектісі» – Жер бетіндегі және атмосферадағы температураның артуына әкеледі. Нәтижесінде климаттың жаһандық жылынуы байқалуда. Мұнымен қатар жер бетіндегі ауаның дүниежүзілік орташа температурасының 2-3°C-қа артуы (қазір ол 0,5°C-қа жетті) Антарктика мен Гренландия мұздарының еруіне әкеледі. Бұл өз кезегінде Дүниежүзілік мұхит деңгейінің көтерілуін туындатады, ол елеулі аумақтарды су басу қатерін төндіреді. Жердегі тіршілік иелерін ультракүлгін сәулелерден қорғайтын озон қабатының бұзылуына әкеледі.

XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың бас кезінде судың, жер мен ауаның ластануы жануарлар мен өсімдіктердің мыңдаған түрлері жойылған және жоғалуын жыл сайын жалғастыратындай көлемдерге ие болды. Су ортасының өндіріс қалдықтарымен ластануы теңіз және өзен флорасы мен фаунасының улануына, ауру таратушы микроағзалардың көбеюіне әкеледі. Атом электрстансыларында мезгіл-мезгіл туындайтын авариялар адамзатқа тікелей қауіп-қатер төндіреді.

Экологиялық проблема ҒТП-тің шапшаң дамуымен қатар жүретін жылдам қалалану (қала халқы санының артуы процесі) есебінен шиеленісуде. Қалалану қоршаған ортаны – атмосфераны, өсімдіктерді, топырақты, рельефті, гидрографиялық желіні, жерасты сулары мен климатты қайта өзгертетін қуатты экологиялық фактор болып табылады. XX ғасырдың соңында Жердің қалаланған аумағының жалпы ауданы 4,7 млн-дай шаршы км-ді құрады. 2070 жылға қарай оның 19 млн. шаршы км-ге – барлық құрлық аумағының 12%-ына және адам өміріне жарамды аумақтың 20%-дан астамына дейін жететіндігі күтілуде. Бұл биосфераның жай-күйін шұғыл нашарлатады.

Қоғам өндіріс пен табиғат қатынастарын реттеудің ақылға сыйымды тәсілдерін табуы тиіс. Бүгінгі күні ҒТП бұл қатынастардың басты реттеушілерінің біріне айналды, оның жетістіктері адамның табиғатқа жағымсыз әсер етуін мынадай жолмен болғызбауға мүмкіндік береді:

- өндірістің тұйықталған, қалдықсыз технологиялық циклдерін, энергия, материал үнемдейтін, қалдығы аз және қалдықсыз технологияларды жасау;
- өлімге әкелетін қалдықтарды сенімді көму;
- табиғи ортаны өнеркәсіптік ластанулардан алдын ала сақтау мен тазартудың тиімді әдістерін өзірлеу.

Назар аударыңдар

ҒТП заманауи технотронды өркениетке табиғат қорғаушылық сипат беруі тиіс. Экологиялық дағдарыстан шығудың бірден-бір перспективасы – адамның өндірістік қызметін, оның саны мен өмір салтын өзгертуде.

Демографиялық проблема. XIX ғасырға дейін Жердегі халық саны баяу өсті және XIX ғасырдың ортасына қарай 1 млрд. адамды

құрады. XIX ғасырдың ортасында ірі машиналы өндіріске көшуге және медицина прогресіне байланысты жағдай өзгере бастады: балалардың өлім-жітімі қысқарды, өмір сүру ұзақтығы өсті. 2019 жылы ғаламшар халқының саны 7,7 млрд адамға жетті. Мұндай жағдай демографиялық жарылыс ретінде анықталады.

Халық санының дамушы елдерде тым көбеюіне ғылыми- техникалық прогресс себеп болды. Мәселен, балалар өлімін едәуір азайтуға жеткізген медицинаның осы күнгі құралдарының кеңінен тарағаны, жұқпалы ауруларға бақылау орнатылғаны, халықты азық-түлікпен жабдықтау көлемінің ұлғайғаны (азық-түлік өнімдерін өз өндірісі есебінен ұлғайту) мұнда халықтың өсу қарқынының артуына жағдай туғызды. Дамушы елдерде халықтың туып-өсуінің өтпелі кезеңі қалыптасты, бұл жағдайда өлім азаяды және бала туу тиісінше азаймайды.

Бұл уақытта дамушы елдерде ҒТП жұмыссыздықтың өсуіне әкелді, ол өз кезегінде туудың төмендеуіне әкеп соқты. 1950 жылы Батыстың демографиялық үлесі ғаламшардағы бүкіл халықтың 29% -ын құрады, 2000 жылы ол 18% -ға дейін қысқарды. 2050 жылға бұдан өрі — 10% -ға дейін төмендеу болжамдалуда. Батыс елдеріндегі демографиялық проблеманы шешу дегенмен де ҒТП-пен байланысты, ол өзінің даму барысында бұл елдердегі экономикалық және әлеуметтік жағдайлардың жақсаруына әкеле алады. Ал әзірше ғаламшар халқы өсімінің 80% -дан астамы дамушы елдердің үлесіне тиеді (10-кесте).

XXI ғасырдың бірінші жартысындағы дүниежүзінің анағұрлым тығыз қоныстанған елдері (млн адам)

10-кесте

Елдер	2000 ж.	2025 ж.	2050 ж.
Үндістан	1014	1377	1620
Қытай	1262	1464	1471
АҚШ	276	338	404
Индонезия	225	301	338
Нигерия	123	205	304
Пәкістан	142	213	268
Бразилия	173	201	206
Бангладеш	129	178	205
Эфиопия	64	115	188
Конго (Киншаса)	52	105	182
Филиппин	81	122	154
Мексика	100	134	153
Вьетнам	79	106	119
Ресей	146	136	118

Азық-түлік проблемасы. Демографиялық жарылыс азық-түлікке деген сұраныстың шапшаң өсуіне әкелді. Ғаламшардың жылдам өсіп келе жатқан халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету ҒТП-тің аса маңызды міндетіне айналды, ол мынадай проблемаларды шешуді көздейді:

- ауылшаруашылықтық құнарлы жерлердің әлеуетін сақтау және арттыру,

- оның өнімділігін арттыру мақсатында ауылшаруашылық өндірісін жетілдіру, – өнімді сақтау және бөлу жүйелерін жақсарту.

Ауылшаруашылығында ҒТР жетістіктерін пайдалану аграрлық өндіріс сипатындағы терең өзгерістерге әкелді. Бұл феномен “жасыл революция” атауына ие болды, ол өнімі жоғары дәнді дақылдарды пайдалану мен тыңайтқыштар қолдану негізінде агротехниканың озық әдістерін енгізу ретінде түсіндіріледі. Қарқынды дамыған молекулалық биология дәнді дақылдардың тағам өнімдері жетіспеушілігінің орнын толтырудың жаңа мүмкіндіктері мен жолдарын ашатын сұрыптарын жасауға мүмкіндік берді. Химия ғылымының табыстары алдын ала берілетін қасиеттері бар жаңа азық-түліктер өндірісіне өтуге мүмкіндік берді. “Жасыл революция” дәнді дақылдардың өнімді сұрыптарын шығарудағы халықаралық ынтымақтастықтың, жаңа агротехникалық технологиялардың пайда болуы мен енгізілуінің нәтижесі болып табылды, бұл дәнді дақылдар өнімділігін шұғыл арттыруға мүмкіндік берді.

Бүгінгі күні азық-түлік проблемасын шешуді биотехнология мен гендік инженерияны дамытудағы ҒТП жетістіктерімен байланыстырады. Соядан нәруыз өндіру және гендік түрлендірілген өнімдерді өсіру адамзатты азық-түлікпен қамтамасыз етуді шұғыл арттыруға қабілетті. Алайда мұндай тамақтанудың қандай салдарларға әкелуі мүмкін екендігі, оның жаңа ауруларды туындататын-туындатпайтыны әзірше белгісіз.

ҒТР-дің бұдан өрі дамуы азық-түлік өндірісін шұғыл арттыруға мүмкіндік беретін жаңа агро- және биотехнологияларды енгізумен байланысты олардың адамзат үшін мүмкін болатын жағымсыз салдарларын жою жолдарын табуы тиіс.

Шикізат және энергетика проблемалары. Заманауи өркениет ҒТП-тің даму жағдайларында табиғи ресурстарды¹ тұтынуды үнемі кеңейтіп отырады. Атап айтқанда, энергияны тұтыну жылдам қарқындымен өсуде. Электр энергиясын өндіру әрбір 10 жылда екі есе өседі. Алайда энергияның негізгі көздері бұрынғыша қалпына келтірілмейтін минералдық ресурстар: мұнай, көмір, газ, шымтезек, уран-235 болып қалуда. Ғалымдардың есептеулері бойынша:

¹ Ресурстар – табиғаттың адам пайдалануы мүмкін заттары мен күштері



Жаһандық жылыну

– дүниежүзінде соңғы 40-жылдың ішінде минералдық шикізат адамзаттың мұның алдындағы бүкіл тарихында тұтынылған мөлшердегідей тұтынылған;

– XX ғасырдың соңғы үштен бірінде адамзат Жер ресурстарының үштен бірін тұтынды;

– энергия ресурстарын тұтынудың заманауи қарқындары кезінде ғаламшардағы көмір қорлары 80 жылға, газ – 50, мұнай – 40 жылға жетеді.

ҒТП ресурстар мен энергия көздері проблемасын өткір қойды, мұның шешілуі ҒТП-тің дамуымен байланысты. ҒТП-тің ең жаңа жетістіктері энергияның жаңа көздерін (термоядролық, күн, жел, судың қайтуы мен толықсуы), Дүниежүзлік мұхиттың ресурстық өлеуеттерін (ол біздің ғаламшардағы биомассаның жартысын өндіреді және оның қойнауларында мүмкін болатын барлық пайдалы қазбалардың орасан қорлары бар) іздестіру мен игеру жолдарында табиғи ресурстар тапшылығын жоюға мүмкіндік береді.

Экономиканың ақпараттық, энергия үнемдеуші және ғылыми ауқымды салалар бағытында дамуы оның табиғи ресурстарға тәуелділігін төмендетеді. Жартылай өткізгіштік чиптер, пластмасса, талшықты шыныдан жасалған көбілдер және т.б. шикізатты айтарлықтай аз талап етеді.

Табиғи ресурстарды сақтау резервтері көбінде артта қалған технологиялардан орын алады. Қазіргі кезде пайдаланылатын технологиялар мұнайдың өлеуетті қорларының 2/5-ден көп емес бөлігін алуға мүмкіндік береді, ал өндірілген энергетикалық ресурстарды пайдалы қолдану коэффициенті 30–35%-ға шектелген. Отын-шикізаттық проблеманы шешу перспективалары ҒТП барысында өзiрленетiн жаңа технологияларды пайдалануға көшумен байланысты.

Жаһандық проблемалар өзара байланысты. Мысалы, экологиялық дағдарысты жою энергетикалық және шикізаттық проблемаларды

шешусіз мүмкін емес, азық-түлік проблемасын жою елеулі дәрежеде экологиялық және демографиялық проблемаларды шешуге байланысты, дамушы елдердің экономикалық арттақалушылығын жою қарусызданумен байланысты. Алайда адамзат тағдыры мен Жерде тіршіліктің сақталуы қазіргі заманның нақ осы жаһандық проблемаларын шешуге байланысты. Бұл проблемаларды шешуде ғылыми-техникалық прогресс маңызды орынды иеленеді.

XXI ғасырдың басында дүниежүзілік қауымдастықта оған сәйкес адамзат дамуының неғұрлым перспективалық жолы ғалымдар қауымдастығы тарапынан да, сондай-ақ тұтастай алғанда қоғам тарапынан да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттарына қатаң гуманитарлық бақылау орнатумен байланысты деген көзқарас басым маңызға ие болды. Моральдық ақыл-парасат проблемасы қойылады, онда ғылыми-техникалық шығармашылықтың өз барысындағы ғылыми және техникалық өнертабыстардың зиянды салдарларын болдырмауға басты назар аударылуы тиіс. Ғылыми-техникалық инновациялық ойды барлық жобаларды адамзат үшін игілік өлшемімен салыстыруға қабілетті әлеуметтік сүзгілерден өткізген жөн. Бүгінгі күні дүниежүзілік қауымдастықта бірыңғай ғаламшарлық сананың қалыптасуы маңызды мәнге ие болды, ол мынадай белгілерді қамтуы тиіс:

- жалпыадамзаттық құндылықтардың жеке (аймақтық, ұлттық, таптық) құндылықтардан басымдығын тану;
- жекелеген елдер мен халықтардың қоғамдық санасындағы, сондай-ақ жеке санадағы «жіктелген бірлік» бағытына қарай өзгерістер;
- ғаламшарлық сана ғылыми сана болуы тиіс, өйткені қазіргі заманның жаһандық проблемаларын заманауи ғылым жетістіктерінен айналып өтіп шешу мүмкін емес.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Адамзаттың жаһандық проблемаларының пайда болуына не жағдай жасайды?
2. Проблема қандай өлшемшарттарға сәйкес жаһандық проблемаға жатқызылуы мүмкін?
3. Қазіргі заманның жаһандық проблемаларын атаңдар және оларды шешу жолдарын ұсыныңдар.
4. Ғалымдардың пікірінше, адамзатқа бірыңғай ғаламшарлық сана неліктен қажет және оған қандай белгілер тән болуы тиіс?
5. Қосымша дереккөздерін пайдалана отырып «Климат жөніндегі 2015 жылғы Париж келісімі» атты хабарлама дайындаңдар.
6. «ҒТР және заманауи халықаралық терроризм проблемасы» тақырыбына баяндама дайындаңдар.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР



§ 55. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Бүгінгі сабақта:

- «ақпараттық технологиялар» түсінігінің мәнін ашамыз;
- қоғам дамуына ақпараттық технологиялардың әсерін зерттейміз.

Есте сақтаңдар

Ақпараттық технологиялар (АТ, ағылш. IT) — процестер, іздеу әдісі, жинақтау, сақтау, өңдеу, жеткізу, ақпаратты тарату және осындай процестермен әдістердің тәсілдерін жасау. Ақпараттық жүйе және технология саласындағы мамандарды АТ (IT)-*мамандары* деп атайды.

«Ақпараттық технология» термині 1958 жылы Г. Дж. Ливитта және Т. Л. Уислердің «Harvard Business Review» басылымында жарияланған мақаласында алғаш рет аталды. Олар: «...бұл технологияның өзiрге жалпы атауы жоқ. Біз оны ақпараттық технология (АТ(IT) деп атаймыз», – деп жазды.

Адам өмірінде және замануи қоғамда уақытты, энергияны және материалдық ресурстарды аз жұмсап, ақпараттық процесті тиімді ұйымдастыра отырып, көптеген мәселелерді шешу ақпараттық технология құзырында десе болады.

Қоғам дамуына ақпараттық технологиялардың әсері

1960 жылдары ақпараттық технологиялар алғашқы ақпараттық жүйелер дамуымен қатар қарқынды дами бастады.

Кілт сөздер:

ақпараттық жүйелер және технологиялар, интернет, электронды пошта, блогтар, форумдар, виртуалды адамдар қауымдастығы, «желідегі адамдар» («сетевое поколение»).

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың бас кезі ақпараттық технологиялар саласындағы үлкен өзгерістермен атап өтілді. Apple корпорациясының негізін қалаушылардың бірі Стив Джобс IT-технологиялар дәуірінің пионері ретінде бүкіл дүниежүзіне танылды. Ол iMac, iTunes, iPad, iPhone мен iRool-ды өзiрлеуді басқарды. Ғалымдардың электроника саласындағы жетістіктері бұқаралық коммуникация құралдарының қарқынды дамуынан, электронды есептеу техникасының

(атап айтқанда, дербес компьютерлердің) кең тарауынан, жаһандық ақпараттық желілерді жасаудан, заманауи жиынтық технологиялары мен басқа да техникалық инновацияларды өзірлеуден көрініс тапты.

XX ғасырдың соңғы онжылдықтары ақпараттық технологиялар саласында үлкен өзгерістерімен көзге түсті. Ғалымдардың электроника саласындағы жетістіктері бұқаралық коммуникация құралдарының қарқынды дамуынан, электрондық есептеу техникасының (атап айтқанда, дербес компьютерлердің) кеңінен тарауынан, жаһандық ақпарат жүйелерінің құрылуынан, виртуалдық шынайы технологиялар жасаудан және басқа техникалық инновациялардан көрінді. Миллиондаған компьютерлерді біртұтас жаһандық ақпарат жүйесіне біріктіретін дүниежүзілік компьютерлік жүйе — интернет (ағылш. inter+net — жүйелерді біріктіру) екі идеяның — ақпараттарды жаһандық сақтаушы болу және оны таратудың әмбебап құралы болу идеяларының іске асқандығы болды.

Интернет біртұтас мәдени-ақпараттық кеңістік құруға көмектеседі. Ол ғылыми, іскерлік, танымдық және көңіл көтеретін ақпараттарды еркін алып, таратуға кең мүмкіндіктер туғызады. Жаһандық жүйе іс жүзінде дүниежүзінің барлық ірі ғылыми және үкіметтік ұйымдарын, университеттер мен кәсіпкерлік орталықтарды, ақпарат агенттігі мен баспаларды байланыстырып, адамның барлық білім саласындағы деректерінің алып қоймасына айналды.

Интернеттен классикалық әдебиеттің, фантастикалық әдебиеттің, қазіргі проза мен поэзияның орасан мол шығармалары бар кітапханаларды табуға болады. Интернет алуан түрлі ақпараттардың көзі ғана емес, сонымен қатар араласып байланыс жасаудың құралы да.

Электрондық пошта неғұрлым көп пайдаланылатын жүйелік құрал. Пайдаланушы электрондық хаттар, фотосуреттер, файлдар алып, оларды жөнелте алады. “Блогтар” қатынас жасаудың кеңінен тараған құралы.

Бұлар арнаулы сайттарда жазылып отыратын жүйелік күнделіктер. Олар қосымша жазбаларды тез хабарлауға, түсініктер беруге т.б. мүмкіндік береді.

Интернетті түрлі елдердің ғалымдары ғылыми ақпараттар алысу, виртуалдық симпозиумдар мен конференциялар ұйымдастыру үшін және білім мақсаттарында кеңінен пайдаланады. Интернеттің медицинада қолданылу аясы да алуан түрлі. Мәселен, күрделі операциялар дәрігерлердің виртуалдық консилиумының қатысуымен өткізіледі. Форумдар — өртүрлі тақырыптар бойынша айтыс ұйымдастырылатын



Стив Джобс

арнаулы сайттар интернетті пайдаланушылардың егжей-тегжейлі пікір алысуына мүмкіндік береді. Интернетті пайдаланушы айтысқа қатысушылардың хабарларын тыңдап, оларға жауап бере алады, талқылау үшін жаңа тақырыптар ұсына алады. Форумдар бір-бірімен пікір алмасудың тамаша мүмкіндігіне ие болады. Онда адам тәжірибелі мамандардан көмек алып, өзінің жетістіктерімен ортақтаса алады.

Интернетте ортақ мүдделермен біріккен адамдардың көптеген виртуалдық қауымдастықтары бар. Бұлар — қандай да бір форумның төңірегінде топтасқан әдеби клубтар мен үйірмелер және ақыр соңында жүйелік рөлдік ойындарды ұнатушылар. Олардың кейбіреулерінің виртуалдық дүниеге еніп кететіндігі сонша, психологтер интернетке тәуелділік проблемасы туралы айтып жүр, бұл тегін емес. Екінші жағынан, интернет адамның пікірлестер табу мүмкіндігін едәуір ұлғайтады, ал жүйедегі танысудың дағдылы танысушылыққа көшетіні сирек емес.

Жалпы интернет туралы айтқанда оның пайдалы жақтарының көптігіне қарамастан зиянды жақтары да бар екенін ескеру керек. Атап айтқанда, интернетте адам жүйкесіне (әсіресе балаларға) әсер ететін дүниелер де (зорлық-зомбылық, террор т.б.) жеткілікті. Кейбір мемлекеттер интернетке шектеу қоюға әрекет еткенімен ол өзінде нәтиже берер емес. Дегенмен көптеген мемлекеттер өз мамандары арқылы интернет материалдарын зерттеп, аса қауіпті сайттарды (адам санасын улайтын, экстремизмге үндейтін, мемлекет тұтастығына қауіп төндіретін т.б.) жауып отырады. Дегенмен адам өмірінде интернетті қолданудың шегі үздіксіз ұлғайып келеді. Интернет қазіргі өркениеттің ажырамас ірі бөлігіне айналды. Білім, сауда, байланыс, қызметтер саласына жедел ене отырып, ол қатынас жасау мен оқудың, кәсіпкерлік пен көңіл көтерудің жаңа нұсқаларын туғызады. Интернет тіпті адамдардың дүниеге көзқарасы мен психологиясын өзгертеді. Білім алуда, ойын-сауықтарда, жұмыста компьютерлерді пайдалануға бала кезінен бастап үйренген жастар ақпараттық кеңістікті басқаша түсініп өмір сүреді. Олар үшін әлемнің басқа бөлігіндегі қатарластарымен хабарласып, кез келген мәселе жөнінде қатынас жасау немесе дереу мәліметтер алу тіпті күнделікті үйреншікті іс болып отыр. Интернеттің дамуымен бірге біздің тұсымыздағы әлеуметтік-мәдени ерекшеліктің — жүйелік ақпараттың қажеттері де дамиды. Оның өкілдері үшін интернет өмірдегі дағдылы және ыңғайлы серіктесі болып алған.

Қазіргі қоғам барған сайын компьютерлендіріле түскен қоғамға айналып келеді. Ақпараттық қызметтердің жеделдігі мен сенімділігіне талаптар күшеюде; олардың жаңа түрлері пайда болуда. Ғалымдар жаһандық ақпараттық жүйелердің принципіне жаңа нұсқаларын талдап жасауда. Таяу болашақта жүйелік жобалаудың, өкімшілік қызмет атқарудың және қызмет көрсетудің көптеген процестері толығынан автоматтандырылады.

Біртұтас мәдени-ақпараттық кеңістікті қалыптастыру аса маңызды жасампаз, нәтижелі механизмдердің бірі. Олардың көмегімен дүниенің алуантүрлілігі, терең ішкі процестер туралы, дүниежүзілік қауымдастықта ұдайы болып жатқан әртүрлі өзгерістер туралы адамзаттың түсініктері ұлғаяды. Біртұтас мәдени-ақпараттық кеңістік келешекте халықтардың бейбіт өмір сүруге және жасампаздық күш жігерді біріктіруін қамтамасыз етеді.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Ақпараттық құралдар деген не және ол қандай мәселелерді шешеді?
2. XX ғасыр соңымен XXI ғасыр басында АТ (IT) саласында қандай өзгерістер болды?
2. «Стив Джобс ақпараттық технологиялар дәуірінің пионері» тақырыбына баяндама дайындаңдар.
3. «Адамзат өркениетінің дамуына ақпараттық технологиялар жетістігінің зардаптары» атты пікірталасқа дайындалыңдар.

§ 56-57. АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОҒАМ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Қазіргі әлемде ақпараттық технологиялар әрбір адамның өмірінде маңызды орын алады. Қазір мобильді телефон, планшет, ноутбук барлығы бірге немесе жеке-жеке қолында жоқ адамды елестете алмайсыз. Ақпараттық технологиялар сыртқы, шынайы өмірден бас тартып, оны техникалық құрылғыларға ауыстырған барлық адамдардың өміріне терең еніп кетті. Әрбір қасында отырған адамның телефоннан бас алмай немесе құлаққа тығып алып отырған жағдайларымен кездесесің.

Сонымен бұл неге байланысты екенін түсіну керек:

1. Қоғам адам ойының дамуы жолымен ақпараттық технологиялардың дамуын ойлап отырған постиндустриалды жаңа деңгейге көтерілді.
2. Адам еңбегін автоматтандыру.

Егер егжей-тегжейлі қарастырсақ, жаңа технологиялар пайда болып, өмір аса қарапайым және ыңғайлы, жақсы болып отыр. Мұның мысалы – соның арқасында әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдармен байланыса алатын телефон. Сондай-ақ бұрынғыдай адам еңбегін аса қажет етпейтін, механикаландырылған құрылғылардың шығарылуы. Адамдар жай жұмысшылар шығаратын өнімді шығара алатын, тіпті одан да жоғары өнімділікке қабілетті құрылғыларды, арнайы машиналарды ойлап тапты. Көптеген елдер, факторларға байланысты тұрғындарға әсер ететін «ақпараттық қоғам» деп аталатын қоғамға көшті. Басылымдарға көңіл бөлу азайып барады, ғалымдардың айтуынша, шамамен 30 жылдан кейін газет, журнал, кітаптар сөрелерден жоғалып кетеді. Мысалы, көптеген Ресей мектептерінде балаларда оқулық жоқ, олар электронды кітап немесе планшетті пайдаланады.

Бүгінгі сабақта:

- ақпараттық технологиялардың қоғам дамуына әсерін білеміз;
- адамзат өркениетінің дамуы үшін ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктердің ықтимал салдарын зерттейміз.

Кілт сөздер:

ақпараттық технологиялар, даму, гаджеттер ықпалы

Бір жағынан, ақпаратты электронды түрде сақтау жеңіл ері ыңғайлы. қоршаған ортаға тигізер зияны аз болар еді.

Ақпараттық технологиялар (АТ) біздің өмірімізге мықтап кіріп алып, өмірімізді жеңілдеткенін де айта кету керек. Экономикалық үрдістерді есептеп шығару үшін қаншама күш жұмсалды, себебі экономикаға ықпал ететін көптеген факторлар қосылады, ал егер бір мекеменің экономикалық үрдістерінің нәтижелерін есептеп шығаратын болсақ, бір өңірдің немесе бүкіл елдің деңгейіндегі есептеулер бірнеше күнге созылып, олардың нақты болуы да күмән келтіреді.

Бүгінгі күні кез келген есептер компьютердің көмегімен орындалады. Сонымен бірге бұл нәтижелер нақты және бірнеше секунд ішінде есептеліп шығарылады.

Банк қызметкерлеріне, экономистерге, есепшілерге, жобалаушыларға көмектесетін бағдарламалар құрылды, ал ғарышты игеру туралы адамзат тек армандай ғана алатын еді.

Бұл тізімді шексіз жалғастыра беруге және бүкіл мамандықтарды санап шығуға болады, себебі ақпараттық технологиялар адам өмірінің барлық саласынан орын алды. Компьютер білу – жұмысқа орналасу кезіндегі аса маңызды талап.

Ақпараттық технологиялар ықпал етіп отырған тағы бір саланың бірі – білім беру. Тұтас әлемдік ақпараттық кеңістікке қадам баса отырып, мемлекет білім беру алдына қатаң қиындықтар қойып отыр. Білім беру үрдісінде ақпараттық технологияларды, әдетінше, үш қырынан қарастырады: зерттеу нысаны ретінде, оқыту әдісі ретінде және оқу ісінің құралы ретінде автоматтандыру. Мультимедиа және интернет технологиялардың пайда болуы мен кеңінен таралу ақпараттық технологияларды қатынас, тәрбие, әлемдік қауымдастыққа кірігу құралы ретінде пайдалануға мүмкіншілік береді. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияларға классикалық және қазіргі заманғы бағыттарды енгізу білім беру ісінде ақпараттық технологиялардың жаңа бірліккен ұстанымын жүзеге асыру мақсатында негіз болып қызмет атқарады. Оның мәні ақпараттық технологиялар әлеуетін оқыту үрдісіне қатысушылардың: оқушылар мен ұстаздардың жеке бағытта қалыптасуын жүзеге асыруда болып отыр.

Ақпараттық кеңістіктің бұлай құрылуы білім беру үрдісіндегі барлық қатысушылардың психологиялық және кәсіби дайындығын

қамтамасыз етуді талап етеді. Қоғам өмірінің түбегейлі күрделенуі, оның техникалық және қоғамдық инфрақұрылымының критерийлерінде қоғамның аса маңызды стратегиялық қоры болып отырған адамдардың ақпаратқа деген көзқарасының өзгеруі шешуші болып отырғаны белгілі болды. Ақпараттық қоғамға өтудің жағымды нәтижесі ең бастысы білім беру жүйесінің ең қысқа мерзім ішінде оның ақпараттық қоғам мұқтаждықтарына бейімделуі үшін қажет болып отырған реформаларды орындауға қабілеттілігіне байланысты. Мектептерде оқушыларға ата-аналары соның көмегімен балаларының сабақ үлгерімін біліп отыратын, электронды күнделік жүргізіле бастады. ЖОО және басқа да оқу орындарында оқытушылар дәрістерді электронды тасымалдаушыға жазып, сондай-ақ тақырыптарды өз бетімен меңгеруге тәжірибе жүргізіліп отыр. Осылайша дәріске қатысуға қажеттілік төмендеп отыр. Дипломдық немесе курстық жұмысты тексеруге өткізе отырып, студент өзінің оқу орнына баратын жолына кететін уақытын және оқытушының уақытын үнемдеп, өзінің жұмысын оқытушының электронды поштасына жіберіп: оқытушы оны тексеріп өзіне ыңғайлы уақытта студентке қателерін, кемшіліктерін көрсетіп, қайта жөндеу үшін жібере алады. Осылайша күндізгі және сырттай оқыту арасындағы айырмашылық кемиді: қандай жағдайда да студент тақырыпты өз бетімен меңгереді. Сондай-ақ қашықтықтан оқытудың да мәні мен маңыздылығын айта кету керек. Мүмкіншіліктері шектеулі адамдарда білім алуға, ойын дамытуға мүмкіншілік туды.

Сонымен бірге ақпараттық технологиялар өртүрлі қылмыстарды, жолдағы ұсақ тәртіп бұзушылықтан адам өлімімен байланысты ауыр қылмыстарға дейін ашуға да күшті ықпал етті. Өртүрлі зерттеу жүргізу кезінде қателік жіберу пайызын төмендететін сараптаманың көптеген түрлерін жасауға мүмкіндік беретін, жалғандық детекторы, адамның қай жерде тұрғанын анықтауға қабілетті құрылғылар, бағдарламалар пайда болды. Ақпараттандыру және ішінара автоматтандыру үрдістері полиция қызметінің: оперативтік бөлімшелерден бастап сырттағы қызметпен, заңнамалық және кадр бөлімшелерімен аяқталатын барлық салалаларына енді. Қазіргі кездегі әлемдік педагогикада бүгінгі таңдағы полицей-мамандарды дайындауға да келетін кәсіби дамуының негізгі бағыттары қарастырылып отыр. Қылмысты зерттеу барысында, сондай-ақ медицинада да қателік жіберу пайызы төмендеді. Бұл – ақпараттық технологиялар арқасында жеткен үлкен жетістік.

Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар денсаулық сақтау саласында:

- науқастарды оңтайлы және ыңғайлы есепке алу;
- олардың жағдайын қашықтықтан бақылау (әсіресе бұл бүкіл организмнің жағдайы мен құрылғының жағдайы туралы ақпарат

бере алатын жүрек немесе басқа органдардың импланты болған кезде қолайлы);

– телефон арқылы немесе бейнебайланыс арқылы науқасқа жедел жәрдем көрсетуге (егер науқас алыс ауданда тұрса, жағдайы сын көтермейтін және жедел жәрдем келгенше шешім қабылдау керек болған жағдайда, адамға жету мүмкін емес, мысалы, ғимараттың құлауы және т.б. жағдайларда аса өзекті болып отыр);

– зерттеу нәтижелерін және белгіленген дәрі-дәрмек туралы науқас дерегін толықтай сақтап қалуға;

– диагнозды қате қоюда және дұрыс келмейтін ем қолдануда, белгіленген емнің дұрыстығын бақылап отыруда;

– аса оңтайлы ем жасау жөнінде пікір алысу және бейнеконференциялар мен қашықтықтан дәрігерлік консилиумдар өткізуде;

– кәсіби тәжірибе алмасу, жас мамандарды оқыту және қамқорлыққа алу;

– ең жаңа зерттеулер, медицинадағы жаңалықтар мен зерттеулер туралы ақпарат алу;

– жұмысты тиімді жоспарлау және оны жүзеге асыруды бақылау, сондай-ақ денсаулық сақтау мекемелері әкімшілігінің, экономикалық жоспарлау бөлімінің және кадр бөлімінің жоспардан тыс міндеттерін шешуде;

– дәріханалар қоймасындағы медициналық тауарлардың есебін жүргізу, кіріс-шығыс операцияларын тіркеу, сараптау және болжау, қажетті дәрі-дәрмектің қажеттілігін анықтауда;

– бақылаушы органдарға есеп беру құжаттарын беруге мүмкіншілік береді.

Жоғарыда айтылған ақпараттық технологияларды қолдану әдістерінен көргеніміздей, олар тексеруден бастап клиникалар мен дәріханалардағы жұмысты ұйымдастырумен аяқталатын медицинаның барлық салаларын қамтиды. АТ шешетін міндеттерге байланысты медицинадағы ақпараттық технологияларды келесідей сыныпталуын бөліп көрсетеді:

– медициналық әкімшіліктендіру;

– ауруханалық медициналық ақпараттық жүйелер;

– ізденіс жүйелері;

– диагностикалық зерттеулерді тіркеу жүйесі;

– телемедиалық жүйелер және т.б.

Емделушілер туралы ақпарат сақталатын (науқас дерегін, тексеру нәтижелері), материалдық ресурстар, еңбек ресурстары (мамандандырылу, машықтану), дәрілік препараттар туралы мәліметтер, диагностика мен емдеу стандарттары, сондай-ақ сараптаушы жүйелер сияқты өртүрлі электрондық базалар маңызды рөл атқарады.

АТ денсаулық сақтау саласына енгізу бірден медицинаның бірнеше ірі мәселелерін шешуге мүмкіндік берері сөзсіз:

- қағаз жұмысы мен есеп берудегі уақыт кетіруді төмендетеді;
- сәйкесінше, дәрігердің негізгі жұмысына: диагностика мен емдеуге көбірек уақыт бөлінеді;
- емделуші туралы дерекке толықтай және жан-жақты қол жеткізеді; өртүрлі жағдайларға байланысты өріптестерімен кеңесуге мүмкіншілік береді;
- дәрігерлік қызмет көрсетудің сапасын көтерудің тамаша әдісімен шетелдік тәжірибе алмасуды қамтамасыз етеді.

Медицинаға ең жаңа технологияларды енгізу үшін үнемі бұл міндеттерді шешуге бағытталған қаулылар және нормативтік-құқықтық актілер жасалып отырады.

Денсаулық сақтау жүйесінде ақпараттық технологияларды жаппай қолдану тұрғындарды табысты емдеу көрсеткіштері мен аурулардың өмір сүру жасының ұзақтығы және сапасынан көрінеді.

Өрине, АТ жағымсыз жақтарынан жағымды жақтары көбірек. Ең болмағанда, алға ұмтылып, не туралы сөз болып отырғанын түсінген адамдардың көпшілігі үшін.

1. Дәстүрлі технологияларды пайдаланбас бұрын пайдаланушының ойын-сауыққа, көлемді ақпаратқа қарау мүмкіндігі.

2. Уақытты үнемдеу.

3. Компьютерлік байланыс құралдарын пайдалану арқасында пайдаланушының шығармашылық әлеуетінің толықтай жүзеге асуы.

4. Сатып алудың жеңіл жолдары (интернет-дүкендер).

5. Жаңа технологиялар көмегімен қоршаған орта тазарады. Технизмнен (табиғат шеберхана сияқты) экологиялыққа (табиғат шіркеу сияқты) өту жүріп жатыр.

6. Интернет пен әлеуметтік желілер адамдар арасындағы қарым-қатынаста көмектеседі.

7. Қашықтықтан оқыту.

Жағымсыз жақтарына:



Адам еңбегін автоматтандыру

1. Ақпаратты сақтау компьютерлік құрылғылары мен басқа механизмдердің істен шығуы.

2. Қазіргі заманғы қоғам ақпараттық инфрақұрылымға толықтай тәуелді болып отыр.

3. Грамматикалық және синтаксистік жағынан өз ойын білдіру қабілетіне жағымсыз әсер етеді.

4. Денсаулыққа зиянды әсер етуі.

Өкінішке орай, ақпараттық технологиялардың балалардың дамуында басымдылығы олардың дамуына ыңғайлы жағдай тудырмайды, олар баланың жекебасының дамуын тежейтінін айтпай кетуге болмайды. Көптеген балалар өз құрдастарымен қарым-қатынас жасағаннан компьютерлік ойындарға ден қояды: таза ауада ойнағаннан үйде отырғанды; кітап оқып, көрмелерге, театр, мұражайға барудың орнына кино көруді (ойлау қабілетін дамытуға зиян келтіретін фильмдер көру) жақсы көреді. Компьютер немесе планшетпен (смартфон, телефон) отырған балалар ұзақ уақыт бойы қозғалмай қисайған қалпы гаджет бетіне қадалып, үнемі басын төмен түсіріп отырады.

Біріншіден, жақыннан ұзақ уақыт бойы экранға қарау, бұл алыстан көрмеушілікке әкеледі және ұсақ нысандарға қадала қарау көздің құрғауына ұшыратады.

Екіншіден, бұл жасөспірім кезінде қалыптасатын омыртқаның қисаюуына алып келеді. Одан басқа, қазіргі заманғы гаджеттердің көпшілігі адам денсаулығына зиян келтіретін электрмагнитті сәулелер шығарады. Кейбір сарапшылардың пікірінше, «планшет, ноутбук және смартфон қолданушылардың бәрі қатерлі топ қатарына кіреді, әсіресе балалар үшін бұл өте қауіпті. Осылайша қазіргі заманғы гаджеттерді дұрыс пайдаланбау баланың денсаулығының нашарлауына, ақпарат қабылдаудың, ойлау қабілетін қалыптастыруының бұзылуына, «шынайы» қызығушылықтарын ығыстырып шығарып, шығармашылық белсенділігін төмендетуге алып келеді: «Интернет қызмет етудің басқа да



Ақпараттық кеңістік

салаларын, ығыстырып шығарады. Желіде отыру уақытын қысқартуға қабілетсіздік адам өміріне жағымсыз әсер етеді: жұмыстағы, оқудағы үлгерім төмендейді; шаршау жоғарылайды; айналадағылармен қатынас нашарлайды». Баланы шынайы өмір қызықтырмайды, достарымен және туыстарымен қарым-қатынас екінші қатарға шығады, ал ата-аналардың баланың гаджетте отыру уақытын шектеуге талпыныстары негізсіз жағымсыз реакцияларға, баланың селқостығына алып келеді.

Мұндай жағдайларда интеллектуалдық және жекебасының бір-қалыпты дамуы мүмкін болмайды. Мұнан қалай құтылуға болады? Ең алдымен, баланың компьютерде, смартфонмен немесе басқа құрылғымен отыру уақытын қысқарту керек.

Қазіргі заманғы технологияларды дұрыс және шамалап қолдану, шынында, баланың дамуына жағымды әсер етеді және оған уақыттан қалыспауға көмектеседі. Сондай-ақ баланың жүйке жүйесінің дұрыс дамуына әсер ететін нәрсеге тартуға тырысу керек: сурет салу, дәстүрлі оқу, спортпен, музыкамен, бимен, қозғалысты ойындармен айналысу, әртүрлі қызығушылықтар және ең бастысы – адамдармен қарым-қатынаста болуға тарту. Әрбір ата-ана өз баласына көбірек көңіл бөліп, оны қызықтыратындай нәрселермен айналыстыру қажет.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Ақпараттық технологиялар мен қоғам, сендер бұл туралы не ойлайсыңдар?
2. Ақпараттық технологиялардың медицинаға әсері қандай?
3. Ақпараттық технологиялардың білім беру ісіне әсері қандай?
4. Ақпараттық технологиялардың құқық қорғау органдарымен байланысы неде?
5. Ақпараттық технологиялардың қоғамдағы жағымсыз және жағымды жақтарын айта аласыңдар ма?
6. Гаджеттер бала өміріне қалай әсер етеді?
7. Қазіргі әлемде АТ қандайда бір екі салдарларын атаңдар, әрқайсысына мысал келтіріп, көрсетіңдер.
8. «Ақпараттық технология менің өмірімде» тақырыбына эссе жазыңдар.

§ 58–60. ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМНЫҢ ПЕРСПЕКТИВТІ САЛАЛАРЫ

А. Роботтық техника

Робот техникасы (робот және техника; ағылш. robotics – роботика, роботехника) – автоматтандырылған техникалық жүйені жасаумен айналысатын және өндірісті дамытудың маңызды техникалық негізі болып табылатын қосалқы ғылым.

Роботтық техника электроника, механика, кибернетика, телемеханика, информатика, радиотехника және электртехника сияқты пәндерге сүйенеді.

Бүгінгі сабақта:

- ғылымның заманауи тенденцияларының дамуын түсіндіру үшін «гендік инженерия», «нанотехнология», «энергияның балама көздері» ұғымдарын қолданамыз;
- жаңа ғылыми бағыттар жетістіктерінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін талдаймыз;
- қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешу үшін ғылым мен техниканың заманауи түрлері дамуының маңызын түсінеміз.

«Робот техникасы» сөзінің негізіне *робот* сөзін Карел Чапектің «Р.У.Р.» («Россумские универсальные роботы») ғылыми-фантастикалық пьесасы үшін 1920 жылы Чех жазушысы Карел Чапек және оның ағасы Йозеф ойлап тапқан. Онда зауыт қожайыны, алдымен демалыссыз жұмыс істеп, сосын көтеріліп өзін жасап шығарғандардың түбіне жететін көптеген андроидтер шығарып іске қосады.

«Робот» термині жартылай немесе адамның іс-әрекетін толықтай орындайтын адамға ұқсайтын құрылымды білдіреді.

Есте сақтаңдар

Робот деп манипулятор (басқарушы) – адам қолының механикалық түрі және бұл манипулятор (басқарушы) арқылы басқару жүйесін айтады.

Әдетінше, адамның қолы сүйектерден тұрса манипулятор шарнирмен қосылған үзбелерден тұрады және адам қолының білезігі сияқты ұстаушымен бітеді. Манипулятордың үзбелері

бір біріне қатысты қозғалыста болып, айналдырушы және қабылдаушы қозғалыстарды орындайды.

Робот шешетін міндеттердің күрделілігіне келсек, олар басқарушы құрылғының күрделілігі мен жетілдірілуіне байланысты.

Назар аударыңдар

Роботтарды үш буынға: өнеркәсіптік, үйлестірушілік және жасанды ой-өресі бар деп бөледі.


Өнеркәсіптік роботтардың алғашқы үлгілері 1962 жылы АҚШ-та жасалды. Бұл роботтар жұмыс істеу барысында өзгермейтін, қатаң бағдарлама бойынша әрекет жасап, қарапайым операцияларды автоматтандыруға арналды. Бұл роботтар қарапайым, арзан, оңай қайта бағдарламаланып, адамды ауыр, біркелкі жұмыста ауыстырып отырды.

Алайда мұндай роботтардың адамның араласуынсыз жұмыс істеуі мүмкін емес болғандықтан оларды өндіріске кеңінен ендіруді қиындатты. Ғалымдар мен инженерлердің

Кілт сөздер:

робот, манипулятор, басқарушы құрылғы, өнеркәсіптік роботтар, бейімделуші, жасанды ой-өресі бар; жасанды Жер серігі, ұшатын ғарыштық кеме, орбиталық ғарыштық бекет, ғаламшараралық автоматты бекеттер, жоғары технологиялар, нанометр, өзгеріс, тектік өзгеріске ұшыраған организм

бас алмай жұмыс істеуінің нәтижесінде адаптивті роботтар жасап шығарылды. Олардың айырмашылығы өртүрлі жағдайға байланысты өз әрекеттерін өзгерте алуында болды. Осылайша басқарушы нысанның параметрлерін өзгерткен кезде (оның бұрышқа бағытталуы немесе орналасуына), сондай-ақ қоршаған ортаның (манипулятордың қозғалысы жолында кедергілердің пайда болуы) бұл роботтар сәйкесінше өз қозғалысын жобалай алады. Осыған байланысты бұл адаптивті роботтар өнеркәсіптік роботтарға қарағанда аса күрделі басқару жүйесіне ие болды.



HONDA шығарған ASIMO
қадам жасаушы роботы

Жасанды ой өрісі бар роботтар әлі де жобаланып жатыр. Олардың негізгі жұмысы – оның өзгерісінің өртүрлі нұсқаларын қарастыру мүмкін болмаған күрделі, ұйымдаспаған ортада мақсатты түрде жүруі. Мұндай робот жалпы тапсырма алып, өрбір нақты бір жағдайда оны орындаудың бағдарламасын өзі жасауы тиіс болды. Егер операция орындалмаса, мұндай робот сәтсіздікті сараптап, жаңа бағдарлама жасап қайтадан талпыныс жасайды.

2017 жылы әлемдегі роботтар саны 10 000 жұмысшыға 69 робот болды. Роботтардың көпшілігі Оңтүстік Кореяда – 10 000 жұмысшыға 531, Сингапурде – 398, Жапонияда – 305, Германияда – 301.

Қазіргі заманда роботтарды қолдану. Білім беру. Өртүрлі жоғарғы және кәсіби білім беру оқу орындарында робот техникалық кешендерді пайдалану АҚШ пен Еуроодақтың ILERT біріккен ірі білім беру бағдарламасы негізінде «жобалармен оқу» тұжырымдамасын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Инженерлік білім беруде роботтық техникалық кешендердің мүмкіндігін қолдану бірден бірнеше пәнаралық сабақтар: механика, басқару теориясы, схемотехника, бағдарламалау, ақпарат теориясы сияқты бірнеше пән бойынша бір мезгілде кәсіби машықтануға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні «мобильді робот техник» мамандығы ТОП-50 ең қажетті мамандықтар тізіміне кіріп отыр. 2016–2019 жылдары білім мен ғылымға қажетті роботтар сату көлемі 8 млн бірлікті құрайды деп болжауда.

Өнеркәсіп. Роботтар өндірісте ауыр, энергияға байланысты, қауіпті операцияларды орындауда адамдарды сәтті алмастырып отыр. Роботтар шаршамайды, оларға демалу, су, ауа керек емес. Манипулятордың қатаң бағдарлама бойынша бір қозғалысты бірнеше рет қайталау тән.



Ресейлік FEDOR
робот андройды

Мысалы, роботтарды көлік шығару зауыттарындағы конвейерде қолдану үлкен жетістіктерге жеткізіп отыр. Көлік шығару кәсіпорындарында көлікті құрастыру үрдісі және жартылай шикізатты тасымалдауды роботтар жасап, адамдар оны бақылап қана отыру жоспары жасалды.

Атом және химия өнеркәсібінде роботтар радиокативті және адам үшін қауіпті ортадағы жұмыстарда кеңінен қолданылып отыр.

Үшқышсыз тікұшақ және найзағайдан сақтандыру арқандарымен қозғалу, қонатын құрылғылар үшін автоматтандырылған электр берілгіш желілер (ЭБЖ) жағдайын диагностикалау роботы құрылды.

Әлемнің барлық елдерінің өнеркәсібінде 2016 жылы 1,8 млн робот пайдаланылды, 2020 жылға қарай олардың саны 3,5 млн болады деген болжам бар.

Ауылшаруашылығы өнімдеріне автоматты түрде күтім жасайтын өнеркәсіптік роботтар пайдаланылады.

Көлік. 2025 жылы автопилоты бар толықтай автоматтандырылған жеңіл көліктер саны 600 000-ды құрайды деп болжануда.

Денсаулық сақтау саласында робот техника сүйеніш-қозғалу аппараты қызметі бұзылған адамдарға көмектесетін өртүрлі экзоқаңқа түрінде қолданыс табуда. Медициналық мақсатта адам организміне кіргізіп қоятын ұсақ роботтар: кардиостимуляторлар, ақпарат беруші құрылғылар және т.б. жасалып жатыр. Ресейде алғашқы урология саласында операциялар жасайтын хирургиялық робот кешендері жасалды.

Ғарышкерлік. Роботтар ғарыштық ұшу аппараттарында қолданылады. Айда және Марс сияқты ғаламшарда жүретіндер мобильді роботтар ретінде қарастырылады.

FEDOR робот-андرويد (ағылшынша. Final Experimental Demonstration Object Research – орыс тілінде Зерттеудің финалдық эксперименталдық демонстрациялық нысаны.) – халықаралық ғарыш стансысына «Союз МС-14» өуе кемесімен сапар жасады. Ол басқарушы үшқыштың қызметін атқарды. 2019 жылдың 7 қыркүйегінде ұшырылған ғарыш кемесі аппараты FEDOR Жерге аман-есен қонды.

Әскери сала. Қазірдің өзінде әскери салада қолданылатын алғашқы толықтай автономды роботтар жасалды. Оны тоқтату туралы халықаралық келіссөздер жүргізіле бастады.

Спорт. Роботтар арасындағы бірінші әлемдік чемпионат 1996 жылы Жапонияда өткізілді.

Роботтандырудың әлеуметтік салдарлары. Дамыған елдерде қол еңбегіне ақы төлеу жылына шамамен 10–15% өсіп отыр, ал роботтық техника құрылғыларын қолдану 2–3% ғана. Оның үстіне американдық

жұмысшының 1 сағ-тық еңбекақысының деңгейі XX ғасырдың 70-жылдарының ортасында роботтың 1 сағ-тық еңбекақысынан асып түсті. Жұмыс орнында адам еңбегін роботпен алмастыру шамамен 2,5–3 жылда таза табыс әкеледі.


Өндірісті роботтандыру арзан жұмысшы күші бар экономикаларды бәсекелестік басымдылығын азайтады және білікті жұмысшы күшінің өндірістен қызмет көрсету аясына кетуіне алып келеді. Келешекте көптеген мамандықтар (жүргізушілер, сатушылар) роботтандырылады.

1990–2007 жылдар аралығында АҚШ өнеркәсібінде пайдаланылған роботтардың бір ғана бірлікке өсуі адамдардың алты жұмыс орнын жоюға алып келді. Мың жұмыс орнына келетін әрбір жаңа робот АҚШ экономикасы бойынша орташа жалақыны орта есеппен жарты пайызға төмендетеді.

Ә. Ғарышкерлік

Ғарышкерлік (грек. – бүкіл әлем – теңізде жүзу өнері, кеме жүргізу) – Жер атмосферасынан тыс навигацияның теориясы мен тәжірибесі ғарыштық кеңістікті автоматты және ұшырылатын ғарыштық аппараттар көмегімен зерттеу үшін, басқаша айтқанда, бұл ғарыштық ұшулар технологиясы мен ғылымы.

Ғарышкерлік тарихы бірнеше онжылдықтарды ғана қамтиды, бірақ осы уақыт ішінде ол бірқатар маңызды кезеңнен өтті. 1957 жылы 4 қазанда Кеңес Одағы әлемде бірінші болып Жердің жасанды серігін ұшырды. Бұл күн Жер тарихындағы жаңа ғарыштық кезеңнің басын ашты. Жер серігі барлық кейінгі ғарыштық техника өсіп шыққан тұқым болды. 1957 жылы 3 қарашада ғарышта өзінің жұмысын аяқтағанға дейін 1958 жылы 14 сәуірде жерді 2370 рет айналған екінші кеңестік жер серігі ұшырылды. Онда ғылыми аппарат орнатылып, Лайка атты



Адамның алғаш рет Айға қонуы

итке арналған орын болды. 1958 жылы 31 қаңтарда ғарышқа үшінші Жер серігі – орбитада 8 апта жұмыс істеген америкалық «Экспорер – 1» ұшырылды.

Адамның ғарышты игеруінің келесі кезеңі – ұшырылған ғарышкемелер болды. Ғарышкемелер деп ұшқыштар жерге жақын орбитаға ғарышкерлерді жеткізіп, оларды Жерге қайта алып келу үшін жасалған аппараттарды айтады. Ұшу кезінде ғарышкер үшін үйі болатын кемелерде адамның өмір сүруіне қолайлы жағдайлар жасалуы керек. Ғарышкер ұшу үрдісінде кемені өз қалауынша бұруға және орбитаны өзгертуге мүмкіндігі болуы, яғни ұшу кезінде кеме жеңіл қайта бағыт алуы және басқарылуы қажет.

Ғарышқа басқарылатын ұшуды дайындау жұмысы АҚШ пен КСРО да 1958 жылы басталды. Тарихта бірінші болып 1961 жылы 12 сәуірде «Восток-1» ғарышкемесінде адамның ғарышқа ұшуы басталды. Ұшу 108 мин-қа созылды. Осылай ғарышты игеру дәуірі басталды. 1962 жылы 20 ақпанда АҚШ-та австронавт Джон Глен «Меркурий-6 Жерді айналған, бірінші орбиталық ұшуды жүзеге асырды.

1965 жылы 18 наурызда кеңестік ғарышкер Алексей Леонов «Восход-2» кемесінен тарихта бірінші болып ашық ғарышқа шықты.

1969 жылы 21 шілдеде ай экспедициясы аясында америкалық Аполлон – 11 кемесінен Айға алғаш рет адамның қонуы болды (Н. Армстронг).

Бір текті ғарыштық кемелерде бірнеше тәулік бойы жүргізілген экспедициялар Жерге жақын кеңістікті жүйелі түрде игерудің бастауы болды. Оларды басқарған ұшқыштар көптеген маңызды бақылаулар мен ашылулар жасады. Бірақ нақтылы бір кезеңде бұл атмосфера үшін жасалып, бірақ жалғасын таппаған рейстер ғылымды қанағаттандырмады. Ғарыштық кемелердің ұзақ уақыт ғылыми зерттеулер жүргізуге пайдалануға жарамайтын көлемі кіші және өзіне тән ерекшеліктері болды. Бұл үшін ғарышкерлерге ұзақ уақыт жұмыс істеу үшін қолайлы жағдай туғызу және оларды әртүрлі ғылыми аппаратурамен қамтамасыз ету қажет еді.

Орбиталық бекеттер осындай ғарыштық үйлер және бір мезгілде ғарыштық зертхана болды. Олардың пайда болуы ғарыш тарихындағы маңызды кезең болды: алғашқы ерлік дәуірінен жай және күрделі күнделікті жұмыстар кезеңіне келді. Бірінші орбиталық бекет 1971 жылы 19 сәуірде орбитаға шыққан кеңестік «Салют-1» болды. 1971 жылы 30 маусымда бортында ғарышкерлері бар ғарышкемесі түйісті. Олардың жұмысы 24 күнге созылды.

Ең бірінші «Салюттен» кейін басқалары да шықты. 10 жыл ағымында ғарышта бірнеше орбиталық бекет жұмыс істеді, ондаған экипаждар оларда көптеген ғылыми зерттеулер жүргізді. Ғарышкерлер болмаған кезде олар Жерден басқарылып отырды.

КСРО дан кейін АҚШ ғарышқа орбита стансысын жіберді. 1973 жылы 14 мамырда орбитаға олардың «Скайлэб» стансысы шығарылды. Оның қызмет істеген уақытында онда үш экипаж болып қайтты.

Ғаламшараралық автоматты стансылар ұшырылды: «Пионер» – Айды, ғаламшараралық кеңістікті, Юпитер мен Сатурнды зерттеу бағдарламасы (АҚШ); «Вояджер» – алып ғаламшарларды зерттеу бағдарламасы (АҚШ); «Маринер» – Венера, Марс және Меркурийді зерттеу (АҚШ); «Марс» – Марсты зерттеу, оның үстіне, бірінші жұмсақ қону (ҚСРО); «Венера» – Венераның атмосферасын және оның үстін зерттеу бағдарламасы (КСРО) және т.б.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Робот техникасы деген не және ол қандай пәндерге сүйенеді?
2. Роботтың құрылымы және оның түрлері туралы не айта аласыңдар?
3. Бүгінгі күні роботтарды пайдалану туралы не білесіңдер?
4. Роботтандырудың әлеуметтік салдарлары қандай?
2. Адамзаттың ғарышты игеруінің кезеңдерін атап айтыңдар және оның мағынасын ашыңдар.

Б. Нанотехнология

Қазіргі заманғы электрониканың дамуы құрылғылардың көлемін кішірейту жолымен жүргізіліп отыр. Басқа жағынан алғанда, өндірістің классикалық әдістері құрылғының көлемі азғана кішірейіп, ал экономикалық шығындар едәуір өскенде өзінің табиғи экономикалық және технологиялық шегіне жетеді.

Есте сақтаңдар

Нанотехнология – электроника және басқа да жоғары технологиялы өндіріске келесі логикалық қадам.

Нанотехнология деп аталып отырған әдістер туралы пікірді алғаш рет американдық физик-теоретик, кванттық электродинамиканың негізін қалаушы Ричард Фейнманның 1959 жылы Калифорния технологиялық институтындағы жыл сайынғы Америка физикалық қоғамындағы кездесуде сөйлеген сөзімен байланыстырады.

Назар аударыңдар

Ол жеке атомдарды бір атомның мөлшерімен тең келетін тетіктің көмегімен механикалық жолмен орнынан ауыстыруға болады деп айтқан. Алынған механизм жеке атомдардан құралған өзінің көшірмесін жинап алады. Қысқа мерзім ішінде осы әдіспен бір-бір жеке атомдарды құрастыру арқылы макрозаттарды жинайтын осындай машиналарды жасап шығаруға болады. Бұл заттарды арзандатуға мүмкіндік береді: мұндай роботтарға (нанороботтарға) энергия мен қажетті молекулалар санын беріп, қажетті заттарды құрастыру үшін бағдарламалар жазып берсе болғаны.

Нанотехнология терминін алғаш рет 1974 жылы Норио Танигүти қолданды. Ол бұл терминмен көлемі бірнеше нанометр¹ болатын заттарды өндіруді атады.

Нанотехнологиялар:

- 1 нм көлемінде үрдістерді білу және басқару, бірақ өлшемдік тиімділігі іске қосылғанда жаңа қолданысқа мүмкіншілік беретін көлемі 100 нм бір немесе бірнеше өлшемдерді алып тастамайды;
- материалдар мен нысандардың қасиеттерін нанометрлік көлемде пайдалану, (еркін атомдар мен молекулалардың қасиеттерінен, сондай-ақ осы атомдар мен молекулалардан тұратын заттың көлемдік қасиетінен ерекшеленетін) осы қасиеттерді іске асыратын аса жетілген материалдар, құралдар, жүйелер болып табылады.

Назар аударыңдар

Нанотехнология бақылауда, құрамында көлемі 100 нм ден кем нысандарды жасап, өзгертуді, осының нәтижесінде одан үлкен көлемдегі жүйелерге кіріктіруді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әдістер мен амалдар ретінде анықталады.

Нанотехнологиялардың тәжірибелік жағынан алғанда құру, қайта өңдеу және нанобөлшектермен, молекулалармен және атомдармен манипуляциялау үшін құрылғылар өндірісін құрайды. Нысан бір ғана сызықты көлеммен 100 нм-ден кем болуы міндетті емес – бұл атомдық құрылымдары жеке атомдар деңгейімен шешілетін немесе өздерінің құрамында нано нысандар бар макро нысандар болуы мүмкін.


Нанотехнологиялар дәстүрлі пәндерден сапасы жағынан ерекшеленеді, себебі мұндай көлемде үйреншікті макроскопиялық технологиялардың материямен байланысы жиі қолданылмайды, ал микроскопиялық көріністер, үйреншікті көлемде әлсіз, көбінесе елеулі болады: жеке атомдар мен молекулалардың қасиеті мен өзара әрекеттестігі, кванттық тиімділігі.

Нанотехнология – жаңа, аз зерттелген пән. Алайда, жүргізілген зерттеулер нәтиже беріп отыр. Егер заттың нанобөлшегін алатын болсақ, мүлдем жаңа қасиеттерге ие бола алады. Кейбір материалдардың нанобөлшегі өте жақсы каталитикалық және адсорбциялық қасиеттерге ие. Басқа материалдар оптикалық қасиеттерді көрсетеді, мысалы, органикалық материалдарды аса жұқа пленкаларын күн батареяларын жасап шығару үшін пайдаланады. Мұндай батареялар аса арзан

¹Нанометр (грек. *nanos* – ергежейлі және технология) – бұл көзге көрінбейтін аса ұсақ бөлшектерді ретке келтіре отырып, соның ерекшеліктерін алдын-ала белгілеп беру арқылы өлше бір құрылымды құрастыруға қажетті жекелеген атомдарды ыңғайластыра орналастыру. Нанометр дегеніміз бір метрдің миллиардтан бір бөлігі (1 нанометр=10⁻⁹ метр).

Нанобөлшектер – 1 ден 200 ге дейінгі нанометр көлеміндегі бөлшектер.

және механикалық жағынан майысқыш болып келеді. Жасанды нанобөлшектерді нанобөлшемді табиғи нысандармен – ақуыздармен, нуклеин қышқылдарымен және т.б. өзара әрекеттесуіне қол жеткізуге болады. Нанотехнологияда алдыңғы қатарлы ғылыми жетістіктерді пайдалану оны жоғары технологияларға жатқызуға мүмкіндік туғызады.



Көміртекті нанотүтікше ішінен қарау

Нанометр – (лат. nanos – ең кіші – өлшем, өлшеуіш; орысша белгісі: нм; халықаралық – nm) Халықаралық бірлік жүйесінде метрдің бір миллиардтық бөлігіне тең (яғни 10^{-9} м) ұзындық өлшемінің көлденең бірлігі (СИ).

В. Гендік инженерия

Гендік инженерия – технологиялар мен амалдар және әдістердің жиынтығы. Рекомбинантты РНА мен ДНА алу, организмнен геннің (жасушаларының) бөлінуі, ген арқылы басқаруды жүзеге асыру, оларды басқа организмдерге енгізу, ДНК-дан таңдап алынған гендерді жоюдан кейін жасанды организмдерді өсіру.

Гендік (тектілік) инженерия кеңінен алып қараса, ғылым болып есептелмейді, бірақ молекулярлы және жасушалық биология, генетика, микробиология, вирусология сияқты биологиялық ғылым әдістерін пайдаланатын биотехнология құралы болып табылады.

Есте сақтаңдар

Гендік инженерия өзгертілетін немесе генетикалық өзгеріске ұшырайтын организмнің қасиеттерін қалауы бойынша алу үшін қызмет етеді.

Ол молекулярлы клондау техникасын қолдана отырып, генетикалық аппаратқа тікелей араласуға мүмкіндік береді. Гендік инженерлікті қолданудың мысалдары генетикалық түрленуге ұшыраған дөнді дақылдардың жаңа түрі, гендік модификацияланған бактерияларды қолдану жолымен адам инсулинін жасап шығару, ғылыми зерттеулер үшін эксперименталды тышқандардың жаңа тұқымын шығару және т.б. Ауруларды емдеу үшін қайта құрылған ДНК-сы бар бактерияларды пайдалану бойынша эксперименттер жүргізілді.

Бактериялы жасуша микробиологиялық, биосинтетикалық өнеркәсіп негізі болып табылады. Өнеркәсіп өндірісіне қажетті жасушалар нақты бір белгілері бойынша, оның ішіндегі ең бастысы – өндіруге қабілеттілігі,

белгілі бір қосындыны – аминқышқылы немесе антибиотик, стероидты гормон немесе органикалық қышқылды синтездеу арқылы таңдап алынады. Кейде, мысалы, мұнай немесе су ресурстарын биоқоспаға немесе жемге қосатын ақуызға айналдырып «ас» ретінде пайдалануға қабілетті микроорганизм болуы керек. Кейде жоғары температурада немесе микроорганизмдердің басқа түрлері үшін өлім қаупі бар заттар бар кезде дамуға қабілетті организмдер қажет.

Мұндай өнеркәсіптік штаммдарды алу міндеті өте маңызды, олардың түрін өзгерту және таңдап алу үшін жасушаларға белсенді ықпал етудің – қатты әсер ететін уларды өңдеуден радиоактивті сәулелендіруге дейінгі сан алуан әдістер алынды. Бұл әдістердің мақсаты – гендік, жасушаның генетикалық аппаратын өзгертуге қол жеткізу. Олардың нәтижесі – олардың ішінен ғалымдар қандай да бір мақсатқа сай келетіндерді таңдап алуға тырысатын көптеген мутант-микробтарды алу.

Химиялық немесе радиациялық мутагенезді алу әдістерін жасау биологияның көрнекті жетістігі болды және қазіргі заманғы биотехнологияда кеңінен қолданылды. Бірақ олардың мүмкіншіліктері микроорганизмдердің өздерінің табиғатымен шектеледі. Олар өсімдіктерде жиналатын бірқатар бағалы заттарды синтездеуге қабілетсіз, адам мен жануарлардың өмір сүруі үшін маңызды заттарды, адам мен жануарлар организмінде синтезделетін бірқатар ферменттерді, пептидті гормондар, иммунды ақуыздар, интерферондар және аса қарапайым құрылған қоспаларды синтездей алмайды.

«Табиғи материалды» шектеулерін айналып өту үшін ғалымдар жануарлар мен өсімдіктердің жасушалары мен ұлпалардың көмегімен алуға тырысады. Соңғы онжылдықтарда жануардың немесе өсімдік ұлпаларының жеке жасушаларының арқасында бактериялардың жасушалары сияқты организмнен дара өсіп көбеюіне күштеуге болатын әдістер жасалды. Бұл маңызды жетістік болды – жасушалардан алынған өсімдіктер эксперимент жасау үшін және бактериялы өсімдіктер көмегімен алу мүмкін болмайтын кейбір өнеркәсіптік заттарды алу үшін пайдаланады.

Зерттеудің басқа бағыты кодпен белгілеу үшін қажет емес ақуыздарды ДНК-дан гендерді алып тастау және гендердің «қиып тасталған жиынтығымен» осындай ДНК негізінде жасанды организм жасап шығару. Бұл түрлендірілген организмдердің вирустарға қарсы күшін күрт көтеруге мүмкіншілік береді.

XX ғасырдың екінші жартысында гендік инженерлік негізінде маңызды ашылулар мен ойлап табулар пайда болды. Генде «жазылған» биологиялық ақпаратты «оқуға» ұмтылыс табысты аяқталды. Генде организмдегі РНА молекулалары мен ақуыздарды, оның ішінде, ферменттерді синтездеу үшін ақпарат-нұсқаулық бар. Жасушаны жаңа,

өзгеше заттарды синтездеуге күштеу үшін онда ферменттердің сәйкес келетін жиынтығы синтезделуі керек. Ал бұл үшін ондағы гендерді мақсатты түрде өзгерту қажет немесе оған жаңа гендер енгізу керек. Тірі жасушалардағы гендерді өзгерту – бұл, мысалы, мутагендердің – химиялық улардың немесе сәулелердің әсері арқылы болатын мутация. Бірақ мұндай өзгерістерді бағыттауға болмайды. Сондықтан ғалымдар адамға қажетті жаңа, белгілі бір гендерді жасушаларға енгізу әдістерін жасауға талпынысты күшейтті.

Қазіргі кезде гендерді синтездеу үрдісі өте жақсы қойылған, тіпті белгілі дәрежеде автоматтандырылған. Өртүрлі нуклеотидты ретті синтездеу бағдарламаларын салып қоятын ЭВМ жабдықталған арнайы аппараттар бар. Мұндай аппарат ұзындығы 100–120 азотты негіздегі ДНК кесіндісін синтездейді.

Өсімдіктер мен жануарлардың тұқымқуалаушылық аппаратына дайын генді енгізуге байланысты қиындықтар туындады. Алайда табиғатта бөгде ДНК (вирустың немесе бактериофагтің) жасушаның генетикалық аппаратына қосылып, оның ауыспалы тетігінің көмегімен «өз» ақуызын синтездей бастайтын жағдайлар байқалды. Ғалымдар бөгде ДНК енгізу ерекшеліктерін зерттеп, генетикалық материалды жасушаға енгізу ұстанымын пайдаланды.

Егер түрлендірулерге біржасушалы организмдер немесе көпжасушалы өсімдіктердің жасушасы тартылса, онда бұл кезеңде клондау басталады, яғни түрлендіруге ұшыраған организмдер мен олардың ұрпақтарын (клондары) таңдап алу.

Гендік инженерияны адамға қолдану тұқымқуалаушылық ауруларды емдеуге қолдануға болар еді. Алайда техникалық жағынан науқастың өзін емдеу мен оның ұрпақтарының геномын өзгертуде елеулі айырмашылықтар бар.

Жануарлардың жаңа гендік инженерлік тұқымын шығаруға қарағанда, ересек адамның геномын өзгерту күрделірек, себебі берілген жағдайда бір ғана жұмыртқа жасушасын ғана емес, қалыптасып қойған көптеген жасушалардың геномын өзгертуді қажет етеді. Бұл үшін жасы үлкен адам жасушаларының елеулі пайызына кіруге қабілетті вирустық бөлшектерді, оларға өзінің тұқымдық ақпаратын қоса отырып пайдалану керек. Организмде вирустық бөлшектердің көбеюін бақылау мүмкіндігі бар.

Генотерапияның көмегімен келешекте адам геномын өзгерту мүмкін болады. Қазіргі кезде адам геномын өзгертудің тиімді әдістері приматтарда сыналып, жасау сатысында тұр. Маймылдардың генетикалық инженериясы елеулі қиыншылықтарға кез болды, алайда 2009 жылы эксперименттер табысты аяқталды. Маймылдың ересек аталығын алыстан көрмеуден емдеп шығу үшін гендік-инженерлік вирусты векторды табысты қолданғаны туралы мақала жарияланды;

алғашқы генетикалық түрлендіруге ұшыраған примат ұрпақ әкелді (түрлендірілген жұмыртқа жасушасынан өсірілген).

2016 жылы АҚШ-та ғалымдардың бір тобы аурудың гендік модификацияға (түрлендіруге) ұшыраған жеке иммундық жасушаларының көмегімен обыр ауруын емдеу әдісін сынап көруге рұқсат алды.



Білімдеріңді тексеріңдер

1. Нанотехнология деген не? Оның пайда болуын кіммен байланыстырады?
2. Нанотехнологиялар қайда қолданылады?
3. Гендік инженерлік ұғымына анықтама беріңдер.
4. Гендік инженерлікті қолдануға мысалдар келтіріңдер.

IV БӨЛІМ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл білім мен ғылымның дамуы бөлімін оқытуда:

- адамзат тарихындағы білімнің орны айқындалды;
- өркениеттің даму барысында жазу мен кітап басудың рөлі көрсетілді;
- мектеп пен жоғары білім беру жүйелерінің пайда болуы мен қазіргі күнге дейінгі даму кезеңдері мен тарихы баяндалды;
- ғылыми-техникалық прогрестің тарихи кезеңдері қаралып, оның қазіргі өркениеттің дамуындағы рөлі анықталды;
- ғылыми-техникалық прогресс пен қазіргі заманғы жаһандық проблемалардың өзара байланысы ашылды;
- заманауи ғылыми технологиялар мен олардың әлемдік қауымдастықты дамытудағы орны және қазіргі ғылымның қарқынды дамитын салалары көрсетілді.

ГЛОССАРИЙ

Автономия (грекше: autos – өзі, nomos – заң, тәуелсіздік) – мемлекет аумағында жинақы, топтасып өмір сүретін әлеуметтік қауымдастыққа берілетін ішкі өзін-өзі басқару мүмкіншілігі немесе мемлекеттік билікті өзінше жүзеге асыру.

Адам құқықтары – адамның өз мүдделерін (экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық және саяси құқықтарын) заң шеңберінде жүзеге асыру мүмкіндігі.

Азаматтық қоғам – мемлекетке және оның органдарына тәуелсіз өмір сүретін қоғамдық қатынастар жиынтығы: саяси, экономикалық, мәдени, ұлттық, діни, отбасылық және басқа. Бұл қатынастар адамдардың әртүрлі мүдделері мен қажеттіліктерін бейнелейді.

Азаматтық құқық – адамдардың мемлекетте өмір сүру мүмкіндігі, олардың физикалық және биологиялық өмір сүруін сипаты, материалдық және рухани қажеттілігін қанағаттануы.

Айырбас – бұл сала (кезең) өндірістік өнімдер мен қызметтер қозғалысы, ол адамдар арасында қайтарымызсыз айырбас еңбек нәтижелері түрінде өтеді.

Ақпараттық қоғам – өндіріс пен ғылыми-техникалық және басқа ақпаратты қолдануды қоғам дамуының басты факторы ретінде қарастыратын әлеуметтік және футурологиялық тұжырымдама; өндірістің жоғары деңгейімен және ақпарат пен ақпараттық қызметтер мүддесімен сипатталатын қоғам.

Ақша – бұл тауардың ерекше түрі, ол тауар өлемінен пайда болды және жаппай эквивалентпен қызмет атқарады. Басқаша айтқанда, ақша барлық тауарларды айырбастауға болатын тауар болып табылады.

Апартеид – нәсілдік кемсітудің ең ауыр түрі. Қандай нәсілге жататынына, әлеуметтік-экономикалық және азаматтық құқықтарының қандай екендігіне қарамастан, тіпті жер аумағынан оқшаулап тастауға дейін баратын белгілі бір халық топтарын құқықтарынан айыру деген мағынада.

Баға – тұтынушылар алуға дайын, ал өндірушілер тауарларын (қызмет) өткізуге келісетін ақша жиынтығы.

Билік – адамдарға, тіпті олардың қарсылығына қарамастан, өз қалауыңды міндеттеу мүмкіншілігі. Билік әртүрлі әдістерге негізделеді: демократиялық және авторитарлық. Оларға мәжбүрлеу, жазалау, марапаттау, дем беру және т.б. жатады.

Билік бөлінісі – мемлекеттік билікті шектеу ұстанымы. Аталған ұстаным бойынша мемлекеттік билік үш тармаққа бөлінеді – заң шығарушы, атқарушы және сот билігі. Мұнда биліктің әрбір тармағы бір-бірінің ісіне араласпай өз міндетін атқарады.

Биліктің заңдылығы – билік басындағылардың басқа тұлғалардың мінез-құлық ережесін жазбаша өкімін қоғамның тануы.

Биполярлық – (қосполярлық) күшті екі мемлекетке, яғни әлемді екі мемлекеттің ықпалына бөлу.

Бұқаралық ақпарат құралдары – мерзімді басылымдар, радио-және телебағдарламалар, киноқұжаттар, аудиожазбалар және мерзімді немесе қолжетімді телекоммуникациялық желілердегі (Интернет және басқалар) WEB- парақшаларды қосқанда бұқаралық ақпараттың көпшілікке үзіліссіз таратылуының басқа түрлері.

Валюта (итал. valuta — құн, баға) — белгілі бір мемлекетте заңмен белгіленген ақша өлшемі (теңге, доллар, еуро, т.б.) және оның түрлері (алтын, күміс, қағаз ақша).

Ген – материалдық мұрагерлікті жеткізуші, мұрагерлік ақпарат бірлігі, аталмыш хромосоманың белгілі бір аймағында жаңғыртуға және орналасуға қабілетті; тұқым қандайда бір ұрпақтар белгісін немесе организмнің ерекшеліктер сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Геномдық – жануарлардың немесе өсімдіктер клеткаларының дара жинақталған гендерінің жиынтығы.

Геосаясат — елдің географиялық жағдайы және басқа физикалық, экономикалық-географиялық факторлармен анықталатын мемлекеттің сыртқы саясаты мен халықаралық қатынастың саяси, әскери-стратегиялық, экологиялық, экономикалық, халықаралық байланыстарға тәуелділігін зерттейтін ғылыми бағыт.

Девальвация — халықаралық қаржы нарығындағы, ұлттық қаржы бағамының төмендеуі, ұлттық ақша бірлігінің тұрақты құндылығының төмендеуі, құнсыздануы.

Декларация — мемлекеттік саясат пен құқықтық, халықаралық қарым-қатынастардың негізгі принциптерін салтанатты түрде жариялайтын құжат;

Демография — халықтың санын, табиғи өсуін, табиғи қозғалысы, құрамы мен құрылымын (мысалы тілі, ұлты, діні, жынысы, жасы бойынша) зерттейтін ғылым.

Депопуляция (deropulation — халықтың азаюы) — халық санының азаюы.

Дефицит — бағалардың өз құнынан төмен кезеңіндегі сұраныс көлемінің ұсыныстан артық болуы.

Диверсификация — шаруашылық қызметті жаңа салаларға қолдану (өнім түрлерінің, көрсетілген қызмет түрлерінің, т.б. ұлғайтылуы). Диверсификация өндірістің салааралық деңгейде шоғырландырылуымен және шаруашылықты қайта құрудың құрылымдық жайымен байланысты, ол әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дамыды.

Диктатура — бір адамның (диктатордың) немесе адамдар тобының билікке толық ие бола отырып, елді басқаруы.

Дискриминация — қандай да болсын адамдардың, ұйымдардың немесе мемлекеттердің нәсілі, ұлты, жынысы, қай мемлекеттікі екендігіне, мүлік жағдайы, саяси және діни сенімдеріне қарай оларды құқықтарынан, артықшылықтарынан біле тұра шектеу немесе айыру.

Диссидент — ешқандай дінді ұстанбайтын, мемлекеттік идеологиямен келіспей, ресми билікке қарсы шыққан адам.

Діни бірлестіктер — жергілікті діни бірлестіктер (қауымдастықтар), діни басқармалар (орталықтар), сондай-ақ діни оқу орындары мен шіркеулер.

Еңбек — адам ресурсы, яғни қоғамдағы өндірістік өнімдер мен қызметке пайдаланатын жұмыс күші.

Еңбек өнімділігі — адамдардың өндірістегі әрекеттерінің тиімділігі, нәтижелілігі, бұл санаулы уақыт аралығында жұмысшы өндірген өнімдер көлемімен өлшенеді.

Еңбекақы төлемі — белгілі бір еңбек қызметі үшін жалдамалы жұмысшының алған, табыс түріндегі ақша формасы.

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) — бір елдің және басқа елдердің иелігіндегі өндіріс факторларын пайдалана отырып, елдің ішінде бір жылда өндірілген түпкілікті өнімнің нарықтық бағамен есептелген жиынтық құнын білдіретін көрсеткіш.

Жаппай қырып-жоятын қару — залал келтіру мүмкіндігі жоғары, жаппай қырып-жою мен қиратуға арналған қару. Жаппай-қырып жоятын қарулар және қиратуға арналған қарулар қатарына: ядролық, химиялық және биологиялық (бактериологиялық) қарулар жатады.

Жекешелендіру — мемлекеттік немесе муниципалдық мүліктерді жеке адамдардың немесе ұжымдардың меншігіне ақшаға немесе тегін беру.

Жергілікті өзін-өзі басқару — тікелей өздері немесе жергілікті өзін-өзі басқару үшін құрылған ұйымдар (институттар) арқылы жергілікті мәні бар мәселелерді шешу мақсатында белгілі бір қоныстар шегінде тұрып жатқан жерлерінде азаматтарды өздерінің ұйымдасуы түрі.

Жұмыссыздық — жиынтық жұмыс күшінің бөлігі, жұмысы жоқ, бірақ жұмысқа қабілетті және сол уақыт аралығында жұмыс іздеуші, еңбекке жарамды жастағы тұлға.

Игілік — бұл азық-түлік пен қызмет, бұл адам тұтынуына керекті материалдық және материалдық емес қажеттіліктер, олар өз кезегінде тұтыну игіліктері мен өндірістік қажеттіліктерге ретінде бөлінеді.

Иммиграция – бір мемлекет азаматтарының екінші бір мемлекетке тұрақты мекендеуге көшіп келуі.

Импичмент – ең жоғары қызмет адамдарына сенімсіздік көрсету, оны қызметінен босату үшін заң алдында жауапкершілікке тарту.

Инвестиция – бұл өндіріске жұмсалатын шығын мен өндіріс қаржысының жиналуы және материалдық қорлардың артуы.

Индустриалдық қоғам – қазіргі замандағы дамыған қоғамдардың шығуын және сипатын айқындауда қолданылатын, оларды дәстүрлі қоғамдардан бөліп көрсететін, капиталистік қоғаммен қатар аталатын екі негізгі категорияның бірі – өнеркәсіпті қоғам деген ұғымды білдіреді.

Индустрияландырудан кейінгі қоғам – қоғамдық даму сатысы – онда ғылым мен білім жетекші рөл атқарды. Индустрияландырудан кейінгі қоғамда өндіріс құралдарын иемденетін меншік тәртібі енеді. Дәстүрлі жекеменшік өзінің маңызын жояды, ал оның орнына зиялылық меншігі, адамның ақыл-ой еңбегіне негізделген меншік келеді.

Инфляция – қатынас жасау саласында қағаз ақшаның шектен тыс көбейіп кетуі, ол осы ақшалардың орынсыз және шектен тыс көп басып шығарылуынан туындайды. Сонымен қатар тауарлар мөлшерінің деңгейі төмендеп кетуі салдарынан да болуы мүмкін. Инфляция салдарынан баға өседі, нақты жалақы құлдырайды, жинақ ақшалары құнсызданады.

Инфрақұрылым – өндіріске қызмет ететін (өндірістік инфрақұрылым – жолдар, каналдар, суқоймалары, порттар, көпірлер, аэродромдар, қоймалар, көлік, байланыс және т.б.) және қоғамның өмір сүру жағдайларын (өлеуметтік инфрақұрылым – білімі, денсаулық сақтау, ғылым және т.б.) қамтамасыз ететін шаруашылық салаларының кешені.

Капитал – бұған өндіріс өнімдері мен қызмет көрсетудегі жұмыс күші қолданатын барлық дүниелер кіреді, бұлар станоктар құрал-жабдықтар, саймандар, ғимараттар, көлік құралдары, қоймалар, құбыр желілері, электр тарату жүйелері, сумен жабдықтау және канализация жүйелері.

Кейнстік тұжырымдама – экономикалық дамуды мемлекеттік реттеу қажеттілігі идеясына негізделген макроэкономикалық теория.

Кәсіподақтар – өз мүшелерінің еңбек өкілеттігін, сондай-ақ, басқа өлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін, еңбек ету жағдайын жақсарту үшін кәсіби мүдделерінің ортақтығы негізінде азаматтардың өз еркімен құрған дербес, жекебасы мүшесі болып тіркелген қоғамдық бірлестіктер.

Кінәсіздік презумпциясы – өркім өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі Кодексте көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз болып саналады.

Конвенция – халықаралық келісім.

Конституция – Мемлекеттің негізгі заңы, елдегі барлық басқа заңдарға қатысты жоғары заңды күшке ие заң немесе заңдар тобы. Конституция мемлекеттіліктің маңызды белгісі, мемлекеттің бастапқы саяси және құқықтық құжаты болып табылады.

Конфедерация – мемлекеттік құрылым формасы (нұсқасы), бұл ретте конфедерация құратын мемлекеттер өздерінің тәуелсіздігін сақтайды, олардың өздерінің мемлекеттік өкімет және басқару органдары болады, олар белгілі бір мақсаттар көздейтін іс-қимылдарын үйлестіруге арналған арнаулы бірлескен органдар (өскери, сыртқы саяси және т.б.) құрады.

Конфронтация – қарсы қоюшылық, қарсы күресушілік, өлеуметтік жүйелердің, сенімдердің қақтығысы.

Коррупция – мемлекеттік және саяси қайраткерлердің, лауазымды тұлғалардың сатылуы, сатып-алынуы.

Қоғамдық бірлестіктер – заңға қайшы келмейтін ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін ерікті негізде құрылған саяси партиялар, кәсіподақтар және азаматтардың басқа бірлестіктері.

Қоғамдық тауарлар мен қызметтер – өндірістен шыққан бойда пайда өкелетін тауарлар мен қызметтер. Сондықтан бұл игілікті пайдаланғаны үшін ақы төлемегендерді, оған жібермеу қажет.

Құқықтық мемлекет – билік құқықпен шектелген мемлекет, заңның үстемдігі өмір сүреді, адам құқықтары мемлекет қарауында болады.

Легитимдік – заңдылық, құқықтылық, дұрыстық.

Либерализация – ең алдымен қоғамдық өмірдің саяси, экономикалық, мәдени және басқа да салаларында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кеңейту процесі.

Либерализм (лат. *liberalis* – “еркін”) – ең жоғарғы құндылық ретінде жеке еркіндікті ұстанатын идеология. Либерализмнің өлеуметтік-саяси теориясы қоғамдық және мемлекеттік құрылымның демократиялық принциптеріне негізделеді, өлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастардың зорлық-зомбылықсыз түрлерін ұстанады, тұлғаның еркін дамуын шектемейтін және әрбіріне мемлекеттік-құқықтық қорғау, адам құқығы мен азамат бостандығын сақтау кепілдігін беретін қоғам құруды көздейді.

Мемлекет – қоғамды басқарушы саяси институт; қоғамдағы тәртіпті қамтамасыз ететін, адам құқығын тәртіпбұзушылықтан сақтайтын саяси ұйым.

Мемлекеттік меншіктеу (национализация) — жекеменшік кәсіпорындар мен экономика салаларының мемлекет меншігіне көшуі.

Миграция – адамдардың (мигранттардың) қандай да бір аумақтардың шекарасынан өтіп, ұзақ уақытқа немесе біржолата қоныс тебу процесі.

Миссия – 1) мемлекеттің басқа мемлекеттерге қандайда бір арнайы мақсат үшін жіберген өкілі; 2) бір мемлекеттің басқа мемлекеттегі тұрақты дипломатиялық өкілдігі, оған елші басшылық етеді.

Модернизация – аграрлық қоғамнан индустриалды қоғамға өту процесі.

Монетаризм – айналыстағы ақша массасы нарықтық экономиканы тұрақтандырып, дамытуда белгілі бір рөл атқарады дейтін экономикалық теория.

НАФТА – Солтүстік Америкалық еркін сауда ассоциациясы.

Неолибералды модель (экономика саласында) – мемлекет шығындарының қысқаруы және соған сәйкес мемлекеттің өлеуметтік міндеттемелері. Неолибералды үкіметтің негізгі құралы – жекешелендіру.

Неозатистік модель – бұл мемлекеттің экономикаға араласуының жаңартылған нұсқасы. Экономиканы заңдастыру – бұл мемлекеттің экономикаға араласуының артуы.

Олигархия – басқарудың бір түрі; билік басында байлар отыратын мемлекеттік құрылыс; кішігірім бай адамдар тобының билігі. Бұл жағдайда мемлекет билігі экономика жағынан күшті аз ғана топтың қолында болады. Сондай-ақ ірі меншік иелері экономика билікке ғана емес, үлкен саяси ықпалға да ие болады.

Оппозиция – өз көзқарасын, саясатын басқа саясатқа, көзқарасқа қарсы қою, қарсы әрекет жүргізу; бір көзқарастар мен әрекеттерді басқаларына қарсы қою; үстемдік ететін элитаға қарсы тұратын саяси лидерлер, партиялар, қозғалыстар.

Өндіріс – адам мен қоғамның өркендеуі мен даму қажеттілігі үшін жасалған игіліктер (өнімдер мен қызметтер).

Өндіріс шығыны – бұл мекеменің тауар өндіруге жұмсаған шығыны.

Өндірістік инфрақұрылым – бұл өндірістің сыртқы даму шарттарын қамтамасыз ететін салалар кешені. Оған жүк көліктері, жолдар, электр-газ және сумен жабдықтау, қойма шаруашылығы, байланыс, ақпараттық қызмет көрсету жатады.

Пайда – бұл өнімдерді сатқаннан түскен жиынтық түсім мен ақша түріндегі жиынтық шығын арасындағы айырмашылық.

Плюрализм – пікірлердің, көзқарастардың көптігі. Саясатта өзіне тән тұжырымдамасы бар, ол қоғамда түрлі партиялар, кәсіподақтар, шіркеу және кәсіпкерлік, басқа да ұйымдар өзара ынтымақтасып отырады, төзімділіктің, өзара құрметтесудің күш жұмсаудың демократиялық нормаларын сақтайды, мақсатқа жету үшін осылай істеу керек деп санайды.

Плюралистік бірполярлық – қазіргі халықаралық қатынастардың бірполярлық жүйеге оралуы. АҚШ-тың әлемдік аренадағы үстемдігі және сыртқы саясатта басқа мемлекеттерге өз ықпалы.

Ресурстар – тұтыну қажеттіліктеріне арналған адамдардың иелігіндегі материалдық және материалдық емес мүмкіндіктер.

Ресурстардың шектеулігі бұл қоғамдағы шексіз тұтыну мен оның өсіп отырған қажеттілігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік жетпейді дегенді білдіреді. Ресурстардың шектеулілік фактісі экономиканың пайда болуы мен дамуы үшін маңызды болып табылады.

Римдік құқық – Ежелгі Рим мен Византия империясында б.з.б. VIII ғ. және б.з. VI ғ. дейін сүрген құқықтық жүйе.

Санкция – халықаралық құқықта – халықаралық міндеттемелерін немесе халықаралық құқықтарды бұзған жағдайда мемлекетке қолданылатын ықпал ету шаралары.

Сатьяграха – М. Ганди ұсынған, Үндістандағы тәуелсіздік үшін күреске күш қолданбай, ымыраласпай және азаматтық еркіндік формасы арқылы жетудің өдісі.

Саясат – 1) билік үшін күресті білдіретін таптар арасындағы қатынас;

2) мемлекет билігін пайдалана отырып, қоғамдық басқару өнері; 3) мемлекеттік билік пен мемлекеттік басқару органдарының қызметі, сондай-ақ мемлекет қызметіне байланысты қоғамдық өмір мәселелері мен оқиғалар.

Саяси-құқықтық жүйе – саясат пен құқықтық нормаларда өз қалауын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, саяси партиялардың жиынтығы.

Сегрегация – нәсіл кемсітушіліктердің бір түрі, ол өңі қара адамдарды және (түсті халықты) ақ түсті халықтардан күшпен бөлу, олардың бір жерде тұруына, бір көлікпен жүруіне, демалыс пен көңіл көтеру орындарына бірлесіп баруына тыйым салу дегенді білдіреді.

Сенімсіздік вотумы – парламенттің үкіметке деген сенімсіздігін білдіру.

Сепаратизм – жекеленуге, оқшаулануға ұмтылу.

Суверенитет – мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаттағы саяси тәуелсіздігі.

Сүннизм – исламдағы екі бағыттың бірі. Сүннетке мойынсұнып, оны қолдап-қуаттаушы ағымның атауы.

Сүннет – шарият заңдары. Ол Мұхаммед пайғамбардың іс-әрекеттері мен әдет-тұжырымдарынан тұрады.

Сұраныс – тұтынушы белгілі бір уақыт аралығында ықтимал бағалар ішінен нақты бағаға алуға келісетін тауарлар немесе қызметтердің түрлері.

Тауар – еңбек өнімі болып табылатын және айырбасқа арналған экономикалық игіліктер.

Трансакциялық шығындар – бұл ақпаратты жинауға, келіссөз жүргізуге және кеткен шығындар.

Трансформация – өзгеру, айналу, ауысу.

Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҮ) – ресми (үкіметтік) институттардың қатысуынсыз жекетілгалар немесе басқа да қоғамдық (коммерциялық емес, ҮЕҮ) ұйымдар құрған ұйымдар.

Ұжымдық қауіпсіздік жүйесі – бүкіл әлемдік тәртіп бұзушылықты болғызбайтын және халықтарға төнетін қандай да бір түрдегі қауіпке қарсы, мемлекеттердің

өлемдік немесе аймақтық деңгейде шарттарымен құрылған, халықаралық қатынастар жағдайы.

Ұлттық-мәдени бірлестіктер – өз этникалық өзгешеліктерін, тіл, білім беру және мәдениетінің дамуын сақтау мәселелерін өз бетімен шешу мақсатында ерікті түрде өздері ұйымдасып, құру негізінде өздерін белгілі бір этникалық қауымдастықтарға жатқызатын азаматтардың бірлестігі.

Ұсыныс – тауар өндірушінің нарықтағы өрекетінен көрініс беретін ұғым, оның қандай да бір тауар мен қызмет түрін белгілі бір уақытта белгілі бір шарттарда өндіруге (ұсынуға) дайындығы.

Халықаралық қауіпсіздік – мемлекеттердің өмір сүруі мен өзара байланысын, олардың өңірлік және тұтастай әлемнің қауымдастықта бірлесуін, сондай-ақ олардың өмірлік маңызы жоғары мүдделеріне төнетін түрлі қауіптерден қорғалуды қамтамасыз ететін халықаралық қатынастар жүйесінің ішкі (өзіңдік) жағдайы.

Цицерон – атақты шешен, мемлекет қайраткері, Ежелгі рим құқықтанушысы.

Экономикалық интеграция – түрлі елдердің ұлттық шаруашылықтары арасындағы ынтымақтастық және олардың толық (немесе ішінара) бірегейлендірілуі. Ортақ нарық құру мақсатымен жекелеген елдердің әрқайсысының нарықтарын жақындату, экономикалық объектілердің жуықтасуы, өзара астасуы (бірлесуге дейін).

Экономикалық тиімділік – бір тұрғыдан ресурстық шығындар мен қол жеткізілген нәтижелер арасындағы өзара байланыс, ал екінші тұрғыдан, өндірістік игіліктер көлемі.

Экономиканы мемлекеттік реттеу – мемлекеттің экономикалық секторына мемлекет иелік ететін барлық экономикалық ресурстар мен мемлекеттік экономика көмегімен реттелетін барлық мекемелер кіреді. Бұған мемлекеттік бюджет, мемлекеттік өндірістік кәсіпорындар, басқару саласындағы мемлекеттік ұйымдар денсаулық, білім, қорғаныс салалары, мемлекеттік жерлер кіреді.

Экстремизм – өрекет ету әдісінде (көбінесе саясатта) шектен шығуға бейім болу. Экстремизмге жекелеген адамдар, сонымен қоса, негізінен, саяси ұйымдар бейім болады.

Этатизм – экономикалық, өлеуметтік, мәдени және қоғамдық өмірдің басқа салаларында белсенді мемлекеттік саясат жүргізудің принципі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Американские президенты: 41 исторический портрет от Джорджа Вашингтона до Билла Клинтона / Под ред. Ю.Хайдекинга. Ростов-на-Дону, 1997.
2. Бузов В.И. История современного Востока XX-XXI вв.: страны и правители. Ростов-на-Дону, 2008.
3. Варламова Т.К. Политики и правители. М., 2001.
4. Исторический энциклопедический словарь. М., 2010.
5. Мачин И.Ф. История политических и правовых учений: учебное пособие. М., 2009.
6. Мировая политика и международные отношения / Под ред. Ю. Косова. Спб., 2012.
7. Новейшая история стран Европы и Америки. XX век: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений: в 3 ч. / Под ред. А.М. Родригеса и М.В. Пономарева. М., 2001.
8. Новейшая история стран Азии и Африки. XX век: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений: в 3 ч. / Под ред. А.М. Родригеса. М., 2001.
9. Рыжов К.В. 100 великих изобретений. М., 2000.
10. Садыков Т.С., Каирбекова Р.Р., Тимченко С.В. Всемирная история (1945 — 2014 гг.). Учеб. для 11 классов. 3 изд. Алматы, 2015.
11. Системная история международных отношений в двух томах. Т.2. Отв. ред. А.Д. Богатуров. М., 2009.
12. Сыров В.Н. Обществознание. Старшая школа. Раздел “Человек как творение и творец культуры”: учеб. пособие. М., 2014.